



МЕРЕЙТОЙҒА ДАЙЫНДЫҚ

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО жазушылар одағының мүшесі Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойы жақындап келеді.

Е.А. Бөкетов 1925 жылы 23 наурызда Солтүстік Қазақстан облысындағы Шал ақын ауданының (бұрынғы Сергеев) Бағанаты ауылында туған. Оның талантын құрмет тұтушылар дайындықты алдын-ала жүргізді.

Болашақта мерейтойға дайындық үстінде жүргізілетін жұмыстардың ауқымды екенін ескере отырып, ғылым, мәдениет және өнер саласындағы, бір топ азаматтар мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевқа мыналай мазмұнлағы хат жолдалы.

Аса құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

2005-жылдың 23-наурызында қазақтың асыл перзенті, техника ғылымдарының докторы, профессор, ССРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан ұлттық ғылым Академиясының академигі Евней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына 80-жыл толады.

Е.А. Бөкетов дүниеден озғалы оның есімін мәңгі сақтау және еңбектерін уағыздау жолында бірсыпыра жұмыстар атқарылды. Өзіңіздің шешіміңізбен Қарағанды университеті Е.А. Бөкетовтің есімімен аталды, кейбір шығармалары жарық көрді. Тұрған үйінде мұрағат такта орнатылды. 80-жылдық мерейтойына қарсы әйгілі азамат, тамаша ғалым, белгілі жазушы, үлкен ұстаз әрі ғылым мен жоғарғы оқу орындарының ұйымдастырушысы Е.А. Бөкетовтің атын мәңгі еске сақтау үшін төмендегі мәселелер шешімін тапса құба, құп болар еді.


1. Қарағанды қаласында Е.А. Бөкетовке ескерткіш орнату.

2. Е.А. Бөкетовтің ғылыми және әдеби еңбектерінің толық жинақтарын шығару.

3. Е.А. Бөкетовтің атындағы Қарағанды университетінің жанындағы Е.А. Бөкетовтің мұражайын мемлекеттік дәрежеге көтеру.

Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіздің Е.А. Бөкетовке деген жылы ықыласыңыз елге аян. Солақай саясаттың тәлкегіне түскен қазақтың көрнекті тұлғаларымен қатар оның да атын казак халқына қайтарып бердіңіз. Көптен көп рақмет.

Аталған шаралардың орындалуына тағы да қамқорлық жасасаңыз екен.



Б. Әшімов – Социалистік Еңбек Ері

С. Қирабаев – академик

А. Қошанов – академик

Т. Молдағалиев – Қазақстанның халық жазушысы

Н. Оразалин – Жазушылар одағының басқармасының төрағасы

К. Салықов – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Ш. Уәлиханов – Қазақстанның еңбек сіңірген сәулеткері

Ш-05-2003

Алматы.

Осы хаттан кейін лауазымды мемлекет орындарына да хаттар жіберіліп, олардан жауап келді. 2004 жылғы 2 қазанда мұндай хаты ел басшысына белгілі жазушы Медеу Сәрсекке де жолдады.

*Академик Е.А. Бөкетовтің
мерейтойы*



Бұл жерде ҚарМУ-дің
негізін қалаушы
және бірінші ректоры
Евней Арыстанұлы
Бөкетовке
ескерткіш орнатылады

*Юбилей академика
Е.А. Букетова*

Жоғары мәртебелі НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ!


2003 жылдың 14 мамыр күні Б.Ә. Әшімов бастаған 7 ардагер Өзіңізге жолдаған тілек хатқа орай академик Е.А. Бөкетовтің алдағы наурыз айында атап өтілмек 80 жылдық мерейтойының игі шаралары негізінен оң шешілді. Тиісті жұмыстар атқарылып жатыр.

Шешілмей тұрғаны – Қарағанды қаласында орнатылмақ ескерткіш мәселесі. Басты кедергі – ескерткіш жобасын бекітетін комиссия адамдары Е.А. Бөкетовтің есімі таяу жылдарда қойылатын тұлғалар тізімінде жоқ деп, дайын үлгіні талқылаудан бастартыпты. Сол уәжге қарағанда, бұл шаруаны әлі де 20 жыл тосуға тура келетін тәрізді.

Құрметті Нұреке, қадірменді ұстазым Е.А. Бөкетовті нақакуғындаудан ақтап, ардақты есімін халыққа қайтару жөнінде Сіздің ерекше қажыр көрсеткеніңізді мен нақты деректер арқылы білемін. Өте көп іс атқардыңыз! Келесі жылы “Фибратты ғұмыр” сериясында жарық көрмек “Ебіней Бөкетов” ғұмырнамада соны да жеріне жеткізе жаздым...

Осы хат арқылы Сізден тағы бір мәрте Ебіней Арыстанұлының шерлі тағдырына араласып, дайын ескерткішті келесі жылы қоюға тиісті нұсқау етсеңіз – бұл мәселе біржола тәмам болар еді ... деген өтінішімді жолдауды әруақ алдындағы парызым деп білдім.

*Зор құрметпен Медеу СӘРСЕКЕ, жазушы.
2 қазан 2004 жыл*



*Семей қаласы,
Аманов көшесі, 22 үй,
21 пәтер, тел.: 56-14-51*

Бұл мәселеге байланысты Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, профессор Е.К. Көбеев, ҚР ҰҒА академигі, фитохимия институтының директоры С.М. Әдекенов және басқалар ҚР Премьер-мини-

стріне, ҚР ғылым мен білім министрлігіне, Қарағанды облысының Әкіміне хаттар жолданды.

Бұл хаттарға 2005 жылғы 2 шілдеде ҚР ғылым және білім министрлігінен, сол кездегі министр Ж. Күлекеев қол қойған жауап хат келді. Бұл хатта мәдениет, ақпарат министрлігімен келісілген мерейтойды өткізу шаралары белгіленіп, ол толық келесі тарауларда көрсетілген.

Облыстық әкімшілікте әкімнің орынбасары басқаруымен бірнеше жиналыс өткізіліп, онда бұл сұрақтар талданып, өткізуге қатысты лауазымды адамдармен келісілді.

2004 жылғы 4 қарашада облыс әкімінің міндетін атқарушы И. Тоғайбаев екі қосымшасымен мынадай мазмұндағы қарарға қол қойды.

Қарағанды облысы әкімінің ӘКІМІ

2004 ж. 04 қараша

№ 198ө

Қарағанды қаласы

Е.А. Бөкетовтің 80 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шараларды өткізу туралы

Аса көрнекті ғылыми мен білімді ұйымдастырушы, белгілі ғалым, академик Е.А. Бөкетовтің ғылыми-педагогикалық қызметінің маңыздылығын ескере отырып:

1. Облыста 2005 жылы Е.А. Бөкетовтің 80 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шаралар өткізілсін.

2. Қоса тіркелгендер бекітілсін:

1) Е.А. Бөкетовтің мерейтойын өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы;

2) Осы әкімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Л. Тоғжановқа жүктелсін.

И. Тоғайбаев,
облыс әкімінің міндетін атқарушы

ББК 72.3
А 33

Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік
университеті
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ

Құрастырушылар: Қ.А. Бөкетов, Т.Ж. Қиқымов, А.К. Ысқақова
Составители: К.А. Букетов, Т.Ж. Кикимов, А.К. Исакова

А 33 Академик Е.А. Бөкетовтің мерейтойы (суреттерімен) /
Юбилей академика Е.А. Букетова (с илл.).— Астана:
"РУНА" баспасы, 2005 ж. — 296 бет.

ISBN 9965-702-37-3

659803

2005 жылғы 23 наурызда Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына 80 жыл толды. Егеменді Қазақстан өзінің ардақты ұлының мерейтойын үлкен марапатпен атап өтті.

Кітапта академик Е.А. Бөкетовтің 80 жылдық мерекесіне республика жұртшылығы қалай дайындалып өткізгені жөніндегі құжаттар жинақталып берілген.

Бұл тақырыпқа арналған деректер мемориалдық мұражайда көптен жиналған. Құрастырушылар мерекелік шараға ең қажеттілерін таңдап мерзімдік басылымдарда жарияланған көптеген авторлардың макалалары мен естеліктері кітапқа енгізілді.

Шығарушылар Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың басшыларына, ректор Е.К. Көбеевке, ХМИ директоры М.Ж. Толымбековке, М. Қозыбаев атындағы СКМУ ректоры О.Б. Әшімовке алғысын білдіреді.

Кітапты шығару және дайындау кезінде жасаған көмегі үшін белгілі жазушы, ақын Б.О. Тобаяқовқа алғыс айтамыз.

23 марта 2005 года исполнилось 80 лет со дня рождения академика Евнея Арстановича Букетова. Суверенный Казахстан торжественно отметил юбилей своего знаменитого сына. О том, как готовились к этому празднику, как отметила республика его восьмидесятилетие, рассказывают собранные материалы в данной книге.

В мемориальном музее собрано немало материалов на данную тему, однако составители отобрали наиболее важные из них, показывающие основные мероприятия, проведенные по этому случаю. Сочли нужным дополнить книгу статьями, воспоминаниями многих авторов, опубликованных в периодической печати за период подготовки к юбилею.

Издатели выражают благодарность ректору КарГУ им. Е.А. Букетова Ку-бееву Е.К., директору ХМИ Толымбекову М.Ж., ректору СКГУ им. М. Козыбаева Ашимову О.Б., известному писателю и поэту Бахытжану Тобаякову за оказанную помощь в процессе подготовки издания данной книги.

ББК 72.3

1401000000
А $\frac{00(05)-06}{00(05)-06}$

ISBN 9965-702-37-3

© Академик Е.А. Бөкетовтің мерейтойы
Юбилей академика Е.А. Букетова
"РУНА" баспасы, 2005 ж.

**Е.А. Бөкетовтің 80 жылдығына арналған мерейтойлық
іс-шараларды өткізу жөніндегі ұйымдастыру
комитетінің құрамы**

1. Тоғжанов Ералы Лұқпанұлы – облыс әкімінің орынбасары, ұйымдастыру комитетінің төрағасы.

2. Литвинов Юрий Михайлович – Қарағанды қаласының әкімі, ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары.

3. Көбеев Еркін Қинаятұлы – Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ректоры, ұйымдастыру комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша).

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері

4. Әбдәкімов Әбдіжаппар Әбдәкімұлы – облыстық телерадиокомпанияның төрағасы.

5. Әдекенов Серғазы Мыңжасарұлы – Фитохимия институтының директоры (келісім бойынша).

6. Бөкетов Қамзабай Арыстанұлы – Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ жанындағы академик Е.А. Бөкетов мұражайының директоры (келісім бойынша).

7. Кемелбаев Сұлтан Махмұтұлы – "Индустриальная Караганда" газетінің бас редакторы.

8. Масалимов Абай Сабыржанұлы – Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ проректоры (келісім бойынша).

9. Молдахметов Зейнолла Молдахметұлы – Қазақстан-Ресей университетінің ректоры, ҚР ҰҒА Қарағанды бөлімшесінің төрағасы (келісім бойынша).

10. Толымбеков Манат Жақсыбергенұлы – Ж. Әбішев атындағы химия-металлургия институтының директоры (келісім бойынша).

11. Омарбекова Рымбала Кенжебалақызы – облыстық мәдениет департаментінің бастығы.

12. Сембай Мағауия Сланбекұлы – "Орталық Қазақстан" газетінің бас редакторы.

Облыс әкімінің "Е.А. Бөкетовтің 80 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шараларды өткізу туралы" 2004 ж. 04 қараша № 198ө өкімімен бекітілген

**Е.А. Бөкетовтің 80 жылдығына арналған мерейтойлық
іс-шараларды әзірлеу және өткізу жөніндегі іс-шаралар
жоспары**

№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауапты адамдар
1	Дайындау және шығару: - Е.А. Бөкетовтің библиографиясын - Е.А. Бөкетов шығармаларының толық жинағын	2004 ж. қараша 2005 ж. қантар	С.М. Әдекенов (келісім бойынша) Е.Қ. Көбеев (келісім бойынша)
2	Облыс ЖОО студенттері арасында жас ақындар мен прозашылар конкурсын өткізу	2004 ж. қараша	Е.Қ. Көбеев (келісім бойынша) Р.К. Омарбекова Б.Қ. Жұмабеков
3	Е.А. Бөкетов атындағы мұражайды жөндеуді жүргізу	2004 ж. желтоқсанға дейін	Е.Қ. Көбеев (келісім бойынша)
4	Облыс ЖОО студенттері арасында спорттың қысқа түрлері бойынша біріншілік өткізу	2004 ж. желтоқсан	Е.Қ. Көбеев (келісім бойынша) Е.Б. Халилин
5	ҚарМУ мұражайының академик Е.А. Бөкетовтің ескерткіш мұражайына қайта ұйымдастыруды іске асыру	2005 ж. қантарға дейін	Р.К. Омарбекова
6	Академик Е.А. Бөкетов туралы фильм түсіру	2005 ж. қантарға дейін	Ә.Ә. Әбдіәкімов
7	Облыс ЖОО оқытушылары арасында бильярд турнирін өткізу	2005 ж. ақпан	Е.Қ. Көбеев (келісім бойынша) Е.Б. Халилин
8	Облыс ЖОО оқытушылары арасында айтыс өткізу	2005 ж. наурыз	Е.Қ. Көбеев (келісім бойынша) Р.К. Омарбекова Б.Қ. Жұмабеков
9	"Академик Бөкетов және қазіргі заман" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу	2005 ж. наурыз	Е.Қ. Көбеев (келісім бойынша) З.М. Молдахметов (келісім бойынша)
10	Академик Е.А. Бөкетов ескерткішін дайындау және орнату	2005 ж. театр маусымы	Ю.М. Литвинов
11	С. Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының репертуарына Е.А. Бөкетовтің аудармасындағы Шекспирдің бір шығармасын қосу	2005 ж. қантар-наурыз	Р.К. Омарбекова
12	Мектептер мен жоғары оқу орындарында академик Е.А. Бөкетовке арналған іс-шаралар өткізу	2005 ж. қазаннан бастап	Е.Н. Иманғалиев. ЖОО ректорлары (келісім бойынша)

Бұл қарарды іске асыру, мерекелі шараларды өткізу үшін ҚарМУ-де мерейтой өткізудің толықтырылған жоспары жасалды, оны академик Е.А. Бөкетовтың 80-жылдық мерекелік тойын өткізуді ұйымдастыру комитетінің басшысы, ректор Е.К. Көбеев басқарды.

Мерейтойды дайындау және өткізуді басқаратын облыстық ұйымдастыру комитетінің төрағасы, облыстық әкімнің орынбасары Е.Л. Тоғжанов айына екі рет ұйымдастыру комитетінің отырысын өткізіп, онда өтетін іс шаралардың әрбірі мұқият қаралып, орындаушыларға нақты тапсырмалар беріліп отырды.

Мұндай ұйымдастыру комитеті әр апта сайын ҚарМУ ректоры Е.К. Көбеевтің басқарумен өткізіліп, оған бірінші проректоры Р.М. Жұмашев қатысып, іс шаралардағы үлкен-кішілі сұрақтар талданып, олары шешіліп отырылды. Сонымен келе жатқан мерейтойға дайындық өте жақсы жүріп жатты.

Сонымен қатар ХМИ институтында 23 жылдай қызмет атқарып, көптеген аспиранттар мен докторанттар дайындаған, институттың бұрынғы директоры Ж. Әбішевтың да тойына дайындық жүріп жатты.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті "Е. Бөкетовтың ғылыми мұралары" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізуге дайындық бастады.

Қазақстан Республикасының шикізаттар ресурстарының академиясы Е.А. Бөкетов атындағы сыйлық тағайындап, оны берудің ережесін бекітті. Барлық өткізілетін мерейтойлық іс шараларды атап айтып көрсетейік.

ҚарМУ-де бекітілген іс шаралардың өткізілуі

Мерейтойды 2005 жылдың 23-24 наурызына белгіленіп, облыстық әкімат бекіткен іс шаралардың көбі сол уағында орындалды.

6 томдық болып шығарылуға жоспарланған шығармалар жинағының 3 томы шығарылып, қолған 3 томы 2006 жылы шығаруға жоспарланып отыр.

Фитохимия институтының ұжымы, институт директоры ҚР ҰҒА академигі С.М. Әдекеновтың басқаруымен Е.А. Бөкетовтың библиографиялық жеке кітап болып басылып шықты.

Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтерді бақылайтын Мемлекеттік комиссияның 2005 жылғы 15 наурыздағы шешімімен Қарағанды қаласында Е.А. Бөкетовке ескерткіш орнатуға қарар қабылданды. Ескерткіштің авторы Қазақстанның еңбек сіңірген сәулетшісі А.П. Билык.

Ғылыми-тәжірибелік конференция ашылар алдында ҚарМУ-нің басқы ғимаратының алдында болашақ ескерткіш орнатылатын жерге тас белгі қойылды. Онда былай деп жазылған: "Бұл жерде ҚарМУ-нің негізін қалаушы және бірінші ректоры Евней Арыстанұлы Бөкетовке ескерткіш орнатылады".

Осыған арналған жиынды ҚарМУ-нің ректоры, профессор Е.К. Көбеев ашты. Тас қойылғаннан кейін сөз алдымен Алматыдан арнайы келген Евней Арыстанұлының қызы доцент Ақсұлу Евней қызына берілді, содан кейін оның жолдас-жоралары, избасарлары, басқа ол кісімен бірге істегендер сөз сөйледі.

Академик Е.А. Бөкетовке ескерткіш орнату 2006 жылға жоспарланып отыр.

2005 жылғы 18 ақпанда қайта жөндеуден өткізілген, экспозициясы жаңартылған мемориалдық музейдің қайта ашу салтанаты болды. Музей қазір барлық талаптарға сай.

Ғылыми-тәжірибелік конференция басталмай тұрып, жас ақындар мен жазушылардың сайысы, оқу орындары студенттерінің айтысы, қысқы спорт түрлерінен жарыс, облыс оқу орындарының ұстаздары арасында бильярттан жарыс өткізілді. Осы барлық шаралардың 1-2-3 орын алғандары марапатталды.

Ақпарат құралдарында Е.А. Бөкетовке арналған рубрика ашылды. Жоғарғы оқу орындарында, мектептерде академик Е.А. Бөкетовке арналған кездесулер өткізілді.

Белгіленген күні сағат 10-да конференцияға қатысушылар ҚарМУ-нің студенттер сарайына жиналды. Олар: ірі ғалымдар, ақындар мен жазушылар, қоғам қайраткерлері, республика жоғарғы оқу орындарының, жақын және алыс шетелдердің, бұрын университет ректоры болғандар.

Конференцияны құттықтау сөзбен, облыстық ұйымдастыру комитетінің төрағасы, облыс әкімінің орынбасары Е.Л. Тоғжанов ашты.

Академик Е.А. Бөкетовтың өмірі мен қызметі туралы баяндаманы ҚарМУ-нің ректоры, қ.ғ.д., профессор Е.К. Көбеев жасады. Бұдан кейін баяндамамен хабарлама және естеліктермен мына кісілер шығып сөйледі. Олар: ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан – Ресей университетінің ректоры З.М. Молдахметов, ақын, Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткер К.С. Салықов, жазушы, "Ебіней Бөкетов" атты кітаптың авторы Медеу Сәрсек.

Тағы да сөз сөйлегендер: ҚР ҰҒА академиктері А.А. Жәрменов, С.М. Әдекенов, Н.С. Бектұрғанов, Евней Арыстанұлының немере қарындасы – Н.И. Бөкетова, В.П. Малышев, С.Ш. Сокпанов, ақын, ҚР Мәдениет қайраткері Б.О. Тобяқов және академиктің қызы А.Е. Бөкетова.

Конференцияның төрағасы, Е.К. Көбеев Қазақстанның әр жерінен және достастық елдерінің қалаларынан келген құттықтау телеграммаларды оқып берді.

Күннің екінші жартысында және келесі күні конференцияға қатысушылар жұмыс секцияларына бөлініп, онда көптеген хабарламалар мен баяндамалар жасалды.

Уақыттың шектелуіне байланысты, оқылмаған хабарламалар мен баяндамалар конференция материалдарының жинағына енгізілді. Жалпы саны 853 болды. Соның ішінде бірінші секция бойынша – академик Е.А. Бөкетов – ғалым, ұстаз, ойшыл 215 хабарлама, екінші секция гуманитарлық ғылымдар бойынша 306 және жаратылыс тану ғылымдары бойынша 332 хабарлама.

Конференцияның соңында оған қатысушылар бір ауыздан мынадай резолюция қабылдады:

2005 жылғы 23-24 наурызда Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде университеттің негізін қалаушы, бірінші ректоры, академик Е.А. Бөкетовке арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Конференция жұмысына Қазақстан Республикасының ғылым мен білім Министрлігінің, Қарағанда облысының әкіматтының басшылары, жоғарғы оқу орындарының ректорлары, қаланың құрметті азаматтары, республиканың ғалымдары, сонымен қатар алыс – жақын шетелдерден, (Пекин, Сеул, Мәскеу, Новосибирск, Омбы, Алматы, Бішкек, Астана, Атырау, Ақтау, Қызылорда, Петропавл, Семей, Талдықорған, Тараз, Шымкент және басқалар), бұрынғы университет басқарған ректорлар қатысты.

Конференцияның мақсаты көрнекті ұстаз, ойшыл, академик Е.А. Бөкетовтың ғылыми, творчестволық, ұйымдастырушылық өмір жолын көрсетіп, ғылымның әр саласынан тәжірибе алмасу.

Конференцияда көптеген тақырыптар мен мәселелер қаралды. Толық тақырыбы конференцияның резолюциясының орыс тіліндегі мәтнінде.

Ж.Н. Әбішев атындағы Химико-Металлургия институтындағы Ғылыми кеңестің мерекелік отырысы

Кеңейтілген отырысқа Ғылыми кеңестің мүшелері ғылыми қызметкерлер, келген қонақтар қатысты. Отырыста 6 мәселе қарастырылды.

Қарағанды облысының әкімінің атынан, қатысушыларға әкіматтың әлеуметтік бөлімінің меңгерушісі К.Т. Қалышев құттықтап сөз сөйлеп ашты, ХМИ директоры М.Ж. Толымбеков "Е.А. Бөкетовтың ғылыми ілімдері және Қазақстанның қазіргі металлургиясы" деген тақырыпта баяндама жасап, онда жаңа технологияларды енгізуде, жеткен жетістіктері үшін Е.А. Бөкетовтың ғылым кандидаттарын қорғаған шәкірттері, ҚР Мемлекеттік сыйлығына ие болғандар: Ж.Н. Әбішев

(қайтыс болғаннан кейін), С.О. Байсанов, С.Е. Дюсембаева, В.П. Малышев, Н.С. Бектұрғановтар атап өтілді.

Мемлекеттік сыйлықтың берілуі – ол алдымен біздің лауреаттардың еңбегін бағалаумен қатар, бұл академик Е.А. Бөкетовтың ілімі екені және оның көрегендігі мен шәкірттеріне ғылыми дұрыс жол таңдап беруінде екені.

Е.А. Бөкетовтің ғылыми мектебі тек Қазақстанда ғана белгілі емес, одан тыс жерлерде әйгілі. Ол мектептің ғылыми табысы, терең зерттеулері және дайындаған шәкірттерінің санының өзі айғақтап отыр.

Қалалық әкімнің атынан әкіматтың аппарат жетекшісі Г.Ш. Тұяқов сөз сөйлеп, құттықтады. Баяндама жасағандар: академик С.М. Қожахметов, ҚР Білім және ғылым министрлігінің металлургия мен өңдеу институтының құрметті директоры А.А. Жарменов, Ұлттық еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар орталығының директоры Ғ.А. Құлқыбаев, Қ.И. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінің басғы қызметкері Р.А. Казова, Химия-технологиялық зерттеулер орталығының бас директоры Н.С. Бектұрғанов, академик Е.А. Бөкетовтың қызы Далапраз, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің ректоры Е.К. Көбеев.

Сөз сөйлегендер Ебіней Арыстанұлы өте сирек кездесетін эрудицияның, оның ғылыми деңгейінің кеңдігін, ғалымдық идеалдың адамы болғанын атап айтты.

Өзінің ерекше еңбекқорлығымен, өзі өмір бойы оқып және оқытудан жалықпаған ол, Химико-металлургия институтының қабырғасында таланты ғалымдар мектебін қалыптастырып, өзінің шәкірттерімен химия мен металлургия саласының дамуына үлкен үлес қосты.

Қайырымды, кішіпейіл, жоғары зиялы адам, ғылыми монографиялардың, әдеби очерктер, көптеген публицистикалық мақалалардың авторы әрқашан ғалымдар, жазушылар, ақындар және басқа мәдениет пен өнер адамдарының құрметі мен махаббатына бөленген тұлға.

Отырысты жүргізуші М.Ж. Толымбеков ХМИ жиналысқа келген Қазақстанның және достастық елдерінен келген көптеген құттықтау телеграммаларды оқып берді.

Академик Г.Р. Бекжанов қысқа Е.А. Бөкетовтың ғылыми табыстарын еске алып, содан кейін Минералды ресурстар академиясының жалпы жиналысының шешімін оқып, онда 2004 жылы 14 желтоқсанда Е.А. Бөкетов атындағы сыйлық пен медаль тағайындалғанын хабарлады.

Жоғары ғылыми жетістіктері, ғылымды ұйылдастыру жұмысы, жас ғылым кадрларын дайындаудағы ерекше еңбектері үшін алғашқы екі сыйлық мына ғылыми қызметкерлерге берілсін:

1. З.М. Молдахметовке – ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҰҒА академиясының Қарағанды бөлімшесінің басшысы.

2. А.А. Жәрменовке – ҚР ҰҒА академигі, ұлттық минералды шикізаттарды кешенді өңдеу ұлттық орталығының бас директоры.

Академик Г.Р. Бекжанов лауреаттарға диплом, куәлік тапсырып, оларға медаль қадады.

"Ебіней Бөкетов" аты кітаптың тұсау кесер рәсімінде, кітаптың авторы белгілі жазушы Медеу Сәрсекке, бұл кітап ерен ғалым, жазушы, аудармашы, сыншы, өте талантты адамға арналған және ол кісіні өзімнің ұстазым деп есептеймін деді. Кітапқа замандастарының, жолдастарының, оқушыларының оның өмірі, ғылыми табыстары мен творчествасы туралы естеліктері енгізілген.

Кітапты шығаруда қаржылай көмектескен ҚР Минералды шикізаттарды кешенді өңдеу Ұлттық орталығы, (Бас директоры академик А.А. Жәрменов). Ғылыми Кеңеске қатысушылардың бәріне осы кітаптың бір данасы тарту етілді.

Академик Е.А. Бөкетовтің мерейтойын туған жерінде тойлау

Қарағанды қаласының ұжымдарымен қатар 2005 жылғы 24-26 наурызда М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде "Е.А. Бөкетовтың ғылыми мұрасы" атты Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтың туғанына 80-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Академиктің мерейтойын өткізуге Қарағандыдағыдай үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді.

Ұйымдастыру комитеті құрылып, оның төрағасы Т.А. Мансұров – Солтүстік Қазақстан облысының әкімі, саяси ғылымдарының докторы, тең төрағасы О.Б. Әшімов – М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі, техника ғылымының докторы, профессор және 13 адам комитеттің мүшелері белгілі ғалымдар, ғылым мен мәдениет қайраткерлері тағайындалды.

Ұйымдастыру комитеті конференцияны өткізудің іс-шараларын жасап оны бекітті, онда бес бағыттағы ғылыми мәселелер қарастырылды:

1. Физика-химия қозғалыстары және оларды жобалау.
2. Органикалық емес және органикалық заттардың химиясы мен технологиясы.
3. Қазіргі химия-металлургия қозғалыстары мен технологиялары.
4. Жоғарғы оқу орындарында химиядан дәріс беру тәсілдері.
5. Е. Бөкетовтың әдеби мұралары.

Конференцияға қатысуға Қазақстаннан басқа елдерінің көптеген қалаларынан мамандар шақырылды: Екатеринбург, Омбыдан, Челябинден, Қорғаннан, Бакуден, Төменнен және басқалардан. Конференция қатысушылардың көбі баяндама жасап сөз сөйледі. Конференцияның тақырыбы бойынша 179 автордан 87 баяндама түсті, оның 25 ғылыми және ғылыми университеттерден.

Конференция басталар алдында Е.А.Бөкетов туралы фильм көрсетілді.

Конференцияны алғы сөзбен О.Б. Әшімов ашып, құттықтау сөзді Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Мансұров Таир Аймұхаметұлына берді (құттықтау сөз кітапқа кіргізілген). Содан кейін құттықтау сөзбен ҚР еңбек сіңірген қызметкер, жазушы, ақын К.С. Салықов сөйледі.

Естелік айтып сөйлегендер – Органикалық синтезбен көмірхимиясы институтының Президенті, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор, ҚР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер

З.М. Молдахметов; С.К. Ерденов – Халықаралық бизнес университетінің профессоры, Е.А. Бөкетовтың немере інісі.

Конференцияның тақырыбы бойынша он баяндамашы тыңдалып, қалғандары 2 секциялық отырыстарда жасалды.

Конференцияның соңғы отырысында мынадай қарар қабылданды:

1. Конференцияға қатысушылар, конференция жанжақты және танымдық болды, баяндамалар мен конференция құжаттары, мамандардың бай тәжірибелері барлық конференцияда жоспарланған бағдарламада көрсетілді – деп мәлімдеді.

2. Конференцияға қатысушылар университеттің қазіргі заманғы телекоммуникациялық технологияларды, алдыңғы қатарлы виртуальдык кешенді оқу және ғылыми жүйеде пайдаланудағы үлкен жетістіктерін атап өтті.

3. Жоғарғы оқу орындарының ғалымдарының кәсіби қатынастары, конференцияға қатысушыларға айтарлықтай көмегін тигізіп, алдағы қатынасты жалғастыруға кепіл болды.

4. Конференцияға қатысушылар Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтың ғылыми, мәдени, ұстаздық қызметіне үлкен қызығушылық білдірді.

5. Конференция қатысушылары облыс әкімі Т.А. Мансұровтың, Е. Бөкетовтың жастар мен студенттерге арнауының очерктер жинағын шығаруға дайындық жүргізу ұсынысын қабыл алды.

6. Конференция қатысушылары облыс әкімі Таир Аймұхаметұлы Мансұровтың және Органикалық синтез және көмірхимиясы институтының Президенті, ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор Зейнолла Молдахметұлы Молдахметовтың Петропавловск қаласының облыстық өлкетану музейінде "Солтүстік Қазақстанның ойшылдар байлығы" атты экспозициясын ашу ұсынысын құптады.

7. Конференцияға қатысушылар М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің әкімшілігіне, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік "Е. Бөкетовтың ғылыми мұрасы" аты конференцияны ұйымдастырып және өткізгеніне алғыс білдірді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның құжаттары университеттің полиграфия-шығарушы бөлімінде 2 томдық болып басылып шықты.

2005 жылғы 25 наурыздағы университеттің "Парасат" газеті толығымен осы оқиғаны баяндап, ол университет ректоры О.Б. Әшімовтың "Е. Бөкетовтың ғылыми мұралары" деген қазақ тіліндегі мақаласы мен ашылады. Ол осы кітапқа кіргізілген.

Мұнымен қоса, университет ұжымы "Академик Е.А. Бөкетов" атты замандастарының естеліктер жинағын шығарды.

Академик Е.А. Бөкетовтің 80-жылдық мерейтойына арналған бұдан басқада шаралардың аясында, химия пәнінен студенттер арасында олимпиада өткізілді.

Оның қорытындысында бірінші, екінші, үшінші орын алған жеңімпаздарға дипломдар мен бағалы сыйлықтар берілді.

*Қамзабай Бөкетов,
академик Е. Бөкетов атындағы
мемориалдық мұражайының басқарушысы*

Ел есінде сақталған тұлға

Бәйкен Әшімов,

Отан соғысының ардагері, Еңбек Ері

Еліміздің аға буын азаматтары жөнінде сөз болғанда, олардың халқымыздың келешегі үшін жұмсаған ерен еңбегін айтамыз. Республиканың көп салалы индустриясының дамуында, механикаландырылған ауыл шаруашылығының өсуінде, олардың өнімдерін прогрессивтік жолға қоюда ғылым мен білімнің алатын орны ерекше. Әлеуметтік-экономикалық дамудағы қол жеткен табыстар – барлық қазақстандықтардың еңбегі, білім мен ғылымды игерген мамандардың еңбегі.

Сондай еліміздің келешегі үшін қажырлы да нәтижелі еңбек етіп, халықтың сый-құрметіне ие болған ғұлама ғалым Евней Бөкетов еді. 1945-1950 жылдары оқып, Алматыдағы Қазақ Кен-металлургия институтын бітірген маман металлург, сол жоғарғы оқу орнында кафедра ассистенті, аға оқытушы, доцент қызметтерінде білгірлігімен, іс ұйымдастыру шеберлігімен, танылған жас маман 1958-1960 жылдары институт директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып абыройлы қызмет атқарады. 1960 жылдан бастап он екі жыл бойы Қазақстан Ғылым академиясының Қарағанды қаласындағы Химия-металлургия институтының директоры болды. Бұл жаңа ұйымдасқан ғылыми-зерттеу мекеменің кадрларын іріктеп алып, материалдық базасын нығайтуда, Евней Арыстанұлы көрнекті қызмет атқарды.

Өнеркәсіп орындары – ірі комбинаттар институтының ғылыми-зерттеу ұсыныстарын өндірісте пайдаланып, оларға жоғары баға беріп жүрді. Институттың директоры Е. Бөкетов СССР мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атағымен марапатталды.

1972 жылдан бастап Е. Бөкетов (сегіз жыл) Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметінде бол-

ды. Бұл университет бұрынғы педагогикалық институттың негізінде құрылған еді. Іске тәжірибесі мол Евней Арыстанұлы жаңа ұйымдасқан үлкен оқу орнының материалдық базасын нығайтуға, университетті тиісті оқытушы мамандармен қамтамасыз етуде көп еңбек сіңірді. Кейін марқұмның ұлан-ғайыр еңбегі бағаланып, университетке Қазақстан Үкіметінің қаулысымен Евней Бөкетовтің аты берілді.

Евней жан-жақты білгір, сегіз қырлы, бір сырлы азамат еді. Ол ғылым мен әдебиетті қатар игерді. Жазушы-қаламгер Е. Бөкетовтің көптеген туындылары жарық көрді. Олардың ішінде, ұстазы Қаныш ағаға арналған естеліктерін жұртшылық жоғары бағалады.

Евней Арыстанұлы Бөкетов Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтің шәкірті, Ұлттық Ғылым академиясының академигі Жазушылар одағының мүшесі, үлкен зиялы азамат ретінде елжұртымыздың есінде сақталады.

Евней Бөкетов – дарынды аудармашы

*Кәкімбек Салықов,
Қазақстан Республикасына еңбек
сіңірген қайраткер*

Евней ағаның поэзия және драматургия салаларындағы аудармаларын қолға алып, бір ауыз сөз жазуға кіріскенім әдеби талдау не ғылыми зерттеу емес, тек қана сансыз қырлы, бір сырлы дарабоз дарынның бір қырын аша түсу ғана. Жалпы алғанда ақындық дерті Евнейге жастайынан жабысты. Ол анасынан ақын болып жаратылды, бірақ бодандық өміріміздің оны бала күнінен әр саққа салуы тағдырдың сан түрлі қиындықтарынан өткізді. 1932-1933 жылдары әкелген аштықтың жеті жасынан жабысқан тауқыметі көкірегінде өшпес із қалдырды. Ұлы Отан соғысының ауыртпалығы мектептегі оқушы, қыршын жас тағдырына өз белгісін салды. Көп бейнеттің де зейнеті сол шығар, ол

өмірдің қызу ортасында өсті, тайғақ кешу, тар кезендерді өз көзімен көрді. Демек, тағдыры қандай тәлкекке салса да, ол өлең мен жазудан, орыс ақын-жазушыларын қазақшаға аударудан ешқашан қол үзбеді.

Е. Бөкетовтің аудармашылық өнерін сөз еткенде, Есениннен есіп өтіп, Шекспирге бірақ жетті десек асыра сілтегеніміз болар еді. Оларға жеткенше жас талант ау бастан халқымыздың әдеби бай мұрасынан шөлі қанғанша сусындады. Ауыз әдебиетін жетік білді. Евней Абайды жатқа білді десек еш жаңалық ашпаймыз, ондай ұлағатты мысалдар толып жатыр, ал оның Жамбыл атамызды, Мұхтар, Сәбит, Ғабит, Ғабиденді өте терең, мейлінше толық игергеніне тандануым, қайран қалуым шексіз еді. Талай жылдар кездесіп жүргендегі мен байқаған шоқтығы биік бір байлығы – Жамбылдың бар болмысын мұқият меңгергендігі болатын. Жәкеңнің үздік "Манасшыл" ақын екенін де Евекеңнен естідім. Тоғызыншы сыныпты үздік бітірген Евнейді соғыс жылдары мұғалімге тапшылықтан Марьевкедегі аудан басшылары қазақ, орыс ауылдарындағы мектептерге сабаққа жекті. Бұл күндердің өз бергені сол, әсіресе жатқа айтуға, оқуға, көркем сөздің ауызекі шеберлігіне ынтыққан шағынын, бүршік жарған кезі еді. Ол сол кездердің өзінде орыс тілінде өлең жаза бастады, орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен орыс тіліне аударуға жаттығуға кірісті.

Міне, осының барлығы оның үстіне күнделікті іздемпаздығы мен орасан еңбекқорлығы Алматыда оқып жүрген студент, аспирант кезінде әдеби қауымға таныс етті. Орысшадан қазақ тіліне аударылған бірсыпыра еңбектерімен танысып, газет, журнал беттерінде оларға өзінше адал баға беруге кірісті. Аударманың сыншысы бірде: "мука`" мен "му`каны" айыра алмаған ақын Маяковскийді аударуға қалай барады" – деп үлкендерге де ауыз сала бастады. Кейін өз аудармаларын жариялауға еркін кірісті.

Е. Бөкетовтің қомақты деген аудармаларына тоқталсақ: В. Шекспирдің "Макбет", "Юлий Цезарь", Джон Флетчерден "Испан сопысы" атты драмалық шығармаларын атар

едік. Сондай-ақ, В. Маяковскийдің "Қандала", "Тамара мен Демон", "Керемет" атты поэмалары; Есенинің "Анна Снегина" атты поэмасы және де "Советтік Русь", "Келіншекке хат", "Кочаловтың итіне" атты өлеңдерінің аудармалары сәтті шыққан.

Әрине, Евней Бөкетов дегенде оның В. Маяковскийді әрі аударып, әрі өзге аудармашыларға сыншы көзбен қарап, де-меу бергені еске түседі. Евнейдің аударуында В. Маяковскийдің "Қандаласы" қазақша қалыбына дәл түсті. "Еркекке күш те керек, іс те керек, білек те, жүрек те керек" – дегендей Евкеңде күш молынан, білек пен жүрек ере туған серіктері, ал солардың арқасында үлкен-үлкен істер де дүниеге келді. Тиген жерін тесіп өтер Маяковскийдің өткір де, жер-жебесіне жеткір ұшқыр сөздері Бөкетовтің аудармасында өз бала-масын сәтті тапты. "Қандаладағы" түйме сатушының:

"Түйме үшін азаматтар үйленбе!
Түйме үшін әйеліңнен жиренбе!
Басып қалса сұқ қолымен бармағы,
Шешілмейді азаматтың шалбары" –

дегені;

Қайрақ сатушының:

"Қайрап ұста пышағынды
Болсын десең жүзі өткір,
Қайра, безеп тілінді
Болсын десең сөзі өткір" –

деуі;

Селедка сатушының:

"Республикада ең тұздысы тамақтың,
Жан серігі құймақ пенен арақтың" –

деп шалқуы;

Слесарьдың:

Ол қыз емес, ол бір құт.
Екі емшегі екі пұт" –

деп айғайлаулары сол күндерде ауызға ілігіп, қанатты сөздер болып кетті. Маяковскийді аударушылары қаншама аты шулы адамдар, әрі көп болса да Бөкетовтің "Қандаласы" ең тамаша аударма болып, әділ бағасын алды.

"Қандаладағы"-: "Қандилиус нормалис,
Тоғышарис вульгарис" –

дегені де тапқырлығын танытты.

"Тоғышарис вульгаристер" қай заманда да болған екен. Осы күнгі кей қауіпті алпауыттарға үңілсек, даңғазысы көп, әрі іске олақ, әрі қадалған жерінен қан алып өзіне керегін сорып жатқаны көзге елестеп, санаға орнығады. Бейімбет Майлиннің "Мырқымбайы" секілді Маяковскийдің "Қандаласы" да қазақ зиялы қауымына кең тарады.

Евней Маяковскийдің шығармаларын белгілі мақсатпен аударды. Біріншіден, өжет мінезі, екіншіден, астарлы да ойлы сөзі бауыр тартты. Қоғамдағы хайуанат сипаттыларды Маяковскийше әшкерелей білу де үлкен өнер ғой. Сол ерен мінезінен тапқан кедергілері аз емес, орыстың ұлы ақынының өлімі де жұмбақ болып өтті. Маяковскийде үлкен ойшылдықтың, тарихтың тереңіне қарай білудің нышаны анық белгі береді. Оның өзі үлкен сабақ еді, тамаша үлгі көрсетті.

Бөкетовтің сырлы сөздің саңлағы, көркем сурет шебері Сергей Есенинге баруы да әрі ерлік, әрі заңды құбылыс, Сергей көрген селендерді Евней де көрді. Орыс пен қазақ қатар шеккен шым-шытырық өмір құбылыстарының да ұқсастықтары аз емес-ті. Есениннің жинақтары алғашқы рет қолға түскенде ауыл өмірінің айнасындай, тіршіліктің тірі суретіндей бауыр тартқаны айдан анық. Оның үстіне біздің де, Евнейдің де мектептегі кезінде Есенин жабық жатты, ал ол ақталып ашылған кезде, яғни халық пен орыстың дүлдүл ақынының арасындағы заңсыз перде ашылғанда Евекеңдер әу дегеннен керегін аңдап, сүйгенін аударуға кірісті. Ақ қайындардың арасында өскен Евнейге орыстың құдды сондай сұлу табиғатын жайлап өскен Есениннің өлеңдері қызғылықты құбылыс болып көрінді де аударма келгенде аударма емес,

жеңіл оқылып өзінің төл туындыларындай тартымды әсер қалдырды.

"Анна Снегинаның" барлық көріністері біздің Есіл – Көкше өңіріне ұқсас, поэмадағыдай талай диірмендерді де, диірменшілерді де көріп өскен елміз ғой. Кез келген екі селен, не екі ауылдың арасындағы талас-тартыс, араздық, достық, бәсеке, бақастық бәрі-бәрі де танымал өз өміріміздей көрінеді. Сондықтан да Евнейдің:

"Айтпасқа жетпес әліміз,
Бейнесі өшпес жан екен.
Жас күнде сүйдік бәріміз,
Бізді де сүйген бар екен" –

дегені нағыз қазақы өлендей емес пе. Тап осындай үздік аудармалар қай жүректен де орын табады ғой. Бұл поэмадан орыстың иісі аңқып тұр, поэма ашық, мырза-орыс өмірі. Орыс мінезді дүние жеткілікті, ал соңғы шумаққа келсек әмбеге ортақ. Есенинді аударып Евекен өз шер-шеменін бір емдесе, қаншама тағдыры ұқсас оқырманның сауабын алды. Бәріміз де бәрекелді, шындық сыры осындай болу керек қой деп бір серпіліп қалдық.

"Бізді де сүйген бар екен" дерлік өткен күннің асыл белгісіндей абзал арумен кездесу кімнің көңіл өрісін кеңейтпейді. Ақын өз өкініші, өз жұбанышы арқылы бүкіл оқушы жұртшылықтың көңілінен шығып отыр, аудармашы да ұлы ақынның туындысын дәлме-дәл көрсете білген. Поэманың аяққы кезінің әр жерінен дәмі жүрекке дем берген кейбір шумақтарын алып роман құрсақ былай түседі екен:

"Қызарып атқан таң ба бұл?
Көкжиек өртке ұқсайды.
Сепкендей елес жанға нұр,
Жақсылық сезім ұштайды.
Балдырған бала кезіміз,
Қоштады күзгі гүл алаң.
Жарасты ынтық сөзіміз

Он алты жасар екі адам.
Тағы да елге келемін.
Шілденің түні еркелі.
Арбада жеңіл желемін,
Самал жел мұңын шертеді.
Көзтаныс есік тұр жолда.
Он алты жаста ем, үмітті ем.
Ақ көйлек албырт қыз сонда,
Елжіреп еді: "ұмыт" – деп.
Айтпасқа жетпес әліміз,
Бейнесі өшпес жан екен.
Жас күнде сүйдік бәріміз,
Бізді де сүйген бар екен".

Қандай тамаша роман десенші, бұл аудармашының үлкен жетістігі. Тіпті аударма деуге де қимайсың. Әнге қосу әрине, композиторлардың ісі.

Евней Арыстанұлы нақ осындай аршынды қадамдардан кейін Джон Флетчердің "Испан сопысын" аударып, ол жорықтан да жеңіспен оралып, Шекспир әлеміне сапар шекті. Қазақ ақыны В.Шекспирдің ең ауыр трагедияларының бірі "Макбетті" аударып үлкен жетістікке жетті. Аласапыран күрделі де қиянқескі уақиғаларды сипаттау драматургиялық шеберлік пен тілге өрнектеу оңай сауда емес, әсіресе көркемдік жағына баса қарап, көз тойып, құлақ құрышы қанардай еткен жерлері көп-ақ. Жалпы аударма сәтті шықты.

Шотландияның король Дунканға келіп, қолбасшысы әрі оның туысы Макбет:

"Патшаның адал қиялы болып,
Көппен бірге қосылып,
Намыс пен ілтипатқа лайықты,
Қайрат көрсету біздің ісіміз" –

дегенде Макбет сияқты әрі туысы, әрі қолбасшысы Банко:

"Мен де Макбет сияқты алма ағашын хәм оның жемісін өзіңізге дайындағанмын" – дейді. Ақыры Макбет корольді

өлтiрдi. Ал, Макбет корольдi өлтiру азғырындысына көнiп, әйелi леди Макбеттiң құйрығына тұз салған құйтұрқы ықпалында жүрдi. Күнәға батпайын деп, корольге қол саларының алдында тәубаға келгендей жұбайына: "Осымызды қояйық. Ол маған көп жақсылық iстедi, әрi халық ардақтайды. Мен де сыйлы күйiмде бiраз өмiр сүрейiн" дегенде, қаныпезерлiгi қозған, мансапқор леди Макбет:

"Сонда сенiң арманың,
Тұрғаннан кейiн бiр ұйықтап,
Райыңа қайтатын, лепiрме мастық болды ғой?
Сөзге батыр, iске жалтақ.
Бүйтiп сүйгенiң де құрысын!
Ұмтылсаң асқақ мансапқа,
Тоқтат қалтырап қорқуды,
Достаспас тақ пен қорқақтық.
Тәттiнi татқың, қаттыдан қашқың келедi,
Болғаның ба сен мысық" –

деп қыршаңқы тiлiмен ашындыра түседi.

Бұл сөздерден кейiн Макбет көкiрегiндегi жақсылықтың соңғы шырағын сөндiрiп, залым қаныпезер Леди Макбеттей зайыбына табынған мансапқорлық жеңген зұлым болып шығады. Е. Бөкетов аударған "Макбет" қазақ сахнасына алғашқы рет Қарағанды облыстық драма театрында тұсауын кестi. Қойылым жемiстi болып, жетiстiке жеттi. Елдiң де, аудармашының да қуанышында шек болмады. Өйткенi үлкен азаматтық тап осы мезет өмiрлiк арманы едi. Спектакльдiң Алматыда қойылуы республикамыздың мәдени өмiрiндегi тамаша құбылыс деп саналды. "Макбет" елiмiздiң көптеген қалаларында сәттi қойылып болашаққа бет бұрды. Е. Бөкетовтiң бұл аудармасы Қазақстанда жарық көрген В. Шекспирдiң таңдамалы шығармаларының екi томдығына кiргiзiлдi. Мұхтар Әуезов бастаған, Ғабит Мүсiрепов, Хамит Ерғалиев, Әбiш Кекiлбаев қостаған Шекспиршiлердiң асыл ортасына Евней Бөкетов те қосылды. Қазақ әдебиетiнiң даму, өркендеу, өрiстеу жолында Евней Арыстанұлы өзiнiң алтын қазығын осылай

қағып кетті. Ғалымдығына парапар тартқан көкейкесті асыл нысанасы да осы еді, абзал азамат ол арманына толық жетті.

Е. Бөкетовтің философиясы өзі айтқандай: "Адамның мүмкіншілігінде шек жоқ, ұлылық жалғасып жатады" деген үлкен ойға орныққан. Ол үшін Абай мен Мұхтар Гете мен Шекспирдің жалғасы, Қаныш, Шоқанның жалғасы. Ал бұл дау тудырмайтын ұғым болса, В. Маяковскийді А. Пушкиннің жалғасы деген де әдебиеттанушы ғалым, ойшыл ғұлама Евней Бөкетов. Бұл ұғымның дау тудырған кездері де болған, бірақ Маяковскийдің поэзиясындағы алғашқы жас бейнелер Онегиннің жалғасы деген дерегін қазақ әдебиеттанушы ғалым, тамаша аудармашы ақын Е. Бөкетов тайға таңба басқандай етіп берді. Сондықтан бұл ерекше шешім, Евней айтқан сара жол, дара ұғым оның заманымыздың көкірегі гуманизмге толы үлкен ойшыл перзенті екенін анықтап берді.

Кітаптағы: "Өмір – елес, адам сахнадағы ойыншы", "Ми-яулап мысық тосып тұр, бақа да көлде бақылдап, оған үнін қосып тұр", "Қаны бір арысым, жібермесін намысын", "Атақ пенен сыйлыққа дағды керек", "Адамның жүзі алдамшы", "Тілінді тіре тісіңе", "Тэттіні татқын, ащыдан қашқың келеді", "Мықтап ұста тағыңды, тағыңа келер қағыңды" – деген сияқты қанатты сөздер аз емес. Бұл мысалдар да түпнұсқадағы ұлы ойшылдықтың Евней қазақшалаған жалғасы.

Аса көрнекті ғалым, ақиық ақын, тамаша жазушы, үлгілі аудармашы, ғылым мен әдебиеттің терең зерттеушісі Евней Бөкетов бар дарынын туған еліне, қазақ атты қасиетті ұлтына арнады. Сол ұланғайыр еңбектерінің ішінде шоқтығы биік көрініп тұрған жоғарыда аталған аудармалары әлемдік әдеби мұраны меңгеруде кәсіби шеберлікті, көркемдік талантты, шынайы сауаттылық пен мәдениеттілікті айдан анық көрсетіп тұрған үлкен жетістік, ол тамаша қаламгердің жетістігі, ұлтымыздың үлкен мерейі.

*"Орталық Қазақстан",
19 наурыз 2005 ж.*

Жүректің көзін ашқан жан

Темірғали Көкетаев,

*физика-математика ғылымдарының докторы,
профессор*

Адамзат баласы қоныстанып отырған жер бетінде қанша-ма жаннат мектебінің бар екендігін бүгінгі күні әр адам жақсы біледі. Сол жер бетінің әр түкпіріндегі жаннат мекендердің әрқайсысы өз бітім-болмысымен, шежірелі тарихымен, байлығымен, тылсым табиғатымен ерекшеленеді емес пе? Біріншісі – айшылық алыс шөлдерімен, екіншісі – аспанмен галасқан асқар таулармен, үшіншісі – айдын көлдерімен, қатпар-қатпар белдерімен, төртіншісі – мүлгіген қара ормандарымен, өсімдігі ұйыса бітіскен шалғынды аймақтарымен, бесіншісі – көбік шашқан бұйра жал асау көлдерімен, оған қоса неше түрлі қанатты құстарымен, аяқты аңдарымен. Көзге елестетсеңіз, бірінен-бірі өткен сұлулықтың ғажабына кіріп, жаныңыз рахатқа бөленеді.

Әрине, сол ғажап сұлулықтың барлығы да адам баласының ақыл-ойының, еңбегінің ізі екені белгілі. Көкке құлаш ұрған тас пирамидалар, мындаған шақырымға ішектей созылған тас қорғандар, сан түспен құбылып бөлінген далалар, тамырдай таралған жолдар, көздің жауын алатын керемет ғимараттар, жақында адамның қиялында ғана болған ғылым жаңалықтары, бәрі-бәрі адамзат құдіретінің ақыл-ойымен, маңдай терімен пайда болған ғажайыптар.

Шежірелі ұзақ тарихымен, өзіне ғана тән бітім-болмысымен ерекшеленетін, уақытпен бірге жаңғырып-жаңарып келе жатқан қазақ халқының киелі жері, құтты мекенінің бірі – Сарыарқа төсінде орналасқан Қарағанды қаласында 1972 жылы үлкен оқиға болды.

Еліміздің екінші университеті – Қарағанды мемлекеттік университеті Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысымен 1972 жылдың 1 наурызында ресми түрде дүниеге келді. Осынау оқиғаны Орталық Қазақстан ғана емес, бүкіл республика жұртшылығы

зор қуанышпен қарсы алды. Өйткені, университеттің ашылуы Орталық Қазақстан тұрғындарымен қатар республикамыздың терістік, батыс аймақтарының халқына да көптен күткен жаңалық еді.

Жалпы университеттің ашылуы қай уақытта, қай елде болмасын, орасан зор оқиға болып саналған. Өйткені, бұндай оқу орны ел келешегі жас жеткіншектерге жоғары дәрежелі мамандық беріп қана қоймайды, сонымен бірге адам баласының жоғары даналық жетістіктерін тал бойына жинақтап, ілгері дамытушы ұлттың мәдени орталығы болып есептелген.

Мемлекетіміздегі екінші университеттің тура Қарағандыда ашылуы, әрине, кездейсоқтық емес еді. Қарағанды облысы республикада береке-байлығы ғана емес, сонымен бірге ғылым-білімі, талапқа сай өркен жайған өлкенің бірі еді.

Сол уақыттағы республикамыздағы қырық шақты жоғары оқу орнының алтауы Қарағанды қаласында орналасқан болатын. Қаладағы жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу және жобалау институттарында мыңға тарта ғалымдар еңбек ететін. Қарағанды университетінің дәл бүгіндей шарықтап өсуіне әуелде Евекең бастап берген дәстүр кепіл болғанын мен білемін, айдай әлем біледі. Әсіресе, кішкене ғана ортақол институттан университетке айналған шақта, бүкіл ұжымға біреу міней, біреу сынай қараған шақта биліктің басында ел ардақ тұтқан абзал азаматтардың бірі аса ірі ғалым, ұйымдастырушы, қаламгер, академик Евней Бөкетовтей бедел иесінің тұрғаны – бақытымыз екен. Евней Арыстанұлының жеке басының абыройы – айбары жоқтан бар жасады, барды – берекелі, азды – көп етті.

Университеті бар ел – озық ел, ал бірнеше университеті бар ел, тіпті, озық болуы шарт деп отыратын ағамыз. Ол "университет" ұғымына Отанды өрге сүйрейтін білімдар, болашақтың іргесін бүгіннен қалайтын ұлтжанды зиялы қауым ордасы, ғылым-білімге құштар ақ жүректі, адал ниетті, жастардың талабына тілеулес адал ұстаздар бас қосқан қасиетті отау деп қарайтын. Осыны әр кез көкірегімізге қондырып, өз

ісімен көрсетіп отыратын. Университет дәрежесіне сай білім беру үшін осы заманғы озық лабораториялар мен оқулық құралдар іздеуден жалыққан емес. Сол жолда оқытушы мамандарды әлденеше ірі қалаларға, білім ошақтарына жұмсайтын. Сондай сапарларда мен де болдым. Бір байқағаным – біздің Евекеңді елдегі ірі университет ректорларының көбі жақсы танып, сыйлайтын. Қарағанды университеті қаз тұра бастаған алғашқы жылдардың өзінде-ақ Евекеңнің арқасында бүкіл Кеңес Одағына танымал болды. Олай дейтінім – шыны керек, Қазақстанның Қарағанды деген қаласында республикадағы екінші университет ашылды дегенді екінін бірі біле бермейтін. "Ректорымыз – Евней Арыстанұлы Бөкетов" десек, "Ол кісіні білеміз, өте үлкен ғалым, тамаша адам" – деп жік-жапар болғанының талай куәсі болдым. Сол университетте өзімнің жұмыс істейтінімді мақтан тұттым.

Сөзім дәлелді болуы үшін бір жағдайды айта кетейін. Бірде "Диэлектриктер физикасы" лабораториясын жарақтау үшін құрал-қондырғы, аспаптар іздеп Латвияның астанасы Ригаға бардым. Онда көп жылғы бай тәжірибесі, ғылым әлемінде ойып орны бар оқу орнына – Стручка атындағы университетке жол тарттым. Тіпті, басшы қызметкерлермен таныстығым да көмектесті (мен алғашқы ғылыми жұмыстарымды Тарту университетінде бастап, 5 жыл Балтық жағалауында, Ленинград маңында тұрдым ғой), іздеген шаруашылығымды тауып, істің бетін қайтардым. Ғылым жөніндегі проректоры, деканы, кафедра меңгерушілері бетімнен қаққан жоқ. Ол заманда бір тұтас мемлекет едік қой, кей жабдықты арзанға, кейбірін тегін дегендей алып, қаттап-қағаздап қойдым. Енді әкетейін десем, бас бухгалтер келіспейді. Өзінің ереже-тәртіптерін көлденең тартады. Не керек, босатпайды, шаруам қиындай берді. Жолаушы адаммын, уақыт өтіп жатыр. Бас есепші жолатпайды. "Ректорға бар" дейді. Бұрынғы ректорды білетін едім, онымен тіл табысар да едім, бірақ ол басқа жаққа ауысып кетіпті. Келгеніне 5-6 ай болған жаңа ректормен қалай түсінісемін, бухгалтеріне басшының көбі-ақ жүгінетінін білемін.

Амал таусылды. Құр қол қайтуға болмады. Тәуекел деп ректорға кірдім. Сенгенім біреу-ақ – Евекеңнің беделі. Қазақстаннан, Қарағанды университетінен, осындай-осындай ша-руамен келгенімді айтып жеткізген болдым. Ол жақтың ада-мы заты тұйық болады, оны бұрыннан білемін. Ешқандай сыр беретін емес, оған қатысы жоқ әңгіме сияқты. Иә, иә деп сыз-данып, басын кекірейте береді. Мені сонау киыр шеттен келіп, қиналып отыр-ау деп елең де қылмады. Не істеу керек? "Сізге Евней Арыстанұлы Бөкетов арнайы сәлем айтып еді" деп қал-дым. "Бөкетов" дегенде селк еткендей, маған еңкейе қарап қалды. Сұрғылт жүзі өзгеріп сала берді. "Ә, ол кісінің хал-жағдайы қалай? Ол – керемет ғалым, тамаша адам, мен жақ-сы білемін", десін. Сол кісінің арнайы тапсырмаларымен кел-генімді, "сіз мәселені шешеді" деп аттандырғанын жанымнан қосыңқырап жібердім. "Шаруаңыз орындалады, жағдайыңыз қалай?" деп бәйек боп қалды. Бөкетовтің беделі Балтық бой-ында да олқы емесін сезген мен өркештеніп, теңімдей, ескі ганыстай сөйлей бердім. Сөйтсем, жаңағы ректоры Евекең-мен Мәскеудегі бір жиында кездесіп, аз-кем тілдескен екен. Бір көргеннен баурап алатын, жібекке күміс қосып өргендей өрнекті де өнегелі әңгімесімен, сұңғыла сымбатымен әркімнің есінде қалатын қасиетті ағамыз осындай еді.

Қойшы, әйтеуір мәселе шешілді. Проректор да, басқасы да іске қосылды. Мені қия бастырмай тұрған бас бухгалтер ше? Ол, тіпті, менің жүктерімді темір жолға жеткізіп, кон-тейнерге тиеп жөнелтуге дейін тапсырма алды...

Қайтып келген соң Евекеңе болған жайды бастан-аяқ ба-яндадым. Оның атынан ойдан шығарып сәлем айтқанымды естігенде құшаққа сыймайтын алпамса кеудесін еңкейте кең-ілдеп күлді. Қатты шаттанды. Балаша қуанды. Заты, Евекең күлсе – шын күлетін, кейісе – шын кейитін. Бірақ дарақы, өтірік күлкісі жоқ еді. Ашуланғанда да тепсінбей, өтінен жарылмай, ызбар шашып, ысқырмай, шын ниетімен ренішін наз, ескерт-пе түрінде ашық та батыл айтатын. Ұлы адамдар сөйтеді ғой... "Сенен неше түрлі шығады. Мен оны онша етене танымай-мын. Кездесіп, тілдесуіміз мүмкін. Менің атымды алға тартқа-

ныңның оқасы жоқ. Испен барған соң, тындырып қайтқаның жақсы" – деді. Қасындағыларға қарауымдағы бағынышты деп емес, әріптес деп қарайтын кекіреймейтін, адамды адам ретінде сыйлай білетін. Сонысымен қанаттандыратын, үлкен іске жігерлендіретін, жемісті нәтижеге жетелейтін.

Уақытының қалай жететінін білмеймін, Евекең әр факультетке, әр кафедра ұжымына, тіпті, ұжымның жеке мүшелерімен де әңгімелесіп, ақыл айтып үлгеретін еді.

Университетіміздің шаңырағы жаңа көтеріліп, керегесі керіліп, алғашқы уықтары шаншылып жатқан кез. Пединституттың бұрынғы жалғыз ғана жалпы физика кафедрасынан бес кафедра енші алды. Құрал-жабдықтар жетпейді, лабораториялар кедей.

Сол бір қарбалас шақта, қыруар жүкті мойнына алған ректорымыз, қалт еткенде жаңа лабораториялардың жайын-күйін мұқият қадағалап отырды. Сәті түсіп, оңалған шаруа көрсе масайрап, балаша қуанады. Бізді де мақтаудан кенде қалдырмайды. Жас мамандар қамқор ағаның қолдауын сезіп, қиялымыз қанаттанып, бір өсіп қаламыз.

Әлі есімде, 1974 жылдың көктемі еді. Жаңа лаборатория құрып, оның жұмыс тәртібімен, құрал-жабдықтардың қызметімен ректорымызды таныстырдық. Ықылас қоя тындап, тиісті жерінде сұрап дегендей, Евекең риза болды. Бір кезде Евекең маған қарап:

– Теме (марқұм ақырына дейін осы Темесінен жаңылмай кетті), сен осы ылғи оқу лабораториясы, оқу жұмысы дейсің. Ал енді ғылыми-зерттеу жұмысыңды жалғастыратын лабораторияңды көрсетші. Ол туралы ештеңе айтқан жоқсың, – деді.

– Евекең-ау, қазір ғылыми жұмыс туралы ойлайтын жағдай бар ма? Әуелі оқу процесін қамтамасыз етіп алайық. Ғылымды содан кейін мықтармыз, – деп ақтала жауап бердім. Евекең сабырлы кейіпте, әр сөзін шегелей сөйледі.

– Міне, сенің кемшілігің – осы. Республикадағы екінші университет текке ашылмайды. Еліміздің қажеті үшін осы заманғы өскелең талапқа сай жан-жақты, жарасымды қалыптас-

қан маман даярлау үшін оқу процесімен қатар жүретін ғылыми-зерттеу лабораториясы да болуы әбден қажет. Кафедрадан тәлім алған мамандардың қатты дене физикасының белгілі саласы бойынша алған білімі бүгінгі күнгі зерттеулер деңгейінен көрініп, сол мамандар өз бетімен ғылыми жұмыстар жүргізе алатындай дәрежеге жетсе, нұр үстіне-нұр емес пе?..

Евекең ерекше шабытпен жігерлене сөйлеп кетті. Оның әр сөзін бағып тұрған біз Евекең тек басшы тұрғысында ғана емес, ғылымның жанашыры, жастардың қамқор тәрбиешісі ретінде талап қойғандығын аңғарған едік.

– Міне, дәл осындай мамандар даярлау біздің парызымыз. Әрбір студент міндетті оқу жоспары бойынша жұмыс істеумен қатар, ғылыми лабораторияның да белсенді мүшесі бола білсе, қандай жақсы. Сонда ғана біз өз жұмысымыздан қанағат табуға тиіспіз. Тағы бір айтарым, сен өзің жассың. Ғылыми жұмысыңды күн сайын дамытып отырмасаң, тез қарайып қаласың. Ал ғылыми жұмыспен айналыспайтын бойкүйез, жалқау ғалымның біздің университет үшін қажеті жоқ, – деп айтайын деген ойын бір-ақ түйді.

Үлкен ғалым ағаның ақыл-кеңесі мен табанды көмегі арқасында ғылыми лаборатория пайда болып еді. Евекең аманаты біршама орындалғандай. Сол лабораторияда атқарылған ғылыми-зерттеу ізденістер нәтижесінде 20-дан астам шәкіртіміз, диссертация қорғап ғылым кандидаты, 5 адам ғылым докторы дәрежесін алды. Осы жолдардың авторы да өмірінде біраз баспалдықтардан өтті.

Евней Арыстанұлының жан-жақты адам екенін көпшілік жұрт біледі. Ескінің салт-дәстүрі мен жаңа өскін жас буынның талғам-талабын бағалайтын. Ал енді әлемдік ғылымның кәусарынан сусындаған энциклопедиялық білімі мен сезімталдығын оның замандастары талай таныған. Ұйымдастырушылық, қайраткерлік қарымын осы университетті көтеруге жұмсағанын да ел лайықты бағалады. Ол кісі біздерді, оқу орнының оқытушылары мен ғалымдарын – сабақты сапалы берумен бірге ғылыми жұмыстарға да жетелей білді. Терең де кең құлашты ғылыми-зерттеулер жүргізуге үлкен мән берді.

Ол үшін арнайы ғылыми лабораториялар жарақтаудан күште, қаржы да аяған жоқ.

– Біз ғылыми қызметкерлер дайындау ісін жылдан-жылға нығайта түсуіміз керек. Қоғамның болашағы - ғылым мен ғылыми қызметкерлердің жемісті еңбегіне байланысты. Іргелі ғылымдарда өзекті проблемалық мәселелерді шұғыл қарап, терең үніле, шеше білетін мамандарды негізінен университеттер шығарып отыруы тиіс... Бұл – Евекең ұстаған темірқазық, берік те байламды бағыт. Осынау міндет қалай шешілетпек? Дарынды жас талапкерлер мен тәжірибелі ғалымдар арасында тікелей қарым-қатынас болуы тиіс. Мұндай жанды байланыс, екі жақты ынты-ықылас болмайынша, жас талапкерлердің бойындағы талап шоғы жалындап жанбайды, зерттеушілік мол тәжірибесі бар ұстаз-ғалым да өзінен-өзі тоқырап қалуы мүмкін.

Осылай-осылай ұқтыра, сендіре, өз ойларын бекіте келіп, аспирантура ашу қажеттігін әр жолы менің есіме сала берді. Алайда, тілек-ниет бір басқа да, заманның өз ережесі мен талабы да бар ғой. Ол кезде ғылым кандидатына аспирантураға жетекші болуға рұқсат жоқ, ондай құқық тек ғылым докторларына ғана берілген. Кандидаттың аспирантура ашуы мүлде сирек, ерекше бірді-екілі жағдайда ғана болатын шаруа еді ғой.

Бір күні Евекең мені арнайы шақырып алды да: "Ал, саған аспирантура ашатын кез келді. Ғылымың жақсы жүріп жатыр. Тиісті құжаттарын тез дайында", – деп тапсырма берді. Әріне, мен Мәскеуден қаймықтым. "Ғылым орталықтарынан шет жақтан кандидатқа рұқсат бере қоймас, әзір қоя тұрайық" деп көне қоймадым. "Онына келіспеймін", – деді Евекең, – сен ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарын, жариялаған мақалаларыңның тізімін әкел. Негізгі проблемеларды көрсет, тақырыптарды нақтыла. Сипаттама – дәйектемені өзім жазамын да ВАК-қа (жоғары аттестациялық комиссияға) жіберемін, – деді.

Содан 3-4 айдай өтті. Бір күні Евекең тағы шақырып, құттықтады. "Қатты дене физикасы" мамандығы бойынша

менің жетекшілік етуіммен аспирантура ашу жөніндегі ВАК шешімін қолыма ұстатты. Ғылымға, сол ғылымды жасайтын адамға деген қамқорлық осындай болар. Евекең ашқызған сол аспирантурадан жиырмадан аса ғылым кандидаты, алты ғылым докторы диссертация қорғап шықты. Енді, міне, 1999 жылы қатты дене физикасы мамандығы бойынша менің жетекшілігіммен докторантура ашылды. Шіркін-ай, осыны көрсе, қандай қуанар еді ағамыз!

*"Орталық Қазақстан",
19 наурыз 2005 жыл*

Евней Бөкетовтің ғылыми мұрасы

*Оңдасын Әшімов,
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университетінің ректоры,
ҚР ҰҒА академигі*

"Өмірі мен ісі халықтың өнегелі қазынасына айналған адамдардың іс-әрекеті жөнінде жазудың өзі қиын. Тіпті қауіпті ме деп те ойлаймын. Өйткені адал, ізгі ниеттен ешбір ауытқымай, жазып отырғанның өзінде шындықтан алшақ кетіп қалу оп-оңай". Евней Бөкетов бұл сөздерді осыдан 26 жыл бұрын, қазақтың асыл ұлы Қаныш Сәтбаевтың туғанына 80 жыл толуына байланысты жазған мақаласын осылай бастаған екен. Міне, марқұм Евней ағамыздың туғанына да 80 жыл болып қалыпты. Осынау сегіз қырлы, бір сырлы ардақты азаматтың рухына бас ие отырып, арнаған бір-екі ауыз лебізімізді оның өз сөзімен бастауымыздың мәнісі бөлек.

Жиырмасыншы ғасырда қазақ топырағында көптеген дарынды ұлдар мен қыздар дүниеге келді. Қашан да талантқа бай халқымыз үшін олар сан жағынан аз болса да, аздық еткен жоқ, жыл сайын қатары жаңа есімдермен молығып келе жатса да, көптік етпейді. Бұл – ұрпағынан өнегелі істі ғана дәмтетін, барына асып-таспайтын, жоғын іштей ғана іздейтін тәубешіл, қанағатшыл қазақтың бойындағы мінезі. Осындай мінезді, қылықты, төзімді, дарынды халықтың тарихына

жазылған адал ұлдарының бірі – осы Евней Арыстанұлы Бөкетов болатын.

Иә, ол – ғылым докторы, профессор еді. Академик болып сайланды. Елімізді ол кезде ғылым докторлары мен профессорлары аз емес болатын. Академиктер де баршылық. Алайда, солардың қатарынан суырылып шығып, ұлттың зердесінде, халықтың жадында сақталған Евней есімді азамат туралы сөз бөлек. Кәсіби мамандығы жағынан бұл ағамыз бізге әріптес еді. Жаратылыстану ғылымының белді қайраткері болды. Ғылыми ізденістері, жоғары мектептегі атқарған қызметтері жағынан тағы да әріптес санаймыз. Бірақ, Алатаудың асқары алыстан анық көрінетіні сияқты, Евней ағамыздың абыройы жыл асқан сайын асқақтап барады. Бәлкім, бұл да тарихи әділеттіліктің бір көрінісі болар.

Ғылыми ортада Евекең ерте көрінді. Елуінші жылдардың басында-ақ, өзі бітірген Қазақ кен-металлургия институтының жас аспиранты алғашқы ғылыми еңбектерін бірінен кейін бірін жариялап үлгерді. 1954 жылы шілде айында Ғылым академиясының Metallургия және байыту институтының ғылыми кеңесінде диссертация қорғап, техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. Өзі оқыған институтта ассистент, доцент болып істеді, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарына дейін өсті.

Қазақтың тұңғыш академигі, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев осы бір жас маманның ғылымдағы, қызметтегі әр қадамын қадағалап отырған еді. 1960 жылы Қарағандыда ашылған академиялық химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметіне өзі ұсынып, Бөкетовті тағайындағанда, болашақ қайраткердің бойындағы үздік қасиеттерді жаңылмай танығаны деп білеміз.

Мәскеудегі Болат және қорытпалар институтында 1966 жылы "Мыстың электролит қалдықтарынан селен мен теллурды бөліп алу" технологиясы бойынша докторлық диссертация қорғаған Евней Бөкетов Қазақстанда жаратылыстану ғылымдарының жаңа сатыға көтерілгендігін сеніммен дәлел-

деп берді. Ғылыми зерттеулерін одан әрі жалғастырып, Балқаш кен-металлургия қолбінаты өндірісінде мыс рудаларын жинақы өңдеу технологиясын жасағаны үшін оған КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ғылым мен тәжірибені іскер ұштастырып, ел экономикасына зор үлес қосқан Е.Бөкетов еліміздегі ең жоғарғы марапатқа осылайша ие болды.

Жалпыға мәлім, ол кезде Қазақстанда жалғыз ғана мемлекеттік университет Алматыда болатын. 1972 жылы Қарағандыда екінші университет ашылатын болғанда оған ректорлыққа техника ғылымының докторы әрі КСРО Жазушылар Одағының мүшесі Евней Бөкетов тағайындалды.

Жаңа университеттің шаңырағын көтеріп, шаруашылығын қалыпқа келтіру қандай қиын болса, сан-салалы білім беретін оқытушы-ғалым кадрлар жинау одан да күрделі міндет еді. Қажырлы ұйымдастырушы, жоғарғы мектептің қырысырын жақсы білетін басшы сол алғашқы бір-екі жылдың өзінде-ақ, университетті аяғынан қаз тұрғызды. Әлбетте, қилы-қилы мәселелерді шешуде Евекеңнің жеке басының беделі мен адамгершілік қасиеттері де үлкен көмек болғанын оның замандастары мен әріптестері әлі күнге айтып отырады.

Евекең университеттің бірінші басшысы бола жүріп, аорганикалық химия кафедрасын ашып, кейінірек физикалық химия кафедрасын құрып, өзі басқарған. Және соның бәрінде де өзі қанаттандырған Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтымен, Қарағанды өндіріс аймағындағы ірі-ірі өнеркәсіп орындарымен ғылыми және іскерлік байланыстарын үзген жоқ. Сол химия-металлургия институтынан бөліп Органикалық синтез және көмір химиясы ғылыми-зерттеу институтын құруда Евекеңнің нақты ұсыныстары мен жобалары басшылыққа алынғанын әріптестері мақтанышпен айтып отырады.

Евней Арыстанұлы сан-салалы ғылыми, ұстаздық және ұйымдастырушылық қызметінде үнемі жаңалыққа құштар болатын. Тіпті, ғылыми ақпарат ағынының тасқыны қазіргіден әлдеқайда жұтаң кездің өзінде әлемдік ғылыми жетіс-

тіктерді танып-біліп, тыңнан басталған ғылыми ізденістердің бағыттарын бағдарлап отырушы еді.

Замандастары мен шәкірттері Евней Арыстанұлының ғылыми жұмыстар жетекшісі ретіндегі қызмет стиліне жоғары баға беретіндігі тегін емес. Ол алдына міндет қоя отырып, сол міндеттің қалай орындалатынын жүйелеп, көрсетіп беретін болған.

Ебекеңнің адамгершілік тұлғасы, туған жеріне деген ыстық сезімі әрқашан сөнбеген адал перзент ретіндегі сипаты оны білгендердің жадында мәңгі сақталады.

"Өрі – ғылым, ойы – өлең" деп ақын замандасы баға бергендей, ғұлама жерлесіміздің әр тараптағы ой-түйіндері ұрпақтарын жаңа биіктерге, ізденістерге бастайды. Әлемдік қоғамдастықтың құрамында көгілдір туын қолына нық ұстаған тәуелсіз Қазақстан халқының шежіресінде ардақты ағамыздың аты алтын әріппен жазулы.

*"Парасат" СҚМУ газеті
25.03.2005 жыл*

Тұғыры биік тұлға

*Ғабдолла Құлқыбаев,
медицина ғылымдарының докторы, академик*

Ебіней (азан шақырып қойған аты Ебінғабиден) Арыстанұлы Бөкетовтің өмірі мен шығармашылығы жайлы кейінгі уақытта біраз еңбектер жарық көрді. Олардың қатарында інісі Қамзабай Бөкетовтің "Досым менің, бауырым менің" кітабы, жазушы Медеу Сәрсекенің "Ебіней Бөкетов" атты көлемді өмірбаяндық роман-толғауы, "Қыры ғылым, өрі өлең" атты көлемді естеліктер жинағы, "Аласарма еңселім", "Ебіней бұлағы" атты академикке арналған өлеңдер жинағы, ақын К.Салықовтың "Ебіней Бөкетовке реквием" атты поэмасы бар.

Газеттердің беттерінде академиктің өмірі мен шығармашылығына арналған талдау, естелік мақалалар да көптеп шығып жатыр. Әрине, академиктің ғылыми еңбектерінің көптомдығы да дайын. Әдеби-публицистикалық шығармала-

рының "Көкейкесті-Сокровенное" атты екі томдық жинағы және шықты.

"Алты хат" романы қазақ, орыс тілдерінде жеке-жеке ба-сылды, шығармашылық қырлары және басқа да әдеби, ғылы-ми-көпшілік жанрда жазылған еңбектері жарық көрді.

Атақты ғалым-академик Е. Бөкетовтің атын есте қалды-руға мемлекет дәрежесінде де көптеген істер атқарылды. Мәселен, өзі тұңғыш ректоры болған Қарағанды мемлекеттік университеті мен туған жері Солтүстік Қазақстан облысын-дағы бір мектептің, облыстық техникалық кітапхананың аты академик Бөкетов атымен аталады. Қарағандыдағы өзі тұрған үйі мен өзі көп жыл директор болған Химия-металлургия институтында ескерткіш тақта орнатылған. Қарағанды мем-лекеттік университеті жанында Е.Бөкетовтің музейі бар.

Осының бәрі де дұрыс қой. Әттең, өмірі қысқа болды. Осыншама талант иесі, батыр тұлғалы ерен жаратылған Ебі-ней Бөкетов небәрі 58 жыл ғана өмір сүрді. Ол кісінің қысқа ғұмырының қалай өтіп, нендей істер істеп, жетістікке жет-кендері жайында жоғарыда аталған кітаптар мен естеліктер-де толығынан баяндалған. Оларды қайталап жазудың жөнін көре алмадым.

Қайталап айтсам, табиғат шіркін Ебекеңнен ештемесін аямай-ақ молынан бере салған еді. Әрине, ең алдымен Бөке-тов аса таланты ғалым. Ол көзінің тірісінде ғылыми мектеп жасақтап (24 ғылым докторын және 60-қа тарта ғылым кан-дидатын даярлаған), еңбегінің жемісін көріп кеткен ғалым.

Дей тұрғанмен, академик Бөкетовтің қандай ғылыми про-блемаларды шешуге ат салысқандығы жайлы тарата айту қажет. Өйткені, академиктің жастайынан айналысқан ғылым салалары және оның шешім тапқан жетістіктері бүгінгі ин-новациялық-индустриялық бағытпен үндес хәм алдыңғы ка-тарлы ғылыми технологияны, қазіргіше айтсақ, ғылыми си-ымды технологияларды өндірістің жаны етуге ұмтылыс оның еңбектерінің ең басты белгілері болатын.

Ебіней Бөкетов ғалым есебінде қалыптасуы Қазақтың политехникалық институтында (қазіргі Қ.И. Сәтбаев атын-

дағы ұлттық техникалық университет) академик В. Пономаревтің жетекшілігімен жеңіл сирек кездесетін металдар кафедрасында басталды. Жас ғалым физикалық химия және жеңіл һәм сирек кездесетін металдар металлургиясын тереңдей зерттеуді осы кафедра қабырғасында бастап, кейіннен бұл проблема оның өмірлік ісіне айналды. Әсіресе, ол 1960 жылы тікелей академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ұсынуымен Қарағандыдағы химия-металлургия институтына директор болып келгеннен кейін оның ғылыми таланты жарқырай ашылып, өзінің ғажайып жемісін бере бастады.

Е. Бөкетов директор болып келгенде бұл институттың құрылғанына небәрі екі-ақ жыл болған еді. Құрылымы әр текті болатын. Геологиялық, тау-кен, металлургиялық және химиялық, көмір байыту, тіпті экономикалық бөлімшелері де болатын. Басшылық тізгінін қолға алған жас (Ебекең ол кезде 35-ақ жаста болатын) директор институттың ғылыми бағдарын тез арада бір ретке келтіріп, Орталық Қазақстанда және республикада металлургиялық өнеркәсіптің жетекші орнын ескере отырып, оның ұзақ мерзімді ғылыми негіздемесін жасау, болашағын анықтау мәселелерін күн тәртібіне қоя білді. Осыған сәйкес, жаңа зертханалар ашып, жас ғылыми кадрлар легін еселей дайындауға көп күш-жігерін жұмсады. Мәселен, жаңадан ашылған түсті, сирек және бытыраңқы металдар зертханасын тікелей өзі басқарды. Қазақстанда түсті металлургия Балқаш және Жезқазғандағы аса ірі комбинаттарда шоғырланған еді. Енді міне, осы өндіріс орындарының дйттеген ғылыми проблемаларын шешуді институт өз мойнына алуға тиісті деп есептеді. Институттың ғылыми бағыттарының аймақтық мәселелерді шешуге арналуы жас директордың көрегендігінің жемісі еді. Ебіней Арыстанұлының айналасына шоғырланған таланты жас ғалымдар ұстаздарының бастаған істерін қолдап, жұмыла жұмыс істеудің үлгісін көрсетті. Академик Е. Бөкетовтің ең жақын шәкірттерінің бірі профессор В. Малышев кейіннен осы бір аршындаған жастық шақтың алаулаған кезеңі жайлы былай деп жазды: "Біз өзіміз (шәкірттерді айтады), қарапайым тілмен түсіндірсем,

өзара химик пен металлург, теоретиктер мен практиктер, технолог пен аналитиктер болып бөлетінбіз. Ал Ебіней Арыстанұлы болса бір өзі сол айтылған мамандықтардың бәрінің де білгірі болатын, қай-қайсысына болса да ақыл бере алатын әмбебап ұстаз болатын... Бұл жөнінен де Құдайтағала бізге шынайы демократ, кемеңгерлігі кенен, білгірлігі, кісілігі мол ақылды ұстаз сыйлап, ғылым жолына дендеп түсуімізге шынайы себеп болғанын мойындауға тиіспіз...

Сөйтіп жүріп, ұстазымыз өзі түбегейлі шұғылданған сан салалы зерттеулердің басын біріктіре жайтты ұзақ ойлап, іштей саралаудың нәтижесінде бәрімізді таң қалдырған, шексіз шаттандырған, шынын айтқанда, химияның асқан білгірі Менделеевше тереңнен толғап, өзі соған кіріскен кезде жай-жапсары күңгірт ілімге дәл де мейлінше мәнді ат тауып, "Халькогендер және халькогенидтердің химиясы мен технологиясы" – деп атады" – деп жазды өзінің Е. Бөкетовтің ғылыми шығармашылығына арналған кітабында.

Бұл зерттеулер қарқынды дамып, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында түсті металлургияның түйіршіктелген металдарын шахталық күйдіруден өткізу және автоклавты (яғни, үлкен қысыммен) халькогендер мен халькогенидтер деп аталатын күкірт, селен, теллур, мышьяқтың қатысуымен гидрoхимиялық үрдістер атты екі тақырыптан тұрды. Бірінші тақырып бойынша, жезқазғандық концентраттардың күшейтілген күйдіруден өткізу үрдісі алғаш 1965 жылы өндіріске енгізілді. Бұл жұмыстар үшін Е. Бөкетов 1969 жылы Балқаш кен-металлургия комбинатында мыс концентраттарын конверторлау сатысында оттегіні қолдану арқылы кешенді қайта ұқсату технологиясын игеруге қатысушы ретінде КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Бұл технологияға зымырандық техника үшін өте құнды рений алу бойынша Е. Бөкетовтің басшылығымен жүргізген зерттеулердің нәтижесі кірді.

Осы бағыттағы екінші тақырып бойынша, автоклавтық үрдістерді пайдалана отырып, флотациялық байыту сатысында бос жыныстардан айырып алуға жеңілірек көнетін тотық-

тандырылған мысты сульфиттік түрге айналдыру болды. Осының нәтижесінде жарамдылығы аз кендерден жоғары сапалы шикізат алуға болатыны дәлелденді.

Міне, осы аталған тақырыптардың жүйелі түрде дамуының нәтижесінде академик Е. Бөкетов негіздеген халькогендер мен халькогенидтер химиясы және технологиясы атты келелі ғылыми бағыт дами бастады. Осы ғылыми бағыттың даму барысын талдауға арналған Бүкілодақтық бірнеше ғылыми конференция өтті. Оның алғашқы екеуі академик Е. Бөкетовтің көзінің тірісінде, өзінің басшылығымен өтті.

Академик Е. Бөкетовтің аса мән беріп, білек сыбана ат салысқан екінші ғылыми бағыты – ол марганец ферроқұймасын алу технологиясы болатын. Осы сала да оның шәкірттерінің табанды еңбегінің арқасында шешімін тауып, оларға үлкен абырой әкелді. 2001 жылы Е. Бөкетовтің шәкірттері – академиктер Ж. Әбішев, А. Жәрменов, профессорлар С. Байсанов, М. Толымбеков, Т. Хасенов өте сирек ферросиликоаллюминийді өндіріп алу технологиясын жасағаны үшін Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары атанды.

Академик Е. Бөкетов бастап, дамуына үлкен үлес қосқан химия ғылымының тағы бір саласы – электрохимия. Шәкірті профессор Әбдуәлі Бәешовпен бірге жасап шығарған "Фосфор шламындағы фосфорды анықтау" әдісі әлем ғалымдарына "Букетов-Бәешов" әдісі деген атпен белгілі. Осы еңбектердің дамуы өте жемісті болып академик Е. Бөкетовтің шәкірті, профессор Әбдуәлі Бәешов пен Ажар Бәешевалар 2003 жылы тағы да бір топ ғалымдармен бірге Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

Қарағанды Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтында алғашқы ұйымдастырылған жылдан бастап, органикалық химия мәселелері де жақсы дамыды. Өзі директор болып тұрған кезінде академик Е. Бөкетов бұл мәселеге де айрықша көңіл бөліп, дұрыс дамуына ықпал жасады. Өмірінің соңғы кезінде ол кісі көмір химиясымен де аса мұқият айналысты. Көмірден сұйық отын алу проблемасының отандық өнеркәсіпке аса қажеттілігін сезінген ол - бұл проблемаға көп

көңіл бөлді. Профессор Б. Ермагамбетов бастаған жас шәкірттерін осы мәселеге жұмылдырды және осы көмірден сұйық отын алуға жаңаша әдіс табуға ұмтылды.

Е. Бөкетовтің бұл ізденістерін аса көрнекті мәскеулік орыс ғалымдары, Еңбек Ері, академик В. Спицин, профессор А. Новоселова қызу қолдады және олар көптеген ақыл-кеңес қосты.

Әттең, бұл жұмыстарды аяқтауға өзінің өмірі жетпеді. Дегенмен, осы жұмыстардың нәтижесінде Қарағандыда Қазақстан Ғылым академиясының Органикалық синтез және көмір химиясы ғылыми зерттеу институты ұйымдастырылды. Ол институт қазір Е. Бөкетовтің аса дарынды шәкіртінің бірі, академик З. Молдахметовтың басқаруымен жемісті еңбек етуде.

Академиктің ғылыми еңбектерінің нәтижелерін қорыта айтсақ, ол кісі бастаған ғылыми бағыттардың негізінде үш жаңа ғылыми-зерттеу институттары ашылды (органикалық синтез және көмір химиясы институтынан басқа фитохимия институты (директоры Е. Бөкетовтің шәкірті, академик Серғазы Әдекенов), Жер қойнауын кешенді игеру институты (директоры – Е. Бөкетовтің шәкірті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Б. Касенов).

Ғылым әлемінде ғылыми және ғылыми ұйымдастыру идеялары осындай дәрежеде іске асқан ғалым – өте сирек кездесетін құбылыс. Осы жағынан келгенде, академик Бөкетов аса бақытты тағдыр иесі деуіміз керек. Әсіресе, ғалымның осы 80 жылдық мерейтойы тұсында осыны баса айтқанды жөн көріп отырмын өйткені, шын мәніндегі ұлы ғалымның болжампаздық қасиеті, шығармашылық диапазонының телегей кеңдігі, қойған мақсатына жетудегі қажырлылығы бәрі-бәрі академик Ебіней Бөкетовтің алпамсадай тұлғасынан керемет жарасым тауап тұратын. Айналасын жарықтандырып, сәулеге малып, шуаққа бөктіріп жүретін. Ол кісінің жолын қуған қаншама шәкірттері шабыт қанатында ғажап еңбектер тудырып, қаншама табысқа жетті. Тек өзінің ғана ғылыми мектебінен өріс алған шәкірттерінің ішінен 5 академик, 9 Мемле-

кеттік сыйлықтың лауреаты, 20-дан астам ғылым докторы, профессор өсіп шықты.

Оның шарапаты тек шәкірт дайындауға ғана тиіп қойған жоқ. Ол өзінің ғажайып парасатымен, жан-жақты мәдениет-тілігімен, шығармашылық қуатымен Орталық Қазақстан өңірінің, қала берді, бүкіл Қазақстанның зиялы қауымының қалыптасып, жаңа сапаға ауысуына орасан зор әсер етті деп айтқан орынды деп есептеймін. Оның осы жаңартқыш, жаңғыртқыш қасиеттері 1972 жылы Қарағандыда университет ашылып, ол кісі соған ректор болып тағайындалғаннан кейін тіпті жарқырай көрініп, жаңаша бір өріс алды.

Өмірінің бұл кезеңі (1972-1980 жылдары) академиктің педагогтық, ағартушылық, оқу ісін және ғылымды асқан зор ұйымдастырудағы қабілетінің жарқырай ашылған кезі болды деу керек. Алғаш ректор болып тағайындалған кезінде Ебекең үлкен толқыныс үстінде жүрді. Университет бұрынғы Қарағанды педагогикалық институтының негізінде ашылған еді. Сондықтан да жергілікті кадрлар университеттің өрелі жұмысын өрбітіп әкетеді деу қиын еді.

Сондықтан да, Ебіней Бөкетов университеттің жұмысын тиісті дәрежеде бастау үшін бірнеше шұғыл ұйымдастырушылық шараларды іске асырды. Біріншіден, ол кісі университетте сабақ беріп, ғылыми педагогтік кадрлар тарту мәселесімен түбегейлі түрде айналысып, Мәскеу, Ленинград, Томск мемлекеттік университетінен және өзіміздің Қазақ ұлттық университетінен білікті мамандар легін Қарағандыға шақырып, жұмыс істеулеріне жақсы жағдайлар жасады. Профессорлар: физик Көкетаев, Краус, Кеулс, Б. Минаев, доценттер: Перевертун, Ильина, Құсайынова, тағы басқалардың Қарағанды университетіне келіп, жемісті еңбек ете бастауы соның нәтижесі еді. Ғылымды ұйымдастыру ісінің кәнігі шебері, университеттік ғылымның перспективасын бір кісідей терең түсінген ректор кафедралар жанынан ғылыми-проблемалық зертханалар ұйымдастырып, оларды осы заманғы ғылыми құралдармен жабдықтады. Университетте жұмыс істей бастаған бірегей гелий қондырғысы, өлшеу құралдары-сектропо-

тометрлер, сол кездегі алдыңғы қатарлы электронды есептегіш мәшинелер, тағысын-тағылар сол жұмыстың нәтижесі еді. Қарағанды университеті тек осы заманғы үлгідегі жоғары оқу орны емес, зор мүмкіншіліктері бар ғылыми орталық есебінде де қалыптаса бастады.

Мұның өзі академик Е. Бөкетовтің ректорлық жұмысын университеттік ілім жүйесін әлемдік өреге лайық жүргізуінің, кадрлық саясатты болашаққа бағдарлап іске асыруының нәтижесі еді.

Ректор тек сырттан кадр тартып қоймай, университеттің өз қабырғасында бұрыннан істеп жүрген педагог-оқытушылардың әлеуетін арттыру ісін де қызу қолға алып, олардың кандидаттық, докторлық диссертацияларын қорғап шығуына көмектесті және университеттің жанынан бірнеше мамандық бойынша аспирантура, докторантуралар ашып, көптеген жас кадрларды Алматы, Новосибирь, Мәскеу, Ленинградтағы ғылыми педагогикалық орталықтар арқылы даярлау ісін жолға қойды. Сонымен қоса, университетке сабақ беруге Қарағандыдағы ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдарын да тартты.

Екіншіден, академик Е. Бөкетов әлемдік білім беру жүйесін түбегейлі зерттеп, "Университеттік ілім", "Республикадағы екінші" сияқты мақалалар сериясын жариялады. Бұл еңбектер әлі буыны қатпаған жас мамандар мен жаңа құрылған кафедралардың бағыт-бағдарын анықтап, іске сенімдерін арттыруға зор ықпал етті.

Өзі "Алғашқы сабақ", "Мамандыққа кіріспе" деген сияқты методологиялық лекцияларын бірінші курс студенттері алдында оқуды дәстүрге айналдырды.

1975 жылы Ғылым академиясының академигі болып сайланған университет ректорының ғылыми, адами беделінің шарықтап тұрған шағында бұл лекциялардың тартымдылығында шек болмайтын. Ол лекцияларды қаланың барлық студент жастары, интеллигенция өкілдері тыңдауға құштар болатын. Өйткені, Ебіней Арыстанұлы жастарға түсінікті етіп ғылым тарихынан қызықты оқиғалар, әлемдік ғылыми ашы-

лымдар жайлы көркем тілмен, публицистикалық серпінмен, шеберлікпен айтып, студент жастардың ғажайып қызығушылықтарын оятатын.

Үшіншіден, Е. Бөкетов университет оқытушыларын оқу әдістемелік жұмыстарды істеуге, оқулықтар жазуға жұмылдыратын. Өзі де осы іске құлшына кірісіп, Менделеевтің периодтық заңы бойынша және шәкірттерімен бірге электрохимия бойынша оқулықтар жазып шығып, жариялады.

Төртіншіден, ол кісі Қарағанды университетін Кеңес Одағының ғылыми әлеуеті шоғырланған Мәскеу, Киев, Новосибирск, Томск, Алматы сияқты қалалардағы жоғары оқу орындарымен шығармашылық байланысты жолға қойды.

Әрине, ректор Е. Бөкетов студенттердің оқу жағдайын жақсартуға көп көңіл бөлді. Мәселен, университеттің Гоголь көшесіндегі оқу корпусын жарты-ақ жылда салдыртып бітіп, 1978 жылғы қыркүйекте университеттің салтанатты ашылу рәсімін сол ғимаратта өткізді, Оңтүстік шығыстағы "Университет қалашығын" салдырту, студенттік жатақханалар, студенттік асхана, профилакторий салып, іске қосуға да ерекше көңіл бөлді. Былайша айтқанда, бас-аяғы үш-төрт жылдың ішінде Қарағандының мемлекеттік университеті қай жағынан болмасын толыққанды жұмыс істейтін үлкен һәм күрделі оқу орнына айналды.

Шығармашылық ой – жүйесі кенен, ақыл – парасаты мол, халық тарихын, оның барлық болмысын жан тәнімен ұғатын академик Е. Бөкетов күнделікті күйбеңнен әлдеқайда биік жүретін. Халық үшін, жастар үшін есте қалар ұлағатты істер істеуге бейім болатын. Ондай істерді ол ел аузына ілігу үшін істемейтін, ол оның табиғаты, болмысы болатын.

Міне, осыдан 33 жыл бұрын Ебіней Бөкетов негізін қалаған Қарағанды мемлекеттік университетті қазір қанатын кеңге жайған. Алыс, жақын шетелдегі университеттермен терезесі тең қарым-қатынас жасайтын, жоғары білім берудің қазіргі замандық технологияларын игерген қабырғалы оқу орнына айналды. Қазір университет кафедраларында 80-нен астам ғылым докторлары және 380-дей ғылым кандидаттары

жұмыс істейді. 30-дан астам ғалым докторантурада және 180 адам аспирантурада оқиды.

Университет алғаш ұйымдастырылғанда 4 ғылым докторы болғанда соншама қуанған Ебекең ғалымдардың сапасының өсуінің бүгінгі көрсеткіштерін көрсе, қандай шаттанар еді.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Ебекең үшін қиындығы мен қысымы көп болса да аса жемісті жылдар болды. Ол 1969 жылдың аяғында КСРО Мемлекеттік сыйлығын алды, 1970 жылы Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды, 1971 жылы КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне кірді. 1972 жылы Қарағанды университетінің бірінші ректоры болып тағайындалды, ал 1975 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды.

"Ғылым мен өнер өкпе мен жүрек тәрізді бір-бірімен айрылыспастай байланысты" деп Лев Толстой айтпақшы, әлем тарихында қандай да болмасын ұлы адамдардың өміріне зер салсаңыз, жаңағы айтылған сөздің растығына көз жеткізер едіңіз. Иә, Ебіней Арыстанұлы әдебиет пен өнерді жанындай жақсы көретін жан еді. Өзінің қысқа өмірінде көптеген әдеби шығармалар жазып, әлем классикасынан тамаша аудармалар жасап кетті.

Иә, академик Бөкетов ғылымға қоса әдебиетте де айқын із қалдыра білді деп айтсам, артықтығы жоқ. Өзінің туған інісі, әрі биографы Қамзабай Бөкетовтің есебінше, Ебіней Бөкетовтің 50-ден астам көркем шығармасы (оның ішінде, "Алты хат" атты роман-эссесі, аяқталмай қалған "Сәтбаев" романы бар), 20-дан астам дүниежүзілік классикалық әдебиеттен жасаған аудармасы және көптеген әдеби публицистикалық, әдеби-сын мақалалары, хаттары бар. Соның бәрінің басын қосса, қалың-қалың 5 томнан асып қалады екен.

Зиялы қауым ол кісінің қазақ және орыс тілдерінде шыққан "Атан қомында туған адам", "Шығармашылық қырлары", "Алты хат" кітаптарын жақсы біліп, іздеп жүріп оқыған. Ебекеңнің кейбір шығармалары сол кездегі Мәскеу басылымдарында жарияланып үлгеріп еді. Мәселен, "Атан қомында ту-

ған адам" "Знамя" журналында, ал "Шоқанның қасиетті ісі" деген көлемді көркем очеркі одақтық "Пути в незнаемое" жинағында жарық көріп еді. Ғалымдардың әдеби шығармалары мен ғалымдар жөнінде жазылған көркем дүниелерді жариялап тұратын "Пути в незнаемое" атты өте беделді жинақтың редколлегия мүшесі де болған еді.

Ебекеңнің "Алты хат" романының "Простор" журналына "Жарқын тағдырдың сырлы сәті" деген атпен жарияланған кезі бір естен кетпес өкінішті кез еді. Академиктің жарқырай ашылып, жалындап-лапылдап келе жатқан әдеби таланты іші тар көрсоқырлардың қызғанышын өрттей лаулата бастаған болатын. Ол кісі сырт көзге ішкі толқыныстарын көрсете де бермейтін. Тапжылмай еңбек етіп, "Сәтбаев" романының тарауларын жазудан бір сәтте қол үзбеп еді. Тіпті, сол еңбек рахаты оның көңілін басқаға алаң қыла бермейтін. Дегенмен де, жаралы жаны ауырып, жүрегі сыздаған кездерде өзінің жақын достары мен шәкірттеріне Абай өлеңдерін жатқа дауыстай оқығанды әдет етер еді.

Міне, осылай өзінің жан тірегі, көңіл қуаты Абай өлеңдері арқылы іштегі дертті, жалын мен түтінді, көңілдегі кірбінді, ойдағы сыздауықты сыртқа сыздықтай шығарар еді.

Академик Бөкетовтің әдеби еңбектерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі оның көркем очерктері дер едім. Өйткені, олар Ебекеңнің шығармашылық кредосы мен талант қуатын емен-жарқын ашып берген деу керек. Бұл шығармаларында ол кісі өзіне ерекше жақын қазақтың ғылыми интеллигенциясының тар жол, тайғақ кешуі мен қиын ізденіс-толғаныстары арқылы бүгінгі ғылыми ойдың шыңдарына өрлеу жолдарын баян етеді. Оның көбісі өз ойларымен, өз толғаныстарымен қабысып жатқаны, әрине, табиғи. Ебекең очерктерінің негізгі кейіпкерлері аса көрнекті, жан-жақты дарынды ғалымдар Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан және т.б. Ол кісінің құмарлана жазатын тұрақты кейіпкерлерінің кең алымды дүниетанымы, жан-жақты таланты, көз қарықтырар ізденістері, тұңғыық терең толғаныстары ерекше. Осы көркем очерктерінің ішінде ең кемел жазылғаны, меніңше, Шоқан

жайлы еңбегі. Шоқанның ғалымдығы, суретшілігі жайлы толғағанда Бөкетовтің қаламы су төгілмес жорға. Ол кісі Шоқанның күнделіктерінен үзінді келтіре отырып, оның жазушылық қабілетінің керемет екендігін ең алғашқылардың бірі болып паш етеді. Мәселен, Шоқанның генерал Гасфорттың мақаулау кердең келбетін суреттеуі оның жазушылық дарынының ғажап бір дәлелі. Шоқан суреттерін саралай отырып, олардың сатиралық штрихтарын айнытпай тап басады.

Ебекең жазбаларын оқып отырғанда оның Сәтбаев талантына шексіз табынатынына тәнті боласыз. Сәтбаевтың ұланғайыр эрудициясы, білімдарлығына қайран қалады да отырады. Меніңше, Бөкетовтің Шоқан мен Сәтбаев өміріне көркемдік барлау жасауы бекерден бекер емес. Себебі, оның өзі де айрықша тұлға еді, оның да жан дүниесі алуан түрлі қырларымен жарқырап тұратын.

Академик Бөкетовтің аудармалары бөлек бір әңгіменің арқауы болуға лайық деп ойлаймын. Бұл жерде айта кететін бір жайт, аударма жасаған шығармалары кілең әлемдік немесе орыстың классик ақын-жазушыларының роман, хикаят, поэмалары. Бұл ретте Ебекеңнің шығармашылық ауқымы мен нәзік талғамы кісі таңқаларлық. Болгар классигі И. Вазовтың "Бұғауда" романы, француз классигі Э. Золяның әңгімелері, В. Шекспирдің әйгілі "Макбет", "Юлий Цезарь" пьесалары, В. Маяковскийдің "Қандала" драмасы мен "Керемет!" поэмасы, С. Есениннің "Анна Снегина" поэмасы, "Качаловтың игі" т.б. өлеңдері. Тек қана аттарын атап шыққан шығармалардан көрініп тұрғандай, ол өз халқының оқырмандарын қандай ғажайып көркемдік әлемнің кәусарынан сусындатуға ұмтылған. Бұл ұмтылыс XIX-XX ғасырдағы Абай мен Шоқан, Шәкәрім мен Ахмет, Мағжан мен Міржақып, Мұхтар мен Жүсіпбек, Сәкен мен Ілияс сынды ұлт зиялылары мен ағартушылары бастаған керемет дәстүрдің жалғасы іспетті. Бұл дана бабаларымыздың қазақ ұлтының өресін дүние жүзінің ең өркеніетті елдерінің қатарына қосқысы келген жанқиярлық еңбегінің жалғасы академик Бөкетовтің аудармашылық шығармашылығында көрініс берді десек, артық айтпаған болармыз.

Ұлы зиялылардың ағартушылық дәстүрін жалғастырумен қатар, академик-жазушы өзінің шығармашылық мүмкіндігінің диапазонын да сынап көрген тәрізді. Өйткені, аударған шығармаларының ішінде француз новелласының қайталанбас шебері Э. Золя мен эпикалық тынысты И. Вазов романы немесе В. Шекспирдің "Макбет" трагедиясы болмас еді. Оған қоса, стильдік, көркемдік мәнері екі қиырдағы В. Маяковский мен С. Есенинді алыңыз. Ұрандаған, дауылдаған, айғай мен сүргіні қоса жүретін В. Маяковскийдің өлеңдері мен бұлақ суындай мөлдіреген С. Есенин жырлары... Академик-жазушы Е. Бөкетов өзі аударған шығармаларының сахналауына да қатты көңіл бөлген. Қарағандының С. Сейфуллин атындағы қазақ драма театрында дарынды режиссер Жакып Омаров Ебекең аударған В. Шекспирдің "Макбет" трагедиясы бойынша спектакль қойғанда ол кісінің қандай толқыныс құшағында болып, балаша қуанғаны әлі есімде. Әсіресе, Макбет рөлін ойнаған қазақтың ұлы актері Нұрмұхан Жантөрин сахнада жасындай жарқылдап, оттай жанғанда Ебекең: "Байқайсындар ма, біз қандай таланты халықпыз!" деп, қайта-қайта тамсанып еді. Сол Нұрмұхан Жантөрин "Социалистік Қазақстан" газетінде журналист Сауытбек Абдрахмановқа берген сұхбатында "Макбеттің" Ебіней Бөкетов жасаған аудармасына өте жоғары баға береді. "Басын ашып айтсақ: академик Ебіней Бөкетовтің бұл еңбегі – аударма өнеріміздің тамаша табыстарының бірі. Басынан аяғына дейін нағыз драмалық шешен тілмен төгілте тәржімаланған бұл туынды арқылы Шекспир тағы да ана тілімізде сөйлеп берді. Ақындық арынмен аударылған ойлы да образды орамдар, шешендік пен шеберлікке толы диалогтар, монологтар оқыған адамды актер етерліктей! Ебінейдің аудармасы театр труппасына да, өзіме де көп көмек берді, рөл табиғатын тереңірек түсінуге жағдай жасады" – дейді ол.

Академик-жазушының эпистолярлық мұрасы да аса бай. Көптеген белгілі ғалымдармен, жазушылармен жазысқан хаттары соның куәсі. Ол кісі Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Кәкімбек

Салықов, Жайық Бектұров сынды қазақтың атақты ақын-жазушыларымен тығыз шығармашылық байланыста болды, әрдайым хат алысып тұрды.

Жалпы айтқанда, академик Е. Бөкетов әдебиет әлемінде де өзіндік өшпес із қалдырды. Өзі осы әдеби шығармашылығына бір толқынды сезіммен қараушы еді. Оқырманның жылы пікіріне балаша елендеп, мән беріп, ол сезімдерін жылы юморға орап, содан өзі рахат алып отыратын.

1977 жылдың орта шенінде денсаулығы сыр беріп, жүрегінің ритмі бұзылып, Қарағандыдағы кардиология клиникасына келіп жатып емделді. Бір күні палатасына келсем, клиниканың дәрігерлеріне өзінің жаңа шыққан "Грани творчества" деген кітабын қолтаңба жазып таратып отыр екен. Содан, дәрігердің біреуі "Ебеке, кітабыңызды өзіңізден алғанымыз жақсы болды, әйтпесе, дүкенде жоқ, өтіп кетіпті" – деп еді, сонда ол кісі жұлып алғандай: "Гоголь өзінің ең алғашқы шыққан "Ганс Кюхельгартен" деген поэмасын дүкендерде өтпей тұрғанын көріп, барлық тиражын өзі сатып алып өртеп жіберіпті. Бірақ, мен Гогольден басқашалау жол таптым. Өз кітабымды өзім сатып алып, елге таратып, рахаттанып жүрген қазақпын!" – деп өзіне ғана жарасар әдетпен басын шалқайта қарқ-қарқ күліп жауап қайтарған болатын. Әрине, ол осылай дей отыра, еліне, оқырманына еркелеп отырғандай көрініп еді маған.

...Халық ұзақ толғатып, сирек туатын жан еді ғой қадірменді Ебекең – академик Ебіней Бөкетов!

"Егемен Қазақстан"
20.03.2005 жыл

Адал достық

Қалмұқан Исабаев,
жазушы

Орыс халқында "Құлар жерімді білген болсам, алдын ала апарып сабан төсеп қояр едім" деген мәтел бар. Сол сияқты Евнейдің арамыздан осыншама ерте кететінін білгенде оны-

мен жолыққан айлар мен күндерді, тіпті, сағатына дейін тіркеп жүрмес пе едік. Құдай тағала болашақтың машинасын ойлап, жасай білетін адамнан өзінің де, өзгенің ақыр күнін болжау құзырын аяпты-ау. Сондықтан да мен әрі досым, әрі құрда-сым жөніндегі естелігімде онымен кездесу, қоштасу уақыттарын дөп басып айта алмасам бұған оқырман жұртшылық, әрине, кешірімшіл болар деп үміттенемін.

1955 жылдың басында әскерден босап келгеннен кейін белгілі жазушы Рахметолла Райымқұловпен бірігіп "Ашынған жандар" атты пьеса жаздык. Астананың мәдени қауымының арасында әжептәуір сөз болды. Бір күндері ұмытпасам, 1956 жыл болу керек, Мәдениет министрлігі оны Евней Бөкетов дегенге орысшаға аударуға бергенін естідік.

Рахаң оны біледі екен: "Тау-кен институтының мұғалімі, техника ғылымының кандидаты", – деді.

– Әдебиетке қанша қатысы бар?

– Сол жігіттің әдеби пікірлер айтқан мақалаларын газеттерден оқығаным бар, орынды ойлары көкейге қонымды. Осы алысқа шабатын жігіт, – деді Рахаң.

Рахметолланың Евней жөніндегі бұл пікірін менен басқа ешкім де білмей өтті. Оны Бөкетовтің ғылымда алған асқарларын естіген сайын өзім ғана есіме алып жүрдім.

Бір күні онымен жолығудың да сәті түсті-ау. Бойы өзімнен қол созым биік, иықты, апайтөс, қақпақ жауырынды, балуан тұлғалы, күлімсіреп жүретін жылы жүзді жігіт екен. Таныстық. Пьеса жөнінде пікірін, қазақ ұғымына тән құрылған кейбір сөйлемдерді қалай орыс ұғымына жақындатып аударғанын айтып жатыр. Айтқандарының бәрі миға қонады...

Содан кейін өзім Ертіс-Қарағанды канал құрылысымен айналысып кеттім де астанадағы жолдас-жораларыммен араласуды сиретіп алдым. Соның бірі – Евней еді. Каналға Павлодар арқылы барамын да Қарағанды арқылы қайтамын. Бір күні көміршілер қаласында Евнеймен кездесе қалайын. Бұл уақытта ол ғылым докторы және "Атан қомында туған адам" атты кітабының "Звезда" журналында жарияланған кезі еді. Өзім де төрт-бес кітаптың қарасын көріп, республиканың

өндірістері мен жерін суландыру мәселелері жөнінде очерк, мақалалар жариялап жүретінмін.

Техника ғылымының докторы Ыбырайым Онаев оны Ульянов ауданындағы Жаңақала елді мекенінде тұратын туыстарына барып қайтуға шақырған екен. Евней осы сапарға менің де қосылуымды сұрады. Көне кеттім. Нысаналы жерге жетіп, бір шайдың басын қайтарғанша қас қарайып қалып, Ыбекен ауыл ақсақалдарына сәлем беремін деп кетті де Евней екеуіміз қырға қарай бет алдық.

– Ей, Қалеке, – дейді Евней кенеттен маған. – Осы мен сені түсінетін сияқтымын.

Мен, әрине, сыры ашылмаған пікірге аңтарылып қаламын ғой.

– Канал құрылысымен айналысып жүргенің дұрыс. Өзі адам баласы бір ғаламатты көргенде соның дүниеге қалай келгенін де білгісі келіп тұрады ғой. Анау Алматы, мынау Қарағанды... Қандай ғаламат қалалар. Ал олардың алғашқы қазығынан бастап, бүгінгі көріктеріне қалай жеткенін ерінбей жүріп тіркеген жан бар ма? Жоқ. Адамның өз көзімен көріп жазғанына не жетсін. Канал мәселесінде осындай жолға сен ғана түсіп жүрсін. Содан кейін, сен өте қу адамсың.

Мәссаған. Тағы да аңтарыламын ғой...

– Біздің республиканың болашағы үшін судың атқарар ролін айтып болмайды. Қаныштың отызыншы жылдардың басында айтқан: "Қазақстан үшін су – қолға алған ісіңнің бәрінің басы болмақ" деген сөзі бар. Бұл, яғни, республика экономикасын көтеруде, халық сұранымын өтеуде, әуелі су мәселесін шешіп алып, басқа жағымен сонан соң айналыс деген сөзі ғой. Міне, осы жерде сен тақырыбыңды тапқаның. Бұл мәңгі тақырып қой. Ана жылы "сені болашақ канал бойымен жаяу жүріп өтті" дегенде мен қатты қуандым және саған риза болдым. Жазушылар ішінде бүгінге дейін мұндай қадамға барғаны жоқ.

– Сонда менің қулығым неде болды? – деймін мен.

– Иә, сол бар екен-ау, – деп Евней жымиып күліп алды. – Сенің қулығың мынада: – Ертіс-Қарағанды каналын салу

Қаныш Имантайұлының идеясы, оны Ертістің қай тұсынан қалай тартуға болатын нұсқаларын жасаған Шапық Шөкұлы. Екеуі де Баянаула перзенттері. Осынау ғаламат су жолы тарихын жазбақ боп жүрген өзің де баянаулалық емеспісің? Сенің қулығың осында – ағаларың еңбегімен дүниеге келетін ғасыр құрылысына басқаны жолатпай, өзіңнің ғана иемденіп алғаныңда. Содан кейін бұл Баянауланың каналы болады да шығады... Әй, қу-ай! – Осыны айтып Евней қарқылдап күлді де бірдеңе деуге ұмтыла бергенімде мені тоқтатып:

– Қой енді! – деді.– Сенің қу адам екенің дәлелденді. Одан да төңірегіңе құлақ салшы.

Түн. Үп деген жел жоқ. Аспандағы жұлдыз атаулы жерге көз тіккендей жамыраса қалыпты. Анандайда ауыл оты көрінеді. Тамыздың тамылжыған сол бір түнінде сол ауылдан жалғыз қыз баланың ән айтқан даусы естіледі. Әй, 10-12 жастан аспағансың-ау дейтіндей, нәзік те айқын бала даусы.

Көңілімде бар түйгенім,
Сенсің сәулем сүйгенім,
Көптен күткен жарым менің,
Қаракөз сүйгенім...

Әрине, өлең сөздерінің жоғарыда көрсетілген жастағы балаға лайықсыз екені өз алдына. Мәселе мұнда емес. Мәселе оның әуеніне осынау дүниенің тырс етпей құлақ салғандай мүлгіген тыныштығында, ап-айқын болып алысқа жетуінде. Егер сол дауыс болмағанда мына тылсым дүние мүлде толық болмағандай еді... Біз бірімізге-біріміз қайтып ләм-мим дегеніміз жоқ. Мына тылсым түн мен сол жалғыз дауыста бейне бір сиқырдың күші бардай елітіп тұра бердік...

Әлден соң мен тыныштықты бұзып, өлең сөзінің балдыр бала жасына лайықсыз екенін тіліме тиек етіп.

– Бізде педагогика нашар жолға қойылған-ау, осы,– дедім. Ойымды түсіне қойған Евней:

– Олай емес,– деді.– Әннің әр сөзінің жүрекке жеткізе айтылуына қарағанда әнші сен ойлағандай бала емес. Ана сөздердің мәніне түсінетіндей жасқа келіп қалған жан.

Мен бұл жерде сөз таластыруды артық көріп, үнсіз қалдым. Әлден соң ән аяқталғанда екеуіміз меңіреу дүние қоршауына тап болғандай елегізіп қалдық. Түн сол қалпы. Ал бізге әлгі ән, тіпті, ол әнді вальс ырғағымен салған әлгі дауыс қана жетпегендей болды...

Евней Қарағандыға алғаш тап болған кезде Алматыдағы дос-жарандарынан қол үзіп қалып қатты өгейсіп жүрді. Содан болу керек бір жолыққанымда маған, каналға келген жолдарымда өзіне жолықпай кетпеуімді сұрады.

– Өзің осылай қарай сұранып келдің бе, қалай?

– Сәтбаев жіберді, – деді ол. – Мен саған бір сыр айтайын, ешкімге аузыңнан шығарма. Ол кісі маған осында Өндірістік химия-металлургия институтын құруды тапсырып, "Соның негізінде Ғылым академиясының филиалын құру ойым бар. Оны болашақта өзің басқаратын боласың", деді. Әйтпегенде Алматыдан кете қою ойым жоқ еді. Сөйтіп, мен қазір аталған институтты құрып жатырмын.

– Қазақ топырағында ғылымның ерекше бағытындағы институт екен, кадр мәселесі қалай шешілетін түрі бар?

– Талантты жастар баршылық. Менің міндетім – соларды ортақ мүддеге жұмылдырып, ғылыми жұмыстарына бағыт сілтеу.

Академик Қаныш Сәтбаев қайтыс болғаннан кейін мен Евней мінезінен ерекше жігер көргендей болдым. Оның осы уақыттағы бар іс-қимылы маған "Бәрі-бір ол кісінің айтқандарын іске асырмай қоймаймын!" – деген сертін танытқандай болды.

Бұл уақытта Евнейдің "Атан қомында туған адам" еңбегі жарық көрген. Ол – медицина ғылымының докторы, академик Ишанбай Қарақұлов жөнінде жазылған өмірбаяндық повесть. Ендігі ойы – Сәтбаев жөнінде кітап жазу. Баянаулаға барып, академиктің туған топырағына аунап, ағайын-туыстарымен әңгімелесіп қайтқан екен. Келесі кездесуімізде зор денесін жеңіл көтеріп алып, құшақ жайып қарсы алды да столының тартпасынан жол дәптерін шығарып парақтай бастады.

– Ей, сен Сәтбаев әулетіне жиен екенсің ғой? Елдегілер айтып отыр.

– Иә, сондай ілік-шатысымыз бар,– деймін мен.

– Сонда Сәтекең қызынан сен тудың ба, шешең туды ма? Сондай бірденені түртіп алыппын.

– Иә, Сәтбайдың Гүлмахни деген қызынан менің шешем туған.

– Қанекең жөнінде кітап жазбақ ойым барын естіген шығарсың?

– Бұдан бұрын бір кездескенде айтқансың. Медеу Сәрсекеев те осы тақырыпқа білек сыбанып жүр.

– Әне, Алексей Брагинде де сондай ой болса керек.

– Иван Щеголихинмен сөйлескенім бар. Сәтбаев тақырыбына ол да қызығады.

– Қаныш дегеннің өмірі де, ғылымы да, кісілігі де тұңғыық қазына ғой. Ол тақырып ретінде жазамын дегендердің бәріне жетеді.

– Ал менің өз басым Медеу екеуіңнің жазғандарынды ұнатамын. Екеуінде де техникалық білім бар және жақсы әдебиетшісіңдер. Сәтбаевты жан-жақты түсінесіңдер.

– Әзірге өз басым "жақсы әдебиетшімін" дей алмаймын. Алайда, ынтам барын да жасырмаймын.

Ал менің өз басым "техникалық ғылым салаларын мықтап ұстағандарды, тіпті, сол бағытта талай жетістікке жетсе де егер олар, халқының фольклорын, әдебиеті мен мәдениетін, тарихын білмесе, бәрібір сауатсыз адам ретінде қалады" деп ойлайтынмын. Осы ойым жөнінде бірер ғалымдармен сөзге де келіп қалғанымды айттым.

– Ей, осы ойыңда жан бар. Европа мен орыстың талай техника жүйесі ғалымынан том-том ғажап естеліктер калған ғой. Оқып отырсаң, кәдімгі әдебиетші деп қаласың... Ойын қағазға бейнелеп түсіре алмаған ғалым – ғалым болып па. Сәтбаевтың өзі сол қатарға жатушы еді ғой. Сонау 1927 жылы Едіге жырын жинап, алғысөз жазып, Мәскеуден кітап қылып шығаруы ғажап оқиға ғой. Мұхтар Әуезовтің "Абай" романын әркім әр саққа жүгіртіп жатқанда Сәтбаевтың оны "Ре-

волюциядан бұрынғы қазақ өмірінің энциклопедиясы" деп бағалауы... Бүгінде ол эпопеяны дүниежүзі солай бағалап отыр ғой.

– Өзің де сол бағыттағы ғалымсың,– дедім мен.

– Әлкей Марғұланның әдебиетші екенінің басы ашық. Ишанбай Қаракұлов та сондай ғой. Өзің Шапық Шөкинмен сөйлесіп көрдің бе?

– Жерді суландыру мен канал мәселесінде сөйлескенбіз.

– Оho, ол кісіні әдебиет пен тарих жөніндегі әңгімелерге тартсаң ғой,– деген Евней басқа тақырыпқа көшті.– Сәтбаев әулетінің жиені ретінде менің зерттеу жұмысыма өзің не қоса аласың?

– Ештеңе де қоса алмаймын. Нағашы әжемнің сол тұқымнан екенін ғана білемін. Басқа Сәтбаевтарды мүлде танымаймын да. Қанекеннің алдында 1959 жылы канал мәселесімен бар жоғы 15 минут қана болғаным бар. Алайда сенің еңбегіңе қосатын басқа үлесім бар.

– Ал тыңдадық?

– Қаныш Сәтбаев қу тақырға шыққан жалғыз геолог емес.

– Мынауың қызық екен.

– Баянауладан өткен ғасырдың басында Бұқарбай Тәшімов, аяғында Қосым Пішенбаев, Қарқаралыдан Айса, Мұхамет Иткариндер деген халық айтатындай "тас тілін білгіштер" шыққан. Олардың тапқан кен көздері жөніндегі "заявқалары" өзіміздің Орталық архивте толып жатыр.

Евней кенеттен желкесін қасып отырып:

– Архивке шаншылып отыруға уақыт жоқ,– деген сөзі өзіне-өзі айтқандай күңк етті.

– Сен архивке бармай-ақ қой. Уақытыңның жоғын білемін. Мен аталған Халық геологтарының өмірбаяны мен тапқан кен көздерінің уақытын көрсетіп тұрып тізімдеп берейін. Сенің Сәтбаев жөнінде жазатын кітабыңа менің қосатын үлесім осы болсын.

– Ой, рахмет. Міне, құрдас дегендер осындай болу керек. Мен айтқанымды кезінде орындадым.

Евней аталмыш институтын құрып, төңірегіне жас ғалым-

дар мен әдебиет таланттарын топтастыра білді. Жалпы оның Қарағандыда беделінің көтерілгені сонша, егер бірде-бір зиялы жан той-томалағында төрге Евнейді отырғызып қоймай өткізсе, ол толық болмайтындай көрінер еді. Сол беделге лайықты ол ғылымда да, әдебиетте де тиісті дәрежеде көріне білді. Ғылым докторы, профессор, тіпті, Кен-металлургия техникалық процестерін интенсификациялау жөніндегі еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, 1970 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, соңынан толық мүшесі (академик) болды. Қазақстанда екінші – Қарағанды мемлекеттік университеті ашылғанда оның ректорлығына Евнейден лайықты адам жоқ еді. Бұл өз кезегінде Евней беделін жұрт алдында бұрынғыдан да асқақтата түсті. Оның шарапатының өзіме де тигені бар.

1973 жылдың күзінде Қарағандыда әкемнің Сланбек деген інісі қайтыс болды. Ол кісі өмір бойы Петропавл қаласында тұрып, көшіп келгеніне екі жылдың ғана әулеті болған. Қалада ешкімді де танымаған, жанмен араласпаған.

Мұндайда "шығарып салу" жабдығын қолына алады деген ұжымы сонау солтүстікте қалды. Бала дегеннен жалғыз қызы бар. Өзім құрылысына араласып жүрген Ертіс-Қарағанды каналы құрылысының бас басқармасы Молодежныйда. Шынымды айтайын, жаман састым. Шақшадай басым шарадай болып, неден бастап, не істерімді білмей отырғанымда үйге кенеттен үш-төрт жігіт кіріп келсін. Университеттен екен. Содан кейін облыстық газет редакциясының журналистері де сау ете қалды... Бұл адамдар марқұмды шығарып салуға керек-жарақты қамдауға тарасып кеткеннен кейін, түс ауа көңіл айтуға Евней де келді. Содан кейін ағамның үйі абыр-сабыр болды да қалды. Мүлде танымайтын біреулер кіріп, көңіл айтып, ұжымдарын атап, көмектерін ұсынып жатты. Артынан білсем, алғашқы екі ұжым адамдарын ағамның үйіне қарай бағыттап жіберген Евней екен. Соңғылар "Евней Бөкетовтің досының ағасы қайтыс болыпты" деп көмекті өздіктерінен ұйымдастырушылар екен.

Машина дегендеріңіз аулаға сыймай кетті.

Ағамды осылай арулап шығарып сала алған едім. Ол кісінің жетісі, қырқы, жылына да қарағандылықтар мол жиналды.

Солардың көмегімен қаралы дастарқандар да кең болды. Өйткені аталған күндерге менің Алматыдан келгенімді ести сала Евнейдің өзі де жетіп келді. Ал Қарағанды халқы қаймағының Евней жүрген жерден табылуға тырысатындарын жоғарыда айттым.

Республика Жоғары оқу министрлігінің бағыттауымен Евнейдің қол астында математика ғылымының кандидаты Сматов Тасболат деген немере інім істеді. Павлодардан көшіп келгеніне көп болмаған. Ағайдың қырқына барған жолымда сол қаланың Оңтүстік-Шығыс ауданынан үй тиіп тұрғанын, одан университетке алыс екенін айтып, үйді жақын жерден беруі жөнінде Евнеймен сөйлесуімді сұрады. Ағайдың қырқына Евней де келді. Інімнің өтінішін құлаққағыс қылуға оңтайлы уақытты аңдып отыр едім, астан кейін өзі маған "Мені шығарып салмаушы ма едің", – деп шақырып алды да:

– Көкейінде бір сөз барын байқаймын, – деді. – Нұркен Әбдіров көшесінде үй салып жатыр. Содан университетке бірнеше пәтер тиеді. Соның біріне інің ие болады.

Мұндайда жалғыз алғыстың аздық ететіні белгілі. Өзі біліп тұрғанға басқадай тағы да не деуге болады. Үнсіз қалдым...

Жазда каналдан қайтып бара жатып тағы соқтым.

– Ей, көрім келдің ғой. Інің үй алды. Жұр, көрсетейін, – деп жинала бастады.

Қара "Волгасына" мініп жүріп бердік. Бізді балконнан көрген інім де сыртқа атып шағып қарсы алды. Мәре-сәре болып жатырмыз. Інім төрт бөлмеден тұратын кең пәтерге "ие болған" екен.

Евней адамның іш пікірін біліп тұруға, адамға алғашқылардың бірі болып көмек қолын созуға дайын тұратын осындай елгезек жан еді ғой.

Осы жерде мынадай оқиғаны айту да артық болмас. Бір жазда әйеліміз екеуіміз Баянауылда бір жұмадай уақыт өткіздік. Балдызымның үйіне кіреміз, содан шығамыз, қай-

тып соған барамыз. Бізді басқа ешкім де мазаламай жүрген күндеріміздің бірінде көшеде келе жатқан біздің алдымызға ту сыртымыздан қуып жеткен қара "Волга" көлденеңдеп тұра қалсын да, ішінен таудай болып Евней шығып, бізді ауқымды құшағына алсын... Қаныш Сәтбаев жөнінде материал жинау үшін "Жасыбай" демалыс үйінен орын алып жатыр екен.

– Қонаққа шақырушылар көбейіп кетті. Бәрінен бас тартып жүрмін. Сенің жолыққаның мұндай көрім болар ма? Ел ақсақалдарын білесің ғой. Қайсысымен қашан жолығатынымыз жөнінде ақылдасайықшы.

– Бұл көшеде жүретін әңгіме емес қой,– дедім.

– Сен қайда жетектесең де барамын,– деді ол.

Балдызым үйіне алып келіп, қонақ қылып, жоспар жасадық...

Келесі күннен бастап маған жергілікті төрт-бес азамат әр уақытта сәлемдесуге келіп жатты. Күні кеше ғана көшеде кездескенде салқын ғана амандасып, жанымнан бөгелместен өтіп жатқан азаматтар, енді, міне, қонаққа шақырғыш болып кетіпті. Бәрі де "Ебекеңді ала келсеңіз" деп қиылады.

– Ей, өзің барып шақырмайсың ба? – деймін.

– Келмейді.

"Е-е,– деп ойладым мен.– Евнейді мазалап жүрген сендер екенсіңдер ғой. Екеуміздің кеше көшеде кездескеніміз сөз боп кеткен-ау, тегі". Мен де қонақтап жүруге жоқтығымды айттым. Артынан зерттей келсем, "шақырушылардың" бәрінің де балалары эне-міне орта білімді тауысқандары жөнінде аттестат алайын деп тұр екен.

Сөйтіп, Ебекеңнің арқасында туған ауылымда өзімнің мерейімнің де үстем болып қалғаны бар. Десем де келесі жылы осы бағытта оған өзімнің де ісім түскені еді.

– Қай факультетке? – деді.

– Филологияға.

– Сен кешір мені,– деді Евней.– Мен қазақ жастарынан техникалық мамандар даярлап шығаруды өзіме міндет санаймын. Математика, химия, физика факультеттерінің біріне қазір апарып отырғызуға бармын. Ал біздің жастар ылғи филологияны жағалайды да жүреді. Оған өз күшімен түссін.

Мен қайтып аузымды ашып сөз айтқам жоқ және көңіліме де алмадым.

Десек те көп ұзамай екеуіміздің арамызда бір кикілжің пайда бола қалып (мұндайлар әдетте тамыр-таныс, ағайын, дос-жарандар арасында болады), құрылысқа жасаған сапарларымда оған соқпай қайтып жүрдім. Сол күндердің бірінде үйдегі телефон шылдыр ете қалды. Трубканы көтеріп аламын ғой әрине. Ар жақтан Евнейдің таныс даусы естілді.

– Сен Қарағандыға келгеніңде соқпай жүрсің, мен Алматыға келген жолымда өзіңе үлгі көрсетейін деп телефон соғып тұрмын.

– Ал тындадық.

– Сен маған әлі қикайып жүрсің бе?

Мен сасқанымнан не дерімді білмей үнсіз қалып едім, оның даусы тағы шықты.

– Жанымда сенің жиенің тұр. Екеуіміз қазір саған барамыз.

"Жиенің" деп кімді айтып тұрғанын біле қойдым, әйгілі сәулетші Шота Уәлиханов қой. Әрине, мен "келіндер" дедім.

Уақыт түске жақындап қалған. Евней сияқты жұрт шақырып келтіре алмайтын қонақты қарсы алу қамына кірісің кеттік.

Келді екеуі, ұзынды-қысқалы болып. Отырдық. Өзіл-сықақта қисап болған жоқ... Қонақтарым кеткеннен кейін өзім "қикайғаным" қатты өкіндім. "Зор тұлғасына кең көңілі сай Евней сияқты адамдарға пендешілік өкпе жүрмейді екен" деген қорытындыға келдім мен сол жолы. Содан былай біреу қайта жарасып кеттік.

1975 жылы Ертіс-Қарағанды каналының құрылысы аяқталып, үздік механизаторларға үкімет наградасын беру жөніндегі указдан мен өзімді тауып, соның белгісін алуға Қарағандыға барғанымда Евней мен інім Тасболат мені аэропорттан қарсы алды. Ал күзде елуге келуіме байланысты астанада дастарқан жайғанымда Қарағандыдан бір топ университет мұғалімдерін бастап келген Евней төрімде отырды...

Жетпісінші жылдардың екінші жартысында Евней "Про-

стор" журналына Қаныш Сәтбаев жөнінде естелігін жариялады. Дос-жарандары бұл естеліктің ұлы ғалым жөніндегі болашақ еңбектің алғашқы сүресі екенін түсінді. Сәтбаев есімін ұнатпайтындар үшін ол авторын қудалаудың себебі болды. Тегі Бөкетовтің көзін жойсаң, тарихтан Сәтбаев та сызылып тасталар деген болу керек. Содан былай ол отырса - опак, тұрса – сопақ күй кешті. Оған қарсы жастар газетінде жарияланған мақаланы да көрдік, айтылған сөздерде қисап жоқ.

Евней Бөкетовтің ірі әдебиетші болғанын айттық. Мұның алдын ол әдеби шығармаларға пікір айтудан, С. Есениннің "Анна Снегина" дастанын, В. Маяковскийдің "Қандала", "Керемет" шығармаларын, Э. Золяның әңгімелерін, И. Вазовтың "Бұғауда" романын қазақша сөйлетуден бастап, өзі қазақ ғалымы жөнінде "Атан қомында туған адам" атты повесть жазуға жетті, Шекспирдің "Макбет" драмасын аударып, Қарағандыдағы Сейфуллин атындағы театрға қойғызды. Жалпы Евней қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға аударуға бесаппап жан болатын.

1962 жылы С.Есениннің "Анна Снегина" атты дастанын қазақшалап, 22 желтоқсанда "Советтік Қарағанды" газетіне жариялаған екен. Соның бір данасын 1964 жылдың 20 қазанында басына "Құрметті Қалмұханға" деп жазып, маған ұсынды. Оқып шықтым да:

– Туған өлкеде болмағаныңа көп болды ма? – дедім.

– Оны неге сұрадың?

– Дастанда: "Сүйсіндірер даламыз,

Көз жіберіп қарасаң,

Жайқалған орман, суға бай,

Жайылымға мол, егінге.

Егіндік бойын қуалай,

Тізілтіп терек егілген.

Шатырымыз қаңылтыр,

Әр үйде қырман бау-бағы.

Даңдайсу жоқ бірде-бір,

Бакытқа осы бойдағы..."

деген жолдар тура өз өлкең – Солтүстік Қазақстан көрінісі ғой.

– Оның рас-ей. "Аннаны..." аудару да содан басталды.

Қудалау зардабы оның жүрегіне қатты ақау түсірді. Ол бірнеше инфарктан өтті. Сонда да ғылым мен әдебиетті дамыту істерінен бір сәт те қол үзбеді.

1983 жылдың қазан айының бір күні үйге телефон соқты:

– Сені Мәскеуге жүрейін деп жатыр деді ме?

– Ол рас. Қайдан білдің?

– Інің жанымда ғой. Менің тапсырмам бар. Келіп-кете аламысың?

Ертеңінде-ақ Қарағандыға ұшайын. Ол ауыр сырқат жағдайында да Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми жолына үңіле түсу әдетін қоймай жүр екен. Соған байланысты мол картотека жасапты. Соның оншақтысын ұсынды.

Осыларда көрсетілген мақалаларды көшіріп әкеле алар ма едің?

– Әкелемін, – дедім мен.

Иә, олар жиырмасыншы жылдардың бірінші жартысында Том, жалпы Сібір қалалары газеттерінде жарияланған студенттер өміріне арналған мақалалар екен. Бәрін де таптым. Көлемі азын қолдан көшірдім, көлемділерін фотоға түсіртіп алдым. Үйге келе тапсырмасының толық орындалғанын айттым. Қуанып қалды.

– Жолың бір түскенде жеткізіп тастарсың.

Сол сәтімде маған Евней үнін соңғы рет естіп тұрмын-ау деген ой келмеген. Жә, жол да түсе қоймады. Сол жылдың желтоқсанында иек артпада қайран досымның, бүкіл қазаққа мақтан боларлықтай әмбебеп таланттың бұл жалғаннан өткені жөнінде хабар алып, дереу жолға жиналдым...

Оның соңғы тапсырмасы орындалған қалпында өзімде сақтаулы.

"Орталық Қазақстан"

13.15.10.2005 жылы

Асыл аға бейнесі

Қамзабай Бөкетов,

Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Біздің үлкен әулетімізде 14 бала дүниеге келгенімен, ержетіп көзі тірісі – бесеу ғана. О дүниелік болғандардың бәрі де бізден бұрынғылар. Ең көп жасағаны тіпті тоғыз-ақ жыл өмір сүрген бір ағамыз болыпты. Барлығы да титтей кездерінде кеткен.

Сүйікті әжем, ата-анам, ауылдастарым жайлы естелік қазірге шейін көкейімде өшпестей із қалдырыпты. Алайда мен оқырмандарға ең үлкен екі ағам жайлы әңгімелегім келіп отыр.

Біздің үйдің тұңғышы өмірге келгенде ата-анам оған Зейнелгабиден деген есім беріп, ой жүгірткенде, міндетті түрде көңіліме Зейкен бейнесі оралады. Оның себебі де бар. Өйткені екеуі де кейінгі төртеуімізден табиғи дарынымен, өзгеше қабілет-қарымымен дараланып тұратын.

Зейкен бес жасында домбырада ойнауды үйреніп, жетіге келгенде Құранды еркін оқитын дәрежеде болған. Өзі музыка жазуға талаптанып, түрлі әнді, әсіресе халық әндерін нәшіне келтіре орындайды екен. Баласының өнеріне назары түскен он саусағынан өнері тамған әкеміз – Зейкеннің бойына шақтап сүйкімді домбыра жасап беруі сол екен, ол онан бетер өнерпаздығымен елді тамсандырады. Ауылдағы той, шілдеханалар кішкентай Арыстанұлы Зейкенсіз өтпейді. Қызбозбалалар қаумалай қолпаштап, жас өнерпазды тойдан тойға алып жүгіріпті. Бірақ ол үш күн ғана науқастанып, тоғызға қараған жасында қайтыс болады. Жасы ұлғайып барып дүниеден өткен әкеміз үнемі оған "көз тиді" деп отыратын еді. Аузынан еш тастамайтын. Қайсыбірімізді шақырарда алдымен "Зейкен" деп әуендете дауыстап, сосын барып қажет немерелерінің атын атайтын.

Туған-туысқандарымыздың, ауылдастарымыздың көкейінде де ол керемет дарын иесі ретінде сақталды. Зейкеннің қыршын кетуінен кейін ел ішінде ол жайлы түрлі әндер

шыға бастады. Кейбіреуін Маутай ағамыздың, тағы басқа жерлестеріміздің орындауында талай рет естідім. Сонда көзіне жас алмайтын бірде-бір тыңдаушы болмайтын еді. Бәрі мұнайысып қалатын.

Зейкеннің музыкаға, өнерге жастайынан ынтық болуына қоршаған ортасы – бірден-бір ықпал етті. Әкеміз бен Маутай аға қартайған шағына шейін домбырада, сыбызғыда шебер ойнап, той-томалақта алдына жан салмайтын. Үнемі көпшілік сый-сыяпатына оранатын. Күмістей сыңғырлаған жұмсақ үн жанымызды баурап, құлақ құрышын қандыратыны қазірге шейін жадымызда.

Бүгінде сағымдай баураған ол күндерлі еске алатын жан-дар аз. Бәрі ұмытылайын деді. Әсіресе Зейкенді көрген аға ұрпақтың қатары Ұлы Отан соғысында майдан даласынан оралмай күрт сиреді.

Зейкен қайтыс болардан бірер ай бұрын өмірге келген екінші ұлды ата-анамыз тұңғыштарының есіміне ұқсас етіп Ебінгабиден атапты. Халқымызда ұқсастырып ат қою дәстүрі күні бүгінге шейін бар ғой.

Екі есім де арабтардан алынған. Ебінгабиденді еркелетіп кейін Ебіней деп кеткен. Әжесінің баласы атанған, оның үстіне мен туғанға шейін сол кезеңде әкемің, екі інісінің шаңырағындағы жалғыз ұл болғандықтан Ебіней өзгеше қамқорлықта өсті. Әйтсе де еркетотай атанбаған және өзінің тентектігінен маңайындағылардың зиян шекпеуіне сондай ықтият болған көрінеді. Кішкентайынан ердің үстінде, үлкен адамдардың алдында отырып атпен қыдырғанды жаратыпты. Әкеміз басқа да туысқандарымыз Ебінейдің ертемен төсектен тұрысымен көзін уқалап ашып, жан-жағына қарап Маутай ағасын іздейтінін, ол үйде болмаса жүгіріп далаға шығып атын іздейтінін естеріне алады. Аты көзге түспесе, жүгіріп көрші үйдегі ағасының ауласын қарайды екен. Байлаулы Қарагерді көрген соң ғана көңілі көншіп, атқа мінуге әзірлене бастайтын көрінеді. Үнемі ағаларының сәйгүліктерін қарауылдап жүретін болған.

Ыбырай ағаның Қарагері тәкаппар, иесінен басқа ешкімді

маңайына жуытпайтын, мінезді сәйгүлік қатарынан-тын. Бір күні кеште масадан қорғанған Қарагер киіз үйге жақындап, жанып жатқан оттың ық жағына тұрады. Мұны көрген үш жасар Ебіней аттың алдыңғы аяқтарының астына келіп тұрып, ат аяғынан кезек-кезек құшақтайды. Мұны көрген әжесінің есі кетіп қалшыып тұрып қалады. Онан Ебіней Қарагердің артқы аяқтарының арасына барып тұрады. Бірақ ат жайлап қозғалып жүріп кетеді. "Кетіп қалды!" деп жылаған Ебіней Қарагердің артқы аяғына, құйрығына жабысады.

Бұл оқиғаны тоқсанға келіп қайтыс болған әжем кейінге шейін айтып жүрді. Ал Қарагер тәкаппарлығынан еш таймаса да, бәріміздің сүйікті сәйгүлігімізге айналған-ды.

Ебіней кішкентайынан ширақ еді, өз замандастары арасында түрлі ойын ұйымдастырып, әп-сәтте қыздырып жүре беретін. Көзі тірі қатарластары, достары Уәйс, Қабен, т.б. кісілер маған жолыға қалса, Ебінейдің ептілігін, ашық-жарқын мінезін әсерлене әңгіме етеді.

Бірде ел ішіне Әйкен атты тәуіп келеді. Ауылдың шетіне ең әдемі деген киіз үй тігіліп, оған науқас, тәуіп, көмекшісі келеді де, ем-домын бастайды. Оған өзім де куәмін. Тәуіптің тұрпайылау дауыспен салған әуені, науқасқа "мініп алған жын шайтандарды" қууға тырысқан қимыл әрекеті ұзаққа созылатын. Менің есімде мына бір жолдары жатталып қалыпты.

"...Кереге бойлы кер жылан,
Керілмей жылжып кел маған.
Босаға бойлы боз жылан,
Бұзылмай жылжып кел маған..."

Тәуіптің айтуынша, науқастың бойына жын-шайтан түрлі-түсті жылан бейнесінде кірген. Оны өзіне шақырып, шығарып алса, отқа қыздырылған балтамен шауып өлтірер һақ. Алау киіз үйде жағылған.

Киіз үйдің жыртығынан сығалап, тәуіптің әнін, қимыл әрекетін сол қалпы үйреніп алған Ебіней, тәуіп кетісімен бар баланы жинап алып айнытпай салып берді. Оның ықыласымен ойнаған бұл "өнеріне" бізді көзінің қарашығындай қор-

ғап жүретін әжеміз, ата-анамыз шошына қарап, түбі "бақсы" боп кетер деп қорқып, "қауіпті" ойыннан әзер дегенде бас тартқызған.

1931 жылдың жазында, қуаңшылық, жаппай ашаршылық жылдардың қарсаңында, тағдыр тауқыметімен Челябинь облысы, Мокроусов ауданына (қазіргі Қорған облысы) көшіп кеттік. Кіші Кизак деревнясында Иван атты ағайдың бөренеден салынған үйіне орналастық. Осы деревняда Ебіней алты жас-тан енді асқанында орысша білмесе де, орыс мектебіне оқуға барды. Алғашқы мұғалимасы Тарасова Августа Иустиновна-ның ыждағаттап, табандылықпен үйретуімен және ерекше ынта-жігері арқасында бір жылда барлық пәнді жете меңгеріп, көктемде екінші класқа көшірілді. Әке-шешесінің, туыскан-дарының жас та болса аудармашысы, орыс тілі жөніндегі сүйеніші болып алды.

Ебіней өмірінің соңғы күніне дейін ұстазын, алғаш табал-дырығын аттаған мектепті ыстық бір сағынышты сезіммен есіне алып жүрді. 1981 жылы сол елді мекенге арнайылап ба-рып та қайтқан болатын. Бірақ мектепті де, Августаның ту-ыскандарын да таба алмапты. Тек Мокроусово селосындағы өлкетану музейінен, ол кісінің ұлы, генерал-майор, Совет Ода-ғының Батыры Герман Федоровичпен қатар түскен суретін көріпті. Сонда ғана Ебіней сүйікті ұстазының аты-жөнін толық оқыған, әйтпесе есінде Аугустина Устиновна ғана болып есін-де қалыпты, ал фамилиясын білмейді де екен. Сөйтсе, Ма-лый кизак селосының тұрғыны Аугустина Иустиновна Тара-сованың ұлты поляк болып шыққан. Патша өкіметі өмірбақи жер аударған революционерлер әулетінің қызы екен ол кісі.

Екінші класты Ебіней сол маңда Купино селосындағы бастауыш мектепте (Макушин ауданы, Қорған облысы) жал-ғастырады. Үшінші класты Чаглин бастауыш мектебінде оқиды. Нағашысы жұмыс бабымен басқа жакқа көшкенде, Ебінейді Петропавл қаласындағы таныстарының үйіне орна-ластырып, үшінші класты аяқтатады. Тек төртінші кластың екінші тоқсанынан бастап, аттестат алғанына шейін осы Ма-рьевск орта мектебінде (қазіргі Сергеев ауданы, Солтүстік

Қазақстан облысы) оқыған. Бұл аймақ қашаннан екені беймәлім, бізден арғы ата тек – үрім-бұтағымыздың өсіп өнген жері.

Ебіней төртінші класқа өткенде, мен біріншіге бардым. Халықтық дәстүрмен ағам атамның атымен – Бөкетов (Букетов), ал мен әкемнің есімімен – Арыстанов болып жазылдық. Екеуімізді апалы-сіңлілі мұғалімдер: Ебінейді – Анна Ивановна, мені – Мария Ивановна оқытты. Сірә, Ебіней ұстазы Анна Ивановнаға мені бірінші класта оқитынымды айтса керек. Бірде Мария Ивановна кезекті сабақ басталмас бұрын фамилиямды сұрады.

- Арыстанов, – дедім.
- Ал төртінші класта ағаң оқи ма?
- Иә.
- Оның фамилиясы қалай?
- Бөкетов.
- Фамилияларың неге әр түрлі?

Мария Ивановна маған таңдана қарады. Біздің әңгімеміз осымен тәмам болды. Өйткені орыс тілін жетік білмейтіндігімнен, мен ол кісіге бар жағдайдың мәнісін ашып түсіндіре алмаған едім. Мария үн-түнсіз дәптерімді алды да, сыртындағы фамилиямды Бөкетов (Букетов) деп жөндеді. Сөйтіп мен де Бөкетов атандым.

Сол жылы алғашқы қар түсісімен Ыбырай аға Ебінейді елге оқуға алып кетіп, екеуіміз жазғы, қысқы каникулда ғана кездесіп жүрдік. Қуанышты қауышулар әлі күнге есімде.

Алғашқы екі-үш күнде Ебіней әкеме үй шаруасына көмектесетін де, онан соң колхоз бригадирі Михайл Козловқа барып жұмысқа орналастыруын өтінетін. Ол кісі қуана келісіп, ағамды селодан бірнеше шақырым жердегі егіс алқабына алып кететін. Ебіней қос пар өгіз жекіткен қос тісті соқамен жер жыртады. Өгіздерді жас қыздар айдайтын. Күндік норма орындалмайынша (1,2 гектар) өгіздерді доғармайтын.

Көктемгі жер жыртудан соң шөп шабу басталады. Оған бүкіл колхоз болып атсалысамыз. Мектеп оқушылары, біз, шөп шабатын косилкаларға жегілген өгіздердің алдында жай-

дақ аттармен жүріп отырамыз. Егер "Красная планета" колхозының документтері (Солтүстік Қазақстан облысы, Сергеев ауданы, Двойники селосы) күні бүгінге шейін сақталған болса, Женя – Евней Букетовтың (деревняда оны солай атайтын) 1939-40 жылдарғы жазғы каникулда қанша еңбек күні болғанын анықтауға болар еді. Ол кезеңде колхозшылар ертеден кара кешке дейін жұмыс істейтін еді. Евней ара-арасында кітап оқуға да уақыт табатын. Жауынды күндерде көркем шығарма оқуға арнайтын. Әлі есімде, Евней орысшаны меңгеріп бірінші класты аяқтаған кезінде, маған ол кереметтей зорайып кеткендей көрінген. Арамыз үш-ақ жас болса да мен оны үлкен санап – "Бапа" (аға) деп атағаным бар. Бұл құрметті атпен кейін іні-қарындастарым, балалары да атап кетті. Әсіресе, бір жолы мектептен алау жалын үш тілді, жалтылдаған темір түйреуіш қадалған, мойнына галстукпен оралғанда, туған-туысқан, бауырларының алдында абыройы онан да үстем болып кетті. Кейін өзім де осындай галстукті мақтанышпен тағып жүрдім.

Ебіней өте жақсы оқыды. Қоғамдық істердегі белсенділігі, оқудағы үздіктігі үшін үнемі ынталандыру сыйлықтарын алды. 7-класты аяқтағанда Алтай өңірі бойынша тегін туристік жолдаманы жеңіп алды. 15 оқушыдан құралған топтың ең кішкентайы Евней-тін.

Мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесінде А.С. Пушкиннің, В. Маяковскийдің, тағы басқа ақын-жазушылардың нәшіне келтіре жатқа айтатын. Евнейдің режиссерлік етіп мектеп сахнасына қойған спектаклінде өзі де ойнағанын кластастары достары тамсана айтатын. 7-8 класта оқып жүріп А.С. Пушкиннің "Тас мейман" драмасын сахнаға шығарып, басты кейіпкер Дон Гуанның бейнесін өзі жасаған.

Бұл дәстүрді кейін академик, профессор болған кезінде де жалғастырды. Өз балаларын, жиендерін де осы рухта тәрбиеледі. Мұндай мерекелік сәттерді міндетті түрде Жаңа жылдың қарсаңында ұйымдастыратын. Жаңа жылды бүкіл туған-туысқан, бала-шаға боп Евнейдің үйінде қарсы алатынбыз. Сондай көңілді болатын. Балаларымыз өз өнерлерін көрсе-

тетін. Онан соң Евнейдің басшылығымен олар қабырға газетін шығарады. Сондай бір 1977 жылдың қарсаңында шыққан газет өзінің мұражайында. Евнейді әзілдеп "бас редактор" атайтынбыз. Газетке балалармен қоса бәріміздің жетістік-кемшілігіне қатысты әзіл шумақтар жазылатын.

Ебіней бала жасынан ынталы болды. Мектепте оқып жүріп-ақ орыс тілінен қазақшаға, қазақ тілінен орысшаға аударуға дағдыланды. Өзі де мақала, очерктер жазды. Сол еңбекқорлығының нәтижесінде 1970 жылы СССР Жазушылар одағына мүше болды. Ғылым саласында белгілі химик-металлург атанды.

Еңбек жолын 1941 жылы Октябрь ауданындағы мектептерде қызмет етумен бастап, төрт жылдан соң Қазақ Кен-металлургия (политехникалық) институтына ауысты. Онда оқуын қосқанда 15 жылдай болып, бертінде Қазақ ССР Ғылым академиясының химия-металлургия институтында 16 жыл еңбек етті. 12 жыл институттың директорлығы, 8 жыл Қарағанды мемлекеттік университетінің ректорлығы қызметін абыроймен атқарды.

Мен оқырмандарға өмірі мен ісі өнеге боларлық екі ағам жайлы әңгімелеп беруді жөн көрдім. Әрине, Зейкен тірі болғанда бүгінде керемет композитор, ақын, жазушы, дарынды ғалым болар ма еді, қалай болған күнде де халқының атын шығарар абыройлы азамат атанары сөзсіз еді.

Евней үшін ғылым бүкіл өмірінің мәні еді. Ол ғылымға бүкіл өмірін арнады, барын берді. Арнайы жолдамамен аспирантурада қалса да бір жылдан аса лаборатория жұмыстарынан мезі болып, зерттеулерден бәлендей нәтиже шығара алмаған Евнейдің сол бір шұқыма жұмыстарынан көңілі қалғанын да білемін. Сөйтіп ешнәрсеге елеңдемей, енжар жүргенінде елін, жерін сағынып, анасын аңсап, бауырларын іздеп ауылға қайтқысы келген. Осы ойын жеткізген ғылыми жетекшісі профессор В.Д. Пономарев оған сөз айтпастан демалыс алуға рұқсат берді. Және де лабораторияға қайтқын келген сәтте аялдамай қайтарсын деп кеңес берді.

Сөйтіп жас жігіт аулына келді. Бұрынғы ұзын сирақ, арықша студент емес, ептеп толысқан, орныққан аспирант, ағай-

ын туыстары алдында бұрынғыдан гөрі беделдірек, сыйлырақ көрінді. Оның үстіне бұрынғыдай сөмке сүйреткен студент емес, сәлемдеме салған салмақты чемоданы бар азамат. "Аспирант" деген не өзі, ненің оқуы" деген ауылдастары сұрағына: "Оқып шыққан соң студенттерге дәріс береді, былайша айтқанда мұғалімдердің мұғалімі болып шығады" деп байыппен түсіндірді.

Шөп шаба бастағанымызға үш жұма өтті. Байқаймын, Евней зеріге бастаған сияқты, әлденеге алаңдайды, қымбатын жоғалтқан адамдай тынышсызданады. Бұл екі ортада көрші ауылға барып, қармақ салғанбыз, ағайын туыстардың балалары бізге іздеп келіп, Евнейге сәлемдескен. Армансыз суға түсеміз. Бірақ соның бәрі оның көңілін аулай алмады. Бұл жөнінде де жанағы жазғандарынан мынадай сөздер таптық: "Бір күні шағырмақта қарасуға түсіп, рақаттанып жүргенмін. Ерте тұрып, терлеп-тепшіп еңбек еткен адам, көлеңкеде біраз тынығып алғаннан кейін қоңыр салқын суға сүнгіп-сүнгіп алса қалай рақаттанатынын білсеңіз? Тағы бір сүнгіп шығып айналама қарасам, толқындар шеңберленіп толқи есіп жатыр екен. Бір уақытта әлгі толқындар өзгеріп, менің жасымнан жаныма серік болған химиялық формулалар сияқты болып кетті. Өз көзіме сенбеймін. Сол бір сәт есімнен кетпей қойды... Сол күннен бастап шөп шабуға көңілім жар бермеді".

Елден оралысымен-ақ өзінің баяғы жартылай жертөле үйінде жұмысқа кірісіп кеткен. Зерттеуі сәтімен жалғасып, жарты жыл шамасында кейбір көңіл толар нәтижелер көрініп те қалған. Заты, творчество дегеніңіздің ерекше бір сәттердегі қуаныш-қызығын тек творчествосымен айналысқан адам ғана жақсы сезінер. Үш жылғы оқу тәмамдалғаннан кейін жетекшісі диссертацияны бітіру керектігін айтқан.

Ендігі шаруа өз саласы бойынша ғылыми конференцияларда баяндама жасау еді. Соның ішіндегі елеулі екеуін айттайын. Оның бірі Мәскеудегі Құрыш және қорытпа институты да, екіншісі ірі химия комбинатының техникалық кеңесіндегі баяндамалар еді. Осының бәрінен ол өз жұмысы

жөнінде өңкей қолдау, мақтау пікірлер алды. Дегенмен, іштей өзінен-өзі әлі де разы емес. Ойдағының көбіне қол жеткен жоқ. Күн сайын кес-кестей беретін сауалдар қаншама. Соның бәрінің жауабын тауып, орын-орнына қоймаса болмайды. Бір күндік, бір үмітпен диссертациясын қорғауға ұйғарды.

Евнейдің зерттеген тақырыбының қандай екенін оқырмандар, бәлкім, білгісі келетін де болар. Ол нені іздеді, нені тапты? Тап басып айта алмаймын. Білетінім – сол кезде оның диссертациясының тақырыбы құпия болды, сол кездің сөзімен айтқанда "жабық" тақырып. Кейін білсем, Евнейдің диссертациясы молибден төңірегінде екен. Сөйтіп, 1954 жылдың жазында ол техника ғылымының кандидаты атағын алып, өзі оқыған институтта қалды. Өзін қанаттандырған кафедра, жан дегенде жақыны профессор Виктор Дмитриевич Пономаревтің қарауында қызметке кірісті. Ассистент болды, доцент болды, бірақ лабораториядағы ғылыми-зерттеу жұмыстарынан қол үзген емес. Евнейдің сол бір қызмет шақтары туралы техника ғылымының докторы, РСФСР-дің ғылым мен техникаға еңбек сіңірген қызметкері, профессор И.Ф. Худяковтың естеліктері мынадай:

"Евней Арыстанұлымен әуелі мен Қазақ Кен-металлургия институтында таныстым. Сонда жеңіл және сирек металдар кафедрасында доцент болып істейді екен. Кейінде жаңадан құрылған Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланған профессор В.И. Смирнов екеуміз институтқа келген едік. Амандық-саулықтан кейін Василий Иванович мені Евней Арыстанұлымен таныстырды. Оның зерттеп жүрген мәселесі төңірегінде сөйлестік. Жас ғалым өз жұмысы жөнінде профессор В.И. Смирновтың қандай пікірде екенін білгісі келген. Жалпы өз жұмысын одан әрі жалғастыру жөнінде үлкен ғалым не ойлайды екен? Сол кезде ол өзінің кандидаттық диссертациясында қозғалған проблеманы одан әрі тереңдетіп, сирек металдар металлургиясына көңіл қойған. Бір сағаттан аса әңгімелестік-ау деймін, бұл жұмыстың ең әуелі Қазақстан түсті металлургиясы кәсіпорындарының, оның ішінде Балқаш кен-металлургия комби-

натының базасында жүзеге асатындығына және ғылымдық мәні ерекше екендігіне менің күмәнім қалған жоқ".

Сол жұмысты Евней он жыл бойы серік етті. Оның теориялық тұжырымдарын іске асыру барысында мыс қорытпасының сапасын арттырып, тіпті әлемдік стандарттан да асыруға мүмкіндік туды.

Өзі істейтін институтта проректордың орны босағанда, Евнейдің есімі аталыпты. 1958 жылдың ортасында ол осы қызметке тағайындалды. Проректор болған жылдары шығармалар жазу, аудармалар жасау сияқты әуестігін, ғылымдағы зерттеулерін қоя тұруға мәжбүр болды. Таза әкімшілік қызметпен айналысты. Әйтеуір, бұл кезең ұзаққа барған жоқ. 1960 жылдың басында Қазақ ССР Ғылым академиясының сол кездегі президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Евнейге жаңадан құрылатын Химия-металлургия институтын басқаруды ұсынды. Ағамыз сөйтіп 1960 жылдың ақпанында Қарағандыға жұмысқа келді.

Бұрын мұндай басшы жұмыста болып көрмеген 35 жастағы жігітке ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметі оңайға түскен жоқ. Біраз уақыт өткеннен кейін, байқаймын, оның көңіліне әлде бір реніш кіргендей. Неге олай болғанын кейінірек білдік. Әр қиырдан жиналған оқымыстылардың басын қосып, ұйымдастырамын деп жүргенде қажыңқырап қалған екен. Коллектив қақ жарылған. Жартысы директордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары республика Ғылым академиясының академигі В.В. Михайлов жағында, енді бір бөлігі лаборатория меңгерушісі, партия ұйымының хатшысы Ж.Т. Төленовті қолдайды. Сол екі жақтың екеуі де жас директорды бойына балай қоймаған. Оған қоса жұмыс орындарының тарлығы, лабораторияларда аспап-жабдықтардың жетіспеуі сияқты кем-кетіктер зерттеу жұмыстарын мандыта қоймады.

Іске кіріскен бетте мандайы тасқа тиген Евней Қазақ ССР Ғылым академиясы президентінің атына өтініш жолдап, қызметтен босатуын сұрады. Өз міндетін біліп атқара алмайтын ғылыми коллектив қалыптастыра қою қиындығы оның жігерін

тежеген еді. Бірақ Президент оның өтінішін қабыл алмады, жас жігіттің ағат шешіміне тоқтау салып, жөнге бастады. Осыдан кейін ағамыз жұмысын құштарлықпен жалғастыра берді, сол қызметте он екі жыл болды. Институттың жағдайы жақсарып материалдық-техникалық базасы нығая түсті, жаңа кандидаттар шыға бастады. Осынау көз көріп, қолға түскен нәтижелер сол кезде жеңіспен тең еді.

Ағамыздың осы кезеңдегі жұмысынан есімде қалған екі сәт туралы айтайын. Бірде ол аспиранттарының біреуін ертіп өте-мөте қат және қымбат аспап әкелу үшін Мәскеуге жүріп кетті. Бір купені төрт билетке түгел алады. Ондағысы қомақты жәшікті шайқамай қоятын орын болсын дегені. Бухгалтерия бұл артық екі билеттің құнын төлеуден бас тартады. Ғылым мүддесі үшін қандай шығынға да дайын ағамыз есепшілермен дауласпай-ақ, өз қалтасынан кеткен ақшаның соңына түскен жоқ. Кейінде сол аспаптың арқасында талай-талай тәжірибе жасап көңілі көншіген Евней үшін ақшадан гөрі ғылым мүддесі әлдеқайда қымбат еді.

Екінші оқиға Уралдағы заводтардың бірінде болған екен. Өндірісті сырттай бақылап тұрған Евней осынау процестерді әлдеқайда қарапайым және аз шығынмен жүргізуге болатынын есептеп біледі. Осы ойын айтқанда заводтың техника жөніндегі басшы – мамандары бірден қолдапты. Институтқа қайтып келгеннен кейін сол ойын дамытып, егжей-тегжейлі зерттеп, әуелі сынап көрмек болды. Ол үшін шағын ғана өндіріс алаңы керек. Анда-мұнда хат жазып көрсе, мәнді ешнәрсе шықпайды.

Сөйтіп жүргенде Евней өзінің аспиранты В.П. Малышевты (қазір техника ғылымдарының докторы, профессор, Химия-металлургия институты директорының орынбасары) шақырып алып, Брежневтің (ол кездегі СОКП-тың Бас хатшысы) өзіне хат жазу керек, өзгедей амал жоқ дейді, – өзіңнің атыңнан. Ол үлкен кісінің атына хат жазуға хақым бар, бірақ мен сияқты директорлардың ресми өтініші Кремльге күн сайын жүздей барады, соларға мән бермеуге әбден үйренген. Сенің хатың бәлкім Леонид Ильичке жетпес, бірақ та ЦК-да

ашу-ызасын жүрек дірілімен ұғатын жаны сергек біреу табылар деймін. Виталий Павлович ертеңінде хаттың жобасын бастырып әкеп көрсетеді. "Завод директорының, жобалау институты директорының және ғылым-зерттеу институты директорының – осынау үш алып денелі бастықтардың қатар отыра қалса көлемі сондай ғана жерді сұрап алуға ғана үш жылдан аса уақытым кетті" делінген еді хатта. Ресми сөзден гөрі, ауызекі әңгімеге жуық мұндай қатынасқа Евней көңілденіп, күліп алды. Иә, сонымен хат жөнелтілді. Біраз уақыттан соң үш директорды министрлік Мәскеуге шақырып алыпты. Үшеуі кабинетке кіріп келгенде министрдің орынбасары езуін жия алмай күліп жіберсе керек, келгендер аңтаң. Сөйтсе, бар әңгіме Қарағандыдан келген, Евней жазған хаттан туған екен. Екі ауыз сөзбен ердің құны бітіпті. Евнейдің сұрағаны беріліп, жасаған жаңалығы іске асып, өндіріске енгізіліпті. Ал әлгі завод пайдаға шаш етекпен кенелген. Бұл әдісті заводтар да қолданып жүр.

Ғылыми-зерттеу институтын салатын болып, жобалаушыларын, құрылысшыларын тауып үлкен мәселенің басын қайырган Евней, бұдан әрісін тиісті жауапты қызметкерлерге жүктеп, бастап қойған докторлық диссертациясын одан әрі жалғастырып кетеді. Содан қозғалмай отырып 1966 жылдың 10-қарашасына дейін еңбектенеді.

Бұл күні Москвадағы Еңбек Қызыл Ту орденді Құрыш және қорытпа институтының мәжіліс залында ине шаншар орын болған жоқ. Шағын ғана баяндамадан соң сұрақтар берілді. Диссертант олардың бәріне түбегейлі жауап берді. Диссертацияны талқылау барысында төрт ғылым докторы және ССРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі И.Н. Пласкин пікір білдірді. Олардың бәрі де бірауыздан Евнейдің жұмысын қолдап, тіпті ғылым докторы деген атақты ғылыми зерттеу жұмыстары үшін-ақ, диссертация қорғатпай беру керек еді дегенді айтады. Сөйтіп, диссертант арнайы зерттеу жасап, елімізге көп пайда әкелетін жаңа процестерді өндіріске енгізді.

Жасырын дауыс берудің нәтижесінде советтің барлық он

екі мүшесі бірауыздан Евнейге дауыс берген. Оппоненттеріне, ғылыми советтің мүшелеріне және мәжіліске қатысқандардың бәріне рақметін айтып сыртқа шықты. Жүрегінің қысылып ауырғанын сезді. Бетін тер басты. Әрине, қаншама еңбек, ауыр еңбек қой. Оның үстіне мұндай сәтте жүректің қобалжып, толқуы да бар.

Біріккен ғылыми совете қорғалған диссертацияның ендігі тағдыры Жоғарғы аттестациялық комиссияда тез қаралып, бекітілді. Сөйтіп, қиырдағы қазақ ауылынан шыққан шаруа баласы Евней аға техника ғылымының докторы болды. Сол 1967 жылы оған профессор атағы берілді. Бұның бәрі көп жылғы көз майын тауысып жүргізген зерттеу еңбектерінің нәтижесі еді.

Жетпісінші жылдардың шебінде ағамыз өз шәкірттерімен бірігіп отыздан аса жаңалық ашқан. Соның бірі "Балқаш эффектісі" деген атпен көпке мәшһүр, 1969 жылы ССРО Мемлекеттік сыйлығына ие болған технологиялық процесс еліміздің түсті металлургия заводтарында жаппай қолдау тапты. Бұл әдісті қолдана отырып, сол бұрынғы пештердің өзінде ғана ондаған мың тонна мыс артық өндірілді. Мыс болғанда бергісіз, мамандар тілімен айтсақ "төрт тоғыз" бағаға лайық кіршіксіз өнім алынды.

1970 жылы Евней Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Бұл жылдары оның ғылыми-зерттеу жұмыстары әсіресе жемісті болды деп айта аламын. Кей жылдары үшеу, кейде сегізге дейін жаңалық ашып, куәлік алып жүрді. Көп аспирант, ғылым докторларын дайындады.

Ұшан-теңіз білімі мен табиғи дарын арқасында ол Орталық Қазақстаннан табиғат байлықтарын үзіп-жұлмай кешенді түрде пайдалану жөнінде өз ойларын өткізе алады. Әрине, көзқарасының түзу екендігін дәлелдеп шығу оңай болып па еді. Күрес, қажет болса талас, дауласу бәрі-бәрі қажет. Ел игілігі дегенде Евней осының бәрінен де тайынған жоқ.

Евнейдің салиқалы ғылыми басшы болуына Қарағандыдағы қалыптасқан жағдайдың өзі әсер етгі-ау деймін. Сол

кезде, алпысыншы жылдардың ортасында осынау өнеркәсіпті өлкеге саны да, сапасы да мол техникалық интеллигенция өкілдері шоғырлана бастаған еді. Осындай ортада оның бойындағы таланты ашылып, өмірі, қуаты жеткенше халқына сарқып кетуге құлшынған болатын.

1972 жылдың басында Қарағанды мемлекеттік университеті ашылатын болып, оның ректорлығына Евней ұсынылды. Зүбәйра жеңгеміз болып, біз болып ағамыздың денсаулығы кемдеу екеніне алаңдадық. Жоғарғы орындар "сенен басқа лайықты адам жоқ" деп күштеп қоймаған соң Евней амалсыз келісті. Сөйтіп Қазақстандағы екінші университеттің тұңғыш ректоры болып тағайындалып, онда аттай сегіз жыл істеп еді.

Осы таяуда ғана "Ритмдер мен алгоритмдер" деген шағын ғана кітапқа көзім түсті. Парақтап қарадым. Кітаптың авторы А. Сухотин әлемнің көптеген көрнекті оқымыстыларын сөз етіпті. Ғалым болғанда бір басында ғылымның көптеген салаларынан хабары бар, мәдениет пен өнер, қаламгерлік қасиеттерін қоса иемденген сан қырлы таланттарды іріктеп алған екен. "Екі Ломоносов туралы аңыз" деген тарауда ақын әрі табиғат зерттеуші Гете туралы, математик әрі жазушы С. Ковалевская туралы жазған. Ақындығы мен математиктігі, суретшілігі мен астрономдығы, музыканттығы мен ботаниктігіне тал бойы тарлық қылмаған әйгілі Леонардо да Винчи есімі төңірегіндегі әңгіме қандай қызық. Мысалы, осы адам парашют торын тоқыса да, кемеге қалақ құрса да алдына жан салмаған. Архитектуралық әсем туындылар берген адамның дарынды әскери инженер болуы әрі Милан ақсүйектері алдында әуелетіп ән салып тұруы, – әрине таң қаларлық құбылыс. Осындай сегіз қырлы, бір сырлы ғалым – бір кезде ССРО Ғылым академиясының шетелдік құрметті мүшесі болған американдық Р. Вуд.

Жаңағы кітапта мұнан кейін М. Ломоносов пен А. Бородин, В. Обручев сияқты әрі ғалым, әрі көркем өнер қайраткерлері болған тұлғалар жөнінде айтылыпты. Атақты есімдер төңірегінде осылай-осылай майын тамыза әңгімелей келіп, А.К. Сухотин былай деген екен: "Біздің замандасымыз,

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Мемлекеттің сыйлықтың лауреаты, ірі химия маманы Е. Букетовтың бойында осындай тамаша қасиеттер бар. Былай қарасаңыз қазіргі ғылым ғылымды мойын бұрғызбай баурап алады, тіпті басқаға аландауға уақыт та қалдырмайды деп ойлаймыз. Бірақ Е. Букетов әрі Қарағанды университетінің ректоры болып істейді. Ректор дегеніңіз ғылымға да уақыт таба алса жақсы, көрнекті жазушы, өз тілінде бірқатар көркем шығармалар жазған әрі орыс пен батыс классикасының тәуір үлгілерін халқына таныстырған адам. В. Маяковскийдің өлеңдері, С. Есениннің "Анна Снегина" дастаны, Э. Золяның әңгімелері мен әлемдік өнердің тамаша нұсқалары республикаға Букетовтың аударуымен кең тараған".

Евнейдің аудармаларын атап өткендері ағылшынның үлкен драматургі В. Шекспирдің "Макбет", "Юлий Цезарь" екі драмасы, В. Маяковскийдің "Қандала" пьесасы мен "Кермет" поэмасы тағы басқа өлеңдері, А. С. Пушкиннің "Қолбасшы", С. Есениннің "Советтік Русь" тәрізді көптеген өлеңдер мен поэмалар. Бәрі де баспадан шығып, жарық көрді.

Ағамыз Евнейдің ғалым ретінде қалыптасуы Химия-металлургия институтының коллективімен тікелей байланысты. Еліміздің алғашқы авторлық куәлігі, шетелдік бірінші патент, жаңалықтарының өндіріліске енгізілуі, алғашқы монографиясы, докторлық диссертация қорғауы – бәрі-бәрі осы институттың зерттеу жұмысы негізінде болса, институттың атына айтылған әрбір жылы сөз Букетов есімімен қоса естілетін. Бұл институт елімізде қандай тақырыпта орын алады десек, сол бағыттардың бәріне бастау болған, негіз қалаған адам еді. Әсіресе халькогендер мен халькогенидтер жөніндегі технологияның жөні бөлек.

Евней аға қара металлургия мен органикалық химия саласындағы зерттеулерге ерекше көңіл бөлді. Оның тікелей өзі жүргізген зерттеулер осы салалардың тоғысқан көрінісі еді. Соның нәтижесінде Қарағандының сапасы ортақол көмірінен сұйық отын алу мүмкіндігі табылды, керексіз деп шығарылып тасталған марганец және басқа рудалардан ферроқорыт-

па балқытылды. Қазір осынау жаңа бағыт Қазақ ССР Ғылым академиясының Органикалық синтез және көмір химиясы институтында Москваның сабақтас ұйымдарымен бірге одан әрі дамытылуда.

Университеттің ректоры, химия-металлургия институтының қызметкері ретінде ағамыз бүкіл Орталық Қазақстан аймағында химия ғылымының барысын үйлестіріп отырды. Сөйтіп академиялық ғылым жүргізетін шаруаны бір өзі атқарды десем артық айтпаған болар едім. Евнейдің ғылыми мұрасы көп. Барлығы 500-ден астам ғылыми еңбек, оның ішінде 97 өнертапқыштық ұсыныс пен тоғыз монография, мерзімдік баспасөзде жарық көрген толып жатқан мақалалары бар. Өз өмірінде 52 ғылым кандидаты мен 3 ғылым докторын дайындап шығарды. Өзі қайтыс болғаннан кейін басқаруымен дайындаған 8 аспиранты кандидаттық диссертация қорғады. Сонымен барлығы 60 ғылым кандидаттарын шығарған. Олардың қазір 26-сы докторлық, профессор атақтарына ие болып отыр.

Ғылымда ашқан біраз жаңалықтарының патенттерін шет елдер сатып алып пайдаланды. Мысалы: АҚШ, Англия, Германия, Франция, Голландия, Австралия, Жапония, Италия мемлекеттері. Ғылымдағы еңбектерімен бірге ағамыз жоғарыда айтқандай жазушы, публицист, сыншы, ақын әрі аудармашы ретінде көпшілікке танымал болған. Осынау көп қырлы дарынның бәрі оның бір басында бар еді.

Мен үшін ағам Евней талантты, еңбекқор, әрі ізгі ниетті адамсүйгіш жан болып дүниеден өтті. Солай болып қала бермек.

Ана мерейі

"Ана" деген сөз адам баласына өте қымбат әрі қадірлі сөз. "Алып анадан туады" деген қағида бар. Сол аналардың бірі біздің анамыз деп ойлаймын. Біз анамыздың сондай болғанына қуанып біз Бөкетов Арыстанның ұлдары бақыттымыз деп білеміз.

Өйткені анамыз Бәлтәй (азан шақырып қойған аты Ұмсын), Ағжан, Тоғжан (ақын), Байжан ағайындылардың алғашқы көрген нәрестесі болыпты. Сондықтан балалық шағында еркелетіп жақсы көргеннен балдан тәтті деп, содан Бәлтәй атанып кеткен екен. Анамыздың әкесі Байжан Бәлтәйдің екі жасар кезінде дүниеден ерте кетеді. Шешесі Меруертті ол кездегі "әменгерлік" ғұрыппен қайын інісіне қосады. Көп кешікпей атасы мен әжесі де қайтыс болды. Сонымен анамыз он төрт жасына дейін туған шешесі мен өгей әкесінің қолында тұрған екен. Осы кезде әкеміз Арыстан небары жиырма сегіз жаста екен. Ол өз әкесінен он төрт жасында айырылып, үш інісі мен екі қарындасы қалыпты. Бөкет балаларының ішінде ең үлкені болғандықтан кедейлік пен тұрмыстың барлық ауыртпалығы өз мойнына түсіп, уақытында қалың мал төлеп үйленуге жағдайы келмейді де, "кәрі бозбала" деген атаққа ілінеді. Уақыт өте келе Қазипа деген қарындасы бой жетіп қалады. Шамасы он төрт, он бес жаста болу керек. Кенжетай әжеміздің ағайын туыстары келіп болашақ жездемізге айттырып, құда түсіп, қалың мал төлейтін болыпты. Ағайындарымыздың барлығы жиналып ақылдасып, әжеміздің де ұйғарымы болуы керек. Бұл бізден шамасы елу-алпыс шақырым жерде орналасқан, Ақанбарақ ауылынан біздің болашақ анамыз Бәлтәйді айттырып құда түскен екен. Әкеміз Қазипадан алатын қалың малын үйге әкелмей, айдап апарып Есіл өзенінен өткізіп тапсырады. Әкеміз Қазипа қарындасын ұзатқаннан кейін, көп кешікпей қалыңдығын алып келіп үйленеді.

Анамыз келгеннен бастап қайын енесімен тіл табысып, көп жылдар бірге тұрады. Әкеміздің кенже інісі Маутай ағамыз отау болып бөлек шыққаннан соң ғана бөлініп кіші келіннің қолына орналасады. Бірақ үлкен келінмен араласып тұруды ұмытпайды. Әжеміз өлгенінше әңгімелей отыратын, бұл әлі күнге дейін менің есімде.

"Келіннің аяғынан, қойшының таяғынан" деген қазақтың мақалы рас екен.

Бәлтәйім келген соң үйге құт орнай бастады. Қорамызға біртіндеп мал бігіп, тұрмысымыз жақсара бастады деп айтып отырушы еді. 1951 жылы қаңтар айында тоқсаннан асқан соң о дүниелік болды. Осы уақыт аралығында келіні мен енесінің араларынан ұнамсыз сөз естіп көрген емеспін. Аралары соншалықты тату болып өтті. Әжеміз де, анамыз да он бес жылдай, балалары ержеткенше, өмірдің зор ауыртпалығын көріп өтіпті. Жастайларынан шиеттей бір топ балаларымен, жолдастарынан ерте айырылып, сол балаларын асыраймыз, жеткіземіз деп көп бейнет көрген адамдар. Дегенмен екеуі де сол балаларын өсіріп жеткізді. Әжеміз бес баласымен, шешеміз бес баласымен қалған. Атамыз Бөкет пен әкеміз Арыстан үй шаруасымен және қара жұмыспен шұғылданған адамдар. Екеуінің де қолдары өте шебер болған. Олар етік тігумен қатар зергерлік бұйымдар жасаумен күн көрген екен. Әкеміздің қолынан шыққан көптеген әдемі, әшекейлі бұйымдарды көрдім. Есімде қалғаны қайың ағаштың қабығынан жасалған таяқ, баланың бесігі үйде сақтаулы тұрушы еді. Шешеміз Қарағандыға көшерде Евней контейнерге салғызбай, басқа да ұсақ-түйек бұйымдарын Орешин деген орыс көршілеріміздің сарайына тастап кетіпті. Солардың ішінде анамыз күйеуінің көзіндей сақтап жүрген азын-аулақ дүниелері қалыпты.

Атамыз Бөкеттің енбегінен менің есімде қалғаны, әкеміздің сандығында сақтап жүретін әдемі мәсісі бар еді. Кейінірек оны әжеміз өзі киіп тоздырды ғой деймін.

Анамыз Бәлтәй аласа бойлы, толықша келген, ерекшелігі ақсары, көзі көкшілдеу, мойны қысқа домаланған болатын. Евней әкеміздің баласы болып, қазақтың ертедегі әдет ғұрпымен немеренің үлкені болған соң (иемденіп алған) анамыздың атын атап, жеңгесі ретінде қалжыңдасып жүруші еді. Сол қалжыңның бірі: бізді өзіңе ұқсатып, мойнымызды қысқа қылып жараттың галстукті жөндеп салуға келмейді дейтін. Бұл қалжыңға анамыз: ертең мен өлгенде менің де жақсылығымды табарсыңдар деп отыратын. Расында, анамыздың жақсылықтары әлі күнге дейін алдымыздан шығып жатыр. Менің әлі күнге дейін таңқалатыным өзі әріпті таяқ деп білмейтін,

бір құжаттарға қол қойғанда үш дөңгелек қойып, астын сызып қоятын. Бірақ өзінің қолын өзі жақсы танитын. Мұндайды менің тетелес інім Жартас қызық көріп, күлкі үшін дәл сондай бір құжатқа өзі сияқты үш дөңгелек қойып астын сызып көрсететін. Сонда анамыз: жоқ бұл менің қолым емес деп біліп қоятын. Анамыз өте қажырлы, қайратты, еңбекқұмар жан еді. Бәрімізде сол тәрбиемен өсіп ер жеттік.

Біз өмірімізде талай қиыншылықты, аштықты көрдік десе артық айтпаған болар едім. Анамыздың шеберлігінің арқасында күннің суығына тоңғанымыз жоқ, бізге жылы киімдер тоқып беретін. Қолына түскен Евнейдің еңбекақысы болса, оған Евнейдің өзіне киім-кешек алып береді. Ал оның киімдерін маған лайықтап, шақтап кигізеді. Менен қалғанын кіші інім Жартасқа кигізеді. Одан кейінгілеріне жамап-жасқап беретін. Көп кемшілікті аяқ-киімнен көріп жүрдік. Әкеміз кезінде жақсы етікші болған екен. Осы әкемнің етікшілік саймандарын анамыз сол уақытта мұқият сақтап қойған екен. Кейінірек мені сол саймандарды пайдаланып етік, басқа да аяқ киімдерді анам өзі көрсете отырып, жамауға үйретті. Содан аяқ киім тігуді де игердім. Бұл қиыншылықтарды шешуге де анамның өзі мұрындық болып еді жарықтық.

Өзіміздің үй ішінің аяқ киімдерін тігіп болып, ауыл тұрғындарының аяқ киімдерін жамап беретінмін. Кейде жұмыстан соң түнде жаңадан аяқ киім тігіп қосымша еңбек ақы табатын кездерім де бар еді.

Евней институтты бітіріп аспирантурада оқып жүріп газет, журналдарға мақала жазып, кітап аударып гонорар (қаламақы) алып, ақша тауып, бізге қаражатпен көмектесіп жүрді. Содан 1957 жылы қызметке орналасып еңбекақыны молырақ алып, одан үйленіп, жолдасымның да еңбекақысы қосылып, тұрмысымыз жақсарып кетті. Бұл кезде менен кейінгі үш інілерім де оқуда болды.

Анамыздың жігерлігіне, ойшылдығына, оның ойына алған үлкенді-кішілі шаруаны орындамай қоймайтынына, мен әлі күнге дейін таң қаламын. Осы тәрбиені біздің бәрімізге үйреткені, еңбегінің сіңіргені көрініп тұр.

Әкеміз 1942 жылы желтоқсанның 9-ында қайтыс болған. Ауырып жатып төмендеген кезінде өлерін білген ғой. Жұбайына екі өтінішін айтыпты:

Біріншісі: тәнімді Әтінімнің жатқан зиратына жерлеу. (өзінің әкесін Әтінім дейді екен).

Екіншісі: көзіңнің тірі кезінде балаларды оқып жүрген орыс оқуларынан айырмау, оқыту.

Анамыз әкеміздің айтқан екі өтінішін де бұлжытпай орындады.

Евней жоғарғы оқуына кетпей тұрып, біз орыс қаласынан туған ауылымыз Бағанатыға көшіп бардық. Ауылда бастауыш қазақ мектебі болды. Барлық балаларды жалғыз мұғалім оқытты. Сол жылы Шабдан деген інім осы мектепке барып, оқуды үздік бітірді. Ол кезде мен ауданның бір кішірек мекемесінде қызмет істедім. Демалыс күндері үйге келіп, үй шаруасымен айналысамын.

Жазғытұрым демалысымда апам құймақ пісіріп, бізге тәтті шәй берді. Балаларды шәйдан соң ойнап келіндер деп далаға жіберді. Өзі дастарханды жинады да, қасыма келіп отырды.

– Мені көптен бері мазалап жүрген балалардың оқуы. Оқуды орыс мектебінде оқытуымыз керек, бұл әкенің ақырғы тапсырысы деді. Сен осыны ойлаған жоқсың ба? – деп сұрады.

– Жоқ, бұл әзірше менің қолымнан келмейді дедім.

– Тыңда, мен саған ақыл айтайын. Марьевкадан баспана ізде, биыл сонда көшейік. Балалар қолымызда тұрып оқысын, – деді. Мен:

– Жарайды, апа, іздестіріп көрейін – дедім.

Мен іздегенмен ештеңе тапалмадым. Апама баспана таппағанымды айтқанымда, ол ренжіген күйде қалды. Сабақ басталар мезгілде жақындап қалды. Өзіммен бір сыныпта оқыған Ыбырай ағамның үйіне көршілес тұратын, орыстың Володя атты баласымен әңгімелесіп жүріп баспана керек екенін айта кеттім. Ол біраз ойланды да: биыл біздің отырған үйіміз босайды. Әкем жаңа үй салып бітіріп қалды. Біз сонда көшсек, мына үйді сататын шығар. Мен әке-шешеммен сөйлесіп көрейін.

Оған не болса да бізге берсін деп, – мен жабыстым.

Екі-үш күн өткен соң Володя: жүр, әке-шешеммен

сөйлес, – деген соң екеуіміз бірге барып сөйлестік. Әке-шешесі қарсы болмады.

– Биыл қысқа жауып қояйын деп едік. Жарайды, берейік. Бірақ аздаған жөндейтін жерлері бар. Өзің де жөндеуге көмектес деп келісімге келдік.

– Жалақысы қанша деп сұрап едім.

– Жақсы көмектессең ақысын сұрамаймын деді. Бірақ жаз шыға келе сатамын. Осы есінде болсын.

Қуанғаным сонша, Ыбырай ағам келіп айттым. Ол ағам қаражаттарың жоқ, ар жағында не істейсіңдер деді. Ауылдан келген ағамнан, апам сәлемімді айтып жібердім. Екінші күні апам көремін деп келіпті. Көргеннен соң апамның қуанғанын айтып жеткізу қиын.

Сол жылы желтоқсан айының басында көшіп келдік. Балалар мектепке барды. Қыстап шықтық. Қыста үй суық болды. Көшіп келгеніміз жақсы болды. Апам халыққа керекті ұсақ-түйек бұйымдарды апта бойы тігіп, жексенбі күні базарға апарып сатып, үйге азын-аулақ ақша не тамаққа айырбастап келетін. Кей күндері түні бойы ұйықтамай іс тігетін кездері де болды. Карточкамен азын-аулақ тамақ алатын болдық.

Біз ауданның орталығына көшіп келіп орналасқан жылдары, үйімізде жалғыз қызыл сиыр болды. Жылда бұзаулаушы еді, сүті мол болатын. Анамыз сиырды сауып көршінің үйінен сепораторға тартып, қаймағын айырып, оны жинап сақтап қоятын. Тағы да қолына түскен тәтті дәмді, ет, құрт сияқты тағамдарды бізге көрсетпей, тығып жүретін. Бұл жиналғандары бір посылкадай болды-ау деген кезінде маған тапсырма беретін, жәшік дайында, Евнейге посылка жіберейік деп.

Менің қолымның шебер болғаны да жақсы болды. Ешкімге жалынбай өзім жасап жүрдім. Алғашқы кезде білмегендіктен біраз бейнетті де көрдік. Өйткені ол 8 кг-нан артық болса, ішінен сылдыр дыбыс шықса, не болмаса ақ матамен дұрыс қапталмаса поштадағылар қабылдамайды. Бірнеше рет апарып әкеп қайта бұзып жинап жүрген кездерім де болды. Кейінірек оны үйреніп алдық. Айына бір рет, немесе бір жарым айда бір посылка салып тұратынбыз. Бұл туралы Евней өзінің өмір баяндарын "Алты хат" деген еңбегінде нақты қысқаша жазып кеткен.

Мен Евнейге айына екі рет хат жазатынмын. Апам маған жазғаныңда бәрі де жақсы тамағымыз тоқ, көйлегіміз көк деп жазғызатын.

Кейінгі үш інім де Марьевканың орта мектебінде оқып жүрді. Сабақтары жақсы болды. Тентектік жасап мұғалімдерінен ескерту алып көрген жоқ. Кейде өзім барып сынып жетекшілеріне жолығып, жағдайларын біліп тұратынмын. Ұстаздары мақтап жіберсе, үйге масаттанып, қуанып келетінмін. Кейде анамыз бізге ренжігенде ащы даусымен бажылдап ұрсып, қолымен ұрып та алатын мінезі болушы еді. Бірақ ашулы райынан тез қайтып, "айналайын" деп мүсіркеп те қоятын.

Бірде мен жоқта үйге алыстан ағайынымыз келіпті. Мен ол кезде небары 20 жаста едім. Тұрмысымыздың нашар екенін көріп ақыл айтыпты. Үлкен балаң Евней оқып жатыр, ол жарайды. Ал мына Қамзабай ер жетіп, үйленетін жасқа келіпті. Қамзабайды үйлендіріп, келін жұмсайтын уақыт жеткен сияқты ғой дегенге берген жауабы:

– Рахмет, мені аяғаның ғой, бірақ, менің ойым басқаша. Евнейді оқуға өзім оның айтқанына көнбей, не қылса да барып оқы деп жіберген едім. Тұрмысымыздың осы жағдайынан Қамзабайым оқи алмай қалды. 7-ақ класс білім алды. Аманшылық болса, Евней бітіргесін Қамзабайды оқуын жалғастыруға жіберем. Дендері сау болсын. Үйлену деген ешқайда қашпайды,– деп жауап берді. Ақыры сол мақсатына толық жетті.

Евнейдің аспирантураны бітіретін кезі. Менің 25-тен 26-ға қараған шағым. 1953 жылы жеңгем Зүбәйра Дүйсенқызынан хат келді. Хатында амандықтан соң жазғаны мені өте қуантты. Онда менің оқуыма баруыма рұқсат берген. Менің кейіннен білгенім. Маған білдіртпей анам Жартасқа айтып отырып Евнейге хат жазғызыпты. Ондағысы: "Евней сен енді оқуыңды бітіресің, енді Қамзабайға аз да болса оқып мамандық алуына мүмкіншілік болмас па еді",– депті. Евней аспирантураны бітірген соң, диссертация қорғап, оны біткеннен кейін ғана диплом алып кандидат болатынын қайдан білсін. Зүкеннің сол хатқа берген жауабы екен. Мен жоқта алып Жар-

тасқа оқытыпты. Кешке жұмыстан келсем анам мәз-мейрам көңілді отыр. Қуаныш жаңалығын айтып күліп қуанышын білдірді. Кешкі тамақтан кейін, әбден жайланған соң, көзін бір ашып жұмып маған: енді оқуға баруға дайындал, жұмысыңнан босап үйді қысқа "шамаң келгенше дайында, отын, шөп әкеліп, малға дайындап кетпесең мына балалар әлі жас қой, қолдарынан келмейді" – деп ақыл берді. Мен қуанып кеттім.

– Өзірше ешкімге білдірмеңдер – деп бәрімізге тапсырды.

Жаздың жайдарлы кезі еді. Оқуға кетем деп дайындық үстінде жүріп, түскі тамаққа келсем үйде толып туысқандар отыр. Үлкені Ыбырай ағам, маған ызғарлы дауыспен, әй күшік тоқта деді. Тоқтап өзіне қарай қалдым: сен оқуға кетем деп жүр дейді рас па? – Мен рас дедім.

– Жоқ сен ешқайда бармайсың, қартайған шешенмен мына інілеріңді кімге тастап кетесің. Шешеннің көрген қиыншылықтары жетпей жүр ме? Ана пәленше мен түгеншенің қыздары бар, солардан өзің ұнатқан біреуіне үйленесің – деп қысқа қайырды. Біраз үндемей маған қарап отырды да: ана Евней бітпейтін оқу оқып жатыр, сол бәріңе жетпей ме? “Өзіңнен кейінгі інілеріңді оқытасыңдар” – деді. Сол сәтте мен үндемей қақиып тұра бердім. Ағамның айтқанынан қайтпайтын, қайсар мінезін білетінмін. Анам есік алдында шәй қайнатып жүріп, бәрін естіп үйге кіріп келді. Әдемі тігілген, тозығы жеткен, барқыт қамзолын киген. Еңкейіңкіреп екі қолын артына ұстап отырғандарға, әсіресе қайын інісіне көкшіл көзін тіге: “Әй Ыбеке, Қамзабай оқуға барам деп талаптанып жүр, ол мақсатын ешқашан есінен шығарған емес, өз уақытын күтіп жүрген. Евнейден хат келді, Қамзабай оқуға барсын сендерге өзіміз көмектесеміз деген. Сіздердің қамқорлықтарыңызға рақмет, бізді құдай асырар, бетін қайтармайық. Ертең мұрнынан боғы ағып, көзінен жас тиылмайтын жағдайға келетін болса, обалына біз қаламыз. Осы отырған бізді не деп есіне алады. Оқуына барсын, барсын” – деп оны екі қайырып тастады. Сондағы ағамның ақырғы сөзі “жарайды, ойлағандарың болсын, қолдарыңнан топырақ бұйырмай-

тын болды ғой",— деп тұрып кетті. Сол жылы анамның қайсарлық мінезінің арқасында мен оқуға кетіп қалдым.

Тамаққа тоймаған үлкенді-кішілі адамның ұрысқақ, төбелесқой болатыны белгілі ғой. Кейінгі інілерімнің ортаншысы Шабдан, ағасы Жартас, інісі Еслямбекпен де ұрысып төбелесе беретін. Жоғарғы әңгімеден бірер жыл бұрын жазғы демалысына келгенде, Шабданның 5-ші класқа баратын жылы Евней менімен болсын деп алып кеткен. Шабдан кеткен соң үйдің іші тыныш тапқан еді. Жартас пен Еслямбек бірі аға, бірі іні ретінде тату болды.

Анамыздың алдына қойған мақсатының орындалуының себебі: мінезінің қайсарлығы мен жігерлігінің арқасы. Арыстанның бес ұлы бәрімізде анамыздың көзінің тірісінде жоғары білім алдық.

Евней металлург, академик атағына жетті. Мен инженер-электрик. Жартас инженер-гидролог, ғылым кандидаты. Шабдан инженер-геофизик. Бұлар бәрі де Алматыдағы политехникалық институтты бітірді. Ең кішіміз Еслямбек кен инженері. Қарағанды политехникалық институтын бітірді. Менен басқасы 1-ші кластан бастап оқуды үзбей оқыды. Мен ғана 7-ақ класты бітіріп, 10 жылдан кейін барып оқуға түстім. Бәрімізде өмірде өз орнымызды таптық. Техникум бітіріп, сосын барып институттың сырттай бөлімін бітірдім.

Мен қазір жалғызбын, менен басқа төртеуі де қайтыс болды.

Анамыз өмірінде өте көпшіл, қайырымды, шексіз, сол тұрмысымыз ауыр жылдардың өзінде, үйге қонақ келіп жатса азын-аулақ шәй берсе де масаттанып, қуанып отырушы еді.

Өте ұғымтал еді. Бір естігенін өмірінде ұмытпайтын, әсіресе шежірелерді есінде жақсы сақтайтын. Ағайындарды бірімен-бірі жақындастырып, олардың қандай жақын екенін түсіндіріп, жақын жүріндер деп тапсырып қоятын. Өзі сондай ауыр жағдайда жүріп, жетім жесірлерге қолынан келгенше көмектесіп жүретін. Марьевкада тұрғанымызда біздің үйді алыс-жақын туысқандар босатпайтын. Менің қызмет істейтін мекемеде әртүрлі бұйымдар шығаратын цехтар болды. Сол

цехтарға бірнеше қыздар, жесір келіншектер қабылданып жұмыс істеп жүретін. Онымен қоймай, қыздарды өзі білетін жігіттермен таныстырып, өз теңдерін тауып қосатын.

Сөйтіп өзіне жұмыс тауып алып, қолы босамайтын. Сонымен қоса өте діншіл болатын. Мен ес білгелі бес уақыт намазын бұлжытпай оқып жүретін. Оразаны мұқият ұстайтын. Таң алдындағы сәресіне аздап тағам дайындап, тығып қойып, сәресіне тұрып шәйін қайнатып іше бастаса, балалары оянып, көрпенің астынан көздерін бақырайтып қарап жататын көрінеді. Сонда өзінің аздап дайындаған тамағынан әлгі балаларға бөліп беріп, енді ұйықтандар деп зекіп қоятын еді.

1949 жылы жаз айларында облысымыздың бір ауданында жоғары қызметте істейтін немере сіңілісінің күйеуі қайтыс болды. Хабар келген соң өзі жерлеу рәсіміне қатысып келді. Екі айдан соң сіңілісі де о дүниелік болды. Бұдан үш жасар қыз баласы қалған. Ол жеті жасқа дейін біздің үйде болды. Ол оқуға баратын жылы менімен жасты ағасы Мәскеуден оқуын бітіріп келіп үйленді. Кейін ол қарындасын менімен бірге болсын деп алып кетті. Одан кейін әкемнің кенже інісі Маутай ағамның бәйбішесі қайтыс болып, 2 жасар Әсима деген қызы жетім қалып, оны әкесі баға алмайтынын біліп алып келіп бауырына салып алды. Ержетіп, тұрмыс құрғанша бізде болды.

Жарықтық анамыз туысқандарға жанын үзіп тұратын жан еді.

1947-1948 жылдары ораза жаз мезгілінің маусым, тамыз айларында болғаны әлі есімде. Соның өзінде жаздың ұзақ күндерінде ораза ұстауын тоқтатпайтын. Кейін 1962 жылы қыстай науқастанып, қатты қиналып шықты. Жазғытұрым ораза келді. Мен өзін ауырасың ұстамай-ақ қой деп үгіттесем де көнбейді. Менен кейін Евней келіп біраз үгіттеп айтты. Анамыз көзін бір ашып жұмып, салмақты үнімен "жарайды" деді. Евней сен де, Қамзабай сен де кәмөниссіндер (коммунист) ғой, екеуің де өз міндеттеріңнен құтылдындар деді. Мен өз міндетімнен құтылайын деп тоқтады. Евней екеуіміз бір-бірімізге қарадық та, сөз таба алмай үнсіз қалдық. Дегенмен

ойындағысын орындады. Бірақ та сол жылы көп кешікпей олда қайтыс болды.

Жерлесіміз еліміздің азаматы, бірнеше кітаптардың авторы Ғалым Қадірәліұлы естелігінде: "Әлі есімде, Бәлтәй апа ақ жаулығын киіп, ақ шаршысын одан жоғары көтере орап алып, той боларда елден бұрын келіп, қайырлы болсын" деп айтатын. Таза мәсі, әдемі қамзолымен отырғанда төрдің көркі болатын. Ол кезде Қарағандыда мұндай киім кию деген еш адамда болған жоқ еді. "Әй сен қашан үйленесің?" – деп бойдақ жүргендерімізді тергеуге алатын. Апайдың мінезі ауыр болса да жүзі жұмсақ еді. Сөйлеп кетсе алдына жан салмайтын шешен, анау-мынауы тәубесіне келтіретін, батыл адам болатын" – деп жазды

Бұл әңгіме етіп отырған уақыты, анамыздың қолы босап, киім-кешегі бүтінделіп, келін жұмсаған кезі ғой.

Бірақ та ол тұрмысы ұзамады. Айналасы төрт-бес жылға жетпеді.

Өкінішке орай, Алла тағаланың жазымы солай болды.

Өмірі де, өзі де өнеге еді

*Рашид Каренов,
экономика ғылымдарының докторы,
профессор*

Қазақта "Құдай біреуге берем десе, үйіп-төгіп бере салады екен" деген сөз бар. Евней Арыстанұлы Бөкетовті сондай Құдайдың көңілі түскен адамның қатарына қосуға болар еді. Сірә, оның тындырған ісін, оған жасалған және жасалып жатқан құрмет-марапатты он адамға бөліп берсе де, сол он адамның әрқайсысы өмірден өз орнын тапқандай жүрер еді. Парасатты, байсалды ғалым, қабырғалы, қабілетті ұйымдастырушы, белгілі жазушы, дарынды әдебиетші-сыншы, аудармашы, беделді қайраткер, тіпті кәдімгі пенде ретінде де оқшау тұрған сол адам туралы әңгіме айтудың өзі өте қиын. Оның өткен жолын жай баяндап шығуға да біраз уақыт кетері өз алдына, көп нәрсені айта алмай қалар ең. Бұл өзі асыптасып жатқан бай өмір.

Евней Бөкетов 1925 жылы 23 наурызда Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келді. Қызылжар қаласынан санағанда теміржол бойындағы төрт станциядан әрі Мокроусово дейтін шағын қала бар. Осы Мокроусово іргесінде өзен ағады. Жағасында мектеп. Бірінші сыныпта болашақ академик осында оқыды. Малшы шаруаның отбасында сауатын ашып, тұрмыста шыныға жүріп, еркін ой мен еңбексүйгіштік мектебінен өтті.

Оның балдырған балалық шағы халқымыз бастан кешкен аса ауыр-ұжымдастыру, сталиндік қуғын-сүргін, соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Осындай қайғы-қасіретті балалық шағында көп көргеніне қарамай, қысы-жазы тентіреп, әр аймақты торғайдай паналаған әке-шешенің жетегінде, әр жыл сайын әрқилы мектеп табалдырығын аттап жүріп, өзі де жан сақтау үшін ара-тұра, тиіп-қашып болса да жұмыс істеп, оыншы сыныпты бірден емтихан беретін тәртіппен үздік бітірді. Сондықтан болар, жазушы Жайық Бектұров айтқандай, ғалым өзінің алғаш мектеп босағасын аттаған өңірін, болашақ жемісті өмір жолын өте бір қиыншылық, көшпелі кезде кіндік қаны тамған жерден бастағанын ерекше елжірей еске түсіріп отыратын.

Евней Арыстанұлының асқақ арманы – жоғары оқу орнына түсіп, өз халқына адал қызмет ету болатын. Сондықтан ауылдық орталау мектепте мұғалім болып бір топ жетімді асырап жүрген жиырма жасар естияр жігіт 1945 жылы аяқ астынан шұғыл бетбұрыс жасап, жастықтың жүйрік тұлпарын ерттеп мініп, білім қуып Алматыдағы жоғарғы оқу орнына аттанды. Ол кезде Қазақ Кен-металлургия институтында небары үш-ақ факультет бар еді. Жалпы саны екі жарым мыңдай студент оқитын шағын оқу орны болатын.

Белгілі жазушы, публицист Медеу Сәрсекеев өзінің "Ұстаз тағылымы" эссесінде оқытушы-профессорлар құрамы өте күшті болатын деп көрсетеді. Олардың қатарында әлденеше академик, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер атанған небір саңлақ профессор, ірі білімпаздар бар-ды. Мәселен, металлургия факультетінде В. Пономарев, М. Усанович, Х. Аветисян,

М. Стендер, А. Резняков тәрізді өте ірі ғалымдар, жасаң кезінде түсті металл өндіретін алып заводтардың іргесін қалап, әрі жетекші инженері болып жұмыс істеген күшті мамандар дәріс оқыды. Олардың қайсыбірі металлургия оқулықтарының авторлары болатын. Әрине, мұндай ғұлама жандардан дәріс тындау, олардың мол білімдерінен сусындау кімге болсын, әсіресе, Бөкетовтей талантты жасқа игі әсер еткені сөзсіз.

Студенттік шақтың ұмытылмас қызықтары өз алдына бір төбе. Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін Евней Арыстанұлы білікті маман болып, еңбекке араласады. Жемісті еңбегінің нәтижесінде ғылыммен айналысуға жолы ашылады.

Ғылым әлемінде алғашқы қадамын өзі түлеп ұшқан Қазақ Кен-металлургия институтының аспирантурасына 1951 жылы түсуден бастайды. Зерделі жігіт сирек металдар кенінен молибденді айырып алу және оған химиялық талдау жүргізу проблемаларын зерттеуге бірден жұмылып кетті. Бұл зерттеулер 1954 жылы қорғалған кандидаттық диссертацияның негізгі болды.

Жас ғалым 1954 жылдан 1958 жылға дейін жеңіл және сирек металдар металлургиясы кафедрасында ассистент және доцент болып, ал 1958-1960 жылдары институт ректорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. Нақ осы жылдарда оның қаламынан И. Василенконың "Артемка" повесі, Э. Золяның "Әңгімелері мен мақалалары", И. Вазовтың "Езгілік астында" романы, В. Маяковскийдің "Қандала" пьесасы ақ өлеңмен шебер аударылып, дербес жинақ, кітаптар болып жарық көрді.

Республика Ғылым Академиясының президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ұсынысы бойынша Бөкетов 1960 жылдың ақпанында Қарағанды қаласындағы Химия-металлургия ғылыми-зерттеу институтына директор болып тағайындалды. Сол уақытта бұл ұжымның шаңырақ көтергеніне небары екі-ақ жыл болғанды. Соған қарамастан директорлары екі мәрте ауысып, екеуі де әр жерден құралған жасаң ұжымды басқара алмай, нақ сол қарсаңда институт зерек басшыға өте-мөте ділгір болып отырған еді.

Институттың қаз тұрып, әрі қарай өркендеуіне жаңа директор күш-қуаты мен білімін аямай жұмсады. Бұл ғылым ошағындағы сан-салалы жұмысы жайында ғалым өзінің "Ғылыми қызметкердің жазбалары" атты еңбегінде жеткілікті әңгімелеген. Директор болған он екі жылда Евекең тынымсыз жұмыс істеп, өзіне дейін кадрлары тұрақталмай, өсек-аяңмен уланып, дау-дамаймен тіршілік бастаған жас ұжымды шынайы ғылыми жұмысқа жегіп, академия жүйесіндегі іргелі институттар деңгейіне көтерді.

Басшылық тізгінін ұстай жүріп, Бөкетов мыс-электролит шлактарынан селен мен теллур айырып алудың пиро және гидрохимиялық тәсілдерін жасаумен шұғылданды. Ал, 1966 жылы қорғалған докторлық диссертация көп жылғы іргелі зерттеулердің қорытындысы болатын. 1970 жылы оның Қазақстан Ғылым Академиясына мүше-корреспондент, бес жылдан соң академик болып сайлануы Евекеңнің келелі ғалым ретінде сол кездегі Одаққа және республикаға танылғанын мойындаудың белгісі еді. Ұлағатты ғалым, басшы ретінде аталуы, Орталық Қазақстанның кіндік қаласында ірге тепкен химия-металлургия мектебінің негізін қалап, оған ғылымды шынайы сүйетін, өндірісте шындалған таланты жастарды тартып, көлемді де іргелі зерттеулер жасауға қабілетті ұя ұйымдастыруы да нақ осы жылдарда.

Ғалым сирек және түсті металдар өндірісінің физикалық және химиялық негізі болып табылатын теориялық және практикалық зор мәні бар химияның сара бағытын белгіледі. Оның басшылығымен Балқаштың кен-металлургия комбинатында конверторда қайта өңдеу үшін Жезқазған концентратын даярлау тәсілі енгізілді. 1969 жылы осы мекемеде мыс рудаларын кешенді ұсақтаудың технологиясын жасап енгізгені үшін Евней Арыстанұлына бұрынғы КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Электрохимия саласындағы жұмыстар академикке өзінің шәкірті Әбдуәлі Бәйешовпен шламдағы болымсыз фосфордың өзін анықтау әдістемесін жасауға мүмкіндік берді. Бұл жаңалық "фосфор" шламында фосфорды анықтаудың "Бөке-

тов-Бәйешов әдісі" деген атпен өнертабыстар мен жаңалықтар жөніндегі бұрынғы КСРО Мемлекеттік комитетінде ресми түрде тіркелді.

Евекеңнің осы заманғы металлургия технологиясын жасауға қосқан үлесі хақында айтқанда, түсті металлургиядағы шахта пештерін пайдалану және түсті, сирек металдардың гидрометаллургиясы жөнінде зерттеулерін атап өтпеске болмайды. Ол сирек және түсті металдың ұсақталған шикізаттарын күйдіретін түсті металлургия шахта пешін қайта жасап, зерттеу мен игерудің ынтагері болды. Институттың өзі басқарған лабораториясында шағын шахта пеші салынып, құрамында вольфрамы бар концентраттарды өртеу жұмыстары жүргізілді. Бірақ бұл зерттеу ойдағыдай жүрген жоқ. Сондықтан пештің шикізаты өзгертіліп, молибден концентратымен ауыстырылды. Зерттеу сәтті аяқталып, Балқаш кен-металлургия комбинаты оны қабылдап, қыруар пайда тапты.

Бөкетовтің жетекшілігімен шағын фосфориттерді ажыратып, фосфор тұздарын алудың болашағы үшін зор автоклав жасалды. Ғалым марганец рудаларын кешенді түрде қайта өңдеу проблемасын шешуде елеулі үлес қосты. Оның тікелей өзі және шәкергтері электролиттік шақпақтайтын, ерітінділерді тиімді ұқсататын және олардан мыс сульфиті мен никель, күкірт қышқылы, мышьяк сияқты бағалы қосындыларды ажыратып алуға арналған сорбционды-экстракциондық процестер мен мембраналық технологияны қолдау тәсілін ұсынды. Академиктің өзінің шәкірттерімен көптеген жылдар бойы шұғылданған іргелі жұмысы – кож (шлак) үймелерінің құрамында қалған металдарды қосымша байыту арқылы қайыра өндіруге технология жасауға арналды.

Евней Арыстанұлы химия және халькогендер мен халькогенидтердің технологиясының жиынтық ғылыми бағытын жасады. Ол Қарағанды қаласында осы жайында өткізілген Бүкілодақтық бірінші (1978 жыл) және екінші (1982 жыл) кеңестердің ұйымдастырушысы және жетекшісі болды. Бүгінде Евекеңнің есімі халькоген химиясы бойынша республикада ғылыми мектептің негізін қалаушы ретінде аталады.

Академик көмірлі Қарағандының тұрғындары үшін Д.И. Менделеевтің көмірді газға айналдырып, жанар газды құбырмен тасымалдау жөніндегі идеясын ерекше маңызды деп есептеді. Көмірді жер астында газға айналдыру саласындағы орыстың атақты ғалымының еңбектерін және осы замандағы ғылыми ізденістерді барлай келіп, Бөкетов Қарағанды бассейнінің тереңдегі көмір қабаттарын жер астында газға айналдырудың теориялық мүмкіндігін және практикалық мақсаттылығын негіздеп берді.

Өмірінің соңғы кезінде ғалым көмірден мұнай айырып алу жөнінде жаңа лаборатория ашты. Өте беріле шұғылданған ісі-боқаты көп, ең төменгі сортты, бірақ кокстелген көмірден арнаулы ферробалқымалардың (темірдің қосылыстары) жәрдемімен органикалық синтездеу арқылы арзан бензин алу әдісін ойлап табу болғанды. Өкінішке орай, ол бұл зерттеуін аяқтай алмай кетті.

Евней Арыстанұлының ғылыми бағыттарды қалыптастыруда ғана емес, сонымен бірге ғылыми ұжымдарды ұйымдастыруда ерекше рөл атқарғанын айтпаса болмайды. Ол ғажап сезгіштікпен керек ғалымдарды тауып, оларға бүтіндей ғылым бағыттарын сеніп тапсырды. Ширек ғасырдай уақытта академик 52 ғылым кандидаты мен үш ғылым докторын дайындап шығарды. Химия және металлургия салаларында Е.Бөкетовтің өз алдына дербес мектебі қалыптасты. Ғалым осы еңбегімен Арқа жерінде зор бедел-абыройға ие болды.

Евекеннің қаламынан 220 ғылыми еңбек, тоғыз монография және екі оқулық құрал шықты. Шәкірттерімен ынтымақтаса жүріп АҚШ, Канада, Австралия, Швеция, Англия, Финляндия, Германия және басқа шетелдерде 110 өнертабысы мен жаңалықтарына патент алды.

Бөкетов қазақ әдебиеті үшін өте көп іс тындырды. Ол әдебиет саласында сыншы, аудармашы ретінде танылды. Оның Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев және басқа атақты адамдар туралы жазған очерк-эсселері-әдебиеттану ғылымына қосқан сүбелі үлесі. Академик қазақ оқырмандарын Шекспирмен, Пушкинмен Маяковскиймен, Есенинмен таныстыр-

ды. Қарағандының Сәкен Сейфуллин атындағы драма театры ол аударған Шекспирдің "Макбетін" сахнаға шығарды.

1975 жылы қазақ тілінде ғалымның "Атан қомында туған адам" атты кітабы жарық көрді. Ал екі жылдан соң "Шығарманың қырлары" (орыс тілінде) атты көркем проза кітабы қолға тиді. Бұл екі шығармасында республика ғалымы мен мәдениет қайраткерлерінің портреттерін берген автор адам өмірінің өзінің тек қана қажырлы еңбегімен ғылым мен өнерде жол сала алатынын, халқына адал қызмет ететінін, оның заңды мақтанышына айналатынын шебер көрсете білді.

Евней Арыстанұлының 1989 жылы "Жалын" баспасы шығарған "Досыма алты хат" кітабы айрықша тоқталуға болады. Досқа хат түрінде жазылған бұл кітапта автордың бейнесі толық әрі жарқын көрсетіледі. Өзі өмірде кездескен әйгілі азаматтар туралы баяндалады. Бұл шығарма ой қайнарымен, сездіру күшімен, болашаққа ұмтылдырушылығымен таңғалдырады. Мұнда автор өмірдегі қымбат та, қасиетті де адамдар достығы жайында сыр шертеді.

Қарағанды мемлекеттік университетін ұйымдастыру мен салуда Евекеңнің еңбегі ерекше зор. Ол университеттің алғашқы ректоры (1972 жылдың наурызынан 1979 жылға дейін) және оның жобасын жасаушы болды. Жобада Орталық Қазақстанның түрлі шаруашылық, ғылым мен мәдениеті салалары қажет етіп отырған кең білімді мамандар даярлап шығару керек екендігі көрсетілді. Оның табандылығы мен жігерінің нәтижесінде ҚарМУ-дің алғашқы оқу корпустары, жатақханалары, оқытушылар үшін бірнеше көп қабатты тұрғын үйлер тез арада пайдалануға берілді.

Е. Бөкетовтің қоғамдық қызметінің ауқымы өте кең болды. Ол бірнеше рет Қарағанды облыстық Кеңесінің депутаты болып сайланды. Мемлекет алдында сіңірген еңбегі үшін Республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, сондай-ақ "Ерлік еңбегі үшін" медалімен және Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Бұрынғы КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Мемлекеттік комитеттің "Гидрометаллургия" ғылыми кеңесінің мүшесі, Қазақстан ұлттық Ғылыми Акаде-

миясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің бюро мүшесі, "Минералдық шикізатты кешенді пайдалану" журналының сарапшылар алқасының мүшесі болып сайланды. 1971 жылы КСРО Жазушылар одағына мүшелікке қабылданды.

Академик Е. Бөкетов өте кішіпейіл, адамгершілігі жоғары жан еді. Ол үлкенмен де, кішімен де ортақ тіл табыса алатын. Ешкімнен де қолдан келетін жәрдемін аямайтын. Бір ұлы кеменгерден: "Ғалым адамның негізгі қасиеттері қандай?" дегенде, "Азаматтық және адалдық" деген екен. Осындай асыл қасиеттер Евекеңде мол болатын.

Осыған қарамастан 70-ші жылдың аяғында Евней Арыстанұлы қуғынға ұшыратылды. Бойындағы керемет мол қабілет-күшін, қайрат жігерін республикамыздың мәдени өмірін мерейлендіре түсуге жұмсағанына қарамай, дарынды ғалымға жала жапқан әзәзіл, өсекші бүркеншіктер Қарағандыдан да, пәлекор, пасық пасквилшілдер Алматыдан да табылды. Ақырында қуғынға ұшыраған академик университетті тастап кетуге мәжбүр болды. Көп ұзамай жүрек талмасының тұзағына түскен ақ көңіл, адал, қарапайым, адамға жақын тұратын, жылы шырайлы, бала мінезді Евекең 1983 жылдың 13 желтоқсанында 58 жасында дүние салды.

Иә, академик Е. Бөкетов арамыздан ерте кетті. Бірақ осы жерде Сенеканың: "Өмір де мысал өлең секілді: ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенеді" деген сөзі ойға оралады.

Ұстаздан дәріс алмайтын, үйренбейтін кім бар? Ұлы да, ұлық та ұстаз алдынан өтеді. Олай болса жастарға білім мен ғылымның кілтін ашудан, үйретуден, ғылымды насихаттаудан жалықпаған, ұстаздардың ұстазы, есімі бүкіл әлемге әйгілі, ғұлама ғалым Е. Бөкетовтің еңбегі, үлгі-өнегесі мәңгілік. Ол ұшқыр ойлары жанасып кетсе барлығы ғылым болып шыға келетін, ғылым әлемінде терең із қалдырған классик ғалымдар қатарына жатады.

"Орталық Қазақстан"

3 наурыз 2005 жыл

Асқар тауымыз еді...

*Оразалиева Гүлсім,
журналист*

Осыдан тура жиырма екі жыл бұрын, анықтай айтсақ, 1983 жыл 13-ші желтоқсан таңында: "... академик Бөкетов қайтыс болыпты", деген суық хабар сумаңдап жүріп, ең әуелі туыс жақынға, жора-жолдасқа, сосын ғылым, өнер, мәдениет саласындағы замандас, әріптестеріне, яғни, зиялы ортаға жеткен. Мезгілсіз келген суық хабарға әркім-ақ тіксініп, біреулері: "япырай-ә, әлі жас еді ғой!", – деп жатса, оның адамдығы мен ғұлама ғалымдығын білетіндер: "тағы бір бәйтерек құлады-ау!" десе, Бөкетов басындағы шырғалаң мен шытырман оқиғадан хабардар жанашыр достары: "ақыры түбіне жетіп тынды", – деп "аһ" ұрып, ызадан булыққандар да болған. Сол сәттің жан күйзелісін жасыра алмаған, жанашыр достың бірі академик Нейла Базанова: "Бөкетов өлген жоқ, оны өлтірді!", – деп айтып та салыпты. Оны естіген ағайын-туған: "Е, әдейі, қасақана жасалған әділетсіздіктер хақында басқалар да біледі екен ғой..." деп, ауыр қайғыдан қайысып тұрған қабырғасы қатайғандай болған.

Міне, біздің бүгін, әдеттегі қалыптасқан дәстүрді бұзыңқырап, Бөкетовтің туған күнінен емес, өлген, жарық дүниемен қоштасқан сәтінен әңгіме бастауымыздың бар сыры осында.

Бала кезімізде үлкендердің: "Е, Алла, ақ өлімді бере көр!" деп, жаратушыға жалбарынып отырғанын талай көргенбіз. Сөйтсек, мұнда үлкен мән бар екен. Жасарынды жасап, асарынды асап, бала шағаның алдында, ақтық сөзінді армансыз айтып, жиған-тергенің болса бөліп беріп, өмірден өту – "ақ өлім" екен. Жаратушы алдында жазықты болсақ та айтайық, мұндай "ақ өлім" Бөкетовке бұйырмады. Ақсақал атанбай, қарттықты көрмей, ақтық арманын айта алмай, нағыз кемел шақ, ердің жасы – елудің сегізінде дүниеден өтті. Қанша жерден: "жазымштан озмыш жоқ, бәрі тағдырдың ісі..." деп, өзімізді өзіміз жұбатқанмен ерте келген ажал артында әділетсіз әрекет, құйтырқы тіршілік болғанын көбіміз білеміз.

Әрине, "Болар іс болды, өлер адам өлді, бұл әңгіме неге керек, әруақты мазалап..." деп, абыздық жасағысы келетіндер де табылады. Оларға егер Бөкетов жай "сәрсенбай-бейсенбайлар" болса: "Сіздікі дұрыс!", – деп қоя салуға болар еді. Өйткені мұндай абыздық ағайын мен ағайынның, ауыл-аймақтың татулығын сақтау үшін кейде қажет. Ал, Бөкетов өмірінің шындығын ашу, шынын айтқанда тарихи тұлғалардың, кейбір мемлекет қайраткерлерінің шын "портретін" бұлжытпай жасау, ең әуелі тарихшыларымызға қажет. Әйтпесе, кейінгі кезде кейбір мемлекет қайраткерлерінің тек жақсы жақтары айтыла береді де, ірі кемшілік, қинаяттары жайында жақ ашылмайды. Соның салдарынан олар кемшілігі жоқ – Кеменгер, пендешілігі жоқ – Пайғамбарға айналып барады...

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдар басында есімі ел аузына ілігіп, қоғамда өзіндік орнын айқындаған әрі ғалым, әрі әдебиетші Евней Арыстанұлы Бөкетовті Қазақстан Ғылым академиясы президенті Қаныш Сәтбаев өзіне шақырып: "Сіз Қарағанды Химия-Металлургия институтына директор болып барсаңыз..." – деп, ұсыныс айтқанда, "ойланайын" деп бұлданбай, бірден келісімін берді. Атағы әлемге әйгілі ғұлама ғалымның өзіне сенім білдіріп, жаңадан ғана ашылып, ұйымдасып жатқан ғылыми-зерттеу институтына жолдама беріп, жол сілтеген сол бір сәтін ол мақтаныш сезіммен әркез еске алатын. Сол институтты табан аудармай он екі жыл басқарып, жаңадан лабораториялар ашып, көптеген ғылым кандидаттары мен докторларын өсіріп шығарды. Алматыдан абыроймен келген Бөкетов Қарағандыда беделді басшы, беделді ғалым, ғылым докторы, сосын профессор, академик атанды.

Ал, 1972 жылы республикадағы екінші университет Қарағандыдан ашылғанда, оның тұңғыш ректоры Евней Бөкетов болды. Жас университеттің қалыптасып, дамуына бар абыройы-беделін, ақыл-парасатын аямай-ақ жұмсады. Сол кездегі замандастары: "Ебекең Москва, Ленинградқа бір жиынға барса болды бір орыс, бір еврейді ерте келеді..." – дейтін қалжыңында қыжыл да, мысқыл да бар болатын. Ал, шындығында Бөкетовтің: "...үй беремін, жағдайыңды жасаймын,

әке-көке", – деп үлкен қалалардан тәжірибесі, білімі мол доцент, профессорларды шақырғандағы мақсаты – білімі жоғары, салауаты биік маман-кадрлар даярлау еді.

Ғалым Бөкетов ғылымға қосқан жаңалықтары үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі атанды. Ал, әдеби мұрасы – Эмиль Золяның бір топ әңгімелерін, Иван Вазовтың "Бұғауда" романын, Владимир Маяковскийдің "Қандала", Сергей Есениннің "Анна Снегина" поэмасын, Шекспирдің "Макбет", "Юлий Цезарь" трагедияларын қазақ тіліне аударды және өнер, мәдениет жақында сын еңбектер жазды. КСРО Жазушылар Одағының мүшесі болды. Бұл, ердің жасы – елуден асқан Евней Бөкетовтің алған асулары.

Жетпісінші жылдар соңында Ғылым Академиясы президенттігіне, конкурс жарияланып, жаңа басшы тағайындалмақ болды. Оған түсетін кандидаттар ішінде Бөкетов бар екен деген алып-қашты сөз ғалымдар мен оқымыстылар арасында жүріп жатты. Шындығына келсек, нағыз кемел шағына келген Евней Бөкетовтің қабілеті бір республиканың ғылымын басқаруға әбден жететін. Өз мамандығы химия-металлургия саласын айтпағанның өзінде, әдебиет, өнер жақында жазған сындарлы сындары, терең талдаулары көп ғалымнан оны оқ бойы оздырып тұратын. Осындай "озықтығы" кейбіреулердің қызғанышын тудырып, түн ұйқысын төртке бөлді. Бөкетовті сайлауға қатыстырмаудың түрлі әрекеттері астыртын жүріп жатты. Ақырында президенттікке "аузы қисық болса да бай баласы" сайланды. Осыдан кейін-ақ, әлгі "бай баласы" болашақта өзіне "конкурент" тұлғаны көрді. Ашық, әділ бәсекеге шығуға қабілет-қарымы жетпейтін болған соң, ұрымтал жерден ұрланып соққы беруге, Құлагерді орға жыққан Батыраштардың әрекетіне көшті. Билік пен бишікті қатар ұстаған "Аға" биікте отырғанда неден қорықсын...

Алғашқы "шабуыл": 1979 жылы 19 мамырда "Ленинская смена" газетінде академик Бөкетовті, өмір бойы адал еңбекті мақсат етіп, табиғат берген талантымен елге танылған жанды Гогольдің атақты комедиясы – "Ревизордың" бас кейіп-

кері алаяқ, мақтаншақ, іріген-шіріген қоғамның халін көрсететін Хлестаковқа теңеген "Рошин" деген псевдониммен мақала басылды. Қазіргідей бірін-бірі балағаттап, ханынан қарасына дейін "қара май" жағып жатса да шыбын шаққалы көрмейтін, арсыз уақыт емес, ол кезде мұндай мақалалар өте-өте сирек жарияланатын, тіптен жарияланбайтын десе де болады. Сондықтан да ондай мақаланың әсері алапат, күші сойқан болатын.

Сол алапат оқиғаны, сойқан сұмдықты Евней ағаның қалай "қарсы" алып, қалай көтергенін көрген аз ғана куәгердің біз де біріміз. Оған себеп болған мынау – біз Алматыдан 1972 жылы оқу бітіріп, жолдамамен Қарағандыға келіп, еңбекке араласқан тұста ауылдан – Түркістаннан әкем келіп: "Зұбайра шырағым, Гүлсім менің жалғыз қызым, мынау күйеуі Ислам, осы балаларды саған табыстағалы, таныстырғалы келдім..." дегенде шатаспаған екен. Сол күннен бастап апамыз Зұбайраның, Евней ағаның шапағатын көп көрдік, тәлім-тәрбие алдық.

Апамыз Зұбайра, Евней ағаның жары – белгілі мемлекет қайраткері, Қазақстан Үкіметін он үш жыл басқарған Нұртас Ондасыновтың немере қарындасы, тіптен қызы десе де болады. Ауылдағы тұрмыс тұралаған тұста ағасына жаны ашылған Нұртас алты-жетідегі Зұбайраны қолына алды. Ол кезде Нұртастың Ташкентте оқу бітіріп, жұмысқа араласып, нан таба бастаған кезі. Содан Зұбайра орыс жеңгесі Валентина Васильевнаның тәрбиесінде болып, Нұртастың өз кіндігінен тараған Ескендір, Александрмен бірге өсті. Жоғары білімді Алматыда, сосын Москвада алып, химия саласында алғаш ғылым кандидаты атанған сол кездегі аз қазақ қыздарының бірі. Евней ағаға адал жар, жанашыр дос бола білді. Екеуінің арасындағы қарым-қатынаста махаббаттан да жоғары аса бір саналы қасиет, аса бір сапалы құрмет бар болатын.

Евней аға бір рет те апамыздың атын тіке "Зұбайра" деген емес, үнемі "Зүке" дейтін.

Евней аға Қарағандыдағы "би де болды, би түсетін үй" де болды. Арнайы келгені бар, құдайы қонағы бар әйтеуір, апта-

сына екі-үш қонақ келеді десем өтірігі жоқ. Оны күтісуге, әрине, апамызға көмекке туған сіңлілері Мәнзура, Гүлжан, келіндері, біздер сапта тұрған солдаттай қашанда әзірміз. Әсіресе, денсаулығы жоқ, үнемі диета ұстайтын Евней ағаның үйдегі дәрігері – Зүбайра апамыз. Дәрісін уақытында ішіп, тамағын дәмді етіп беруден бір жаңылған да, жалыққан да емес. Сондай түсіністік, сыйластықтың арқасында болар, қанша жыл аралас-құралас та болып бір рет те бір-біріне дауыс көтергенін естіген де, көрген де емеспіз. Не керек, екеуі бір-біріне асыл өмірін арнаған адамдар болды.

Негізі Евней аға мен Зүбайра апаның мінезі бір-біріне ұқсайтын. Жанына жетіп келіп, әңгіменді бірден ағыта жөнеуге жол бермейтін екеуінде де ерекше бір сес, айбар болды. Бірі – абыройы асқан академик, екіншісі академиктің әйелі, премьер-министрдің қызы. Мүмкін соның буы, пендеде бола бермейтін тәкаппарлық шығар. Жоқ, біз оны жаратушы берген мінезге саяр едік. Мінез – Сіз бен Бізді бір-бірімізден ерекшелеп, ажыратып тұратын Құдай "творчествосы"! Мінез – талқылауға, таң қалуға болғанмен, түбегейлі өзгертуге көне бермейді. Онда сіз өздігіңізден айырылып, Абай айтқан: "Көп айтса көнді, жұрт айтса болды, әдеті жаман адамның" болып шыға келесіз.

Міне, Евней ағаның басына төнген бар пәле осы мінезде! Тағы да Абай айтқан "...көптің бір аты тобыр", жақсы мен жаманды ажырата алмай жұрттың құрақтай құлап, жапырыла жығылып, тәу еткен кісісіне Құдай берген мінез биігінен қырын қарап, көп тобырға ілескісі келмеді, жалпақ шешей болмады. Бұл өзіне өзі сенетін, ішкі тегеуріні мол, адалдықты ту еткен адамның мінезі, кейпі. Бұл "оларға" ұнамады, әрине.

Дода – дүние ортасынан нақ осы мінез өзгелерден даралай алып қашып, "ғұлама ғалым, сауатты аудармашы, таланты сыншы" деген анықтамалар баспа беттерінде жиі айтылып, қоғамдық ортада Евней Бөкетов тұлғасы сомдала түсті. Атақты ғалым Қаныш Сәтбаевтан кейін екінші болып аракідік есімі аталып та қалатын. Осындай даралық кейбіреулердің қызғанышын тудырмай қоймады. Ақыры сол қызғаныштан

туған құйтыртқы қимыл-әрекеттер Евней Бөкетов өміріне "қол сала" бастады...

Иә, Евней ағаның сол сәттегі көңіл-күйі, әрекеті біздің дәл бүгінгідей көз алдымызда...

Басқаны білмеймін, Қарағандының зиялы ортасы бір дүрлігіп, фельетон жарияланған газет қолдан-қолға өтіп, гу-гу әңгіме өршіді. Жақын адамдарымыздың біздің де жанымызға батты. Бейне бір Евней аға мен Зүбайра апамыз қара жамылып қалғандай сезіліп, Зүбайра апаға телефон соқтым.

– Апа, біз кешке барайық деп едік, не ала барайық, нан, сүтіңіз бар ма? – дедім, түк білмегендей. Ол кісілердің үйінің айналасында тамақ дүкені кемдеу болғандықтан айран-сүт, нан дегенді қала орталығынан таситын. Евней ағаға дәрігерлер: "қантыңыз көп" – дегеннен бері "дефицит" – сүзбе мен айранды жан-жақтан қаумалап таситынбыз.

– Нан бар, тек ағанның сүзбесі біткелі тұр, – деді Зүбайра апа.

– Сүзбені ертең алмасақ бүгін кешіктік апа, оны ертемен алармын, – дедім. Апамыздың әрбір сөзінен үйдегі көңіл-күйді білгім келіп, қанша жерден сөз суыртпақтасам да ешқандай қайғы-қасіретті сезе алмадым. Даусы әдеттегідей.

Содан кешке үйге келдік. Евней аға жұмыстан келіп, кабинетінде демалып жатыр екен. Біраздан кейін тұрды.

– Ә, батырлар, келдіңдер ме? – деп бір қойды да, – Иә, Еслам, (Евней аға Исламды осылай айтатын) бәрің шулап жатырсыңдар ма? – деді төтесінен. Фельетон жайлы айтып тұрғанын ұғып тұрмыз.

– Шулап жатқан ешкім жоқ, – деді Ислам байсалды үнмен. – Олар өздерінің әлсіздігін көрсетіп, өздерін-өздері әжуалап отырған жоқ па?! Кімнің, не үшін жазғызып отырғанын білетін ел біледі ғой, аға! – деді, сөзін сенімді айтып. Сөздің құдіретін қойсайшы, сол-ақ екен көңіл-күйі төмендеу тұрған Евней аға сәл жадыраңқырап:

– Әй, Есләм, Қанапияны (университеттің доценті, Евней ағамен "сіз біздері" жарасқан және біздің көрші ағамыз Арынғазин) шақыр, карта ойнайық, – деді...

Ол кісілер бір-екі сағат карта ойнап, артынан шәй ішіліп, әңгіме – дүкен құрып біраз отырдық. Зүбайра апамыздан бастап бәрімізде де Евней ағаның көңілін аулап, жанына түскен жараны жазғымыз келетін ниет басым. Әшейінде ол кісінің алдында көсіліп сөйлеуге батылымыз жете бермейтін біздер бүгін сәл еркіндеуміз. Оған Евней ағаның өзі ыңғай беріп отыр. Тіптен Ислам қызды – қыздымен татар ағайындар туралы біраз анекдоты тоғытып-тоғытып жіберді. Оған үлкен денесі селкілдеп, зор дауыспен кеңкілдей күлді. Бір кезде күлкісін зорға тиып: "Батыр, осы сен әртіс болғансың-ау деймін, әңгімені жақсы айтасың" деді. Біз бұл анекдотты Ислам аузынан талай естіп жүрсек те, Евней ағаның көңіл-күйінің көтерілгеніне мәз болып, тура алғаш естіп отырғандай дүркірей күлеміз. Кішкене еркінсіп алған Ислам татар ағайындар туралы тағы бір анекдот айтты. Үйдің іші күлкіге көмілді. Бір кезде Зүбайра апамыз: "Әй, Ислам, сен татарларға көп тиісе берме, олар менің нағашым..." деп, жеңіл әзіл айтқанда барып тиылғандай болдық...

Әрине, бұның бәрі Евней ағамыздың көңілін аулаудың амалы еді.

Ал, шынын айтсақ, бұрын алып денесін шалқақ ұстап, ширақ жүретін Евней аға бір күнде еңкіш тартып, жүзі пәс түсіп қалды. "Бәрі арықтығын білдірмей", сырт көзге қанша дүрдигенмен әділетсіздіктің уы жаны мен тәнін қатар буып, ызаның ақ бораны, аязы қарып жатқан-ды. Евней аға бұл пәленің басы екенін, мұның жалғасы барын сезді, бірақ сезе тұрып не істеу керектігін білмеді. Кешірім сұрайын десе ешкімге жасаған қинаяты жоқ, азды-көпті абыройы болса, оны ешкімге ақша беріп сатып алған жоқ, еңбекпен тапқан беделі. Кінәсізден кінәлі болған шарасыздық шаршатты.

Ақырында фельетон соңы жаңадан тәй-тәйлап тұрып келе жатқан университет жұмысын қайта-қайта тексеруге ұласты. Алғашқы кезде: "Тексерсе тексере берсін, ішкенім жоқ, жегенім жоқ, не табар дейсің", – деп өз адалдығына сеніп, өзгелердің арамдығына сенбеген. Ақырында тырнақ астынан кір іздеп, түймедейді түйедей етіп, Орталық Комитетке хат

түсірген тексерушілер теперішінен соң барып қана мұның артында анау-мынау емес, сөзі өтімді, билігі биікте отырған бір адамның барлығына көз жеткізе бастады. Көп болмаса да ол "биікте" Бөкетовтің де достары болатын. Биліктілердің бишігіне айнала қоймаған, жақсыға жаны ашып жүретін азаматтар арқылы бар жағдайға қанық болды.

Сөйтсе, "даудың басы Дайрабайдың көк сиыры" – Бөкетов Қазақ ССР Ғылым Академиясы президенттігіне конкурсқа түспек екен деген қауесеттен басталған. Ол қалай болған деңіз? Оның анық-қанығын бізден гөрі Бөкетовтің өзі айтқаны дұрыс шығар.

Ол жазушы Медеу Сәрсекеевке былайша баяндайды:

"...Әлқисса, Асқар Қонаев президенті болып сайланардан төрт-бес ай бұрын мені Үлкен үйдің ғылым және жоғары мектептер бөлімі шақырды да, анкеталық листок толтыртты. Ондай қағаздың талайын қотарған кісімін, бір нәрсеге керек болғанын білдім, бірақ сыпайылық сақтап ештеңе сұраған жоқпын. Арада бірер ай өткен соң, жұрт қоя ма, біліп қойыпты, түрлі-түрлі қауесет тарап жүрді. Соның ең бастысы Шаһмардан Есенов президенттіктен түседі екен, оның орнына үш адам кандидат бар, бірі – баяғы мен. Жасырып керегі не, кешігіп қалатын кісідей-ақ, мені құттықтаушылар көбейіп кетті. Тіпті, алыстан телефон шалып, Алматыдағы жүз таныстарды айтамын, апта сайын халімді сұрап, денсаулығымды күтуді ыждаһаттап мазаланушылар да жоқ емес. Түнеу күнгі анкетаның да сыры сонда мәлім болды... Хош, одан арғы әңгімені білесін. Саққұлақтардың қауесеті бос сөз екен: Есеновтің орнына – Асқарды сайладық, сөйтіп, Қонаевтар әулетінен екінші адам президент креслосына отырды...

– Демек, сіз туралы қауесетті дұшпандарыңыз әдейі таратқан. Сізді босқа күйдіру үшін, жаныңызды жаралап, тектен-текке бопсалау үшін. Тегінде осындай алыпқашты сөз жаман ғой, Ебеке, адамды нақақтан күйдіру...

– Дұрыс айтасың. Бірақ, мен бір нәрседен қателестім. Оны аңғал басым енді біліп жүрмін. Әй, бірақ солай істер ме едім күні бұрын сезгенде де кім білсін? Адам өз болмысынан асып

қайда барар дейсің, көлгір сөзге әуелден жоқ едім, жаратылыстан өзгеруің қиын екен...

– Мұныңызды түсінбедім, ағасы?

– Шыда, қазір бәріне де түсінесің, – деді Ебекең кенет бас жағындағы тоқ алғышты тырс еткізіп бөлмені жарықтандырып, сағатына қарады да сөзін жалғады. Бірақ шамды қайтадан өшіріп тастады.

– Жаңа үш адам толтырдық дедім ғой. Бұл шындық. Оның да себебі бар екен, қайдан білейін, демократияны қолдан жасау да осындайдан туады екен ғой. Екінші академик күндердің күнінде рұқсат алып, үлкен Қонаевтың қабылдауына барыпты: "Ардақты, Димеке, сізге үлкен өтінішпен келдім. Мені бөлім Ғылым Академиясы президенттігіне кандидат етіп ұсынып отыр. Бұларыңызға шексіз рахмет, бірақ менің денсаулығым жарамайды. Осы атқарып жүрген жұмысымды өзіме қанағат көремін... Сондықтан менің кандидатурамды алғызып тастаңыз, сол үшін, міне, жазбаша арыз әкеліп отырмын" дейді ғой.

Дінмұхаммед Ахметұлы: "Жоқ, бұныңыз қалай, жол сіздікі. Тәжірибе, әрі үлкен жасыңызды ескеріп, сізді әдейі ұсынып отырмыз. Есімдеріңізді Москваға айтып қойдық, тегінде соңғы таңдауды біз емес, Үлкен академияның Президиумы жасасын деген оймен", – дейді ғой. Қаншалықты шын, иә көлгірсіген сөз екенін өзі білсін. Бірақ, әлгі академик сөзінен тынбайды. "Онда мен, ғафу етіңіз, арызымның екінші данасын Москваға жолдаймын. Менің ойымша, жол – жас, әмбе менен әлдеқайда таланты Асқардікі. Қазірдің өзінде ол Үлкен Академияға мүше-корреспондент, ертең-ақ толық мүше болады!" – деп ілтипат білдіреді...

– Медеу бауырым-ау, Құдай маған осы ақылды бермеді ғой, Академияға президент боламын деп ешкімге арыз бергенім жоқ, ендеше "Болмаймын, жолды Асқарға бердім!" деп, өтініш жазып хақым қанша деп, тыныш жата бердім ғой. Маған Қонаев әулеті осымды кешірмеді.

Оның үстіне өздеріне ұпай іздеген жұрт: "Москваға барып ізденіпті, Академиядағы достарын үгіттеп, Асқарды сай-

латпауға әрекет жасапты" деп, өсек тасыды. Бәрі де өздерін Димекеңе адал, біз сияқты акқөйлектерді арам кісі ғып көрсетіп бақты. Ал, егер мен де әлгі әріптесім сияқты, тиісті жерге барып, кандидатурамды арыз жазғызып алғызып тас-тасам ше – құдай ақы, осы күні менен жақсы кісі болмас деймін. Өйткені, Қонаевтар әулетін керемет қадір тұтатын кісі болып көрінемін ғой, амал не?! Соның ақыры мені Хлестаковке теңеген бықсық фельетонға, Саттар Имашевтің жаным сүйген құмар ісімді жағымсыз етіп мазақ қылған "өткір" сынына жолықтым.

Оның үстіне университеттің жұмысын қайта-қайта тексертіп, тырнақ астынан кір іздеген пәлеге ұшырадым. Сонсоң өткен жылдың басында ыза болып отырдым да обкомға босаймын деп арызды бір-ақ айладым..." (Медеу Сарсекеев. "Ұстазым туралы үзік сыр" "Орталық Қазақстан" газеті, 1988 жыл, желтоқсан.)

Дәл сол, арыз берген күні Зүбайра апаның тапсырған керек-жарағын алып келген біз, ас үйде Евней аға мен Зүбайра апаның маңызды бір әңгіме айтып отырған үстіне түстік. Евней ағаның көңіл-күйі соншалықты төмен деп те айта алмаймын. Бірақ бір мазасыздық сезіледі. Тек апамыз: "денсаулығыңды ойла" деді де келген бізге шай құйды. Аз-кем бәріміз үнсіз отырып қалдық. Орынсыздау келіп қалдық па деп ыңғайсызданып отырғанымызды сезді ме, әлде жанашыр жандар ғой деді ме, Евней аға: "Батырлар, өзгеден естігеннен гөрі өзімнен естіңдер, ректорлықтан босатуларын өтініп, обкомға арыз тастап келіп отырмын. Менің "олармен" теке-тіресіп айтысуға уақытым да, денсаулығым да жоқ. Университеттің құрылысымен айналысамын деп ғалым емес құрылысшы болуға айналдым...қарайып барамын..." – деді, соңғы сөйлеміне салмақты салыңқырап. Астарлап айтқан "Олар"-дың кім екенін бәріміз де біліп отырмыз...

Хош, әрі қарай не болды деңіз? Бөкетовтің өзі арыз бергеніне обкомда отырғандар: "Ебеке, мұныңыз қалай?.." деп, "сарт мезірет" жасамады да. Қайта олар түйіні қиындап тұрған мәселені Бөкетовтің өзі осылай, оп-оңай шешіп бере салға-

нына "жерден жеті қоян тапқандай" қуанып, басқа маңызды мәселелерді шегере тұрып, өте тез арада бюро өткізді. Бюро мүшелері: "денсаулығына байланысты, өз өтінішімен..." деген, астарына сан қатпар сырды жасырып, безеріп тұрған сөз тіркесін тіркеді де, не айтқан алғысы жоқ, не берген "қарғысы" жоқ, есімі Одаққа, қала берді шет елге белгілі, беделді академикті жұмыстан – Қарағанды мемлекеттік университеті ректорлығынан бір сәтте, бір күнде, басқа жұмыс, ұсынбай-ақ босата қойды. Себебі, оларға Бөкетовтен гөрі жоғарғы жақтың көңілін табу маңыздырақ еді. Бірақ, есі бар елде ғылыми жаңалығы арқылы халық шаруашылығын көтеруге қосқан үлесі ұшан-теңіз академик-ғалымын бұлай күресінге лақтырып, бір күнде жұмыссыз қалдырмайды. Қайта ондай ғұламалардың ұшан-теңіз білімін, ғалымдығын сарқа пайдаланып, ел игілігіне жаратады. Өйткені олар мемлекеттік интеллектуалды байлығы!

Негізі, обкомдағылар жұмыс ұсынбақ болған. Қарағандыдағы ХМИ-дің сол кездегі директоры, Евней ағаның өзі тәрбиелеп өсірген, ғылымға баулыған шәкірті Әбішевті обкомға шақырып, ақылдасқан кезде: "...ол кісінің денсаулығы жарамайды ғой" деп, орнынан атып тұрып, ұстазына ұсынуудың орнына солқылдақтық танытқан. "Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды" деген, үш-ақ адамның арасында болған бұл әңгіме біртіндеп-біртіндеп Евней ағаның құлағына да жетті...

Үйдің қасындағы "Ботсадта" Евней ағаның маңайында қалған аз сырлас достары: Жайық Бектұров, Алексей Иванович Перевертун, жаңаарқалық Ақан, кейде шәкірттері: Сағын, Малышев... кездесіп, қыдыратыны болатын. Мұның өзі жұмыстан босап, уақыты көбейгендегі тапқан әдеті. Ол достарын таппай қалған күні: "Еслам, кеттік қыдыруға" дейтін. Сондай кездерде әңгімесін көп тыңдаған Исламның да айтары көп..

Сондай бір серуеннен Евней аға өте көңілсіз, құр сүлдерін сүйретіп эзер келді. Келді де "Зүке, дәрімді берші" деді де, екеуі кабинетте ұзақ әңгілесті. Ол күні "ботсадта" кіммен кез-

дескенін білмейміз, әйтеуір серуенге келген сырласынан жоғарыдағы обкомда болған әңгімені естіген. Зүбайра апа: "Қонаевтардың қысымынан ол да қорыққан шығар, жас қой..." деп, Евней ағаға басу айтып, шәкірті салған жан жарасын жазбақ болғанмен, болған жайды бізге оңашада баяндай отырып: "...жан-жақтан Евнейді өлтіретін болды..." деп жылап қалды.

Ал, шындығында Евней аға да бұрынғы орны – ХМИ-дің директорлығын ұсынар, оған шәкіртім қарсы болмайды деген сенім де, үміт те болды. Бұл шындықты Евней аға өмірден өтіп, қырқын беріп жатқанда, туыс, дос, шәкірттері алдында Зүбайра апа өзегін өртеген өкініштің өксігін баса алмай, ешкімнің аты-жөнін атамаса да, тұспалдап тұрып қатты-қатты айтты. Оны естігендер қатарында бүгін көзі тірі Евней ағаның туған інісі Қамзабай аға, шәкірті, академик Зейнолла Молдахметов бар. Сондықтан Бөкетов басындағы шытырман оқиғаның бірін айтып, бірін жасырып қалуға болмайды. Себебі, бұл оқиғаның жүрегіне салған жарасы, санасына түсірген салмағы Қонаевтардың "қоқаңынан" кем болған жоқ. Көп ұзамай ауырып, емханаға түсті...

Бәріміз де пендеміз. Қателесу, шалыс басу жұмыр басты пендеге тән. Мүмкін ол Бөкетовке орнын беріп, жоқ жерден жау тауып алармын деп, Қонаевтар қаһарынан ыққан болар, кім білсін?! Әлде, "биіктен" бұйрық келіп, тырп ете алмай, шақшадай басы шарадай болып, ол да азапқа түскен шығар-ау!

Бұл күнде аруакка айналған ол жанды да кінәләп, жер жебіріне жетуден аулақпыз. Біз тек болған оқиғаны болған күйінде баяндадық. Ал, үкімін шығарар әркімнің алтын кеудесі, өз сана-түйсігі биігінде болмақ...

Қонаевтар қаһарынан ыққан тек Әбішев пе екен?! Талайлар "қырсығы тиіп кетер" деп, жалт бұрылған жоқ па?! Бұрын күн сайын денсаулығын сұрап, жанашыр болып жүргендердің өзі бірден өзгеріп сала бермеді ме?!

Тіптен, өлгеннен кейін де көпке дейін әдеби шығармалары еш жерде жарық көрмеді, жарық көрсетпеді. Оның біріне өзіміз куәміз.

Ол кезде мен Қарағандының "Орталық Қазақстан" газетінде тілшімін. Өлетін адам өліп кетті, енді оған қысастық бола қоймас деп, Евней ағаның "Жақыпбектің әңгімесі" деген шағын шығармасын өзіміздің газетке жарияламақ оймен Зүбайра апайдан түпнұсқасын сұрап алдым да, сол кездегі редакторыма ұсындым. Ол кісі оқып көрейін деп алды да, жауап болмаған соң, бір күні қайта редакторға кірдім. "Әңгімесі жаман емес, қазір реті келмей тұр, Алматыдағы ақын-жазушылардың да дүниесі редакция папкасында үйіліп жатыр... жоғалып қалмас үшін өзінде тұра тұрсын..." деді, қан да, жан да шықпайтын әдемі сылтау-сыпайылықпен. Мен: "Бұл – жергілікті автор, өзіміздің академик..." дей беріп едім, түсін суытып: "Әзір мүмкіндік жоқ!" деді, "кете беруіңізге болады" дегенді бар қимылымен, сөз ырғағымен ұқтырып. Бұл әңгіменің "әңгімесі" осымен бітті.

Ал, 1988 жылдың орта шенінде Семейлік жазушы, Евней ағаның шәкірті Медеу Сәрсекеевтің "Ұстазым туралы үзік сыр" деген естелігі келді. Оқып шықтым. Өте шынайы жазылғаны сондай, Евней ағаның тірі тұлғасы көз алдымызға келді. Евней аға тіріліп келгендей қуанып, естелікті ала редакторға келдім. Естелікті баспайды деген еш ойыма да келген жоқ. Себебі, бұл кезде ептеп болса да Бөкетов есімі әр жерде аталып, жазылып, тіптен Нұрсұлтан Назарбаев баяндамасының ішінде жәбірленген қайраткерлер қатарында аталып, ақталғандай болып тұрған. Бұл жолы – "жариялай алмаймыз!" демеді, бірақ, газетке де шықпады. Көп ұзамай ол редакторымыз қызметтен босап, орнына Алматыдан Нұрмухан Оразбеков келді. Бір-екі күннен кейін Медеу Сәрсекеевтің естелігін алып, жаңа редакторға кіріп, жай-жапсарды түсіндірдім. "Оқып шығайын" деп алып қалды да, ертеңіне-ақ, "12 не 13 декабрьдегі номерге" деп қол қойып, теруге жіберді. (Ол түпнұсқа қазір біздің қолымызда). Жан-жағына қарап жалтақтамай, "Ақ үймен" ақылдасайын деп мәймөңкелемей өте тез жариялап жібергеніне дән риза болғанбыз.

Осыдан кейін-ақ Бөкетов туралы естелік айту, жазудың көші басталып кеткен-ді. Бірақ, әлі де Бөкетов туралы бар

шындық айтылды, жазылды деп айта алмаймыз. Бір атақты жазушы айтқан екен: "Ұлылар туралы нағыз шындық ол өлген соң елу жылдан кейін ғана айтылады" деп. Ал, Бөкетовтің қайтыс болғанына жиырма жылдан енді ғана асты. Олай болса болашақ шындық айтушыларға біздің бүгінгі әңгімеміздің септігі тиіп қалар мүмкін.

Біздің бұл күнде еске алып, айтар әңгімеміз өте көп. Он жылдан аса аралас-құралас та болған біздер Евней ағаның отбасында қандай, дос-жолдастары кімдер, ағайын-тумаға қатынасы қалай дегеннің бәрін көріп өстік. Сондықтан оны бір мақаланың ішінде айтып жеткізу мүмкін емес. Бүгінгі әңгіме болашақта айтылар, жазылар үлкен әңгіменің басы ғана.

Талантын таныған күн

1983 жылдың қазанында Зүбайра апамыз 60 жасқа келетін болды. Бірде: "Батырлар, екі айдан кейін апаларың 60-қа келеді. Есеке, екеуіміз бір қой табуымыз керек..." деп қойған болатын. Енді сол күн жақындаған сайын Евней ағадан маза кетті. Бұрынғыдай қолы ұзын емес, бар-жоғы қатардағы ғылыми қызметкер болып қалған кезі. Содан Ислам екеуінің күбір-сыбыр етіп, бір жақтан қой әкелмек болып жүргендерін сезіп қалған Зүбайра апа, кабинетте отырған олардың қасына барып:

– Евней, өзіңнің денсаулығың жоқ, саған біреуден сұрап, бір жақтан барып қой әкелу қажет пе? Үйдегі ет бәріне де жетеді – деді.

– Зүке, бұл жай туған күн емес – юбилей ғой... – дей беріп еді, апа үстірмелетіп:

– Евней, сен мені жақсы білесің, маған даңғаза тойдың керегі жоқ, – деді.

Әкесі Нұртас Ондасыновтың отбасынан алған тәрбиеден бе, әлде жаратушы берген болмыстан ба, әйтеуір, апамыз қонаққа жақын-жуықтардың үйіне болмаса, басқа жерге бармайтын. Алғаш Евней ағаның әдемі киініп, бір тойға кетіп

бара жатқанын көрген біз: "Неге бірге бармайсыз, апа?" дегенімізге: "Я не люблю таких собраний" деп қысқа қайырған. Ал Евней аға қонаққа барғанды, шақырғанды жақсы көретін. Зүбайра апамыздың: "Қонаққа көп барасын, денсаулығыңды ойламайсың..." деп реніш білдіріп жатқанын талай естегенбіз. Аптасына екі-үш қонақ күтеміз десек, бір өтірігі жоқ. Евней ағаның танысы, жора-жолдастары көп болды. Аргысы Москва, Грузия, Украинадан келсе, өзіміздің ақын-жазушыларымыз, ғалымдарымыз бірі – әдейі аттың басын тіреп келіп жатса, бірі – Қарқаралы мен Көкшетауға өтіп бара жатып соғып кететін. Бірақ, аға қызметтен кеткен соң, ол қонақтар да біртіндеп-біртіндеп азая берді...

– Евней, көп қонақ шақырып қажеті қанша, өзіміз – Бөкетовтер мен Ондасыновтар боламыз..., – деді сөзін нығыздай айтып Зүбайра апа.

Содан туған күн – Зүбайра апаның 60 жылдық мерейтойы қазан айында аз ғана ағайын ортасында, үйде аталып өтілді. Аз дегеніміздің өзі жиырма шақты адам болдық. Кешті басынан аяғына дейін Евней ағаның өзі басқарып, жүргізіп отырды. Бұрыннан да бұл үйде бір-ақ тамада бар, ол Евней ағаның өзі. Және ол кісінің тамадалығы да өзгеше, әдеттегідей стол басында отырғандарға жағалай сөз беріп, мыжып тұрып алмайды. Керісінше әр қонаққа мінездеме беріп, жақсы жақтарын айтып, ал енді сол үшін алып қояйықпен бітіреді. Бірақ бұл жолы ол дәстүрді бұзып, Зүбайра апаға жылы лебіздерін өздері білдірсін деді ме, әйтеуір, бәрімізге сөз беріп шықты.

Үзіліс кезінде Ислам фортепьяноға қосылып әдемі, сазды ән айтты, оған бәріміз де қосылдық. Евней аға да қосылайын деп біраз әрекеттеніп еді, тарғыл-тарғыл зор дауысы көптен біресе озып кетті, біресе қалып қоя береді. Бізді күлкі қысып барады. Анда-санда балдыздығымды пайдаланып, калжың айтып қоятыным бар-ды, соған салып: "Аға, Сізге Үлкен театрдың сахнасы болмаса, бұл жер тарлық етеді, әуре болмай-ақ қойсаңыз..." дегеніме зор күлкісін қолдан зорға тежеп, "қық-қық" деп, жалғыз өзі біраз күліп барып тоқтады. Сөйтті де: "Сен, Гүлсім, "әжептәуір ән еді, пұшық келіп

бүлдірді" дегенді айта алмай отырсың-ау", – деді қалжыңыма қалжың айтып.

Бұдан кейін әнге қосылған жоқ, бірақ бар жан-дүниесі ән салып тұрғаны ұшқындаған жанарынан байқалады. Зүбайра апамыз да бір бақытты шақты басынан өткеруде. Жайшылықта қабағы сұстылау көрінетін апамыздың жүзі жылы, бақытты сәттің сезіміне тербеліп отыр. Екеуі бір-біріне жымия қарап қояды. Шырғалаңы мен ләззатты шақтары астасып жатқан, өзгешелеу тағдыр сыйлаған, артта қалған сол күндері екеуі де санамен аралап кеткендей.

– Евней, өлең оқышы, – деді Зүбайра апа бір кезде өтінішті, назды үнмен. Біз елең ете қалдық. Сөзге шебер, білерінің көп екенін бұрын білгенмен өлең оқитын өнерін естігеніміз болмаса, тыңдаудың сәті түспеген-ді. Евней аға Зүбайра апаға жымия қарап: "Ия" деп бір қойды да: "Мен өлең оқымағалы неше жыл?! Ұмытып қалдым ғой", – деді де, аз-кем есіне түсіргендей үндемей, өзімен-өзі отырып қалды. Біз іштей оқыса екен деген тілеуде отырмыз. Бір кезде ақырын жымия отырып, Маяковскийдің "Хорошо" поэмасын бастап кетті. Ұрандап, екпіндетіп емес ақырын ғана әр сөздің мәніне үнін үйлестіре, сезімге бай етіп оқыды. Үнсіз тыңдадық, тоқтаған кезде қол соғып, тағы да оқуына өтініш жасадық. Сол-ақ екен, Зүбайра апа "заказ" бере бастады. Есениннің "Биші бикеш" өлеңін оқуды өтінді. Евней аға оны да бастап кетті.

Ал, кәнекей, ойна, сырнай дегенде
Бытырадай тисін өңшең еденге.
Арнауы бар орамалдың желкілдеп,
Желдей ұйтқы, биші бикеш жеделде!
...Кемпір-шалға пайда болған қызбалық,
Жиналған жұрт барып қалар жүзге анық.
Сенің жібек шашбауыңа қарайды
Құрбыларың іші күйіп қызғанып...

Шабыт шалқып, сезім серпіле береді... Бұдан кейін "Қайран Русь, ел ерке" өлеңін орысша оқыды, өзі орысшадан қазақшаға аударған "Анна Снегина" поэмасынан үзінді оқып ба-

рып тоқтады. Ара-арасында ұмытқан жерлерін ойға түсіріп, сәл-пәл кідіріп барып, жалғай берді. Қасық, шанышқының тықыры тоқтап, бәріміз де сілтідей тұнып, поэзия сиқырына сіңіп барамыз. Бір сәтке бәріміз де өз ойымызбен оңаша қалып, отырған ортаға әрең-әрең оралдық. Риза болғанда еріксіз шығатын: "Молодец!", "Жарайсыз!" деген марапаттау сөздер көмейге келіп кептеліп, тіл ұшына лықсып барып кілт тоқтады. Айтуға батылымыз жетіңкіремей, алақан соға бердік. Зұбайра апа мен Евней аға жастық шақтарына ойша оралған, жүздеріне әдемі бір алау үйірілген. Көңілдің көк кептері сонау-сонау артта қалған күндер биігіне шығып алып, қанаттарын сабалап тұрғандай... Евней ағаның осынша жырды жадына жаңылыспай сақтаған зерделілігіне қайран қалып біз отырмыз!

Міне, Евней ағаны, Арыстанұлы Бөкетовті өз ортасынан биіктетіп, мерейін үстем еткізген осы – зерде мен жады, рухы. Ол жаратушының адамына сыйға берген осындай артықшылығын басқалардан айрықша пайдалана, өзінің өзгелерден өзгеше болуына жұмсай, жарата білді. Зердесі мен жадын, рухы мен жігерін бар әрекеттің атасы – еңбекпен тұздықтады. Оны осы қасиеттер көп тобырдан айрықшалады, абройлы, атақты, беделін биік етті. Ретсіз жерде ренжіп, бас-көз жоқ біреуге байбалам салып, стол тоқпақтайтын мінез мүлдем жат болатын ол кісіге. Қызық, соған карамастан әлде бір күш, әлде бір сиқыр сені өзінің алдында күбіжіктетіп, бірден көсіліп кетуіне жібермейтін. Әйтеуір, түсініп болмайтын түсінде айбар, өзінде сес бартын. Қазір ойлап қарасақ, ол күдірет зерде, жад, рух перзенті – алдына жан салмайтын шешендігінде (және орысша, қазақша бірдей ағады ғой) білгіштігінде, іздемпаз ғалымдығында екен ғой!

– Батырлар-ей, енді тоқтандар, жарар, өзім де шаршап қалдым. Айтылып жүрмеген соң көбі ұмытылып қалыпты... – деп алды да: – Еслам, жаңағы орындаған әндердің шынымен өзіндікі ме? – деді, таңырқаған жүзбен. Оған ыңғайсызданған Ислам: "Иә" дегеннен аспады. Ол жауапқа қанағаттанбаған мен:

– Басқа да өлеңдарі бар, аға. Радиодан "Аққулар" деген әнін жиі береді ғой... – дедім.

– Сенің мұндай талантыңның бар екенін мен бұрын білмедім ғой. Кез-келген адам оқып, диплом алып, тәжірибе жинақтап юрист-заңгер бола алады. Ал ән шығаруды жаратушы саған жазбаса, маған десең он диплом алсаң да шығара алмайсың. Басқамыздан артық көріп, саған талант берген екен батыр, сен оның қадірін білмепсің. Мен кейде ойлаймын, бар қателіктің басы осында ма деп. Ұлы Абай "Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан..." деп айтуын айтып кетті. Бірақ біз оның астарын, мәнін жастарға ашып жеткізудің орнына мектептегі жиналыс-мереке сайын тақпақтап айтып, құрғақ лозунгге айналдырып жібердік. Табиғат шіркін, әрбір адам бойына бір талантын беруін береді, қиыны оны табуда. Бұл жерде ата-ана да, ұстаздар да бала болашағына қырағы қарауы керек. Бұл ойларыңды жылда университетті бітірушілер алдында айтып келемін... – деп, біраз ойларыңды айтып барып тоқтады. Ислам үшін, өнер үшін шын өкініп тұрғаны сөз саптасынан да, айтылу ырғағынан да сезіліп тұр...

Евней аға үлкенге де, кішіге де ретті жерінде әдемі, ұтымды қалжың айта білетін. Бір күні Евней аға:

– Есләм, осы сендер байиын дедіндер-ау, қонаққа шақыруды қойдыңдар, – деді, өзі "осыныма не дер екен дегендей" бізге жымия қарап.

– Бұлардың біреуі студент, біреуі енді ғана жұмыс істеп жатыр, осыларға тискенінді қоймайсың сен де, – деп Зұбайра апамыз біздің сөзімізді сөйлеп, арашаға түсіп жатыр.

– Зүке, сен де түсіне қоймайсың, бұларға қалжың айтпай өлеміз бе?! Ана, Гүлжан мен Манзураға балдыздарым ғой деп қалжың айтсам қайтарым жоқ, орыс болып кеткендер. Не ущемляй единственное мое право, пожалуйста, – деп кеңкілдей күлді.

Рас, қазакилығымызды ұнататын болуы керек осылар түсінеді-ау деп қалжың айтып, әйтеуір Евней аға бізбен әңгімелескенді, үйге жиі келгенімізді ұнататын. Кейде көптеу хабарласпай қалсақ таң атпай, жеті-сегіздерде телефон шалып:

"Батырлар, тірісіңдер ме? Менің творог, айраным бітіп қалды" деп тұратын. Оған біз ренжімейміз, қайта Евнейдей ағамыздың қажетіне жарағанымызға қуана-қуана айраны мен творогін алып жететінбіз. Зұбайра апамыз Евней ағаға облыстық поликлиника берген "Паспорт диабетика" деген талон-қартасын бізге беріп қойған. Сол күндердің куәсіндей талон-карта бізде әлі сақтаулы.

Евней ағаның қалжыңында да бір шындық бар шығар деп, біздер кешікпей қонаққа шақырдық.

Қонаққа келетін күні, сағат 12-нің кезінде телефон соғып:

– Батырлар, бізден басқа шақырған адамдарың көп пе? – деді Евней аға.

– Жоқ, Қанапия аға мен Дина тәтеміз ғана болады,– дедім. Дина тәте екеуіміз асып-сасып, ас әзірлеп жатқанбыз.

– Ә, онда дұрыс қазір мен сендерге бір қонақ алып барамын,– деді Евней аға. Дауысында "сюрприз" жасағысы келген адамның елпілі бар. Біз оған онша мән бере қойған жоқпыз, себебі Евней ағаның үйіне қонақтар белгілі қазақ азаматтары көп келетін, солардың бірі болар дедік те қойдық.

Тура шақырған уақыт-сағат бірде Евней аға:

– "Батырлар, мына ағаларыңды танысыңдар ма?" – деп орта бойлы, қасы тікірейген бір кісімен келіп тұр. Шынымды айтсам, мен танымадым, ал Ислам болса:

– Неге танымаймыз, танимыз! Жоғары шығыңыздар! – деп қазақтың қонағына көрсететін ықыласымен бәйек болып жатты.– Ағамыздың әнін айтамыз да, өзін танымағанымыз ұят шығар,– деді Ислам.

– Бұл – қазақтың мықты азаматы. Бойы кішкентай болғанымен ойы, сезімі биік жігіт,– деп Евней аға кеңкілдеп күліп алды да, бұл Ілия Жақанов деген ағаларың! – деп, менің танымай тұрғанымды түрімнен түсініп маған қарап айтты. Шынында да Евней ағаның Ілиядай ағамызды ерітіп келгеніне қуанып қалдық. Рас, өзіміз күнде айтып жүрген "көптеген әндердің "тірі" авторын көрудің әсері әдемі еді.

Содан әңгіменің бұлағы ағытылды. Көбіне сөйлейтін Ілия ағамыз. Ел-жұртты аралайтын, белгілі өнер адамдарын көп

билетін Ілия ағамыздың әңгімесі өте қызықты. Таскындап келген ойды тоқтата алмай: "Сөзіңіз аузыңызда!" деп, сөйлеп тұрғанды тосылтып, сосын білері мен шешендігін, орысшасы мен қазақшасын астастырып, сөзді төгіп-төгіп жібергенде дүйім елді аузына қарататын Евней ағамыз да бүгінгі тізгінді қонағына бергендей.

Ілия ағамыз Егіндібұлақ, Қарқаралы жақты аралап, ел-жұртпен қауышып, көңілі көтеріңкі күйде екен, әңгіме желісін үзер емес. Әңгімесін әнмен өріп, оның шығу тарихын баяндап отыр. Бір кезде, Ілия шаршады-ау деген сәтте, Евней аға:

– Ал, осында да бір композитор отыр, енді соның әнін тыңдап көрсек қайтеді, – деді. Ілия ағамыз дастарқан басында отырғандарға сұраулы жүзбен қарайды. Евней аға ары қарай:

– Мына Исламның "Аққулар" деген әдемі бір әні бар, өзі радиодан орындалады дейді, мен әлі ести алмай жүрмін. Ілия, сен соны тыңдашы, – деді. Сол-ақ екен Ілия аға:

– Қоя тұрыңыз, ол қай "Аққулар", мынау ма? – деп, әннің қайырмасын айта жөнелді.

Аққулар аңсаған шуақты,

Сезім ғой қанатты, арманым сияқты.

Сыр құмар, жыр құмар, барады жер бетін

Әнімен тербетіп, әсем аққулар, аққулар...

Жерден жеті қоян тапқандай Дина тәтеміз екеуіміз: "осы, осы!" дейміз жарыса. Ислам отыр жымыып.

– Әй, бала, бұл ән-әннің төресі! Сен өз әңгіме ие болмай, біреуді ортақ етіп, не бітіріп жүрсің! – деп, табан астынан Ілия аға Исламға дүрсе қоя беріп. Ислам әңгіме төркінін түсінгендей, ұялып төмен қарайды.

– Ебеке-ау, бұл әннің хикаясы бар. Үнемі радиодан айтылар кезде авторы Ислам Байгисиев пен Байқоңыров деп хабарланады. Бір күні ойланып отырдым да, не болса да осы бір әнде шикілік бар дедім. Әннің ырғағы композитор Байқоңыровтың стиліне келіп тұрған жоқ. Ол кісінің әндері, қолтаңбасын ешкімге шатастыруға болмайды, "полька" жанрында жазатын адам ғой. Рас, ол кісінің де жақсы әндері бар, бірақ

мына "Аққулар" әнінде Байқоңыровтың жаны да, әуені де жоқ, келмейді. Байгисиевті әркім-әркімнен сұрастырып едім ешкім біле қоймады. Өнердің маңында жоқ секілді. Дәу де болса осы баланың көңілі қалып, ән жазуды тоқтатқан-ау деп түйдім де Рақпан Байқоңыровты өзіме шақырттым. Қазақ радиосында музыка бөлімін басқарамын. "Рақпан, бұл біздің әніміз емес, балаға қиянат жасамаңыз, жап-жақсы композитор шыққалы тұрған жас екен, өзімен сөйлесейін десем таба алмай жүргенім... – деп едім, негізі жаман адам емес қой: "Әннің авторы Ислам Байгисиев, менен көмек сұрап келген соң, "аранжировкасын" жасап едім..." демесі бар ма жарықтықтың. Сол сол-ақ екен, "Аққулардан" ол кісінің фамилиясын алып, Ислам Байгисиевтің әні деп хабарлайтын болдық...

– "Аққулар" менің мектепте оныншы класты бітірер кезде шығарған әнім, аға. Оның бүкіл мектеп, қала берді Шу өңірі мен Жамбыл облысы түгел біледі. Тіптен кейіннен ән бүкіл республикаға тарап кетті. Сосын, жазда оқуға Алматыға келген кезде композиторлар одағына бардым, сол кісіге жолығып едім: "әні сенікі, аранжировкасы менікі болады, сосын радиоға өткіземін, соған келісесің бе?" деді. "Әні сенікі" деп тұрған соң келістім. Шынымды айтсам, "аранжировка" дегеніңізді ұғып тұрған да жоқпын, ауылда оқыдық, музыкалық сауатымыз жоқ. Осының бәрін институтта сабақ беретін Майданәлі ағама айтып едім, "Сен осы әннен айырылып қалайын деп жүрсің-ау" деді де, қолымнан жетектеп жазушы Дулат Исабековке алып келді. Әуенін тыңдап болған ол: "мынау бір жақсы ән ғой" деді де, көп ұзамай "Лениншіл жасқа" нотасымен шығарды. Біраз уақыттан соң "Аққулар" радиодан орындала бастады, бірақ менің атыма қосылып Байқоңыровтың да фамилиясы аталып жүрді. Түкке түсінбедім, не істерімді білмедім. Осы тұста оқу бітіріп, жолдамамен Қарағандыға келіп қалдық... Аға, ауылдың баласымыз ғой... – деді Ислам бар аңқаулығы мен аңғалдығын ауылға аударып.

Евней аға:

– Жарайды, ақыры дұрыс болып бітіпті ғой. Одан да сол әнді айтындаршы енді, – деді шыдамы таусылып.

Бар дүниеміз – залда тұрған қоңыр фортопьяно. Әнші-күйші жолдастарымыз көп, үйде күнде концерт десе де болады. Сол фортопьяномен "Аққуларды" ойнап Ислам мен Дина тәтей қосылып әнді салды.

Ән біткен кезде Илия аға:

– Бұл әнді біз радио комитете қазақтың "Полонезі" деп атаймыз. Жүректі тербер сезімге толы ән.

Күні бойы әнге әсерленіп отырған Евней аға өткендегі Зүбайра апаның туған күнінде айтқан: "Мұндай талантыңды білгенде мен сені юрист емес композитор жасаушы едім" дегенін тағы қайталап, Илия ағамызға айтты да: "... консерватория бітірмесе де, жақсы әндер шығарып Шәмші де жүр ғой. Бәлі, Біржан, Ақандар... ше?! Тек өзің жалқау болмасаң болды-дағы..." – деп, көңілінде жүрген бір өкінішті жеңілдеткендей болды.

Содан кейін Илия ағамыз жаңадан шығарған "Толағай" әнін орындады, "Балқантаудың баурайында" айтылды, "Әселім", "Даниярдың әні" шырқалды...

Сол күнгі кештің әсері болар, арада жоқ ардақты Евней ағаны сағынғаннан болар, әйтеуір, ауылымыз шалғай Қанапия аға, Дина тәтемізбен анда-санда кездесе қалсақ болды, сол күндерді еске алып, жарыса, жамырай әңгімелейміз...

Әдетте сәрсенбі, жексенбі күндері Гүлжан екеуіміз келіп Зүбайра апайға үй шаруасына қолғабыс тигіземіз. Әйтпесе, Үкімет өзі салып берген екі қабатты үйдің шаруасын игеріп тастау қиын. Сол әдетімізбен біз сәрсенбі күні сәскеде келіп, енді кешке қайтқалы жатқанымызда Евней аға:

– Есләм, сендер асықпаңдар, одан да сен Қанапияны алып кел, әңгімелесейік, – деді. Содан Зүбайра апа дастарқан жайды, біз ас әзірледік. Ас-шай ішіліп, әңгімелесіп, түнгі сағат 10-нан аса үйге қайттық.

Ал, дүйсенбі күнгі таңғы 8-ден 30 минут өткенде Евней ағаның баласындай болып, сол үйдің тіршілігіне біте-қайнасып жүретін "водитель" Сайлау Исламның жұмысына келіп ең суық, ең сұмдық хабар: "Евней аға қайтыс болды!" – дегенді жеткізді... Басқаны қайдам, біздің отбасы үшін-арқа

сүйер асқар тауымыз, желбіреген туымыз құлағандай болды. Ол кездің қайғысын сөзбен айтып жеткізем деу құр әурешілік. Сөйтсек, өмір соңы – өлім екен ғой...

Шығыс халқында: "Әкенді тірілткің келсе – естелік айт" деген даналық бар. Біз де Евней аға мен Зұбайра апа туралы естелік айтып, оларды осылай тірілткіміз келді. Әрине, біз білер әңгіме бұл ғана емес, ол – көп. Оны бір мақалаға сыйғызу мүмкін де емес. Сондықтан да ғұлама ғалым, аудармашы, сыншы, өнертанушы, азамат Евней Арыстанұлы Бөкетовтің "портретін салатын", болмысын танытар, толықтырар, адамдығын ашар көп-көп естелік-әңгімені алдағы күндерге аманат етеміз.

"Орталық Қазақстан"
17, 19, 24 наурыз 2005 жыл

Бір ауыз сөз

Бекішев Қайыржан,
биология ғылымдарының кандидаты,
доцент

1964 жылдың күзі. Педагогикалық институттың 5-курсында оқып жүрген мен Қарағанды облысы, Нұра жеріндегі Көбетей ауылының Калинин орта мектебінде педагогикалық практиканы өтіп жүргем. Қыркүйек айының соңы. Күз құрғақ, шығармашылық ашық күндер халықтың мамыражай көңілінен шығып, күзгі шаруашылықтарын жинастыруға өте қолайлы уақыт еді. Көбетей ауылы ол кезде Калинин совхозы аталатын. Совхоздың орталық бөлімшесін басқарушы Қуаныш Былқылов сыйлы, шаруашылығы мол азамат болатын. Ал жары Құстия жеңгеміз қонақжай, үйге келген қонақтарды кең көңілмен қарсы алатын дархан ана.

Кешегі Арқа азаматтары С. Сейфуллиннің, С. Талжановтың, А. Асылбековтың, К. Мыңбаевтың елін, Нұра жерін көріп қайтайын деген ойы болса керек. Сол күзде Көбетей ауылындағы Қуекең үйінде Евней Арыстанұлы Бөкетов ағай қонақ болды. Евекенді Қарағандыда жүргенімде Қарағанды химия-металлургия ғылыми институтының директоры деп естігенім болмаса.

көрген жоқ едім. Онда мен жиырма бір жастамын. Таңертең ерте мектепке барып күнделікті жұмысқа кірістік. Мектеп директоры, ертеден ұстаздық қызмет еткен Рақым Асаубаев ел сыйлайтын, қазақ әдебиетінің маманы, тілге шешен азамат.

Сенбі күні таңертең сағат 11-дің кезінде мектеп директоры, барлық мұғалімдер мен оқушылар мектеп алдына жиналсын, ұлы ғалым Е.А. Бөкетовпен танысамыз деп хабарлады. Сабақтағы барлық оқушыларды алып далаға шықтық. Мектеп алды оқушыларға лық толды.

Ол кездегі Калинин орта мектебі "Г" – әрпі тәрізді қолдан құйылған, кірпіштен салынған ұзын барак болатын. Еденнің бәрі қол балшықпен сыланған, оқушылар бір жүріп өткеннен-ақ шаңы аспанға шығып жатады. Төбесі аласа, шатырсыз. Сол мектепті өзіміз, білім алатын алтын ұя мектебіміз деп, бейіштің төріндей көретін едік, қазір орны да жоқ...

Мектеп директоры Р. Сыздықұлы бастаған бір топ мұғалімдер, орталарында ұзын бойлы, батыр денелі, бейтаныс әсем азамат бәрімізбен сыпайы ғана бас изеп амандасты. Мектеп директоры Евней Арыстанұлының Қарағанды қаласынан келген ғалым екендігін, атқарып жатқан қызметі жайлы таныстырып өтті. Кездесу көпке созылған жоқ. Тек менің есімде қалғаны, мектепті аралап көрген Евекеңнің білім ұясының осы уақытқа дейін жүдеу жағдайда тұрғанына қатты қынжылғаны. "Мұндай мектеп қазіргі уақытта, Кеңестер елінде ешқайда жоқ. шығар", – деп маңайындағы халыққа аянышпен қарады. Сол жолғы Евекеңнің осы "бір ауыз сөзі" көп кешікпей облыс басшыларына жетсе керек, тақау жылдары заманның талабына сай жаңа мектеп шаңырақ көтерді ғой.

Аға буынның білгені-іні буынға ілім. "Ғылымда кең даңғыл жоқ", – дейді К. Маркс. Сондықтан ғылымның сәулетті шыңына тек шаршап-шалдығудан қорықпайтын, тасты соқпақтармен тырмысып өрмелей беретін адам ғана шығар... Евней Арыстанұлы "сегіз қырлы, бір сырлы" тұлға еді. Техника ғылымдарының докторы, профессор әрі ақын-жазушы,

аудармашы Евекең ағамыз 1972 жылы Қарағанды Педагогикалық институтының негізінде ашылған ҚарМУ ректоры болып тағайындалды. Педагогикалық институт кезіндегі ректор, марқұм Сәкен Баймұрзин де өте шебер ұйымдастырушы талантты азамат-тын. Евекеңнің келуіне байланысты оқу, білім, тәрбиелік мәні бар шаралар қанатты істерге ұласып, сан қилы жоспар-қиялдар құрылып, үлкен ұлы көш басталды. Яғни Сарыарқа жері, көмірлі қаламыз Қарағандыда білімнің алтын бесігі, жастардың думанды ортасына айналған Қарағанды мемлекеттік университеті бой көтерді. Осылай Евней Арыстанұлының ғылым, оқу, тәрбиесінің басын қосып бір жерде өткізетін шаңырақ көтеру керек деген мақсаты орындалған-ды. Университет іргетасын қалап, шаңырағын көтеруге сол кездегі университет басшылары, проректорлар – Қ. Ермағанбетов, А. Нәрешов, Р. Клещева, Г. Пивень мен Қ. Жуасов, К. Арғынғазин, Ә. Телғарин, Б. Мухаев, П. Кравицкая, Т. Әубәкіров, Б. Жұмабаева сынды декандар және өзге де қызметкерлер Евекеңмен кеңесе отырып тынымсыз еңбек етті. Бірте-бірте Сәкең мен Евекеңнің қолынан ғылымға жолдама алған жас ғалымдар Москва, Алматы, Кеңестер елінің басқа да қалаларында аспирантураны тәмамдап, ғылым докторы, кандидаты атағымен оралып, университет төрт-бес жыл ішінде республикамыздағы іргелі жоғарғы оқу орындарының біріне айналды.

Аттары алты алашқы танылған политехникалық институттың ректоры, академик Ә. Сағынов, медициналық институтының ректоры, профессор Н. Поспелов, Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, академик Е. Бөкетов, жоғарғы милиция мектебінің директоры, генерал-майор, профессор Б. Бейсенов сынды ағаларымыздың ғылым-білімді нығайтуға және жас мамандар дайындауға қосқан үлестері ұшан-теңіз. Олардың өмір жолы, асқан адамгершіліктері болашақ жастарымыз үшін сайрап жатқаны айқын, даңғыл жол, ал гибратты "бір ауыз сөздері" таусылмас асыл қазына, тағылымды тарих болып қала бермек.

"Жастар әлемі"
21 наурыз 2005 жыл

Е. Бөкетовтің ғылыми идеялары және Қазақстанның қазіргі кезеңдегі металлургиясы

*Манат Толымбеков,
техника ғылымдарының докторы,
доцент, ХМИ директоры*

ҚазКСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Жазушылар одағының мүшесі Е.Бөкетов біздің жадымызда жан-жақты дамыған тұлға-талантты ғалым-металлург, химик, өнертапқыш, жазушы, ақын, аудармашы есебінде терең із қалдырды.

Бірінші кезекте оның есімі аймақтың даму үстіндегі химия мен металлургия өнеркәсіптеріне ғылыми қолдау көрсету үшін Орталық Қазақстандағы 1958 жылы құрылған тұңғыш академиялық институттың ғылыми жетістіктері және ғылыми ұйымдастырушылық қызметімен тығыз байланысты. 1960 жылы Химия-металлургия институтының басшылығына келіп, ол Орталық Қазақстанның аса бай минералды ресурстарын игеру, өңдеумен байланысты өзекті проблемаларды шешу үшін ғалымдардың үлкен ұжымын біріктіруге бар қайрат-жігерін жұмсады.

Е. Бөкетовтің басшылығымен жаңа ғылыми бөлімше – түсті, сирек және бытыраңқы элементтер зертханасы ұйымдастырылды. Осы бағыттағы зерттеулер мен ғылыми нәтижелер Қазақстанда өмірге жаңа келе бастаған түсті металлургия үшін баға жетпес құндылық болып табылды. Және де институттың тұңғыш авторлық куәлігі түсті металлургияның нақ осы саласы бойынша алынды. 1969 жылы Балқаш кен-металлургия комбинатының мыс шоғырланыстарын кешенді өңдеу технологиясын игеруге белсенді қатысушы есебінде Е. Бөкетов КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Халькогендер, бірінші кезеңде селен және теллур химиясы мен технологиясы саласындағы Е. Бөкетов негізін қала-

ған ғылыми бағытты ерекше атап өткіміз келеді. Осының нәтижесінде Қарағандыда өткізіліп тұратын халькогендер химиясы мен технологиясы бойынша Бүкілодақтық кеңестер көпшілікке кеңінен белгілі. Осы облыстағы зерттеулер нәтижелері көпке танымал, қомақты және сирек, бытыраңқы элементтер химиясы мен технологиясына арналған оқулықтарға енгізілген.

Қара металлургия мен органикалық химия саласындағы жұмыстар айтарлықтай маңызды. Қазіргі кезде ферроқорытпа саласындағы академик Е. Бөкетов негізін салған ғылыми әзірлемелер кеңінен дамытылды. Е. Бөкетовтің басшылығымен Орталық Қазақстанның іс жүзіндегі барлық марганецті кендерін металлургиялық бағалау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді және іргелі еңбектер монография түрінде жарық көрді:

– Е. Бөкетов, Т. Ғабдуллин, Т. Тәкенов // Орталық Қазақстанның марганец кендерін металлургиялық өңдеу – Алматы: Ғылым, 1979, 184 бет;

– Е. Бөкетов, Т. Ғабдуллин, Т. Тәкенов, С. Байсанов // Марганецтік қождардың физика-химиялық қасиеттері – Алматы: Ғылым, 1984, 200 бет.

Ғылыми-техникалық зерттеулер мен технологиялық даярламалардың нәтижелері Қазақстанның ферроқорытпа саласын дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталды.

1) Қазақстанның ферроқорытпа саласына жана өндіріс-институтта әзірленген прогрессивтік технологиялар бойынша жергілікті шикізаттан марганецтік ферроқорытпалар балқытуды енгізу;

2) өндіріс қалдықтарын пайдалану арқылы белсенді элементті кешенді ферроқорытпалар балқытудың энергия үнемдеуші технологиясын даярлау;

3) ферроқорытпалардың кең таралған сұрыптарын (жоғары көміртекті ферромарганец, силикомарганец және басқалар) өндіру технологияларын жетілдіру;

4) ферроқорытпалар балқыту процестерінің, оның ішінде электротермиялық балқытудың техногендік өнімдеріндегі

фазалық тепе-теңдіктер мен кешенді минералдық шикізатты тотыксыздандырудың көміртермиялық процестері термодинамикасының ілімі іргелі негіздерін дамыту.

Жүргізілген зерттеулердің көмегімен мына машықтық нәтижелерге қол жеткізілді:

1) 1994 жылы "Химпром" АҚ-ның РКЗ-48ф пешінде флюссіз және флюстік тәсілмен құрамында 1%-дан кем кремний бар ФМн78А маркалы көміртекті ферромарганец алынды.

2) Ақсу ферроқорытпа зауытының қуаты 33 МВА пешінде Үшқатын және Жезді шоғырланыстарының майда фракциялары негізіндегі агломераттан ферросиликомарганец алу технологиясы сынақтан өткізілді. Марганецтің шығымы агломераты балқыту кезінде 65,4%-ға, агломераттың бір бөлігін шоғырланыспен ауыстыру кезінде 70,4-ға тең болды.

3) 2003 жылы ТХМЗ ЖШС-нің (Теміртау қаласы) қуаты 60 МВА карбидтік электр пешіне реконструкция жүргізіліп, іске қосылды. Электрпештік агрегаттың балқыту және қосымша құрал-саймандары толық қайта жабдықталды. Боғаш кен орнының марганец кендерінен жоғары көміртекті ферромарганец пен силикомарганецті флюстік балқыту арқылы алу тәсілі тексерілді және өндіріске енгізілді.

4) Ақсу ферроқорытпа зауытында Қазақстан Республикасындағы тұңғыш ферросиликомарганец өндірісі ұйымдастырылды. Қазіргі кезде № 1 цехтың әрбірінің қуаты 33 МВА бүкіл 6 пеші ферросилиций балқытудан мөлшері 180 мың тоннаға дейін ферромарганец өндіруге толық аударылды.

Институт ғалымдары Е. Бөкетовтің идеяларын жүзеге асыра отырып, күрделі құрамды ферроқорытпалар алу кезінде жүретін процестердің негізгі физика-химиялық заңдылықтарын айқындайтын іргелі шарттарына ізденісте жаңа бағыт қалыптастырды. Олар анықтаған ғылыми зерттеулердің мәндері ферросиликоалюминий алудың бірегей технологиясын әзірлеу үшін ілімі негіз болды. Зерттеулер ферросиликоалюминий балқытудың үнемді және технологиясы жеңілдірек процесіне қажетті барлық негізгі сипат-

тамаларды үйлесетін, құрамы оңтайлы моношикізатты іздеуге бағытталды. Аталмыш қорытпаны балқыту кезінде жүретін процестер мен физика-химиялық түрленулер аса күрделі және көп сатылы, сондықтан терең зерттеулерді қажет етеді.

Кремний, алюминий және темірді жоғары температура-лық тотықсыздандыру мәселесіне арналған көпжылдық іргелі жұмыстар зерттеушілердің аса биік кәсіби біліктілігі сапалы болат балқыту үшін Екібастұз бассейнінің күлділігі жоғары көмірлі жыныстарынан кешенді оттегісиздендіргіш ферросиликоалюминий алудың теңдесі жоқ, бірегей технологиясын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Екібастұз қаласында 1998 жылы мини-зауыттың өнімділігі жылына 600 т қорытпаға тең бірінші кезегі, ал 2000 жылы екінші кезегі іске қосылды. Бұл, атап айтқанда, нақтылы түрде жүзеге асқан тұңғыш жұмыс болып табылады.

Химия-металлургия институты қызметкерлерінің осы бағдардағы қол жеткізген нәтижелерін мемлекет екі рет жоғары бағалады. ҚР Үкіметінің қаулыларымен ғалымдар ұжымы 2001 жылы ҚР Минералды шикізатты кешенді өңдеу жөніндегі Ұлттық орталығының Бас директоры, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті Ә. Жәрменов пен ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті Ж. Әбішев (қайтыс болғаннан кейін) басшылығымен техника ғылымдарының докторы С. Байсанов, техника ғылымдарының докторы М. Толымбеков, техника ғылымдарының кандидаты С. Дүйсенбаева "Техногендік шикізатты өңдеу арқылы сапасы әлемдік деңгейге тең ферросиликоалюминий (әлемде тұңғыш рет) және күкірт қышқылының таза сұрыптарын алу технологияларын даярлау және өндірісін ұйымдастыру" және 2003 жылы техника ғылымдарының докторы А. Ақбердин, техника ғылымдарының докторы В. Ким "Қазақстандық ферроқорытпалар сапасының әлемдік деңгейлі және бәсекелі болуына мүмкіндік беретін арнайы мақсатты материалдардың жаңа түрлері: флюстер мен арнаулы кокс алу технологияларын даярлау және өндірісін ұйымдастыру" циклді жұмыстары үшін

Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы Мемлекеттік сыйлықтарға ие болды.

Е. Бөкетов шәкірттері арасынан 23 ғылым докторы, ірі ғалымдар және ғылым ұйымдастырушылары шықты. Көптеген шәкірттері ол бақилық болғаннан кейін ғылым докторлары атанды. Олардың бәрі ұстазын мәңгі есте қалдыру мақсатында көп қызмет атқарды, атқарып жүр және оның идеяларын жүзеге асыруды жалғастыруда.

"Орталық Қазақстан"
19.03.2005 ж.

Евней Бөкетов

*Серік Ақсұңқарұлы,
ақын, жазушы*

Менің ғұмырымның жартысы Қарқаралы мен Алматының арасында өтті. Еңбек демалысым наурызбен тұспа-тұс келеді. Француздардың "Ақындар провинцияда туып, Парижде өледі" деген сөзіне өзінің тағдыр талантымен көзі жеткен екі кісі болса, біреуі мен шығармын.

Рязаның ну ормандарында дүниеге келген бала Есенин орыстың ақшаңқан астанасы Петерборға ақсүйек Александр Блокты іздеп келеді. Орыс табиғатындай тап-таза, мөп-мөлдір өлеңге таң-тамаша болған Блок көзіне жас алып: "Ғұмырынды сақташы, жаным", – деп бәйек болған екен. Бізге мұндай өнердің қамқоршысы құдайы кездесе қойған жоқ. Бірақ, Қарқаралыдан шыға салып, ат басын Алматыға бұрамыз. Қарқаралыдан Алматыға тіке тартар теміржол да, аспан жолы да жоқ. Қарағандының үстінен өткенде жүректі бір тәтті сезім шымырлатып, ордалы ой ұшқыны осып өтуші еді. Қазақтың төбесінен қамшы ойнатқан кеңес заманы төбеден тосырая қарап тұрса да, Қарағанды шаһарының өңінде ерекше бір ұлттық тәкаппарлық, бекзат интеллектуалдық бейне, Сарыарқаны сансыз құрлықтармен күретамырдай қосатын АЗАМАТТЫҚ АҚЫЛ-ОЙ ағыны "менмұндалап" тұрады. Орыстың провинциялық қалашықтарына ұқсас осы-

нау шаһардың көшелерінде ХХ ғасырдың өліарасында көзден ғайып болған ұлттық ренессанс тұлғаларының соңғы тұяғындай Евней-Аға Бөкетов алшаң басып жүруші еді. Қазақтың бір ұлттық университетінің қақ төрінде сол кісі отырған-ды. Алты бақан алауыз бірнеше топ-топ ұсақ-түйек пенде түгілі, әлемдегі азулы соңғы империя да одан именуші еді.

Менің тұла бойы тұңғыш туындым "Жиырмасыншы ғасырдың 20 сәті" жаңа ғана жарық көрген кез. Бірде Ақселеу Сейдімбеков:

– Сені Евней ағаң іздеп жатыр. Ағаға іні сәлем бермеуші ме еді? – деген. Мен таң қалдым. Ол кісі мені біле қояды деп ойламағам. Осындай бір наурызда Алматыға кетіп бара жатқан сапарымда "Қазақстан" қонақ үйінен телефон шалып, ағамен бір көрісу арман екенін жеткізгем. Ол кісі сәлемімді қуана қабыл алып, өзінің төсек тартып жатқанын, сәті келгенде кездесіп әңгімелесуге бейілді екенін айтты.

Бірақ сәті түспеді. Біз кездесе алмадық. Содан бері біраз уақыт өтті. Дүние төңкеріліп түсті. Қазақ егемен ел болып, ғаламға танылды. Бірақ Қарағанды көшелері үңірейіп тұр – Евней аға жоқ!..

Қарағандының әкесі – Кеңес Одағы, енесі – Карлаг. Оны ұлттық шаһарға айналдыру үшін ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒАЛАР керек! Ұлысты Көк Тәңірі жаратады. Тәңірінің жазуымен жарық дүниеге шырылдап келіп адамзат үмбетінің бір бөлшегіне айналған әрбір ұлт пен ұлыстың мандайына туу мен қоса өлу де жазылған. Тентіреген тайпалар текті ұлтқа айналады да, мәртебелі МЕМЛЕКЕТ құрады. Ұлтқа айнала алмай, тоз-тоз боп құрып кеткен ұсақ-түйек тайпалардың көз жасынан арыстан жал мұхиттар мен көк айдын көлдер жаралды ма?! Оларды кім іздейді?! Олардың жоғын кім түгендейді?!

Үндістердің Яман тайпасының соңғы тұяғы АҚШ-тың бір қаласына келіп, фәниден бақиға аттанған. Қазақ ХХІ ғасырда ат жалы, атан қомында жүріп жасаған ұлттық менталитетінен, тілінен, дінінен, мәдениетінен эпосы мен поэзиясынан

айырылып, дүниежүзілік тексіз космополистік цивилизацияға судай сіңіп, сағымдай жоғалып кетпеуі үшін бізге, дәл осы сәтте ҰЛТТЫҚ ТҰЛҒАЛАР – ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТЕР қажет болып тұр!

Евней аға, меніңше, дәл осы кезеңде, исі қазақ ХХІ ғасырға ұжымды ұлт, еңселі ел болып бара ала ма, жоқ па дейтін екіұдай ой кешіп отырған алмағайып заманда тірі болуы керек еді. Алла оны алды-артына қаратпай, ала жөнелді. Өкінішті!

Көресісін көріп, көзіне көк шыбын үймелеген жұрт қана мемлекет бола алатыны шын болса, меніңше, ХАЛЫҚ-АНАНЫҢ құрсағынан ендігі тағы бір Бөкетов туатындай кез болды! Мүмкін, ол қазір тал бесікте тамылжып ұйықтап жатқан болар? Жоқ, әлде, қайранға түскен балықтай, қазақ мектебінде оқып жүр ме? Кім біледі...

Оның да жүрегі күпті, көңілі – алаң. Мұсылман күнпарағын ашып, НАУРЫЗ мейрамы келетін осынау ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ күні, Саған бір тілек айтам, Тәңірім, сол балаға қуат бере гөр!

Екі ғасырдың тоғысында екі ойда отырған осынау жұртқа өз еліне шекесінен қарайтын қу шеке шенеуніктің де, Алматыдағы құнсыз қытай товарын алыс ауылға барып пұлдап, құндап сататын алыпсатардың да, ақ шаңқай сарайларда "Алашым" деп ойбайдан аттан салып, қазақтың қасіретіне мұрнын шүйіріп де керегі жоқ, Тәңірім! Диамат пен истматтан басы апиынша айналған ақымақ оқымыстының да қажеті шамалы. Ұлтқа ұлы тұлға керек! Жер бауырлаған пенденді қайтадан ГОМОСАПИЕНС бейнесіне түсіріп, көзін Көк Тәңіріне қарататын ҚАЗАҚ керек! Аузын аққа жарытып, дүние-мүлік базарынан азамат мәдениетінің алтын бекетіне ат шалдытар РУХАНИЯТ БАЗАРЫНА алып шығатын ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТЕРГЕ зәру мына жұрт!

Қабыл ала гөр, Тәңірі, тілегімізді...

"Орталық Қазақстан"
24.03.2005 жыл

Ебекең туралы үзік сырлар

*Амангелді Құдабаев,
физика-математика ғылымдарының кандидаты,
доцент*

Өткен ғасырда ғылымда өз орнын ойып алған ұлы тұлға – Евней Арыстанұлы Бөкетов туралы оның мерейтойы қарсаңында баспасөз беттерінде материалдар жиі беріліп жүр. Дегенмен, бұл мақалаларда негізінен Ебекеңнің ғылымдағы, әдебиеттегі орнына ерекше көңіл бөлініп, оның адамгершілік, кісілік қасиеттері көлеңкеде қалып келеді. Евней Арыстанұлының өмірбаянындағы ақтаңдақтардың бірі – ол кісінің қызметтен (ректорлықтан) кеткеннен кейінгі бірнеше жылы. Ол таңғаларлық жағдай емес – "Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайдының" кебі келіп, әшейінде жарыққа үймелеген көбелек құсап Ебекеңнің маңынан шықпайтындардың қарасы жоғалып, айналасында азғантай жолдастары, сырластары қалып еді.

1971 жылы күзде әскер қатарындағы борышымды өтеп, елге оралдым. Ендігі ойым – жоғары оқу орнына түсіп, бір мамандықтың құлағын ұстап, ел қатарлы қызмет істеу. Осы ойда жүргенімде 1972 жылдың наурыз айында радиодан (ол кезде жаңалықтың жаршысы сол еді ғой) Қарағанды педагогикалық институтының Қарағанды мемлекеттік университеті болып қайта құрылғанын, оның ректоры болып химия ғылымдарының докторы, профессор Евней Арыстанұлы Бөкетов тағайындалғанын құлағым шалды. Сол кезде атын бірінші рет естіген Ебекеңмен тағдыр қызметтес, дәмдес-тұздас қылар деген ой үш ұйықтасам түсіме кіріп пе екен?..

Радиодан естіген хабарым көңілімнің түпкірінен мықтап орын алып, сол жылы университеттің математика факультетіне оқуға түстім. ҚарМУ – сол кездегі Қазақстандағы екі университеттің бірі, екіншісі біріне қол жеткізбес оқу орны еді ғой.

Қызығы мол студенттік жылдары университеттің қоғамдық жұмыстарына белсене араластым, оқуда да көштен қала қоймадым. Сондықтан болар, университетті жақсы аяқтап,

математика факультетінде жұмыс істеп жүрген жерімнен 1978 жылғы қазанда Евней Арыстанұлы өзіне шақырып алып, ректорлық қызмет ұсынды. Аты аңыз болған Ебекеңмен сол күннен бастап күнде кездесіп, қоян-қолтық жұмыс істедім. Жалпы, менің қызметкер ретінде қалыптасуым сол ұлы адамның көрсеткен үлгісі негізінде жүрді. Евней Арыстанұлы өле-өлгеше "Ұлық болсаң, кіші бол" деген принципті берік ұстанды, мені жас демей, қызметтен тыс уақытта да араласып, қуаныш-қызықты бірге бөлістік.

1979 жылдың күзінің соңы болатын. Бірде Зүбайра Дүйсенқызы (Ебекең үйіндегі жеңгеміз) телефон шалып, келіп кетуімді өтінді. Салып ұрып барсам, Зүкең қамығып "мына ағаң ауырып қалмаса жарар еді, кеше кешкісін Саттар Имашев (сол кездегі идеология жөніндегі хатшы) телефонмен сөйлесіп, Ебекеңе "орныңды босат деді" – деп, жолдасының қызметі емес, денсаулығын уайымдап отыр екен.

Әрине, өз қолымен шаңырағын көтерген ордасынан кету кімге оңай тисін, осы кезде Ебекең көңілсізденіп жүрді, өмірінің ең бір қиын кезі де сол уақыт болар. 1980 жылдың аяғына дейін жолдастары бар, шәкірттері бар, барлығы келіп-кетіп жүріп Ебекеңді жалғызсыратпады. Дегенмен, келушілер саны біртіндеп сұйыла берді. Міне, осы тұста Евней Арыстанұлына жиі барып хал-жағдайын біліп, көңілін аулап жүрдім. Жаздың жаймашуақ күндері Федоров су қоймасына суға түсуге баратынбыз. Сол тұста оның орта тұсында кішкене аралсымақ болатын, дем арасында біз шешінгенше Ебекең сол аралсымаққа дейін үш-төрт рет жүзіп барып келетін. Зор тұлғалы болғанымен, керемет жүзгіш еді, суда өзін еркін сезінетін. Сөйтіп анда-санда суға түсіп, серпіліп келе жатқанда өзінің лабораториясына апарып, көмірден бензин алатын тәжірибелері туралы әңгімелеп, Алла жазса жуық арада бұл жұмысты бітіретінін айтатын. Жалпы бұл жұмыс Ебекеңнің алыс-жақыннан келген жолдас-жораларына, таныстуыстарына сүйсініп айтатын мақтанышы еді.

...1982 жылдың 10 қарашасында, ұмытпасам КОКП Орталық комитетінің Бас хатшысы Л.Брежневтің қайтыс бол-

ған күні болуы керек. Евней Арыстанұлына келдім. Екеуіміз әдеттегідей саябаққа серуендеуге шықтық. Бірақ Ебекеңде үн жоқ. Жарты сағаттай үнсіздіктен кейін маған қарап: "Балам, біздің де күн туар" – деп терең күрсінді. Ебекеңнің көкірегінің қарс айрылуына себебін ойы оралымды, санасы саңылаулы оқырман өзі ұға жатар... Бұл сөздің төркінінен ғалымды қатты қинап жүрген қиянат түйінінің шешілуі жақындағандай сезіндім. Қайткенмен де шиеленіскен шатпақтың шешілуі оңай емес екен.

Иә, Ебекең сөз жоқ, ұлы еді, оның әр сөзінен, әр қимылынан бекзаттықтың лебі есіп тұратын. Айтқан әңгімелері өнегелі, сөздері салмақты келетін еді. "Балықшы балықшыны алыстан таниды" демекші, жақсыға жақсының үйір болатын әдеті, Ебекең де бірқатар игі жасымен аралас болды, ол туралы аз жазылып жүрген жоқ. Бірақ осы жерде де бірер мысал келтіре кетсек артық болмас. Ебекең өзі араласқан азаматтардың кісілігін, кішіпейілдігін, азаматтығын сүйсіне айтып отыратын. Зекең (академик Зейнолла Молдахметов) туралы "бұл ма, бұл Зейнолла – психолог, Құнанбай" – деп сипаттама берген. Сол кездегі жас ғалымдар Көкетаев, Тұрмұхамбетов, Смайлов, Әлмұхамбетовтер туралы өте бір нәзіктікпен "бұл жігіттердің болашағы зор" – деп болжаған еді. Ебекеңнің бұл сөздерінің қате кетпегенін қазір көзіміз көрді.

Бірде Евней Арыстанұлы Мәскеуде Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Акулинцевпен кездескенін әңгімелеген болатын. Акулинцев Қарағандыны сағынатынын, онда тамаша ұйымдастырушы қазақ азаматтарының көптігін айтып, кейбіреуіне тірек бола алмағандығына өкінішін білдірген екен. Әсіресе Қарқаралы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы М. Шаекінді қорғап қала алмағанын ерекше атап, онымен кездесе "менің атымнан кешірім сұра, кешірсін" – деп Ебекеңе аманат артқан екен.

1983 жылдың қараша айының соңғы күні болар, Жұлдыз атты қызым дүниеге келіп, қуанышымды бөлісуге Ебекеңді іздеп үйіне бардым. Зүкең жеңгеміз Евней Арыстанұлының Химия-металлургия институтында бильярд ойнауға кеткенін

айтты. Институтқа барсам Ебекең бильярд қызығына әбден кіріскен екен, өзі жалпы осы ойынды жақсы ойнаушы еді. Ебекең өз қуанышымды жеткізіп, ауылдан шешем келіп жатқанын айттым. Евней Арыстанұлы ойынды тастай салып: "Кеттік сіздің үйге, апайды немересімен құттықтаймын" – деп, алды-артыма қаратпай үйге тартты. Содан шешеймен амандасып, қуанышына құтты болсын айтқаннан кейін: "Апай, мына университетті көтеріміз деп жүріп, ұшып кеттік қой, ештеңе етпейді, жақсы күндер әлі алда" – деп зор денесімен селкілдей, қарқылдап күлді. Ебекеңнің бұл сөзі сол мезетте жүрегімді солқ еткізіп, жадымда жатталып қалды. Біздің үйден шығып бара жатып Ебекең шешеймен қоштасып, Нақияның (зайыбым) мандайынан сүйді. Қайдан білейік, бұл оның мәңгі қоштасқаны екен, арада он шақты күн өткен соң, 13 желтоқсанда Ебекең – бақилық бір жарық жұлдыз сөнді...

Ебекең жайлы айтылар әңгіме аз емес. Осындай ұлы тұлғамен кездесіп, өмір сабағын алғаным, қатар қызмет істегенім, араласқаным үшін өмірімнің ең бір керемет уақыты – сол кісімен тығыз байланыста болған кезім.

"Орталық Қазақстан"
24.03.2005 жыл

Ебіней

*Дәулет Сейсенұлы,
журналист*

Осыдан үш ай шамасы бұрып Ұлттық Ғылым академиясы, республикамыздағы Кен шикізатын кешенді пайдаланудың ұлттық орталығы және "Қазақстан" баспасы белгілі жазушы Медеу Сәрсекенің деректі жаңа туындысы "Ебіней Бокетов" кітабының тұсаукесеріне аripап, Алматыда, академияның төралқа залында, ежелден қалыптасқан рәсімнен өзгешелеу жиын өткізді. Сол жиынға есімі елге мәлім ғылым иелері – академиктер, әсіресе химик ғалымдар мен Е.А. Бокетовті жақсы білетін тарихшы, әдебиетшілер қатысты.

Ғалым-жазушы туралы тағы бір жиын Ебекең білім алған, ғылымдағы алғашқы қадамын бастаған Қ. Сәтбаев атындағы ҰТУ-дың Металлургия институтында өтті. Нақ сондай мерекелік мәжілістер, тұсаукесер рәсімі, ғылыми конференциялар наурыз айының аяқ шепінде ғалымның көп жыл еңбек еткен қаласы Қарағандыда, өзі іргесін бекемдеген химия-металлургия институтында жалғасты.

Осынау игі шараларға орай, ұлт мақтанышына айналған ағамыз туралы ғұмырнамалық кітапты өмірге әкелген жазушы *Медеу СӘРСЕКЕНІ* әңгімеге тартқан едік...

– Сіздің академик Ебіней Бөкетов туралы деректі хикаятыңыздың көлемі артық-кемі жоқ 500 бет. Сонда кеңінен баяндалатын ғалым өміріне қатысты ең маңызды деген оқиғаларды, әрине, бас-басына даралаудың қажеті болмас. Сөйтсе де Ебекеңнің ғылымдағы өмір жолын айқын мысалдар арқылы өрнектеп көрсек...

– Ол кісі кандидаттық диссертациясын 1954 жылы, жасы отызға толмай қорғаған. Алпысқа іліге алмай опат болды. Демек, ғылымдағы ғұмыры небары 30 жыл. Осы орайда, өзі де айтқандай, Ебекең мектепте де, институтта да, тіпті ғылыми, әдеби ғұмырында да шын мәніндегі ұстаздарға жарыған адам. Айталық, ол оқыған металлургия факультетінде өте күшті ғалымдар жұмыс істеген. Бірінші кезекте академик Х.К. Аветисян есімі тілге оралады. Бұл ғалымның металлургия саласы бойынша жазған оқулықтары кешегі Кеңес Одағы ғана емес, 80-жылдарға дейін шетелдерде де оқылған. Сондай ірі оқымыстының бірі В.В. Стендер. Ол Ебінейдің ұғымтал қабілетін студент күнінде байқап, аспирантураға тартқан. Ал академик В.Д. Пономарев жас жағынан Ебіней Арыстанұлынан соншалықты үлкен емес. Ебекең оған да ұстазым деп құрметтеуден жаңылмаған. Өйткені, Пономарев шынайы білгір еді. Басқасын айтпағанда, бүгінде үлкен қарқынмен жұмыс істеп тұрған Павлодар алюминий зауытының технологиясы сол кісінің еңбектеріне негізделген. Біздің толқын студент атанған (1953-1958 жылдар) Ебекеңнің өзі де әлгі білгірлердің ортасынан тұлғаланып тұрушы еді. Сол күннің

өзінде ол белді жұмыстар атқаратын-ды. Мысалы, жасы отыздан аса ҚазГМИ-де бірінші проректор болды.

Ебіней Арыстанұлы бұл жердегі жұмысты тыңнан бастаған. Зертхана, сынақ алаңы, тіпті сонда жұмыс істейтін мамандарды да өзі жинап, өзі де үйреніп, шәкірттерін де жаңа зерттеуге баулыған, тіпті институт жайғасатын үлкен ғимаратқа дейін салғызған. Ал әр жерден шақырылған зерттеушілерді ортақ мақсатқа жұмылдыра білу де айтқанға ғана оңай. Ол үшін ұжымның биік мұраты, ынтамен шұғылданар ісі болуға тиіс. Соны металлург-ғалым Алматыдан ойластырып келген, Қарағандыда немен шұғылданарын, демек, нақты білген. Тек соны кіммен, қалайша жүзеге асырады? Ебекең осы орайда ешкімді атасына, руына, жүзіне, тіпті оны айтасыз, ұлтына қарап бөлмеген. Ол үшін басты мұрат – білімнің, бірдеме білуге ынтаң мен дарының болсын, ізденістен де қажыма... Сол жолда ол ең алдымен Алматыда қалған үздік шәкірті, аспирант Марк Залманович Угорецті шақырған, Қарағандының өзінен де ғылым ынталы талай жасты іздеп тапқан. Осы ретте кәрі Оралдың Пышма қаласына ертеректе ғылыми іс сапармен барғанда танысқан ғылым кандидаты Н.А. Полукарповты іздеуі – өзінше бір хикаят: Николай Алексеевичті іскер сынақшы ретінде ұнатқан, әмбе ол Тургенев, Фет, Некрасов шығармаларын жатқа білетін сұңғыла. Сірә, бұл да екеуінің рухани жақындасуына себеп болған. Ал бюрократтық жүйе осындай жан-жақты білімді адамның тағдырына да балта шапқаны өтірік пе! Әлқисса, Ебекен Пышмаға телефон шалып, Полукарповты іздестірсе, ондағылар: "Ол шіркін қиқарлығынан жаза тартты, міншіл бастықтармен сыйыспай, біржола ішіп кетті", – деседі. Ебекең қоймай іздетіп, оны Одессаның ойыншықтар жасайтын фабрикасында жүкші болып жүрген жерінен тауып, Қарағандыға алғызады. ХМИ директорының алдына келген Полукарпов: "Маскүнем ғалымсымақ сізге неменеге керек" деп жылайтын көрінеді. Институттың жас басшысы оған: "Маған сенің басың керек", депті-міс. Оған үй беріп, қомақты еңбекақы тағайындап, қасына оншақты жас қызметкер қосады.

"Ол келген соң ісіміз алға басып, бұрын кібіртктеп жүрген сынақ сәтті жүріп кетті. Николай Алексеевич бізге жасаған жұмысымызды Жаңалықтар комитетіне қалайша мәлімдеу жолын да үйретті..." – деген-ді маған институттың байырғы зерттеушілері. Қысқасы, ол Ебекеңнің көп бастамасына жақсы қолқанат, әрі сүйеніші бола біліпті.

Ал мұндай жарқын мысал ғалым өмірінде жетіліп артылады. Мәселен, қазірде Яссауи атындағы Түркістан университетінде электро-химик-ғалым Әбдіуәлі Бәйешов ұстаздық етеді. Сол азамат Шымкенттің технология институтын қызыл дипломмен бітірсе де, аспирантураға бір басшының шалағай білімді баласы өтіп кетіп, институтқа қалдырылмай, Петропавлдың жай бір зауытына инженер болып аттанады. Бір жылдан соң ол институттағы ұстаздарының кепілдеме хатымен қиырдағы Ебекеңе келмей ме!.. Осы жігіт ХМИ-да жиырма жылдай уақыт зерттеу жүргізді. Өзі ғана емес, зайыбы Ажар Қоспанқызы екеуі де ғылым докторы болып, Түркістанға нарық кезінде аттанды. Бұрнағы жылы ерлі-зайыпты Бәйешовтер химия саласындағы ірі жаңалығы үшін Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

Бетінде қара металлургияның білгірі атанған ғылым докторы, менің студент досым Төкен Ғабдуллиннің ХМИ-ға тап болу тарихы тіпті қызық. Жұмыс бабымен Қарқаралы төңірегінде барған Ебекеңнің жеңіл мәшинесі батпаққа батып қалады. Ғалым бір төбенің басына шығып, жан-жағына көз салса, иек астынан шопан үйін көреді... Қазақ, шіркіннің, дарқандығы түсінікті жәйт, үй иесі құдайы қонаққа қой сойып, бәйек болып күтеді. Ертеңінде шопан қарт жолаушының оқымысты адам екендігін білген соң, ішіне сыймай жүрген ренішін айтады: "Балам мектепті күміс медальмен бітіріп, өз қатарынан озып, Алматының да Тау-кен институтын жап-жақсы тәмамдап еді, бірақ екі жыл болды, сол шіркін Қарағайлыдағы үлкен кеніштің ұстаханасында балғашы. Сонда ол 15 жыл бойы балғашы болу үшін оқыған ба?..". Ғалым қайт арда аттың басын Қарағайлыға бұрғызады. Ұстаханаға кіріп келсе, кешегі зерек студенті балға соғып тұр дейді. Төкенді ертіп

алып комбинат басшысына барады. Кеудесін астамшылықтың құрты кеулеген шенеунікке жүрегін кернеген ащы сөзін асыра айтады білем... Енді оқиғаның тоқ етеріне түсейін: Төкен досым айналасы жиырма жыл ішінде кандидаттығын да, соңынан докторлығын да қорғады. Қара металлургия ілімінің біздегі алғашқы білгірі атанды, қатал тағдырға не шара, Ақсу, Ақтөбе феррокорытпа өндірістерінде өшпес ізі қалған ғалым болып дүрілдеп тұрғанда, алпысқа да жете алмай опат болды. Қазірде Қазақстаннан мыңдаған тонналап шетке шығатын қымбат феррокорытпаларда Төкен Ғабдолла баласының жеке үлесі таудай десем жаңсақ тұжырым бола қоймас.

Тегінде, Ебекеңнің талантты шәкірттері жоғарыда есімдері аталған 4-5 азаматпен шектелмейді. Дәлел керек пе? Айттайын. Ебекеңнің жетекшілігімен 60-тан астам адам кандидаттығын, соның ішінде 12 ғылым доктор атанды. Бұл сан әлі де еселеп өседі... Ебіней Арыстанұлының шәкірттерінен менің есебімше, қазірдің өзінде оннан астам адам Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

– Осы арада Ебекең ғылымының түп қазығын да түйіндей кеткен жөн болар...

– Металлургия – сан-салалы ғылым. Соның бір тармағы – түсті металдар кенде аз мөлшерде кездеседі. Мысалы, 10 мың тонна полиметалл кенінде небары 3-5 килә селен мен теллур болады. Ал он тонна Жезказған кенінде бес-он грамм рений, ал осьмийдің өзі емес, изотопы кездеседі. Немесе ондаған жылдар бойы зауыттар үймесінде 50-60 килә сирек металл жатады. Кезінде солар аса қажет болмаған, көбіне оны қалай бөлуді білмеген. Немесе аспанға ұшып жатқан түтіннен граммадап сүзген. Өткен ғасырдың 60-жылдарында оларға ділгірлік туды. Айталық, соларсыз осы күнгі қалта телефондары, компьютер, телевизор өмірге енбес еді...

Ебіней Арыстанұлының өмір бойы шұғылданған ілімі – осы сала. Ол кісінің көрегендігі – оның өмірге ділгірлігін алдын ала болжауында. ХМИ-ға келген бетте-ақ ол осы зерттеумен айналысқан. Ебекең өз институтында екі топ құрып, 1960

жылдан әлгі элементтерді отпен күйдіру және ерітіндіде еріту әдістерімен алуды зерттейді. Сегіз жыл сергелдеңге түсуден соң өздері ойлап тапқан екі әдісті де Балқаштың, Оралдың ескі өндірістеріне етене етеді. Ол тәжірибе бастағанда Одақта селенді айыру 40 пайыз мөлшерінде болса, Ебекең тобы 80-90 пайызға көтереді. Бір ғажабы, нақ сондай зерттеу Мәскеуде, Ленинградта, Свердловскіде қоса қабат жүріпті. Бірақ, ХМИ зерттеушілерінің ізденісі бәрінен де ұтымды болған. Айталық, М.З. Угорец тобы ойлап тапқан жана әдіс Германияның Мансфельд зауытында 80-жылдары жүзеге асыпты. Сайып келгенде ХМИ зерттеушілерінің осы саладағы соңғы жаңалықтарына 14 ел (Канада, Швеция, АҚШ, Үндістан, Австралия, Германия және басқалары) қолдануға патент алыпты. Е.А. Бөкетовтің бір өзі 70 жаңалығы үшін арнайы куәлікке ие болған. Әрине, сәтті ізденіс зерттеушілерге айтарлықтай жеміс тергізген: Ебекең өзі докторлық диссертациясын 1966 жылы Мәскеуден қорғаған; арада үш жыл өткен соң Балқаш комбинатында мыс кенін кешенді өңдеу технологиясын дамытуға қосқан соңғы үлесі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды. Бір жылдан соң республика ҒА-ның корреспондент-мүшесі, ал 1975 жылы академигі атанды; өзі ғана емес, көмекші шәкірттері көктемде қаулап шыққан жауқазындай ғылым асуларын игере бастады. Келе-келе зерттеу өрісі кеңейе түсті.

Менделеев кестесінде халькогендер тобы деген бар. Оған 19 элемент кіреді. Соның басы селен, теллур болып әрі қарай жалғаса береді. Халькоген деген сөздің латынша мағынасы – мысқа еріп жүретін, яки түп тегі бір элементтер дегенді білдіреді. Олардың серіктерін халькогенидтер дейді. ХМИ-дың білгір зерттеушілері Ебіней Арыстанұлы жетекші болған алғашқы 12 жылда, одан кейін де осы топтың бәр-бәрін көп мөлшерде, әрі ұтымды бөлудің амалын ойлап тапқан. Сол себепті халькогендер мен халькогенидтерге арналған Бүкілодақтық ғылыми кеңес бұрын химия ілімінің ізі болмаған Қарағанды қаласында өткен. Соның алғашқы екеуіне академик Е. Бөкетов төрағалық еткен. Осыдан-ақ Сарыарқаның кіндік

жонында туған жаңа химия мектебінің табысын, озықтығын аңғаруға болады. Себебі, түү Мәскеуден, Нева жағасынан, кәрі Оралдан келген небір білгір ғалымдар қарағандылық химиктердің іс-тәжірибесін үйренуді намыс көрмеген...

Ебіней Бөкетов мектебі мұнымен шектелмей, зерттеуді өзге саладан да өрістеткен. Мысалы, мышьяк элементі бұрын халькогендер тобына кірмейтін. 80-жылдардың басында өткен екінші кеңесте РАН академигі, Еңбек Ері В.И. Спицин, МГУ-дің кафедра меңгерушісі, әйдік профессор, Еңбек Ері А.В. Новоселова осы элементті халькогендер тобына қосып, Менделеев кестесіне түбегейлі өзгерістер енгізуді ұсыныпты. Ал бұл болса кез келген ғалымның маңдайына сыймайтын ерекше жаңалық! Айта кетер бір жәйт: Ебекең өмірден озған соң Бүкілодақтық халькогендер жайындағы кеңес үш мәрте тағы да Қарағандыда, соның ең соңғысы осы ғасырдың басында өтті. Демек, ұстазы өмірден озған сонда оның дарабоз түлектері алдығы шепті бере қоймаған. Осы жәйтке тағы бір мысал айтайын: Е.А. Бөкетов бертінде Жезқазғанда сирек металмен айналысатын шағын кәсіпорын ашты; оған менің Ебекең жөніндегі кітабыма демеушілік жасаған академик Ә.А. Жәрменов басшылық етуде. Сол кәсіпорын осьмийдің екі-үш килә изотопын Чехияға 40 миллион долларға сатты. Ойлап қарасаң сұмдық мол қаржы! Жоқ, олай емес, тауардың шынайы бағасын білмегендіктен үш есе арзанға берген. Өйткені АҚШ химиктері тазалығы 70 пайыз осьмийді (шындығында одан әрі тазарта алмаған) сол бағаға сатқаны болар кештеу біліпті, ал біздің мамандар оның тазалығын 99,99 пайызға жеткізген.

– Кітабыңызда сіз жаңағы селен хикаясының ХМИ ұжымын сегіз жыл сергелдеңге салғанын тәптіштей жазыпсыз. Қаламгер үшін қызықты да шерлі оқиға! Ал жазбай кеткен жәйттер де болған шығар-ау. Өйткені, ғылым жолы, ашқан жаңалығыңды өміршің ету – асу бермес шыңға өрмелеген альпенистей қиын екені мәлім...

– "Шәкіртсіз – ғалым түл", – деген сөзді, Абай дана айтқан. Шындығында, әлімсақтан келе жатқан қағида. Ал Ебекең

болса бұл уәжге ден қоятынын өмірлік ісімен дәлелдеген. "Менің бақытым – шәкірттерімде!" – дегенді мен ол кісінің аузынан талай мәрте естідім, тіпті соны мақтан тұтатын-ды. Солардың бірегейі – Жантөре Нұрланұлы Әбішев, ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі деңгейіне көтерілген талантты ізбасары. Ебекең ҚарМУ-ге ректор болып ауысқанда, ХМИ-дің тізгінін сол марқұм ұстады. Сол кезден бір оқиғасын айтайын, кітабымда жеріне жеткізе жазбадым, тым одағайлау нәрсе болған соң тереңдеп қазбадым. Әсілі, қазу керек-ті...

Теміртау металлургия комбинатының дүркіреп тұрған шағы. Бертінде үшінші домна іске қосылып, жылына 4 миллион тонна прокат шығару міндеті қойылған. Сол кезде олар шикізаттан тапшылық көре бастайды. Ол жағдайды академик Бөкетов он жыл бұрын болжаған да, болдырмауға қам жасаған: сол үшін Лисаков кеніне жүгінеді, онда қажет кен мол; тек құрамында фосфор көп, бұл болса домнаны отқа төзімді қаптауының соры... Қысқасы сол гәпті түбегейлі шешуде Ебекең ізбасар шәкірті Жантөре Әбішевке жүктейді, арнайы топ құрады. Олар тапсырманы абыроймен атқарып, кенді байыту, боқатын шығару, фосфорды одан қалайша бөлу, қалай қорыту мәмілелерін түбегейлі түрде шешеді... Әлқисса, содан 80-жылдардың басында бұл технология Теміртауда өндіріске енгізіліп Лисаковтың қисапсыз мол кені миллиондаған тонна прокат алуға жол ашады. Ғажап та тиімді технологияға қолы жеткен кәсіпорын басшысы сол үшін КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығын иеленуде жөн көреді; тек өздері төрт-бес кісі болып, ғалымдар үшін ғана бір орын қалдырады білем. Бұл кезде Ебекең ҚарМУ-ден босап, ХМИ-ге аға ғылыми қызметкер дәрежесінде қайта оралған. Ұстазынын алдынан кесе көлденең өтпейтін шәкірттері: идея – сіздікі, жұмысты ақыл-кеңесіңізбен атқардық, сондықтан сыйлық та сіздікі... демей ме! Ебекең жаратылысынан адам баласына тән пендешіліктен жоғары тұра білген тұлға. Қысқасы: "Мен мәртебелі сыйлықты бір рет алдым ғой, ендігі жол – шәкіртім Жантөре, сенікі" – дейді. Бір жылдан кейін Ебекең өмірден озды. Ал келер, 1984 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын

иеленгендер тізімде Ебекең түгіл, оның талантты шәкірті және барлық зерттеуді атқарушы Ж.Н. Әбішев те болмай шығады. Ал мәртебелі сыйлықты бұл іске атымен қатысы болмаған, 1983 жылы осы жайында одақтық "Сталь" журналында жалпылама бір мақала жазған, бірақ сол кезде аты жүріп тұрған бір академиямыз иеленеді. Міне, бірде бетін, бірде артын беретін өмір деген осы, бауырым. Соған кінәлі өмірден өтіп кеткен жандардың аруағын шулатып, пасық ісін қайыра қоздатпайын десең де жөнсіз қиянат ішіңе сыймайды. Мен бұл арада қиянат жасаушылардың атын атап, түсін түстемей отырмын, өйткені сол жасанды лауреат та, Ебекең де, Жантөре де ортамызда жоқ. Кімнің кім екендігін көзі қарақты жандар жақсы біледі...

– **Ебіней Бөкетовтің 1972 жылы ашылған Қарағанды Мемлекеттік университетіне ректор болып тағайындалғаны, ол жерде табаны күректей сегіз жыл қызмет атқарғаны белгілі...**

– Ебекең ғылым үшін жаратылған адам. Сол себепті, ол кісінің университетке барып, жаңа оқу орнының іргесін бекемдеу жолындағы алмағайып ісі – өзі үшін сәтті бола қойған жоқ, ақыры, қызғаныштан іштері күйген әріптестерінің тежеусіз қастандығымен үзілді. Тегінде, университет сынды білім ордасының жөн-жосығы бөлек. Мұнда білім, ғылыммен бірге, жастар тәрбиесімен де айналысу керек, әмбе оған ҚарМУград қалашығының әуре-сарсаңы көп құрылысын қосыңыз... Солай дей тұрғанмен, басқаға нұсқау берумен ғана шектелетін басшы Ебекең емес. Ол бірінші кезекте ұстаздар корпусын нығайтуды ойластырған. Әмбе көбіне оқытушылыққа жастарды шақырған. Басты талап – білімпаздағың. Мысалы, физика факультетіне ол 8 қаладан (Алматы, Мәскеу, Тарту, Новосібір, Том және басқалары) жас мамандарды ұстаздық етуге шақырған. Жаңа университетте ол физикалық химия кафедрасында тездетіп ашыпты. Сол қарсаңда мұндай кафедра Мәскеу университетінде ғана бар екен. ҚазМУ-де сондай кафедра он жылдан соң ашылыпты. Демек, оқу ісінде де Ебекең асқан көрегендік танытқан.

Қалайда қарауындағы университетті физика, химия ғана емес, өзге факультеттерде де озық деңгейде ұстауға тырысқан... Бірде ҚарМУ ректоры Берлинде шыққан журналдан Н.Г. Скопин деген зоологтың мақаласын көреді. Арада көп уақыт өтпей әлгі журналда сол ғалымның тағы бір мақаласы жарияланыпты. Енді ректор қызығушылық танытып, сұрастырса өздерінің доценті, зейнетке шығуға арыз берген қартаң адам. Скопинді шақыртып, аз-кем сөйлескен соң: "Сізге жарты жылдық демалыс беремін, ол жетпесе тағыда уақыт қосамын, докторлыққа жұмысыңызды әзірлеуге отырыңыз", дейді. Сол Скопин жыл ішінде Ленинградқа барып диссертация қорғайды. Ғылыми кеңесте оған: "Сіз осында жиырма жыл бұрын доктор болуға лайық едіңіз, ал мына еңбегіңіз үш докторлыққа татиды", – деген лебіз айтыпты деседі... Небары ғылым кандидаты басқаратын кафедраға сонау ВАК-тан рұқсат алып, аспирантура ашып беру де тек білімді басшының ғана қолынан келеді. Ал сол кафедрада оннан астам оқытушы ғылым кандидаты мен доктор болып шыққан...

Қысқасы, Қарағанды университетінің ғылыми білімдарлық деңгейін көтеруге талай-талай келелі істер істеген. Оның игілігін Ебекеңнің орнын басқандар көрді, өзі болса нақақтан таяқ жеп, портфелін қолтығына қысып кете барды... Бірақ, тәубә делік, тәуелсіздікке қолымыз жеткен кезде сол қиянат түзелді, ҚарМУ қазірде Е.А. Бөкетовтің есіміне ие болды, ректордың бұрынғы кабинетінде мемориалды мұражай ашылып, жаңа ғимараттың алдында арнайы тақта да қойылды.

– Сөз соңында Ебекеңнің әдебиетші, жазушылығына тоқтала кетсек... Сонсоң міне ол кісінің 80 жылдығы келе жатыр ғой. Ал сіздіңше ғалым-жазушыға, біртуар азаматқа осыған дейін қаншалықты құрмет көрсете алдық, тағы не көрсету керек деп ойлайсыз?

– Ебекең ертеректе тіршілік қамымен бірер повесть, романды қазақшалаған. Сонсоң біраз жыл драмалар қойылымына рецензиялар жазып, атакты әртістердің өмірі мен өнер

жолына арналған әдеби портреттері республикалық орыс газеттерінде жиі жарияланған. Маяковский шығармаларының қазақшаға аударылуы жайында жазған сыны жұрт назарына ілігіп, 1954 жылы, аспирант кезінде осы ақын шығармаларының қазақша аудармасы туралы өткен Қазақстан Жазушылар одағының пленумында баяндама жасағаны да оның әдебиетке кездейсоқ келмегеніне мәнді айғақ. Сол жылдары ол Маяковскийдің "Қандала" драмасын да тәржімалаған. Бертінде белгілі ақын С. Есениннің "Анна Снегина" деген эпикалық поэмасын аударған. Мұны енді классикалық дәрежедегі дүние деуге болады. Ебекеңнің көзі тірісінде қазақша және орыс тілдерінде жарық көрген әдеби кітаптары небәрі екеу-ақ – "Атан қомында туған адам" және "Шығармашылық қырлары". Біріншісі алғаш рет 1972 жылы одақтық "Знамя" журналында жарияланған.

1978 жылы "Простор" журналының 8-9 санында "Время светлой судьбы" деген мемуарлық шығармасы (Кейінгі редакциясында "Алты хат") жарық көрді. Осы шығармасы оған сор болып жабысты. Оның бүге-шігесін ғұмырнама кітаптың "Көздеп атқан қастандық октай тиді, Жанға иілмес өр кеуде жан отқа күйді" деген тарауында тәптіштей жаздым. Бұл арада ежіктесем ұзақ сөзге айналады... Ұстазымның оншақты жыл бойы Сәтбаев тақырыбымен айналысқанын да жақсы білемін, түп мақсаты – ұлы ғалым туралы көлемді дүние жазу еді, оны жазатын да еді. Өкінішке қарай, қолы байлаулы болды. Өмірінің соңғы алты жылында ешқандай шығармасы ешқайда жарияланбады. Есімін атауға да жасырын түрде тыйым салынды, газет бетінен қырқылып отырды. Қанекен жайындағы шығармасы балалық шағынан аспай тоқталып қалды. Меніңше, Ебекеңнің ең мықты дүниесі – "Шоқанның қасиетті ісі" атты эссесі еді. Ғалым туралы мұндай мықты дүниені тек ғалым адам ғана жаза алады. Амал не, оны да көзі тірісінде ешқайда басқыза алмай арманда кетті...

Өз атын иемденіп отырған ҚарМУ-дің академик Е.А. Бөкетовтің 80-жылдық мерейтойына орай ғылыми-әдеби еңбек-

терінің 10 томдығын әзірлеп жатқанын естіп отырмын. Оның қақ жартысы әдеби шығармаларын қамтыса керек. Мұның ішінде бұрын ешқайда жарияланбаған туындылары да бар. Мәселен, Шекспирден аударған үш драмасы. Өзінің орысша, қазақша толған өлеңдері мен Есениннен, С. Надсоннан, Маяковскийден аудармалары...

Бір айта кетер ұлағатты жәйт: еліміз тәуелсіздікке көшкен шақта академик Бөкетовтің шынайы бағасы көп жұрттан асыра айтып және әділ бағамдаған адам – бүгінгі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев. Менің пайымдауымша, ол кісі Ебекенді Қарағандыда еңбек жолын бастаған жылдардан жақсы білген, сірә, білім-танымын жете түсініп, ерекше қадір тұтқан. Ебекеннің қабіріндегі алып құлпытас, ХМИ-дың өзі тұрғызған әсем ғимаратының кіреберісіндегі, Алматыдағы тұрған үйіндегі ескерткіш-тақта, Пертопавл мен Қарағандыдағы көшелер мен мектептер, бертіндегі одан да зор игіліктердің бәрі де Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей қолдау-нұсқауымен жүзеге асты. Әмбе өзге жұрт кібіртіктеп, көкейіндегі өксікті ашық айта алмай іштен тынып күсталанып жүргенде, ол кісі 1990 жылы бұл мәселені бір емес, бірнеше мәрте республикалық, одақтық басылымдар бетінде қалың сенді қопара түрген мұзжарғыштай бұзып-жарып, барынша батыл айтты. Сол гәп ұзақ жылғы үнсіздіктің бет пердесін айқара ашуға түрткі болды. Бұл сөздерді әншейін қолпаштау үшін емес, нақты құжаттарды қолға ұстап айтып отырмын. Өмір шындығы осы...

Бүгінде біртуар тұлғамыз Ебіней Бөкетовтің аяулы есімі Қарағанды университетіне ғана емес, исі қазақ елінде қайта оралғаны қуантады. Сол себептен де, ғалым-жазушының мерейтойы баршамызға құтты болсын деймін! Ебінейдей алыптарымызды ұлықтай білейік...

– Әңгімеңізге рахмет!

"Егемен Қазақстан"
25 мамыр 2005ж.

Аңызға айналған Өз аға

*Бақытжан Тобаяқов,
ҚР Ұлттық инженерлік Академиясының
мүше-корреспонденті,
Мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар және
Журналистер одақтарының мүшесі*

Бастайын ән деп еді ол...

*(Академик Ебіней Бөкетовтің
Алматыдағы ескерткіш тақтасының
ашылуында оқылған өлең)*

Ғылым десе көсілетін Есілдей,
Білім десе дархан дала төсіндей
Жайылатын жалпақ жұртқа ортақ ұл:
Әруағы асып, мәртебесін өсіргей.

Жастайынан ілім отын маздатып,
Бастайын ән деп еді ол саздатып,
Қазағымның маңдайында – Ебіней,
Емес шығар елге қонған аз бақыт.

Қаныш салған сара жолды серт етті-ей,
Жарыстардан қалған емес тер төкпей.
Алғырлығы таң қалдырды баршаны,
Сан қырлығы – аңыздардай, ертектей.

Табиғат та пішкен оны молына,
Жәмиғат та түскен аға жолына.
Келер ұрпақ сүйсінеді тамсанып,
Ебіней жазған сап түзеген томына.

...Жанды жұлдыз, артында ізі, өрнегі,
Қалды сөнбей, портрет боп төрдегі.
Ескерткіштер көбейсе де жылма-жыл,
Нағыз тақта – өзі жазған еңбегі!

(2000 ж.)

...1978 жылы республикалық "Простор" журналының екі санында жарияланған академик-жазушы, техника ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ебіней Арыстанұлы Бөкетовтің өзінің ғылым жолындағы тағдыр-талайына арналған "Шуағы мол тағдырымының кездері" атты деректі хикаяты маған үлкен ой салды. Жастайымнан қиялға шомдырған ғылым тұңғығына еркін бойлап кете алмай, Энергетика институтының қабырғасында кейбір сыңаржак, шовинистік пиғылды кеудемсоқтардың кесірінен өгейсіреп жүрген бір шағым еді. Көкірегімді кернеп, сыймай жүрген ішкі ойымды қағазға тізіп, Ебіней ағаға (ол кезде Е. Бөкетов – Қарағанды Мемлекеттік университетінің ректоры) жібергенмін. Сөйтсем бір күні пошташы қыз келіп, маған көлемі үлкенірек хат ұсынып тұр. Ашып қарасам, өз көзіме өзім сенбеймін. Ебекеңнің қолымен жазылған хат. Не керек, сонымен Ебіней аға көзбе-көз бір жүздескенде айналысып жүрген ғылыми тақырыбымды, хал-жағдайымды тәптіштеп сұрады. Ол кісі де көмірден газды әртүрлі технологиялық әдістермен, соның ішінде плазмалық тәсілмен алу ғылымымен шұғылданғандықтан тақырыбымыз бір жерден түйісетін болып шықты.

Ебіней Арыстанұлы негізінен химик-металлург еді, бұл салада 300-ге жуық ғылыми мақалалардың, бірнеше өнертабыстардың, 5-6 кітаптың (оның ішінде оқулығы бар) авторы. Алайда Ебекеңнің ғылыми көкжиегі өте кең-тін. Табиғат заңдарын үйлестіре айтқан кезде, кейде физик пе деп қалатынсың, ал алгоритмдерді түсіндіре жөнелгенде математика пәнінен сабақ беретін аса білікті ұстаз болар дерсің. Кейінірек аяулы ағаның дәрісіне қатысқанымда (ол ауырып жүрген кезі) үзіліссіз 4 сағат өзінің ғылыми идеяларын төгілкеніне куә болдым. Ал соншама уақытта қанша формулаларды, диаграммалар мен кестелерді тақтаға жатқа сызды дейсіз! Не деген зейін, не деген зеректік пен зерделілік!

Мен енді Ебіней ағаның өткен өмір жолын дендеп біле түсуге құмарттым. Ебіней деп аталғанымен, ол кісінің шын аты – Ебінғабиден (араб есімі) болатын. Әке-шешесі ерке-



Академик Е.А. Бөкетовтың мемориалдық музейінің жөнделіп, жаңартылғаннан кейінгі сәтінде Қамзабай Арыстанұлы Бөкетовтың ашылуда сөз сөйлеуі



Академик Е.А. Бөкетовтың музейінде (солдан оңға қарай): Досмағамбетов С.К. – э.ғ.к., профессор, Могильницкий В.М. – журналист, Көкетаев Т.А. – ф.-м.ғ.д., профессор



ҚарМУ-нің алғашқы ректоры, академик Е.А. Бөкетовке орнатылатын ескерткіштің орнына белгі тас қою



Академик Е.А. Бөкетовке орнатылатын ескерткіш орнына тас қою кезінде, оның қызы Ақсұлу сөз сөйлеп тұр. Оң жақта ҚарМУ-нің ректоры Е.К. Көбеев



Ескерткіш орнатылатын орынға Е.А. Бөкетовтың қызы
гүл коюда



ҚарМУ-дің алғашқы ректоры, академик Е.А. Бөкетов
ескерткішінің орнына тас қоюға қатысушылар



Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің ректоры к.ғ.д., профессор Көбеевтің Е.К. құттықтау сөз сөйлеуі



Конференцияға қатысушыларды Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Тұғжанов Е.Л. құттықтауда



Академик Е.А. Бөкетовтың қызы Ақсұлу әкесі туралы естелік айтуы



«Лингва» тіл және аударма институтының ректоры ф.ғ.д., профессор Бөкетова Н.И. сөз сөйлеп тұр



Е.А. Бөкетовтың шәкірті, ХҒА академигі Малышев В.П. сөз сөйледі



ҚР ҰҒА академигі Молдахметов З.М. естелік айтуда



Микрофон алдында Е.А. Бөкетовтың шәкірті, ҚР ҰҒА академигі Жәрменов А.А.



Сөз сөйлеп тұрған ҚР ҰҒА академигі, фитохимия институтының директоры Әдекенов С.М.



ҚР еңбек сіңірген қайраткер, ақын Кәкімбек Сальков естелік айтуда



16. ҚР Жазушылар және Журналистер Одақтарының мүшесі Тобаяков Б.О. сөз сөйлеп тұр



Микрофон алдында «Ебіней Бөкетов» атты кітаптың авторы,
жазушы Медеу Сәрсек



КарМУ-дің ректоры Е.К. Көбеев академиктің інісі Қамзабай
Арыстанұлына шапан жабуда



ҚарМУ-де «Академик Е.К. Бөкетов - ғалым, оқытушы, ойшыл» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылар



ҚарМУ-дің ректоры, профессор Е.К. Көбеев ҚР еңбек сіңірген қайраткері З.М. Молдахметовке шапан жабуда. Оларға ҚР ҰҒА академигі Ж.С. Ақылбаев пен профессор А.Б. Биғалиев қол соғуда



ХМИ-дің ғалымдар кеңесін директор Толымбеков М.Ж. ашты.



22. ХМИ ғылыми кеңесінде “ҚР Ұлттық минералды шикізаттарды кешенді пайдалану орталығы” РМК бас директоры А.А. Жәрменовтың сөз сөйлеуі



Е.А. Бөкетовтың студенттік досы, ҚазССР ҒА
академигі Ғ.Р. Бекжанов сөйлеуде



ҚР минералды ресурстар академиясының Президенті Г.Р. Бекжанов академик Е.А. Бөкетов атындағы дипломды бірінші лауреат З.М. Молдахметовке тапсыруда



СҚМУ-дің “Е. Бөкетовтың ғылыми мұрасы” атты конференциясының президиумы (солдан оңға қарай): Молдахметов З.М., Мансуров Т.А., Әшімов О.Б., Салықов К.С., Сәрсеке М.С.



Солтүстік-Қазақстан облыстық ғылыми-техникалық кітапханасының академик Е.А. Бөкетовке арналған музей бұрышында (солдан оңға қарай): Сәрсеке М.С., Салықов К.С., Мұқанов Қ., Қадіралин Г., Әшімов О.Б.



Конференцияға қатысушылар Петропавл қаласының көрнекті жерлерімен танысуда



Конференцияға қатысушылар Петропавл қаласында



СҚМУ-дің ректоры Әшімов О.Б., акын Салықов К.С., жазушы Сәрсеке М.С.



Е.А. Бекетовтың ата-анасының бейітінің басында: жазушы Медеу Сәрсекке және академиктің туыстары Жақулин У., Жүнісов Т., Баймышев Т. (маусым 2004 ж.).

летіп бала күннен "Ебіней" деп атап кеткен. Ұлы атасының есімі – Бөкет. Астық шықпай, ашаршылық болған жиырма-сыншы жылдары әкесі Арыстан бір күнде жиналып, орыс тамырларына көшіп барады. Ол – бүгінгі Қорған облысы, Мокроусов ауданына қарасты Кіші Кизак деревнясы. Осы деревняда тұңғыш рет Ебіней мектеп табалдырығын аттайды. Кейін Ыбырай ағайынының көмегімен Марьевка село-сындағы орта мектепке ауысады. Мектепте үздік оқығаны үшін 7-сыныпты бітіргенде екі метр шыт кездеме де сыйға алыпты.

Ебекең мектеп қабырғасында жүріп-ақ Сәбит Мұқановтың "Жұмбақ жалау" романының жартысын орысшаға аударып, бүкіл деревня жастары болып кітапты қызыға оқиды (кейін бұл тәржіме еңбегі үшті-күйлі жоғалып кеткен). 1942 жылы әкесі қайтыс болғанда, отбасының бар ауыртпалығы Ебінейге түседі. Көп ұзамай олар ата қоныс, ағайын-туысқанның ортасы – Есілдің оң жағалауындағы Бағанаты ауылына қайта көшеді. Ал, 1945 жылы Ебіней Тау-кен металлургия (қазіргі политехника) институтына түседі. Орыс, шетел классиктерін аударып, газет, журналдарға екі тілде бірдей мақала, очерктер жариялап, алған қаламақысымен 4 іні, 2 қарындасын жеткізеді.

Ебіней аға ұстаздық жолын Қазақтың тау-кен металлургия институтында 5-курста оқып жүрген кезінде төменгі курс студенттеріне дәріс оқудан бастаған. Осы тұста оның ұстаздары да білікті ғалымдар болғандығын баса айтып өткен жөн. Олар – Пономарев, Бричкин, Гульницкий секілді айтулы ғалымдар, соғыс кезінде Москва, Ленинградтан эвакуациямен Алматыға көшіп келген интеллигенция өкілдері еді.

Ебіней Арыстанұлы еңбегінің негізгі ғылыми саласы – металлургия, оның ішінде түсті металлургия химиясы. Бір ғана Бөкетов – Бәешов әдісі қазір Балқаш мыс қорыту зауытында қолданылып, металлургия қалдықтарын дұрыс пайдалануға үлкен үлес қосып келе жатқанынан ғалымның шынайы білімдарлығына көз жеткізуге болғандай. Бұл әдісті одақтық маман-ғалымдар еліміздің түрлі металлургия заводтарына

енгізуде. Ал екінші бір ізденіс аясы, ол көмірден сұйық, газ отындарын алу әдістерін негіздеу. Нақталып айтқанда, Қарағанды көмірінен бензин алу тәсілі арқылы халық шаруашылығын бұрынғыдан да қорландыра түсу еді. Ебекеңнің тың идеялары, өнертапқыштығы Жезқазған, Өскемен, Шымкент түсті металлургия комбинаттарында іс жүзінде асырылуда.

Кішкентайынан көркем әдебиетті құмарта оқып, тарихи романдар мен зерттеулерді назарынан тыс қалдырмайтын, жаратылыстану мен техника құпиялары жөнінде қызу пікір таластыруға еш жалықпайтын Ебіней аға есейе келе бос уақытын ғылымның шешілмеген түйінді мәселелерін тереңдеп пайымдауға арнаған. Аспан көгінде самғап ұшар құстың қанаты бар секілді шын таланттың да төлтума қадір-қасиеттері бар ма деп ойлаймын. Осы тұрғыдан алғанда, Ебекеңнің екінші бір өшпес із қалдырған ғұмырнама беті – ол поэзия, өнер, жазушылық саласы. Ебіней ағаның әдебиетшілік айырықша талантын замандастары да, кейінгі ұрпақ-жастар да толық мойындаған. Мұндай тума таланттардың әріден бастау алатын қайнар көзі де бар-тын.

Біріншіден, Ебінейдің әкесі – Арыстан еті тірі, он саусағынан өнер тамған, сауыққой домбырашы, өлеңші адам болған. Ол кісі етікшілікті де кәсіп етіп, тапқан-таянғанын балаларының оны-мұны қажетіне жаратып отырған. Ал әжесі сүйікті немересі Ебінейге ұзақты түн қисса, аңыз-дастандарды айтудан жалықпаған. Табиғатынан зерек бала әкесі, әжесі айтқан ән-өлеңдерді, қисса ертегілерді зердесіне берік тоқып өскен...

Алдымен ол әдебиет сыншысы ретінде көзге түседі. Әдебиет сындарын орыс тілінде де жазып, көптеп жарыққа шығарады. Содан барып, Василенконың "Артемка" повесін, болгар классигі И. Вазовтың романын, француз жазушысы Эмиль Золяның әңгімелерін қазақшаға тәржімелеп, аудармашылығымен әдебиет сүйер жұртшылықты тәнті етеді. Осы шығармашылығына риза болған москвалық әріптестері тіпті оны "Литературная газетаның" меншікті тілшісіне шақырады. Бірақ оған жас Ебіней келісім бермейді, өйткені жазып жүрген

ғылыми диссертациясын, институттағы қыруар істерін орта жолда үзіп тастауға қимайды.

Әдеби сынмен қатар Ебекең 50-ші жылдары сахналық жаңа қойылымдарға (С. Мұқановтың "Шоқан", Ә. Тәжібаевтың "Майра", Ш. Құсайыновтың "Кеше мен бүгін", т.б.) көркемөнер тұрғысынан баға беріп, газет беттерінде театрлық сын мақалаларын да үзбей жариялап тұрған.

Абай атамыз айтқан тас бұлақтың сусындай шамырқанған шабыт Ебінейдің жан-жүрегін бұлқынытып, шығармашылық қиял отын маздата түскендей. Абзал аға аракідік "Абайды әлі дұрыс оқып, түсініп, меңгере алмай келеміз" деп қалусы еді. Абайға тәңірдей, пайғамбардай сыйынып, аруаған қатты сыйлайтын. Сол себептен Абай мен Пушкин, Лермонтов шығармаларын тәржімелеуді ешбір ойына да алған емес. Оны өзі айтып та жүрді. Ал бірақ Маяковскийді көп аударды, көптеген өлеңдерін жатқа білетін.

Иә, Ебіней аға Қаныш Сәтбаевтың төл шәкірттерінің бірі еді. Қанакең оның әрбір қадамын жіті бақылап, үнемі баулып, бұғанасын бекітіп отырды. Қанағанның ұсынысымен Ебекең Қарағанды химия-металлургия институтына директор болып сайланып, ғылым ордасының алғашқы іргетасын қалады. Ол өзінше жеке әңгіме. Ебіней Бөкетовтің дара тұлғасы сол кездері ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің де ыстық ықыласына бөленді.

Арада біраз жыл өткен соң Е. Бөкетов Мұқаң жайлы портрет-эсселер жазып, жарыққа шығарды. Ауырып жүрген шағында 230 беттік "Қаныштың балалық шағы" туындысын дүниеге әкелді. Өзі де ұлағатты мол ұстаз бола білді. Metallургия, химия, техника салалары бойынша маман-ғалымдар даярлаумен бірге, Қарағанды мемлекеттік университетінде қызмет істеген шақтарында филология факультеттерінің студенттері мен аспиранттарының дипломдық, рефераттық жұмыстарына жетекшілік етті.

Ебіней Арыстанұлы 1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің алғашқы ректоры болып, уығын қадады шаңырағын көтерді. Сол кісінің қажыр-қайратымен универ-

ситеттің небір сәулет өнері жағынан алдыңғы қатарлы ғимараттары, жатақхана корпустары бой көтерді. Жан-жақтан білікті ғалымдар мен ұстаздарды шақырып, оқу орынының профессорлық-оқытушылық құрамын нығайтты. Өзі де металлургия мен химия ғылымдары бойынша ғылыми жаңалықтар ашып, Одаққа, әлемге танылды. Сонымен бірге әдеби творчествосын қалдырмай, бұрқыратып мақалалар жазып, өлең-жыр шығарды, аудармалар жасады.

Алайда бізде етектен тарту деген жаман әдет бар ғой. Бұл мінезімізді Абай да, Ақаң мен Жақаң да сынады, бірақ одан арылатын біз жоқ.

1980 жылдың мамыр айында "Ленинская смена" газетінде Рошин деген біреудің (шамасы псевдонимі болуы керек) "Хлестаковщина" атты мақаласы шықты. Тисе терекке, тимесе бұтаққа дегендей, бастан-аяқ Ебекеңді сынаған. Жазған мақаласы сайқы-мазақ, тіпті сын көтермейді. Кейін білсек, мақала жоғары жақтың нұсқауымен жазылыпты. Сөйтсе, Академияның жиналысында президенттікке лайықты тұлғалар деп үш адамның кандидатурасы аталатын да, олардың құжаттары бекітілуі үшін Мәскеуге жіберіледі. Үшеудің біреуі өз құжатын жолдан алып қалады да, Ебекеңнің құжаты үміткердің бірі ретінде қалып қояды. Иә, батыр адам аңғал келеді. Содан басталады ғой қудалау деген. Шығармалары ешбір жерде басылмайды. Университетке тексергіш өкілдер келіп, айлап-жылдап жатып алады, бірақ та түк таппайды. Сонда да қарабайлық қараулықпен Ебекең орнынан босатылады. Кейін өзімен сөйлескенімізде президенттікке ол кісі ұмтылмаған екен.

– Ойлашы, шырағым, университеттің әлі бітпеген қыруар шаруасы болатын, жазу-сызуым бастан асып жатыр, жаңалықтарды өндіріске енгізуіміз керек. Құжатты сұратқан соң бермеймін бе, өзім болсам Қарағандыда жатырмын, Алматы мен Мәскеуде не ойын болып жатқанын қайдан білейін.

Колбиннің кезінде Қазақ энциклопедиясында істеп жүргенімде сол бір әпербақан жазғыш жұмыстан босатылып, қызмет іздеп біздің редакцияға келіп еді. Қашан да әділет сүйгіш,

өзі де талай актандақтардың бетін ашқан, сарабал да саликалы бас редакторымыз Рымғали Нұрғалиев оны редакция есігінің табалдырығынан аттатқызбағанын өз көзіммен көрдім. Біз зиялы жан Рекеңнің сол бір принципшілдік мінезіне дән риза болдық.

Шынтуайттап келгенде, ғаделетке сүйенсек, Сәтбаевтан кейінгі біртуар тұлға Ебекең еді ғой! Бізде адамның көзі тірісінде мойындау жоқтың қасы. Әйтпесе ғұлама оқымысты десең оқымысты, әдебиетші десең әдебиетші, барлық жағынан бәйгеге түсетін тарлан еді ғой Ебіней Арыстанұлы! Тұлғасы да баяғының батырларындай зор, еңсегей бойлы, кесек бітімді еді. Кезінде Академияның басшысы халықтың ақылшысындай болатын. Сәтбаев өлгеннен кейін оның орнын басқан академик Шапық Шөкин елге шыққанда жан-жақтан жұрт ғұламаның ізбасары кім екен, ұлағатты сөзін тыңдайық деп ағылып келеді екен. Ал, қазір сол Академиямызды жай ғана қоғамдық ұйымға айналдырып жібердік...

Ебекеңнің балаларды кереметтей жақсы көріп, үнемі жанына жақын тұтып жүргендігі туралы оның туған інісі Қамзабай ұзақты күн әңгімелеуден жалыққан емес. Жаңа жылдық қуаныш қарсаңында арнайы қабырға газетін шығарып, онда өз балаларының, інісінің балаларының өлең-такпақтарын ерінбей жапсырып, оқып, өз әулетін, келімді-кетімді қонақтарды мәре-сәре қылады екен. Балалардың спорт ойындарымен шұғылданғанын, ой-өрісі кең боп өсуін әркез қадағалап айтып, ескертіп отырады екен.

Ебіней аға барлығымызға, кішімізге де, үлкенімізге де үлгі, ақыл-парасаты мейлінше дарқан, кісілігі керемет біртуар адам еді. Ілгеріде "Білім және еңбек" ("Зерде") журналында қызмет істеп жүргенімде ол кісінің шығармаларын, інісі Қамзекеңнің естеліктерін жарияладық.

Қазір жаңаша ойлау өмірге дендей енді. Ал біз болсақ әлі де жасқаншақтай өмір сүрдік қой. Исі қазақ түгіл дәмдес, сырлас болған басқа халықтар өкілдерінің өздері оны сыйлап, құрмет тұтып өткен. Көкейде бұғып жатқан құрмет, ілтипат бар да оны жалпақ әлемге жария етіп, іске асыру бар. Осы

соңғысына келгенде аузымызға құм құйыла беретін. Сондай бір шақта "Айналайын халқым-ау, Ебінейдей ұлың болса оған мектеп, көше, шаруашылық аттарын қимау масқара емес пе! Оянсаңшы ұйқыңнан!" деп айтушы ек, құдайға шүкір, ол кісінің аты өзі құрған университетке, туған жеріндегі мектепке, Қарағандының үлкен бір көшесіне берілді. Алматыда тұрған үйіне ескерткіш тақта орнатылды. Ендігі жерде Ебекеңнің 80 жылдығына орай, қарағандылық мүсінші ұзына бойғы тік тұрған ескерткішін жасап бітірген екен. Оны университеттің алдына орнатпақ. Абзал ағаның мерейтойы ұзағынан сүйіндіріп, халқымыздың да мерейін асқақтата берсін деп тілейміз.

*"Қазақстан-Заман"
наурыз 2005 жыл*

Есілден шыққан еңсегей

Бақытжан Тобаяқов

Байтаққа барқадарлы бай-бозымдай,
Қанышқа ерген өзі тай-қозымдай.
Ебіней еңсегейлі ерім дерлік,
Алашта арда емген айбозымдай.

Кезінде болды ғалым – сара жайы,
Бүгінде дара мүлік, дара байы.
Ебекең – арамыздан көкке өрлеген
Қызылжар қырым өлке қарағайы.

Қазаққа тосын керек,
Өсім керек,
Ғылымда болады ғой кесім бөлек.
Ебекең – солтүстікте жайлап аққан
Жағасы көкшекұрақ Есіл дер ек.

Өзі де еміренер бала жанды,
Кезінде дүркіреткен аламанды.

Ебекең – бүткіл дүйім ғылымымен
Қатпары мол қыртысты Қарағанды.

Кез болды теллурменен, селенменен,
Өнерде мәңгі биік өлеңменен.
Ебекең – түбінен тас көрінетін,
Бурабай мөлдіріндей терең дер ем.

Қашанда қайралатын қайрақтардай,
Ғылымға келді өзі сайлап, барлай.
Ебекең – замананың дегдарындай,
Өнерде өрен жүйрік сайдақтардай.

Сөйлесе шешен еді самарымдай.
Көздесе көсем еді қамалымдай.
Ебекең суат еді таусылмайтын,
Шөлдесең шөлің де бір қанарындай.

Бүгінде далам Айдай, қалам Күндей,
Туар ма данышпандар дара бірдей.
Ебекең – өнер жолы, ғылымдағы
Орыстың дарабозы Бородиндей.

Шет қаға шертілгендей шала күйлер,
Қазірде қаптады ғой бала-билер.
Ебекең – ойыменен, сойыменен
Байырғы әмбебабым Фарабилер.

Осы күн алуан би, алуан бай,
Заманға кезіктік қой наруандай.
Бір өзі миллион жығар білімімен
Бар ма екен Ебекеңдей-балуандай.

...Дәл бүгін сырмыз балдай, жыр қызғандай,
Қараңыз, далам қандай, ұл-қыз қандай.
Ғылымның көгіндегі Таң-Шолпандай
Ебекең жана берер жұлдыздардай!

*"Орталық Қазақстан"
наурыз, 2005 ж.*

Ғалымның педагогикалық идеялары

*Айгүл Әбдіразақова,
Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың оқытушысы*

Халқымыздың біртуар перзенттерінің бірі Евней Арыстанұлы Бөкетовтің туғанына 80 жыл толады. Сегіз қырлы, бір сырлы дарын иесінің, үлкен ғалым, педагог, көрнекті жазушының соңында қалдырған ғылыми еңбектері, көркем аудармалары, публицистикалық мақалалары қазір де маңызын жоғалтқан жоқ. Евней Арыстанұлы Бөкетовтің республикамызда жоғары білімді дамытуға да қосқан үлесі зор. Ол Қарағандыда ашылған республикамыздағы екінші университеттің алғашқы ректоры болды. Ғалым университетке ғылымды, халық шаруашылығын және оқу мен мәдениетті алға сүйрейтін тегеурінді күш деп қарады. Университет студенттерінің жан-жақты ғылыми, техникалық, саяси, мәдени жаңалықтармен таныс болуына зер сала отырып, жастарға білім мен тәрбие беру туралы өз пікірін айтып кеткен.

Қазір республикамызда екі университет бар. Мұның өзін жастарға білім беру мен мәдениеттің асқақ қағидаларына тәрбиелеу ісінің жаңа сатысына жетіп отырмыз деп түсінуіміз керек. Әдетте біз тәрбиелі, білімді адамды "мәдениетті адам" – дейміз. Мәдениетті адам дегеніміз маңайындағы кісілермен қарым-қатынасы, білімі, адалдығы, еңбекқорлығы, рухани келбеті тұрғысынан жұртшылықтың талабына сай деген ұғым. Мәдениетті адам деген ұғым "білімді адам" деген ұғымнан кеңірек сияқты. Дегенмен, шын мәдениет білімнен басталады.

Әрине, шын мәдениетті адам болудың бірден-бір жолы өзіңнен бұрынғы буыннан дұрыс тәрбие алу, дұрыс үлгі көру. Сонымен қатар, шын мәдениет пен білім адамға тегін келмейтінін аңғара білу қажет. Адам есейіңкіреген кезде өзіне-өзі тәрбиеші бола білуге тиіс. Бұл үшін жастарға қажырлық пен қайрат қажет. Біз бойымыздағы кемшіліктердің көбін өткен өмірдің қалдығы дейміз. Ол шынында солай. Өз заманымыздың талабына сай азамат болу жолында сол қалдық-

тарды бойдан жедел ажыратып, аластап, адамның мінезін бұзатын қасиеттерден тез арылуға тырысу керек. Аяғын адамгершілік жолынан шалыс басқан жастарды біздің қоғамның ізгі мүдделеріне сай тәртіпке шақырып, жөнге келтіру әрбіріміздің міндетіміз" – деген педагог Е. Бөкетов (Е. Бөкетов. Көкейкесті. С. 1992). Әрине, бұл істе әркімнің бойындағы мінін бетіне басып, төпелеп, ұрғылай беру педагогикалық әдістердің ең жақсысы болмас, ең бастысы – бұл істе адамның өзі қара басының адамгершілік кодексін сақтаудағы қатандығы мен ұстамдылығы болмақ. Сондықтан кемеңгер адамдар ең алдымен өзіне сыншы болған да, өз қара басы ізгілік жолын берік сақтағандықтан, өзгеге де ақыл айтуға, шарапатты жол көрсетуге хақылы болған.

Сонымен бірге ұстаз Е. Бөкетов еліміздің жоғары оқу орындарында өзінің "Ашық лекциясын" оқыған. Евней Арыстанұлы бұл лекцияларда студенттік өмірге кіріспе – студенттік өмірдің қамы мен жайы, қызығы мен арманы, талабы мен тәжірибесі, алмағы мен бермегі жөнінде айтқан. Е. Бөкетов өз лекциясын Тұманбай ақынның бір әдемі өлеңімен бастаған.

Жиырма жаста көрмеген азабыма,
Отыз жасым шынымен жазалы ма.
Жиырма жаста бармаған базарыма
Бүгін бара аламын ба, жолым түсіп,
Қайта алам ба Арманның қолын қысып?

Міне, осы бір тебіреністі, нәзік сезімге толы өлеңнің шумақтарын әдейі келтіріп отырды. Бұл өлеңнің мағынасына қарағанда, адам бар ісін жиырма жаста қамтып қалуы керек сияқты, олай болмаса адамның қалған өмірі өкінішке толы болмақ. Әрине, "Жиырма жаста бармаған базарыма" деген сөздерді сөзбе-сөз түсінетін болсақ, арманға тек жиырма жаста жету керек деген жалған ұғым туады. Мұндай ұғым тумас үшін өлеңнің "Қайта алам ба. Арманның қолын қысып" деген соңғы жолына назар аударсақ, ақын осы үлкен әріппен жазылған Арманның өмір-бақи қолын қысып отыруды

көксейді, сол бір жастағы асыл Арманнан айырылғысы келмейді. Олай болса 18-20 жас Арманның кезеңі, өмірдегі ең бір жауапты шешуші кезең. Оқуға түскендегі бірден-бір мақсат өмірге, елге керекті жақсы маман болып шығу. Қазіргі кезде жастар 3-4 сыныптан бастап өзінің болашақ мамандығын таңдай бастайды. Бұрынғы буын болса мамандық таңдау мәселесінде кенже қалып келді. Мысалға Е. Арыстанұлы мектепте оқығанда кен-металлургия институтына (қазіргі политехникалық) түсем деп ойламаған екен. Сол кездегі өлшеулі қорекке қосымшасы болғандықтан түскен. Мамандығым бойымдағы қабілетіме, табиғи талабыма сай болмай шықты деп қобалжудың себебі бойындағы қасиеті мен мүмкіншілігін орта мектеп бітіргенше көп жағдайда жастың өзі де, ұстаздары да, ата-анасы да түсініп, біле қоймайтынын, кейбір адамның белгілі бір іске бейімділігі кеш білінетінін Бөкетов "Мамандыққа кіріспе" лекциясында жан-жақты түсіндірген. Болашақ ұлы химик 16 жасар Дмитрий Менделеевті анасы Москва не Петербург университетіне түсіре алмай, амалсыздан Петербургтің бас педагогикалық институтына түсірген Менделеевтің химия мамандығына бейімділігі жөнінде анасының да, баласының да ешбір хабары болмаған.

Өз мамандығына бейімділігі ерте, уақтылы білінген адам әрине бақытты адам. Мамандық талғау ісінде адасқандар да болып тұрады. Сүйген мамандық деген – еңбекті белшенен сінірген, маңдай терің мен жаныңның жалыны жұмсалған мамандық. Сондықтан, адастым деп кейін қайту ездін алған беттен қайтпай ілгерілей беру ердің ісі. "Адасқанның алды жөн, арты соқпақ" дегендей, Евней Арыстанұлы мамандықты талғама, кез-келген мамандықты оқи бер, теі еңбек жеңеді деген келте, шолақ ұғымның тұмауын да ойлаған. Тек білім шеңбері кең адам ғана мәдениетті адам қатарына жатпақ та, парасаттылық сондай адамнан шықпақ Оның үстіне жоғары білімі бар маман көбіне азды-көпті коллективте басшы болып қызмет атқарады. Ал коллективт басқару деген біздің ұғымда тәрбиеші болу деген сөз. Тәрбиеші болу үшін адамның жан дүниелік қасиеттері пәктік

ізгілік, әділеттілік сияқты сөздермен сипатталуы қажет деген. Қорыта келгенде, жақсы маман, парасатты адам, беделді азамат болып өсу жолы оңай жол емес, қиын жол, бірақ өмірдің өзгешелігі сол, ізденіс жолы адамгершілікке апарды, ал жеңіл жол, ізденіссіз жол жұпынылық пен мардымсыздыққа апарды.

Ғалымның арманы да, жоспары да көп болды. Ол жаңаның, жастың, жас коллективтің өсуіне көмектесіп, олардың өскендігін көруді бақыт санайтын. Жасампаздыққа, әсем өмір сүруге, халық үшін. Отан үшін пайдалы қызмет ететін жастарды, коллективтерді тәрбиелеуді өз өмірінің арқауы еткен ғұлама ғалым, мерейлі педагог, шебер сөз зергері, өзінің ғылыми, педагогикалық және әдеби мұраларымен арамызда мәңгі жасамақ.

"Орталық Қазақстан"
13.01.2005 ж.

Өмірі мен қызметі – патриотизмнің үлгісі

*Г. Белгібаева,
Е. Бөкетов атындағы
ҚарМУ-дың аға оқытушысы*

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне өшпейтін із қалдырып, өлшеусіз үлес қосқан талай дара дарындарды берген Көкшетау – Қызылжар өңірінде жарық дүние есігін ашқан болашақ академиктің сәби санасына анасының бесік жыры мен Біржан сал, Ақан серілердің кербез әндері, Мағжанның керемет жырлары қатар сіңіп, кеудесіне ұлттық рухтың ұшқынын түсірді деп айтуға толық хақымыз бар.

Он төрт баланы жарық дүниеге әкелген (кейіннен олардың тоғызы шетінеп, бесеуі ғана ер жетіпті), болмыс-бітімі қазақы отбасында, ұлттық тәрбиесінің мәйегіне қанығып өскен Ибнғабиденнің (Евней) бойынан көшпелі ғұмыр кешкен халықтың ұланына тән мінез-құлық пен ерекшеліктерді көреміз. Арыстан ақсақал мен оның екі бауырының ортасындағы жалғыз бала, әжесінің бәсіре немересі болғанына қара-

мастан, шолжандап кетпей, еркеліктің шегінен шықпағаны ертеден белгі берген естеліктің көрінісі іспетті. Кейіннен соңынан бауырлары ерген шақта соларға естияр үлгі, есейген шақта қамқоршы бола білгені жас Евнейдің кеудесінде ұлы жүрек лүпіл қағып өсіп келе жатқанын айғақтағандай. Қанына сіңген қасиетпен жылқы түлігін жақсы көріп, ауылдың шежіре қарттарының көркем кинофильм мен қиял-ғажайып оқиғаға толы романдарға бергісіз әңгімесіне құлақ құрышы қанып өскен бала қиындықтың да дәмін тым ерте татыпты. Жаңа ғана тайға мінетін жастық шағы қазақ ұлтының басына нәубет тудырған, ұлттың үштен бірін қолдан қырған отызыншы жылдардың аштығына тұспа-тұс келіп, отбасы қызыл қарын жас баланың қамы үшін Ресейдің Қорған өңіріне ауа көшуге мәжбүр болады. Болашақ академик сол жерде мектеп табалдырығын аттап, тіл сындырады. Зерек шәкіртінің тұлға болып қалыптасуына сол жылдарда дәріс берген ұстазы, поляк ұлтының өкілі болып, елінің болашағы жолындағы қозғалысқа қатысқаны үшін империяның қуғын-сүргініне ұшыраған отбасының өкілі Августа Иустиновна Тарасова (Каминская) үлкен еңбек сіңірсе керек. Оның есімі Евней Арыстанұлының және оның інісі Қамзекен ақсақалдың естеліктерінде құрметпен аталады.

Ел есін жиып, туған топырағына оралып орныққан шақта тағы бір қасіретті оқиға – ХХ ғасырдың ең зор қырғыны басталып, талай ғұмырды үзіп, тағдырларды тәлкекке салғаны белгілі. Осынау қанды қасап жүріп жатқан 1942 жылдың желтоқсанында Арыстан ақсақал қайтыс болып, үй-ішінің біраз ауыртпашылығы бес баланың ересегі Евнейдің мойнына түседі. "Отан от басынан басталады" деген халық даналығына ұйыған ол анасы Бәлтәйдің жүгін жеңілдету үшін еңбекке араласады. Мектепке кеш барғанына, әр түрлі жағдайға байланысты сыныптар арасында үзіліс болғанына қарамастан, үздік үлгерімге жеткен бозбала Евней тоғызыншы сыныптан кейін тағы да сабағын үзіп, енді өзі оқытушылық жұмыспен айналысады. Халықтың жаппай орысша сауат аша бастағанына санаулы ғана жылдар өткен кезеңде орталау білімі бар

азаматтың мұғалімдік кәсіппен айналысуы таң қалдырмайды. Таң қалдыратыны – сол шақтың өзінде оның жан-жақты адам болғаны – физика, математика, орыс тілі мен әдебиеті, химия, биология пәндерінен сабақ берілгендігі және сонымен бірге сынып жетекшісі, мектеп директорының оқу бөлімі жөніндегі орынбасары қызметтерін қоса атқаруы. Бұл – құрбылары әлі мектеп қабырғасында жүрген бозбала үшін алыптың сыбағасы. Оның үстіне отбасы жағдайына байланысты Евней үш оқу жылы ішінде, жеті жылдығы бар, бастауышы бар, бес мектепте дәріс беруге мәжбүр болады. Бұдан біз, біріншіден, анасы мен бауырларынан тұратын отбасы үшін оның өзін, болашағын құрбандыққа шалуға баратын ізгілікті, қайырымды жүрегін көрсек, екіншіден, ел шетіне опасыздықпен басып кірген жауға деген өшпенділікті, майданға аттанған әке, ағалардың орнына тұрып, еңбегімен жеңіс сәтін жақындата түсуге деген отаншылдықты аңғартамыз.

Жалпы, ет бауыр жақындарына, туған ауылына, өскен өңіріне, еліне, жеріне, адамзат баласы мен ол мекен еткен жер-жаһанға жанашырлық, іңкәрлік сезіммен қарау Евней Арыстанұлының өмір жолында айқын көрініс береді. Мәселен, 1945 жылдың ерте жазында мектеп бітіретін түлектермен бірге мемлекеттік емтиханды экстерн тапсырып, қолына аттестат алған ол оқу іздеп Алматыға жол тартады. Сол кездегі республика астанасындағы Тау-кен металлургия институтына түсіп, студент аталған жылдары, соғыстан қалжырап шыққан елдің түлкі құрсақ шағында өзі тоя тамақ ішпей жүрген жас жігіт қолындағы азғантай қаржысын ірке жұмсап ауылдағы анасы мен бауырларына септігін тигізеді екен. Бұл жайлы ең кенже інісіне жазған соңғы хатында Евней Арыстанұлы былай деп еске алады: "...Студенттік жылдар. Марқұм Бәлтәй Қамзабай екеуі кейде үйден жолдамамен азық жібереді. Мен май жемеймін, оны базарға апарып сатамын да, ақшасына шай сатып алып, ауылға салып жіберемін. Бір жолы майды тұздамаған болу керек, оған құрт түсіпті (1947 жылдың күзі екені есімде). Майды плитаға қойып, еріттім де, қайнап барып қатқан майды базарға апарып саттым. Тағы да шай

алып, үйге жібердім, жағдайдың ауырлығы осылай жасауға мәжбүр етті". Азаматтық құлқын құлы болмай, ана мен іні-қарындастары алдындағы туыстық парызды өтеуге осыншама қамқорлық танытуы, құштарлық білдіруі оның бойындағы туысқаншылдық, отаншылдық сезімнің қаншалықты мөлдір һәм асқақ екенін көрсетсе керек. Жоғарыда үзінді келтірілген хаттың тағы бір жеріне көз жүгіртелік. Онда Евнейдің орталау біліммен мектепте сабақ беріп жүрген кезі, Ұлы Отан соғысының қиындық пен қасіретке толы жылдарының шынайы көрінісі көз алдымызға келеді: "...Бір талонға мен саған бәтеңке сатып алып, үйге әкелдім. "Ой, менің қарашығым-ай, бәтеңкені бекер алғансың, одан да көйлектік материалың дұрыс еді..." деді Бәлтай. Өзімді сынап көрмекке бел байлағаным, сені екі жарым жаста болсаң да әлі жүрмейсің, аяқтарың кішкентай, жүдеусің (жартылай ашөзек), сені тіземе отырғызып, сенің аяғыңа бәтеңкені кигіздім. Мен бауын байлап біткенше, сен "эй-эй-эй" деп таңдана бастадың. Қуанғаннан менің тіземнен сырғып түсіп, аяғыңнан тік тұрдың да, шайқала жүріп кеттің. Марқұм Бәлтай көзіне келген жасты ұстай алмай, өксіп жылады, оған мен де қосыла жыладым. Бұл сенің қуанышыңа ортақтасқан қуанышты жылас екені әлі де естен кетпейді..." – деп жазады ғалым, керемет педагог, ең алдымен кемеңгер патриот Е. Бөкетов.

Евней Арыстанұлы қоғамдық өмірінің өзі араласқан барлық саласында үлкен белсенділікпен, жауапкершілікпен жұмыс істеді. Осынау парыз оның еліне, туған жеріне деген құрметпен, оның болашағына деген жанашырлық пен сенімнен бастау алғандығы күмән туғызбайды. Мәселен, ол өзінің даңқын шығарған ғылым саласында зерттеу жұмысымен айналысып, ғылыми лауазымға қол жеткізіп қана қойған жоқ. сонымен бірге елдің экономикалық күш-қуатын нығайтатын өндірістік жаңалықтар ашу мүмкіндігіне ие болды. Е. Бөкетовтің "Мыс электролиттің қалдығынан селен мен теллурды айырып бөліп алу" деген тақырыптағы докторлық диссертациясы сол кезеңдегі Одаққа қыруар пайда келтіргенін мәскеулік ғалымдардың мойындауына тура келді. Ғалымның онда-

ған жаңалықтары озық технологиялық процестерді жасақтауға және оларды өндіріске енгізуге негізделгені белгілі. Соның бірі шикізатты кешенді пайдалану мен оттегін қолдану арқылы мыс балқымасын жедел арттыра отырып, конвертордан аластаушы газ құрамынан күкірт қышқылы мен ренийлі өнім алу деп аталатын жаңалық алпысыншы жылдардың соңына қарай Балқаш Кен-металлургия комбинатында өндіріске енгізілді. Сөйтіп, арасында Евней Арыстанұлы бар бір топ ғалымға КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Өйткені, аталған тәсілмен өндірілген мыстың тазалығы ел қазынасын молайтуға қосылған сүбелі үлес болды.

Бүгінгі күні бүкіл Қазақстан Республикасының машақатына айналып, шет елдердің қызығушылығын тудырып отырған, құны алтыннан әлдеқайда бағалы сирек металдарды комбинат түтіндігінен шығатын улы газдардан сүзіп алу тәсілдері де Евней Арыстанұлы Қарағанды химия металлургия институтының басқарып тұрған шақта жедел дамыған еді. Бұл – үлкен ғалымның өз елінің болашағына сенуі, оның кемелді келешегі жолында қалтқысыз қызмет етуі десек, асыра айтқандық емес.

Әйгілі академиктің тағы бір қыры – ұстаздық еңбегі. Сонау қырқыншы жылдардың қытымыр кезеңінде, бозбала шағында басталған оқытушылық қызметі оның ғұмырының соңына шейін ұласып жатты. Өзі тәмамдаған Тау-кен металлургия институтында аспирант болып қалдырылған күннен басталған лабораториялық зерттеулері ұстаздыққа ұласып, 1954 жылы ғылыми атақ алған кезден бастап жарық дүниеден баз кешкенше үзілген емес десек, көп қателеспейміз. Тіпті, 1960 жылы қазақтың тағы бір ғұлама перзенті, республика Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ұсынысымен Қазақ КСР-і Ғылым Академиясының Химия-металлургия институтына директор болып тағайындалған сәтінде де мұғалімдік міндетті қоса атқарғаны күмәнсіз. Қарағанды педагогикалық институтында дәріс бере жүріп, ғылым саласында шәкірттер әзірлеуге де уақыт тауыпты. Жалпы Евней Арыстанұлының жетекшілігі-

мен б1 ғылым кандидаты даярланыпты. Олардың он алтысы кейін ғылым докторы болды. Мұның бәрі тынымсыз тұлғаның елі мен жері үшін жасаған қыруар еңбегінің бір парасы ғана. Сөзіміз дәлелді болуы үшін академиктің "Досқа алты хат" еңбегіндегі мына бір пікірді алдыға тартамыз: "...ғылыми атақ алу әркімнің қара басының ісі емес, ғылыми қызметкерлер семьяға емес, мемлекет пен ғылымға керек". Бұл – ұлттық мүддені, мемлекет алдындағы жауапкершілікті терен сезінген биік парасат иесінің өзінен кейінгі ұрпаққа өсиет еткен ойы.

1972 жылы республикадағы екінші университетке, бүгінгі таңда өзінің есімін иеленген жоғары оқу орнына ректор болып барған шағында да Е. Бөкетов шәкірттері алдындағы парызын мойнынан сыпырып тастап, таза әкімшілік жұмыстың ауданына кетпегені белгілі. Ол химия факультетінің студенттеріне органикалық химиядан дәріс берумен шектелмей, оқу орнын тәмамдағандардың біразының диплом жұмысына жетекшілік жасауға үлгерген. Тек химия факультетінде оқитындарға ғана емес, филология факультетін бітіргендердің де екеу-үшеуіне жыл сайын жетекшілік ету дәстүрге айналған көрініс еді. Бұл дегеніміз, Евней Арыстанұлының ғаламат жұмыс қабілетін ғана емес, ұрпақ алдындағы жауапкершілікке адалдығын, отаншылдық қасиетін паш етеді.

Жоғарыда біз әйгілі ғалым, ұлағатты ұстаздың көп қырлылығы, жан-жақты таланты жайлы әңгіме қозғадық. Ол – ақиқат. Солардың ішінде Евней Арыстанұлын Толағайдай тұлғаландырып көрсететін бір ерекшелігі – әдебиетшілігі. Академик бұл тұрғыдан алғанда да алуан қырлы алмастай жарқылдайды. Ол – публицист. Ол – сыншы. Ол – аудармашы. Жаратылыстану ғылымы мен гуманитарлық пәндерді тең дәрежеде меңгерген бозбала шағында оған болашақ мамандықты таңдау оңайға соқпаса керек. Қарағанды мемлекеттік университетінде өткен бір кездесу үстінде жастардың қойған сұрағына орай ол төмендегідей жауап берген екен: "...Мен Қазақстанның астанасына оқуға келе жатқан уақытта тіл және әдебиет пәнінің мұғалімі болуды, бірақ өзімнен құпияда жа-

зушылықты армандадым. Филология факультетіне түспекші болып жүрдім. Жолдастарымның әдебиетпен кашан болмасын, қай кезде болса айналыса беруге болады дегеніне көніп, металлургия мамандығы жайлы түсінігім көмескі бола тұра, материалдық жағдайды ойлап (стипендиясы басқалардан 2 есе көп) құжаттарды Кен-металлургиялық институтқа өткіздім".

Жаратылысынан қабілет-қарымы ұшан-теңіз Евней Арыстанұлы институты жаңа тәмамдаған жас маман кезінде әбден сын жанрына қалам тербейді. Бұл, біріншіден, таланттың сыртқа бұрқырап шыққан екпіні болса, екіншіден, материалдық жағдайын түзеуге ұмтылушылық, яғни қаламақы тауып, түлкі құрсак халден құтылу. Сөйтіп, ол елімізге танымал жазушылардың еңбектеріне пікір жазып, газет-журнал беттеріне жариялата бастайды. Сонын ішінде ең елеулісі Ғабит Мүсірепов сынды сөз зергерінің "Оянған өлке" тәрізді романын – тұтас бір өңірдегі оқиғаларды арқау еткен көркем полотносын жіліктеп талдауы еді. Жап-жас аспирант – металлург "Достықтың қайнар көзінде" атты осы мақаласында романның көркем де құнарлы тілін, әдебиетке қойылатын талаптарды жазушының шеберлікпен игергенін көрсете отырып, орынды сын да айтады. Ол оқиға болған кезеңдегі қоғамдық жағдайлардың ерекшелігіне тоқталады да, өзіндік ой қорытады: "Марксизм ол кезде онша кең тарала қоймаған. Егер Ғ. Мүсіреповтің суреттеуін осы тұрғыдан ойластырсак, онда Елизавета Быковнаның өмірде болуы қисынсыз. "Оянған өлкенің" авторына дұрыс, айқындалған теориясы мен нақты мақсаты жоқ сол кезеңдегі төңкеріске ниеттенген орыс интеллигенциясының іс-әрекеті мен рухани келбеті арасындағы карама-қайшылық Быкова бейнесінде де көрініс беруі керектігін шешіп алуы керек еді". Мұндай талдау көркем шығарманың мәнін ашатынын, шынайы бағасын беретіні өрелі оқырманға түсінікті. Дәл осылай жіліктеп қарастыру Ғабиден Мұстафиннің "Қарағанды" романына да жасалды.

Е. Бөкетовтің "Әдебиет және искусство" ("Жұлдыз") және "Қазақстан коммунисі" ("Ақиқат") журналдарында басылған

"Сын және библиография" деген мақаласы тек сол уақыттың ғана емес, арада жарты ғасырдан астам мезгіл өткен осы кезеңнің де көкейкесті мәселелерін қамтиды. Патриотизм мен интернационализмге әлемдегі тепе-теңдікті сақтап тұрған күдіретті күш ретінде сипаттама береді.

Ғылыми-педагогикалық жұмыстармен айналысып жүрген шағында С. Мұқановтың "Шоқан Уәлиханов", Ә. Тәжібаевтың "Майра", З. Шашкин мен М. Гольблоттың "Тоқаш Боккин", Ш. Құсайыновтың "Кеше мен бүгін" атты драмалық шығармаларының сахналануын талдап, рецензиялар жазды. Оларда оқиғаның даму барысын сипаттап, актерлердің ойнау шеберліктеріне баға берумен ғана шектелмей, уақыт, кеңістік, қоғам деген күдіретті үш ұғымның ішінде адамның алатын орны қандай деген мәңгілік сауалға авторлардың, қоюшы-режиссерлердің қалай жауап беретінін бағамдады. Екі-үш жыл мұғдарында республиканың мәдени өміріндегі өзгерістер мен құбылыстарға қатысты он бес мақала мен рецензия жарияланып үлгерген Евней Арыстанұлына "Литературная газетаның" Қазақстандағы меншікті тілшісі болуға ұсыныс та жасалған екен. Идеологиялық жұмыстың қаншалықты маңызды екенін сезіне тұрып, ғалым-металлург жаратылыстану саласында еліне көбірек пайда келтіретін, ал өзін толғандыратын ой-пікірлерін мерзімді басылым бетінде жариялап тұру азаматтық парыз деп түсінетінін алдыға тартады.

Ғұлама ғалымның қаламгерлік тұлғасына ерекше әсер еткендердің бірі – Маяковский. Орыстың кемел ақынымен әдебиет сыншысы ретінде танысып, "В.В. Маяковский шығармаларының қазақ тіліндегі тәржімесі туралы" және "Ғаламат қару-жарак" деген мақалалардан басталған шығармашылық әріптестік кейіннен әйгілі "Керемет" ("Хорошо") поэмасын аударуға ұласады. Ақынның шығармашылығына деген сүйіспеншілігін ғалым: "Озық, дамушы дүниені даңққа бөлей отырып, Маяковский таң-тамаша қалып, қызықтап бақылаушы емес, жаңа өмірді құрушы, қайсар әрі белсенді күрескер бұқараны бастаушы және бір мезгілде халыққа еңбегін аянбай сіңіруші ретінде көріне білді" деген сөйлемдермен жет-

кізеді. "Атаның баласы болма, адамның баласы бол" деген қағидаға имандай сенетін биік парасат иесінің интернационалдық кескін-кейпін осыдан аңғарамыз. Евней Арыстанұлы сонау елуінші жылдардың соңында В. Маяковскийдің "Қандала" деген өлеңін, И. Василенконың "Артемка" повесін, француздың кемеңгер жазушысы Э. Золяның әңгімелері мен мақалаларын, болгар классигі И. Вазовтың "Бұғауда" романын қазақ тілінде сөйлетті. Албырт шағында әдебиетші болуды армандап, тағдырдың жазуымен ғалым-металлург болған Е. Бөкетовтың өз қаламгерлігін қалай бағалағанын білу үшін өзін тыңдайық: "Мен өзімнің әдеби жұмыстарыма қалай қараймын? Қанағат сезіммен жақсы қараймын. Бұлар аудармалар мен пікірлер. Оның жазылу себептері өте көп, бұл қажеттіліктен туды. Аудармамен айналыса бастауым – ең алдымен орыс тілін меңгермеген өз жақындарымды орыс және шетел әдебиетіндегі інжу-маржандармен таныстырғым келгендіктен болса керек. Маған аударма жасау процесінің өзі ұнады: бұл – сөйлескенше ғаламат ұлан-ғасыр еңбекті талап ете отырып, зор қуанышқа бөлейтін шығармашылық процесс". Ұлтының болашағына қамқорлық жасаудың бұдан артық үлгісін табудың өзі оңай болмас.

Ғұмырын халқына, еліне қызмет етуге бағыттаған академик Е. Бөкетовтің тіршілікте тындырған әр ісінен азаматтық парызына кіршіксіз адалдықты, төңірегіндегілерге құрмет пен сүйіспеншілікті көреміз. Тіпті, өмірінің соңғы жылдары жазықсыз қудаланып, лауазымды басшылық орындардан алыстатылып, кезінде өзі өрісін кеңейткен, кемелді ғылыми-зерттеу ордасына айналдырған институттың қатардағы қызметкері болып жіберілгенде де ешкімге өкпе айтпады, орынтақ үшін жанталасып, ешкімнің жағасына жармаспады. Елінің келешегіне қалдықсыз сенді. Оны мұндай сенімге ие қылған алып кеудеде асқақтай лүпілдеп тұрған отаншыл жүрек болатын.

*"Орталық Қазақстан"
2 сәуір 2005 жыл*

Төрінде тұрған сурет

Эльмира Кәленова

Зәулім ғимараттың төртінші қабатында орналасқан шағын ғана кабинетке кіріп барғанымда бірден Евней Бөкетовтің суреті көзіме жылы ұшырай кетті. Көзінің қырымен алысқа күлімсірей қарап тұр. Әктелген қабырғада үлкен портреттен басқа ештеңе ілінбеген. Ішімнен "Бұл тегін емес шығар" деп, ойымды бір түйіп қойдым.

Бұл – академик М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті химия кафедрасының оқытушысы, химия ғылымдарының кандидаты, доцент Қазыбек Нілұлының кабинеті еді. Бірден келген жұмысымды айттым да, ойымда шырқ айналып тұрған сұрағымды қойдым: "Қазыбек Нілұлы, көптеген ағаларымыз кабинеттеріне өз туыстарының немесе елбасының суреттерін іліп жатады. Сіз неліктен Евней Бөкетовтің суретін ілдіңіз?" дедім.

Қолы қалт еткен уақыты болуы керек, компьютерде істеп жатқан жұмысын сақтады да, "Кел, отыр" деді. Екі кесе кофе құйды да, бірін маған ұсынды. Сөйтті де әңгімесін бастап жіберді:

– Евней Бөкетовпен танысқанымда мен Қарағанды мемлекеттік университеті химия кафедрасының екінші курс студенті болатынмын. Сол кезде ол кісі университет ректоры болып сайланды. Евней Арыстанұлы университетке келісімен-ақ көп өзгерістер болды. Мәселен, кітапханамыздағы әдебиет қоры молайды. Бүкіл пәндерге баса назар аударыла бастады. Студенттер екінші курстан бастап ғылыми жұмыстармен айналысты. Сол студенттердің тізімінде мен де болдым. Евней Арыстанұлынан дәріс алған студенттердің көпшілігі бүгінгі күні бір-бір тұлға: академиктер, ғылымның әр саласында аты шығып жүрген азаматтар. Осы орайда ұстазымыздың зор еңбегі сіңгенін атап өткім келеді.

Евней Арыстанұлының мен таң қалатын бір қасиеті – кеш жатып, ерте тұратын, керемет еңбекқор еді. Ешқашан қандай да болсын істен жалықпайтын. Шаршап-шалдығуды білмейтін. Жоғары қызметте отырса да, қарамағындағы адам-

дардың бәріне тең қарайтын. Сол заманға карамастан Евней Арыстанұлының бойында демократияшылдық болатын. Манындағы адамдарға зор сенім білдіретін.

Әлі есімде, әскерге кеткелі жүрген кезім болатын, бірде Евней Арыстанұлы кабинетіне шақырып алып, бір бума қағазды ұсынды да: "Мынаны мұқият оқып шық" деді. Біраз әңгімелескен соң ұстазыммен қоштастым да, өз жұмыстарыммен кетіп қалдым. Сөйтсем, әлгі бір бума қағаз "Жазушы-ғалымның ғалымдарға алты хаты" атты кітабының қолжазбасы екен. Сол кезде жастық болды ма, әлде, әскер қатарына кеткелі жүргендіктен уақыттың тапшылығы болды ма, қолжазбаны оқи алмадым. Тек әскери борышымды өтеуге аттанар алдында бір күн бұрын қолжазбаны алып, ұстазымның үйіне бардым. Сонда ғана әлгіні автобуста келе жатып жалма-жан қарап шықтым. Осы сәтте Евней Арыстанұлының еңбегін уақыт тауып оқымағанымға қатты өкіндім. Қолжазба авторы қайтыс болған соң, оның інісі Қамзабай Бөкетовтің мұрындық болуымен "Досыма алты хат" деген атпен жарық көрді.

1983 жылы Евней Бөкетов көз жұмғанын естігенде ұлтымыз өзінің ерекше туған ұлдарының бірінен айырылып қалғанына өкіндім. Мен ол кезде Ресейдің Свердловск қаласында болатынмын. Бұл суық хабарды естіген Ресей Федерациясы металлургиясының еңбек сіңірген қайраткері, дарынды металлург Иван Федоров қатты қайғырып: "Мен өмірімде Евней сияқты металлургты көрген жоқ едім" дегені есімде қалыпты.

– Уақыт, шіркін, зымырап өте береді ғой. Оған да жнырма бір жыл өтіп кетіпті. Евней Арыстанұлы көзі тірі болса, биыл сексен жасқа толғанын тойлар еді-ау. Өлімге шара бар ма? – деп күрсіне төмен қарады да:

– Міне, бұл ілулі тұрған портрет ұстазыма деген махаббатымның бір белгісі. Қанша уақыт өтсе де, ол кісі менің жадымда аса жарқын бейне ретінде қалады – деп аяқтады әңгімесін.

*"Қызылжар нұры" СҚО
18 наурыз 2005 жыл*

Елі сүйген Ебіней

Айгүл Кемелбаева

Қазақстан Республикасының ғылым мен мәдениетіне орасан зор үлес қосқан көрнекті ғалым әрі қаламгер Ебіней Бөкетовтің туғанына биыл 80 жыл толады. Осыған орай, біз бүгін оқырмандар назарына жазушылар Медеу Сәрсекен мен Айгүл Кемелбаеваның "Елі сүйген Ебіней" атты сұхбатын ұсынып отырмыз.

– Тірі болса академик Ебіней Бөкетов биыл 80 жасқа келер еді. Бірақ қатал тағдыр ғұмырын қысқа қылды. 1983 жылдың желтоқсан айында, елу сегіз жасында жүрек дертінен қайтыс болды. Ебіней Арыстанұлы ғылымда да, әдебиетте де, өмірде де қайталанбас ірі тұлға еді.

– Медеу аға, өзіңіздің сүйікті жанырыңызға айналған деректі прозадағы ғұмырнама саласының жүгі ауыр. Куәсіз, айғақсыз, дәлелсіз жазылмайды. Латынша "факт" сөзі – болған іс дегенді білдіреді. Бұл жанрдың ерекшелігі, объективті, реалистік ақиқат дүниесіне автордың "мені" келіп қосылады. Жаңа кітабыңызды оқып отырғанда білдім: кейіпкеріңіз сізге бөтен кісі емес; "ұстазы жақсының ұстамы жақсы" десек те, атақты ғалымды қаншалықты білдіңіз? Бұл тақырыпты жазуға неліктен таңдап алдыңыз?

– 1953 жылы мен Алматыдағы Кен-металлургия институтының металлургия факультетіне оқуға түстім. Бұл кезде Ебіней Арыстанұлы сол оқу орнының аспиранты. Үшінші курста ол бізге сирек металдар пәні бойынша дәріс оқыды. ғылым кандидаты болған кезі. Бір айта кететін жағдай, сол кезде күллі Қазақстандағы жалғыз политехникалық институттың оқытушылар құрамы өте күшті болатын біздің факультетте Х.К. Аветисян, В.В. Стендер, А.Б. Резняков, В.Д. Пономарев сияқты ірі ғалымдар ұстаздық етті. Бәрі де доктор ғана емес, профессор, академиктер. Олардың ішінде бірлі-жарым қазақтар да бар-ды. Олар да білімпаз оқымыстылар. Алайда сол күнде жас болса да Ебіней Арыстанұлы ерекше дараланды. Әмбе біз, ауылдан келген қазақ жаста

ры, оған тіпті үйір болдық. Неге? Ол кісі де өзіміз сияқты ауылдан келген, сөйте тұра білімі ұшан-теңіз. Пушкинді, Есенинді, Маяковскийді жатқа айтады. Әмбебап болғанда қандай, күш – білімде екенін барша болмысымен қабат, ерен кішіпейілдігі әйгілеп тұрады. Қысқасы 1958 жылы оқуымды бітірерде, ол кісі диплом жұмысымның жетекшісі болды. Мамандығым бойынша, мен сирек металдар технологиясының инженерімін. Әдебиетке де осы кісінің тікелей ықпалымен құмарттым.

– Білімдіге дүние жарық қана емес, өз жұртын алға сүйре-мек, ондай жан туған елінің бағына тұмақ. Сол кездегі Одақ үшін, Қазақстан ауыр өнеркәсібі үшін Ебіней Бөкетовтің қосқан үлесін, ғылыми еңбектерін саралай кетсеңіз?

– Д.И. Менделеев өзінің периодтық кестесінде 19 элементті халькогендер тобына жатқызады. Мыстың латынша атауы – халько. Демек, бұл топтағылар – мыспен бірге жүретін элементтер. Ебіней Арыстанұлы аспирант кезінен осы элементтердің кейбірін жеке-дара бөліп алу ісімен шұғылданған. Ұстаздық жұмысын тастап, ҰҒА-ның президентті Қ.И. Сәтпаевтың шақыруымен 1960 жылы Қарағанды қаласында ірге тепкен Химия-металлургия институтына (ХМИ) директор болып ауысты. 12 жыл ұдайы еңбек еткен, одан кейін де ол осы іспен тұрақты шұғылданған. Түйіп айтқанда, 25 жасында институты тәмамдап, одан кейінгі 33 жылда Ебекең халькогендер тобын түгел дерлік, әрине, жүзге тарта шәкіртімен тізе қоса зерттеу жүргізіп, оларды 40 пайыздан 90-100 пайыз етіп молдап бөлетін, таза күйінде алатын технология жасап шықты. Бұл енді дүниежүзілік өте ірі жаңалық. Мысалы, Германияның Мансфельд зауыты селен мен теллурдың Бөкетов ұстанған әдісін 1980 жылдардан бері әлі күнге шейін қолданып келе жатыр. Ғалымның шәкірттері Ж.Н. Әбішев, М.З. Угарец, В.П. Малышев, С. Исабаев, Т. Абдуллин, Н. Бектұрғанов, ерлі-зайыпты Ажар және Әбдуәлі Бәешовтер, т.б. ашқан жаңалықтарды АҚШ, Канада, Швеция, Үндістан, Австралия, жиыны 14 ел патент алып, өздеріндегі шикізат өңдеу өндірісіне енгізген.

Ебіней Арыстанұлының өзі 1969 жылы Балқаш мыс алқабының технологиясына осы салада енген ірі жаңалығы үшін КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығын иеленді. Әр нәрсе салыстырумен танылады. Байқап қарасаңыз, Бөкетов ғылымдағы ұстазы Сәтбаевтан кейінгі Одақ көлемінде екінші тұлға. Небары 30 жылда ол кісінің алдынан 62 ғылым кандидаты, 12 техника ғылымдарының докторы шығыпты. Осылардың оннан астамы ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегерлері. Мұндай жоғары көрсеткіш Одақ көлемінде кемде-кем. Нәтижесінде Сарыарқаның кіндік жонында, бұған дейін химия ілімінің жұрнағы болмаған Қарағанды қаласында Бөкетовтің ғылыми дара мектебі туды. Ең ғажабы, бұл мектеп көшбасшысы опат болған соң да өшіп қалған жоқ. Талантты шәкірттерінің қажыр-қайратымен алға өрістеді. Бір ғана мысал: былтыр "Қазақ әдебиеті" академик Ә.А. Жәрменовтің басқаруындағы "Жезқазғансирекмет" кәсіпорны осьмийдің жаңа изотопын бөліп, Чехияға оны 40 миллион долларға сатқанын сүйсініп жазады. Ал мен айтайын: тәжірибе болмағандықтан біздің жігіттер оны арзандау сатқан. Өйткені, АҚШ-та бұл изотопты 70 пайыз тазалықта өндіреді екен.

Ал біздің мамандар оны 99,99 пайызда тазалықпен өндірген. Демек, осьмийді кем дегенде, 3 есе қымбат сатуға болады. Ал, Жәрменов пен оның қарауындағы мамандар – түгелдей Бөкетов мектебінің түлектері, марқұмның ізбасарлары.

– Адамзат ғылымына сәл лирикалық шегініс жасасақ. Немістің ұлы ақыны И.В. Гете, ең алдымен, натуралист ғалым. Гете дәуірінде сіз айтып отырған биоорганикалық химия болған жоқ. Сөйте тұра ақын табиғат құбылыстарын түйсінуге өзі аттас Иоганн Вольфганг Деберейнер тәрізді ірі химиктің еңбектерінде органикалық химия өзінің бүтін көрінісін тапқанын академик В.И. Вернадский жазады.

Гетенің минералогияға ерекше құмартуы поэзияға сүйіспеншілігінен еш кем емес, тірі организмдерді, табиғатты зерттеушілігінің бір бөлшегін құрайды.

Ақынның жеке минерал коллекциясында соның 18000

үлгісі болған. Көбін өз қолымен жинағаны былай тұрсын, орыс минералдарының түр-түріне, яғни Орал тауының қойнауынан шыққан асыл қазынаға ерекше құмар болған. Солар оған химиялық сынақ жасау үшін қажет еді. Ол ғылыми жұмыстарының түйінін өлеңмен де жазған. Тағы бір қызық дерек Гетенің геология ғылымына қосқан мәнді үлесі үшін темір минералының түрі гетит аталған. Гетит – жылтыраған хрусталь сызықтары қаптаған, қара инелі кристалдар өскен минерал. Шыққан тегі – кәрі Орал тауы.

Ғылым мен әдебиетке бірдей сүйіспеншілік бір адамның бойынан табылса, оның қазақтағы бір құбылысы Ебіней ағамыз деседі. Сонда ол кісінің рухани әлемінде ойшылдық пен көркем танымның ғылым мен сөз өнерінің өзегі бір болған сияқты-ау. Сіз қалай бағалайсыз?

– Айгүл, сенің бұл сөзің Ебіней Арыстанұлының химияны поэзия тілімен түсіндірген бір өлеңін есіме салып отыр:

"Элементтер кестесі, алтыншы топ,
Күкірт тұр оттегімен екінші боп", –

деп басталатын.

Ебекең аспирант кезінде болгар жазушысы И. Вазовтың "Бұғауда" романын, И. Василенконың "Артемка" хикаятын тіршілік қамы – күнкөріс үшін аударған. Аштық жылдары әкешесі Солтүстік Қазақстанмен ілгерілес Қорған облысына көшіп, сол жақта да, елге қайтқан соң да, кішкентайынан орыс мектебінде оқыған. Мектептегі мұғалімдері өте күшті жандар болыпты. Кейбірі саяси қуғындалып, жер аударылып, қиыр шетке еріксіз келген адамдар. Талантты балаға химия, физика тәрізді пәндерді терең игеруге тап солардың көп септігі тиген. Ебіней Арыстанұлы Есенинді, Маяковскийді, Семен Надсонды аударған. Пушкинді жатқа біліп, сүйсіне оқушы еді. Жастық шақтың желеуімен С. Мұқановтың "Ботагөз" романының жартысын оқушы кезінде орыс тіліне аударған екен, әттен, қолжазбасы сақталмаған. Маяковскийдің қазақша аударылуын қатты сынап, "Казахстанская правда" газетінде мақала жазған. 1954 жылы Қазақстан Жазушылар одағы "Мая-

ковскийдің қазақ тіліне аударылуы" деген тақырыппен пленум өткізген. Ебіней Арыстанұлы сонда баяндама жасаған. Феномен! Ғабекеннің "Оянған өлке" романының да аудармасын батыра сынап газетке жарияланған. Тегінде, Ебекең аудармашылық өнерді терең білген. У. Шекспирдің атақты үш драмасын, Маяковскийдің "Қандаласын" өлеңмен аударған.

Ебекеңнің туған ауылы – Есілдің төменгі жағасында табиғаты тұнып тұрған көркем жер. Бұрнағы жылы арнайы барып көзіммен көргенде, оның неге Есениннің дастаны аударғанын ұқтым. Сірә, бәз-баяғы сайын қалпы, саф ауасы тозып, бағы қайтқан туған ауылының тағдырына көңілі құлазып тұрып, содан қайтқан бетінде Сочиге демалысқа барғанда, 1962 жылы С. Есениннің сол тақылеттес мұнды шығармасы "Анна Снегинаны" бір демде аударып шыққан. Тәржімасы керемет. Тура Абайдың "Қараңғы түнде тау қалғып..." үлгісімен төгілте аударған:

Гүлдерге бетті сипатып,
Аралап келем бау-бақты.
Жарқ етті жастық қымбатты,
Көргенде ескі шарбақты:
Мына бір есік тұсында,
Он алты жаста ем, үмітті ем.
Ақ киген албырт қыз сонда,
Елжіреп еді: "Ұмыт!" – деп..."

Бұл аударма 16 жылдан соң жарияланды.

Ебекең очерктің де шебері, ал публицистикасы тіпті тамаша. Қазақша-орысша бірдей көсілте жазады.

1967 жылы Кеңестер Одағының 50 жылдығына орай "Знамя" журналының бас редакторы Вадим Кожевников Ғабит Мүсіреповтен Қазақстан туралы жазып беруін сұрайды. Ғабекен оған Бөкетовті нұсқайды. Сол очеркі – "Атан қомында туған адам және оның замандастары" деп аталады. Бұл очеркте Қазақстан ғылымы қандай өреге көтерілгеніне, Сәтбаевтан бастап 74 ғалымға сипаттама береді. Атан қомында туған белгілі қоғам қайраткері, ғалым-дәрігер Ишанбай Қарақұлов.

Соның өмірінен алып, оқиғаны өрбітеді. Осы очерк кітап болып шыққанда алғы сөзін Зейнолла Қабдолов "Селен мен өлен" деген атаумен жазды. Өте тартымды мақала. Академик З. Қабдолов Ебекеңмен етене араласқан достарының бірі. Ебіней Арыстанұлы өмірінің 12-13 жылында Сәтбаев туралы эссе түрінде үлкен кітап жазумен шұғылданады. Оның кіріспе тарауы "Таисия шешейге хат" деген атпен 1975 жылы наурызда "Қазақ әдебиетінде" басылды. Амал қанша, бұл дүниесін аяқтай алмай кетті. Ебекеңнің ең сүбелі дүниесі "Шоқанның қасиетті ісі". Сәтбаевтың жастық шағы және Шоқан туралы кітаптары да көзі тірісінде жарық көрген жоқ. Шоқан туралы С. Мұқанов, С. Бегалин, И. Стрелкова, С. Марков деректі кітаптар жазды. Ебекең осы авторларды қайталамай, күшті кітап жазды. Өкініштісі, нарық кезінде елге жетпей қалды. Мен өзім осы төртеуінен де ұстазымның Шоқан туралы шағын эссесін биік қоямын. Ол кісі тума ақын болатын, ақындық өнер дарыған кісі. Нағашысы атақты Соқыр Тоғжан Ендібайұлы. Ебекеңнің орыс тілінде шағын бір өлеңдер жинағы бертінде шықты.

– Жаңа сіз Ебекеңнің шығармалары жарық көрмей, ғылыми еңбектерін жеріне жеткізе алмады дегенді айтып қалдыңыз. Мұның себебі неде?

– Бұл сөзді мен айтсам нанымсыздау болар. "Қазақ қауымына жазушы Сәкен Сейфуллиннің, академиктер Қаныш Сәтбаев пен Ебіней Бөкетовтің есімдері етене мәлім. Олар біздің ұлттық мақтаныштарымыз. Республиканың бұрынғы басшылығы оларды ұзақ жылдар бойы ел жадында ұмыттыруға тырысты. Қазірде біз нақақтан құрбан болған, жазықсыз жапа шеккен ардақтылар есімін сүйіспеншілікке толы хәм кешірілмес кінәлі сезіммен халыққа қайтардық. Әсілі, соны ертерек жасағанымыз жөн еді, сөйтсе де ештен кеш жақсы емес пе?!" – деп кезінде Н.Ә. Назарбаев ҚКП ОК-тың бірінші хатшысы кезінде мейлінше тура да әділ айтқан.

Елбасы, әсілі, дұрысын айтқан: жаратылысында өзгеден асыл туған дарынды адамдардың өле-өлгенше қыр соңынан қалмайтын қас дұшпандары болады. Оған көзге көрінбей,

тасада тұрып кимылдайтын қас жауларын тағы қосыңыз. "Күншілдің күні шықпайды" – деп атам қазақ айтып кеткен емес пе?

1979 жылдың мамырында Ебекеңді күстәналап, қаралаған фельетон жарық көрді. Авторы – Ю. Рошин. "В соавторстве с Хлестаковым" деп аталады. Байқайсыз ба, Гогольдың жағымсыз кейіпкеріне Ебекеңді тілегенін. Арада екі ай өткен соң жоғары оқу орындарының мәселесі қаралған идеологиялық жиында ОК-тың айбынды хатшысы С.И. Имашев: "Кейбір ректорлар партия тапсырған жұмысты атқарудың орнына өзі мадақ көретін әдебиетпен шұғылданады" деп кінә тағады. Сол 1979 жылдың көктемінен бастап ғалым қайтыс болғанша алты жыл ішінде Ебіней Арыстанұлының бір жол әдеби еңбегі жарық көрген жоқ. "Святое дело Чокана" атты еңбегін "Простор" журналы өздері сұрап алып, артынан қайырып жіберді. Екі баспада жатқан кітаптарының қолжазбасы өзіне қайтарылды. Сонда Е. Бөкетовтің айыбы не? Ғылыммен шұғылдана жүріп, әдебиетпен айналысқаны ма? Түсінік жоқ, тек қана өрескел қинаят.

Алты жыл бойы алты жол дүниесін жарыққа шығара алмай, құса болған арысымыз үш мәрте инфаркке ұшырап, 58 жасында дүниеден озды. Зор өкініш!

Ебекеңнің заманы кешегі 90-жылдарда туды. Ең әуелі туған жерінде – Петропавлда, соңынан Қарағандыда көше берілді. Қарағандыдағы Химия-металлургия институтында және Алматыда тұрған үйіне мәрмәр такта қойылды. Елбасының қолдауымен, әлеуметтің көтеруімен өзі іргесін қалаған ҚарМУ-ге есімі берілді.

Әдеби шығармаларының да қос томы шықты. Қазірде ҚарМУ баспасы көп томдық ғылыми-әдеби еңбектерін даярлап отыр. ҚР Үкіметі былтыр арнайы қарап, 6 тармақтан тұратын қаулы қабылдады Қарағандыда Ебекеңе гранит тастан ескерткіш қойылмақшы.

– *Сіз осы кітапты арнайы тапсырыспен жаздыңыз ғой.*

– Бұл кітапты жазу бір себептен маған оңай болды. Ебекең сүйікті ұстазым, дәм-тұзымыз араласып, ерекше сыйлас-

қан адамым. Қанекенді көп жыл зерттеп қиналсам, бұл кісінің ғұмырын толғауға ондай қиналғам жоқ. Тек шәкірттерімен ғылыми еңбектері турасында кеңестім. Бір жағынан бұл кісінің ғұмырын жазу қиын да болды. Ұлы адамдардың өмірбаянын жазуға кәсіптенген француз жазушысы Андре Моруа "Александр Флеминг" атты кітабын жазарда: "Әдебиетте үлкен тұлға туралы бар шындықты жазу үшін – ол өмірден өткен соң 50 жыл уақыт керек. Өйтпейінше, айтқан ащы шындығы кейбіреулерге кермек татиды..." – депті.

Мен Сәтбаевты өмірден қайтқан соң іле-шала бастадым. Ал, Бөкетовтің өмірден озғанына 21 жыл болды. Достары мен қарсыластарының көпшілігі тірі.

"Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселермен" – деген-ді ұлы Абай (38-сөз). Елінің ырысы болған Ебіней Бөкетовтің биік тұлғасы кейінгі ұрпаққа өнеге болсын деген ниеттен туды бұл кітап.

"Қазақ әдебиеті"
08.04.2005 ж.

Алты хат – зерделі парасат

Нұркен Мырзаханұлы

*Биікте едің
Ала алмас қанат тыным,
Мерт болдың-ау таптырмай тағат шынын,
Бүгін қайта көтерді есіміңді
Сезіп заман өзінің ағаттығын.*

К. Салықов

Мен алғаш рет Ебіней Арыстанұлы Бөкетов әлемімен 1976 жылдың ақпан айында таныстым. Оған себеп – ағаның сол жылы Алматыда "Жазушы" баспасынан жарық көрген "Атан қомында туған адам" атты еңбегі. Кітапты бір сәтте (бір түнде) тәмамдап, бұрын соңды сараланбаған сезімді тапқандай болып, қайта-қайта оқыдым. Бұл мен аспирантураны тәмамдап, кандидаттық диссертация қорғап, мұғалімдік ізге түскен

кезім болатын. Көңіл тоқ, болашақ бұлдырлау сәт болатын. Өрекіпген кеуденің болымсыз қуанышы мен желігі "жынын алған бақсыдай" басылып, осыған дейін ашқан "жаңалықтарымының" әуегейлікке жақын, ал өз ойымнан еліктеушілік пен әсерліктің нышандарының басым екендігін аңғардым. Осы түйсік мені Ебіней Арыстанұлының өмір жолын білуге – ғылымға, ұстаздыққа келу арналарын саралауға жетеледі. Мен оның Солтүстік Қазақстан облысы, қазіргі Шалақын ауданының Бағанаты ауылында дүниеге келгендігін, жастайынан өмір мектептерінің ауыр да зиялы баспалдақтарынан өткенін, ата-ана, ауыл-аймақ, замандастарының бойындағы адамгершілік, еңбекқорлық, намысқойлық, адалдық, азаматтық қасиеттерді бойына терең сіңіре білетіндігін аңғардым. Оның 1978 жылы "Простор" журналының № 8 және 9 нөмірлерінде жарияланған "Время светлой судьбы" еңбегінде жоғарыда аталған бастаулардың адами құпиясы баяндалғанын зерделедім. Ебіней Арыстанұлы менің санам мен болмысымда тәлім-тәрбие мен ғылымды ұштастырған абызға айналды. Мұндай жаратылыстағы адамдар Абай атамыз хакім деп бағалайды. Иә, Ебіней Арыстанұлы өз ұлтына, барша адамзатқа тек ғылыми және әдеби мұраларымен ғана емес, парасат мұнарасы, хакім дәрежесінде танылған тұлға.

Кейде адам тағдырының талайы кездейсоқ оқиғалардан да бастау алады. Өмір өткелдері ертегіге бергісіз қисынды сәттерді жолықтырады адам баласына. Осындай шуақты күндерді мен 1978 жылдың жаз айында Қарқаралы төңірегіндегі Қарағанды мемлекеттік университетінің "Тасбұлақ" демалыс үйінің ауласында кездестірдім. Оған себеп-осында аталмыш университеттің ректоры аз уақытқа демалысқа келіпті деген ақпар еді. Бір көру арманым болған тұлғаға сәті түссе сәлем беріп, көрсем-ау деген ниетпен демалыс үйіне келсем, Ебіней Арыстанұлы қасында 2-3 студент, орта жасқа келген мұғаліммен серуен құрып келе жатыр екен. Бұрын көрмесем де, бейнесінен жазбай танып, екі қолымды ұсына сәлем бердім. Танымадық-ау, батыр, кімсің, қайдансың? – деген сұраулардан сон: "Жақсы, жақсы, биология ғылымы Қазақстанда

кенже ғылымдарға жатады, ұлттық ғылыми мектептер аз, талаптан, докторлық жұмысқа және түбегейлі жұмысқа ниет қой" деген тілеулестік айтты. "Ей, сен өзің мен сияқты үйдей екенсің. Ал әдебиетке, өнерге қалайсың?" – деген сауал қойды. Мен өнер мен әдебиетті жақсы көретінімді, бірақ облыстық газетке басылған бірді-екілі мақаладан басқа жазбамның жоқ екенін айттым. Аға маған: "Ғылым мен өнер егіз, Абай елінде жүріп, Абайды жатқа білмеу білімділікке жатпайды", – деді. Дәмге шақырды. Мен болымсыз сылтау айтып, кетуге рұқсат сұрадым. Сол кездегі ауыл баласының төменшектігіне осы уақытқа дейін қатты өкінемін. Не шара? Алайда, Ебіней Арыстанұлының ғылыми һәм әдеби өрісімен сырттай танысу, оның өзімен сәт қағым уақыт кездесу менің жадымда өшпестей із қалдырды, үлкен ізденістерге бастады және һәм жебеушідей болғаны хақ. Ұстаз. Көбінекей бұл ұғым тікелей дәріс берген адамдарға байланысты айтылады. Әлбетте, оның ауқымының кең екендігі ақиқат. Бұған әлемге белгілі бірінші ұстаз атанған Аристотель, екінші ұстаз атанған бабамыз Әл-Фараби есімдері куә. Меніңше, Ебіней Арыстанұлының саналы өмірі де болашақ ұрпаққа "болмасаң да ұқсап бақ" қағидасын ту етуді үйретуден жалықпаған тәлімгер мектебі. Бұл ойымызды Ағаның өз сөзі дәлелдейді. Ол: "...Шәкіртсіз ұстаз тұл дегендей, еккен жемістерімнің бір дәні болса да халыққа тиімді өнім берсе, мен өзімді бақытты адам деп санаған болар едім", – дейді. Тағы да: "...40-45-тен асқан соң адамның алғырлығы азаяды екен. Алғырлығы жастардың қолында қалады екен. Жаңалықты бойына тарта білу деген ол жастыққа байланысты екен. Қырық пен елудің маңайына келгенде адам бойындағы дарынын беріп, өзінің тәжірибесін жұртқа таратып отырса, ол да үлкен ғанибет сияқты", – деп тұжырымдайды. Бұдан артық мәрттік пен тәлімгерлік парасаты, болашақ үшін қамқорлықты пайымдау ілу де бір тұлғаның қолынан ғана келетін қасиет болса керек. Ебіней Арыстанұлының бойындағы осы қасиеттер жалаң ойдың ғана емес, оның бүкіл болсым-тіршілігінің шынайы тәжірибесі екендігін мойындау шарт. Мұны біз Ағаның 1996 жылы "Жалын" баспа-

сынан жарық көрген "Алты хат" повесінен анық аңғарамыз. Бұл еңбектен ғалым өмірінің шыншылдық келбеті ғана емес, бұл оның замандастарына, болашақ ұрпақтарға қалдырған өсиеті, зерделі парасаты іспетті ағынан жарылу.

Адам деген асқаралы ұғымның екі бастамадан – биологиялық және әлеуметтіктен тұратындығы ақиқат. Адам табиғатындағы биологиялық нышандардың барлық тіршілік иелеріне ортақ екендігі мойындалса, ал оның адамилық, әлеуметтік келбеті күнделікті қажырлы еңбек пен саликалы тәрбиені қажет ететіндігі белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда, адамгершілік баспалдақтары – тарихи категория. Ол өткен мен бүгінгіні, бүгінгіні мен болашақты ұштастыра баптауды қажет етеді. Осыны терең түсінген Ебіней Арыстанұлы ғылымда, өнер мен әдебиетте ұлттық сананы биіктеудің, оған қоғамның барша мүшелерінің үлес қосуының қажет екендігін ескертеді. Бұл қағида заманымыздың ізденістеріміздің көпшілігінің бүкіл халықтық, бүкілұлттық сипат алғанда ғана келелі болатындығының кепілі. Кез-келген әрекет, мақсат өмір тіршілігін жақсартуға, халқына тікелей игілік әкелуге міндетті деп ой түйеді ғалым. Біз бұдан заңғар тұлғаның сонау тоқсаныншы жылдарда қазір өзіміз басшылыққа алып, мемлекеттік саясат деңгейіне көтеріп жүрген инновациялық-инвестициялық даму, кластерлік технологиялар аталып жүрген істердің бастамасы екендігі таң қалдырады. Ғалымның көрегендік тереңдігі әрі жаңашылдығына тәнті етеді.

Повестегі тағы бір оқшау ой терең. әлбетте көп сараланбаған "Кім болам?" философиясы. Ебіней Арыстанұлы: "Менің оқуыма әкемнің көзқарасы қызық еді. Біздің тұқымда менен бұрын бірде-бір хат танытын адам болмаған. Ал әкем қолына өмірі қолына кітап ұстап көрмесе де, мақал-мәтелдерді, қиссаларды, ақындардың өлеңін көп білетін. Мысалы, оқу мен білімнің керектігін, оқыған адамның алды жарық екендігін дәлелдеу үшін талай ғұламалар мен білгіштердің сөздерін іркілмей айтып беретін", – дейді. Біз бұған ғалымның танымдық жолдың өзіңді, ата-ана, ауылыңды, ұлтыңды танудан басталатын аңғаратынын байқаймыз. Тіпті оның

қалжың-әжуа қылып айтқан "Менің маймылдан бергі атам әуелі питекантроп болған екен. Одан кейін менен санағанда он алтыншы буында Дәулетей деген батыр бар. Осы Дәулетейдің ерлігінің, тапқырлығының, қайратының арқасында, мен дүниеге келіп отырмын" деп сайқымазақтауының түпкі төркінінде текті болу үшін бабалар қанының қызуы мен ықыласына бөленудің мәнінің ерекше екендігіне назар аударудан болса керек. Мен кімін, бұл фәниге не үшін келдім, не істер атқаруым керек, қалайша адам деген асқаралы ұғымның үрдісімен шығам деген толғаныс барша жас адамдарды мазалаушы шарт екендігін көлденең тартады. Мәселе кім болуда емес, еліне – жұртына, қала берді әлемдік өркениетке не беремін, не қосамын, дүние кірпішінің қай кетігіне қалай қаланамын философиясына мұғдар болуды ескертеді. Кім, кім болғанда да Үлкен Кім болуда ана шуағының құрсақтан кәметке дейінгі демеуінің ерекше екендігін аса зор ілтипатпен және өте нәзік баян етеді. Ол аталмыш повесте анасының әрі қарай оқығанын дұрыс деген ойын баяндай келе, "Маған осы сөздерді айтып отырған бұрынғы жеңге тұтып жүрген Ұмсын емес, кәдімгі анам екенін ұқтым. Мені тоғыз ай бойы құрсағында сақтап, ақ сүтімен емізіп, асырап күткенін маған бір де бір айтып көрген жоқ-ты, бірақ бұл жолы осының бәрін төтелеп айтпаса да, сөзінің нақышымен, пайдалылығымен сездірді" деп еске алады. Кітаптың әке өліміне байланысты беттерінде "Менің анам күйкі, отбасында бажылдақ Ұмсын жеңгей емес екенін, қиыншылық болса абдырамай, босамай, дегбірсізденбей қарсы алатын ер әйел екенін осыдан білдім" десе, сәл төменгі жолдарда "Анамның қалжың сөзге бір басып қалмасы бар екенін жақсы білетінмін... Анамның ойындағысын ұйқастырып өлең етіп айта білетін шеберлігі барлығын, әкем қайтыс болып, қаралы күндер туғанда бір-ақ білдім. Айғай-ұйғайға салмай, ақырын ұйқаспен сөйлеп, осылай отыруының өзі қасиеті мен уайымы терең жатқаннан екенін кейін сездім" деп ағынан жарылады. Ал "Асыл аға" атты естелігінде Қамзабай аға "екеуі қатар отырып алып, жан дүниесін ақтара сырласып, әзілдесіп отыра-

тын, қалжындауға олар шебер болатын. Шешеймен, мен бұрын-ақ айтқандай, ол тең дәрежеде сөйлесе алатын, бірақ өзара қарым-қатынаста оның өзіне ғана белгілі бір шекарадан астап өткен емес" деп еске алады. Ебіней Арыстанұлы туралы жазылған көптеген лебіздер мен пікірлерді оқығанда ана шуағының ағамыздың төл пәлсафасы мен шынайы талантының бастамасы болғандығын көзіміз жететінін байқаймыз. Алып анадан деген ғажайып түйіннің тағы да бір айқындалғанын аңғарамыз.

Ебіней Арыстанұлы қаншалықты ұлтжанды болса, соншалықты ұлтаралық сүйіспеншіліктің ләззатына бөленген адам. Бұған дәлел ретінде ғалымның бұрынғы Совет Одағының құрамындағы барлығына дерлік республикалардың ғылым, өнер мен әдебиет алыптарымен араласып, сол арқылы бүкіл адамзатқа ортақ проблемаларды шешуге атсалысқандығын айтуға болады. Ең ғажабы ұлтының төл ғылымын, төл әдебиеті мен өнерінің парасаттылық деңгейін биіктетудегі ерлікке бергісіз еңбектері кез-келген көзі ашық оқырманды тәнті етеді.

Бұл қасиеттер ғалымның шынайы болмысының қалыпты формуласына айналған және оны баршамызға үлгі етіп ұсынады. Ебіней Арыстанұлының ұлтаралық тәрбие төңірегіндегі ойлары жалаң уағыз емес, адами істерімен астасып жатады және соны дәріптеуде Олжас Сүлейменов айтқандай, "тауларды төмендетпей, даланы асқақтатындай" нәзіктікпен ұсынады. Ойымызды айшықтау үшін повестен үзінді келтірейік. "Бір күні ауыл ақсақалы орыс жігітіне: – Уай, Мекайла, сен неге қазақ емессің? Сен сондай жігітсің. Сірә, орыс болмауың керек депті. Сонда қазақ тіліне судай Мекайла оған: – Ақсақал, сіз ақылды адам емессіз бе? Орыстың өз баласын өзінен аяғаныңыз не? Орыстың бар жақсы адамдары қазақ болып кетсе, орыста ылғи жаман адам қалады да, халықтар өзара қырқыса бастайды ғой. Сөйтіп, тынышсыз заман тумай ма? Одан да менің сол орыс күйімде қалғаным, сіздің сол қазақ күйінде қалғаныңыз дұрыс емес пе? – депті". Бұл жолдар ұлтаралық тәрбие туралы түсінікті пара-

саттаудың, ел-елді елдестірудің классикалық үлгісі екендігі ақиқат.

Кітаптың өн бойы адалдықтың айнасы және Евней Арыстанұлы адалдықты адам өмірінде кездесетін барлық қарым-қатынастың бастамасы ретінде қарастырады. Ар тазалығын барлық әрекеттің шыңы деген ой түйеді. Мұны біз ғалымның ағайын-туыстарына, дос-жарандарына, ғылыми хәм әдеби проблемаларға көзқарастарынан анық байқаймыз. Ғалымның жазбаша мұраларын саралағанда, оның болмысында "Аямас қастыққа орай, айықпас өштіктің" (Абай) ізінде көрмейміз. Демек, алып тұлға өмір "сапасына" байыппен, парасаттылықпен, биіктілікпен ұятты. Ар тұғырынан қарай білген. Бұл Абай сөзімен айтсақ, тек қана толымды адамдардың қолынан ғана келетін құдіреттілік. Адалдық туралы пікірін түйіндей келе ғалым: "Ізін сүйгеннің қолын сүю шарт емес" деп қорытады. Бұл әрине, даралардың, дарабоздардың философиясы. Демек, Евней Арыстанұлының бізге қалдырған ғылыми, әдеби хәм адами ойлары болашақ ұрпаққа сарқылмас қазына, адастырмайтын бағдаршам екендігін өмір дәлелдеген ақиқат. Иллаһим, оралымды ойға торалымды зерделер жолыққай!

"Орталық Қазақстан"
25 тамыз 2005 жыл

Аға тағылымы

Әсем Смағұлова

Евней аға десе, елең етпейтін қазақ жоқ. Нар тұлғалы, жомарт жүректі, жаратылыс бір бойына бар қабілетті үйіп бере салған Евней Арыстанұлы тірі болса, сексеннің сеңгіріне толар еді-ау!

Ол кісінің тағдыры – ешкімді қайталамайтын ғажап тағдыр. "Сексен жасап, сегіз сөз қалдырмаған, әлдекімнің тағдыры бұйырмаған" (Мұқағали) дейтіндей емес. Артына өрнекті сөз, өнегелі із қалдырған Евней Арыстанұлы Бөкетовті ел болып еске алып жатқанымыз – соның айғағы.

Қарағанды мемлекеттік университетімен, оның ішінде тарих факультетімен шығармашылық байланысы жылдан-жылға кеңейіп келе жатқан № 77 мектеп балабақша кешенінде өткен кіші ғылыми конференция ғалымның 80 жылдығына арналды.

ҚарМУ-дің тарих факультетінің ғалымдар тобы тебірене толғанып, өсер ұрпаққа ұстаз сыйлаудың үлгісін көрсетті.

"Евней Арыстанұлы туралы айту оңай да, қиын да. Оңай болатыны, ұлы адам туралы материалдың молдығы. Қиын болатыны, аса дарынды адамның даралық қасиетін кейінгі ұрпаққа өз дәрежесінде таныта аламыз ба?" – деп тебіренді бүгінгі күні өзі де археология, этнология және Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болып отырған ғалым Нұрсахан Ахметқызы Бейсенбекова. "Ғылымның көптеген саласында қалдырған еңбектері – оның өлмес өмірінің куәсі. Бір ғана химия саласында 270-тен астам еңбегі бар екен. Менделеевтің кім екенін білесіздер. Сол кезде Менделеев туралы жазу екінің бірінің қолынан келе бермегені және ақиқат. Әу баста әдебиетші болуды армандаған ағамыз "Атан қомында туған адам", "Шоқанның қасиетті ісі", "Досқа алты хат" тәрізді очерк, эссе, өмірбаяндық повесть жазып, В.Шекспирдің "Макбеті" мен "Юлий Цезарын", Э. Золя, И. Вазов, В. Маяковскийден еңбектер аударып, сөз өнерінде де өз белгісін қалдырып кетті.

Қазақ тілінің өз жерінде өгей болып бара жатқанын байқап, тоталитарлық жүйе кезінде мәселе етіп көтере білді.

Ерекше қасиеті қайырымдылығында еді. 31 жыл бірге жұмыс істегенде байқағаным, көрген сайын амандықтан кейінгі сөзі: "Батыр, жағдайларың қалай?" болып келетін.

Әлкей Марғұланмен дос болған. Тарихи ескерткіштерді қалай қазу керек, онда кімдер жатыр деген мәселе де ғалым назарынан тыс қалған жоқ. Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұланмен достығы ұлтын сүюдің үлгісі десем, артық айтқандық емес.

"Ленинская сменадағы" Е. Бөкетовті қаралап жазылған солақай мақала қызметтен кетуіне әкелді. "Аққа күйе жұқпайды" дегендей, міне, бүгін тот баспаған асыл күйінде ортамызға оралды".

Нұрсахан Ахметқызының ғалымға тән терең ойлы осы пікірі кімді болса да жайбарақат қалдырған жоқ.

Ғалымның інісі, Е. Бөкетов атындағы мұражай директоры Қамзабай Бөкетов: "Туысқаны ретінде айтарым, 14 ағайындыдан бесеуіміз ғана тірі қалдық.

Көзі ашық болмаса да, көкірегі ояу әкеміз бізді орыс мектебіне берді. Алғашында орыс балаларынан жәбір көрсе де Ебіней жасыған жоқ, оқи берді. Бір жылдан кейін шешемізге аудармашы болуға жарады. Бізді оқытқан өте мейірімді апалы-сінділі Анна, Мария Ивановалар еді. 7-сынып бітіргенше ағам Ыбырай деген туысқанымыздың қолында тәрбиеленді. Оқу озаты, қоғамдық жұмыстардың белсенді ұйымдастырушысы болды.

Ұлы Отан соғысы жылдары ер-азамат майданға кеткенде бала оқытты. Соғыстан соң ҚазМУ-ге оқуға келген ол жанашыр ағайын ақылымен тау-кен институтынан бір-ақ шығарды. Одан әрі өздеріңіз білетін өмір жолы қалыптасты" деп жас ұрпаққа аталарының өмір жолын баяндап берді.

Факультет деканы Шотбақова Ләззат Қасымқызы болашақ студенттерге факультет жайлы жан-жақты баяндап, болашақ абитуриенттерге ақ жол тіледі.

Нұрсахан Ахметқызы мен Қамзабай Арыстанұлы сұрақтарға жауап бере отырып ғалым мерейтойы қарсаңында орындалып жатқан іс-шаралар жайынан көпшілікті хабардар етті.

Кешке жыр-шашуын ала келген ҚарМУ-дың тарих факультетінің студенті Данияр Күзенбаев ән салса, № 77 мектеп-балабақша кешенінің 11-сынып оқушысы, облыстық "Күй қайнары" фестивалінің жүлдегері Ақтаев Медет "Көңіл толқынымен" жауап қайтарды. Жас әнші, 1-сынып оқушысы Аманбек Фаризаның орындауындағы "Ағатайым" әні көңілді бір серпілтіп тастады.

Конференцияда пікір айтқан басқа да ғалымдар, ұстаздар болды. Е. Бөкетовтің өмірі мен өнегелі ісі оқушыларға адамгершіліктің, еңбексүйгіштіктің, халқына қызмет етудің үлгісін көрсетті. Сол күні конференциядан әр оқушы, әр ұстаз рухани байып қайтты. Соның бірі – өзім.

"Орталық Қазақстан"

19.03.2005 жыл

Тұла бойы – ұлағат

Гүлнәзия Сүлейменова

Төбесінен қарағанда тоқымдай ғана болып көрінетін Бағанаты ауылының алыс төңірекке таныс болмауы әбден мүмкін. Оның есесіне осы ауылдан түлеп ұшқан кесек тұлға – Евней ағаның есімін білмейтіндер елімізде жоқ та шығар-ау...

Жылдар жылжып өткен сайын Евней ағамен кездескен кездерім есіме түссе, жүрегімді елжіретіп, қымбат елесі алыста қалған жылдарға қарай жетелейді. Ол кісі ауылға жаздың жайма-шуақ күндерінде келетін. Келген күні ауылды аралап, кім той қылайын деп жатса, оған "Қайырлы болсын!" айта-тын, о дүниелік болғандарды да аттап кетпей, "Қайырын берсін!" айтайын.

Орта мектепті бітірген құрбым, қазір белгілі ұстаз Зәуреш Қайырбекова екеуіміз Қарағанды педагогика институтына оқуға түсуге барамыз деп келісіп қойған кезіміз де, міне, нақ осы тұс. Менің ағам Тойкен ауылға келіп жатқан Евней ағаға жолығып, көмірлі қалаға жол жүргелі жатқан екеуімізге қол ұшын беруді өтінсе керек.

Үстімізде – сиса көйлек, аяқта – жеңіл тәпішке, өріп қойған қос бұрымымыз бар. Бір чемодан кітапты әрең көтеріп, алғаш рет поезға отырған біз Қарағандыға да жеттік-ау. Зәурештің бір туысы Қарағандыдағы мұғалімдер институтын көрсеткеннен кейін оған құжаттарымызды тапсырып, артынша жатақханасына орналасып алдық.

Бірде емтиханға дайындалып отыр ем. "Солтүстік Қазақстаннан келген Сүлейменова Гүлнәзия деген қыз қайда тұрады?" – деген ер кісінің даусы шықты. Шыға келсем, енгезердей екі жігіт тұр. Біреуі қолындағы қағазды маған бере салды. Сасқанымнан: "Мен" – дедім.

– Евней Арыстанович сені келсін деп жатыр. Мұнда бәрі жазулы, сызулы, – деп екеуі кете барды.

Жалғыз баруға жүрексініп, жаныма Зәурешті ертіп алдым. Ол кезде Евней ағам Қарағандының Химия-металлургиялық

ғылыми-зерттеу институтында істейтін. Оның кабинетіне кіруге бата алмай, тайқакси бердік. Сонда бір әйел (хатшысы екен): "Сені күтіп отыр", – деп есікті ашып, бізді кіргізді.

Зәулім кабинет, үлкен үстел, аяқтың астында – қызыл кілем. Мұндайды көрмеген біз босағада кілт тұра қалдық. Евней ағам жазып отырған қағазын ысырып қойды да, орнынан тұрып, қасымызға келіп:

– Жоғары шығындар. Кел, айналайын, Сүлеймен ағамның баласысың ғой, – деп мені маңдайымнан сүйгені дәл қазір сияқты. Есімде қалғаны – қара торы жүзі, ашық маңдайы, кейін қайырған қою қара шашы, жанары үлкен мейірімді көздері. Мен алпамсадай тұлғалы ағамның қасында қаздың бауырындағы балапандай сезініп, қобалжып қалдым. Жұп-жұмсақ орындыққа жайғастық. Жан-жағымызды тәптіштеп сұрады. Біз әліміз келгенше жауап беріп отырмыз.

Онда бір орынға 14 абитуриент таласып тұрған тұс еді. Евней аға болса:

– Сен оқымағанда кім оқиды?! – деп кесіп айтты. Әкен соғысқа кеткенде сен екі айлық едің. Марқұм 1944 жылдың қазан айында хабарсыз кетті ғой.

Содан кейін:

– Бағың жанса, түсесің, – деді. "Бағың жанса" деген сөзі әлі күнге дейін құлағымда тұр. "Жанса" дегені "жансын" дегені екен, маған берген батасы екен. Онысын қазір ғана пайымдап отырмын. Жас кезде көп жәйттерге мән бермейді екенбіз ғой.

"Үйге келіп тұрындар, ұялмаңдар", – деп мекен-жайы жазылған қағазды қолымызға ұстатты. Бір күні тапсырысын орындап, үйіне бардық. Ұяла-ұяла есіктің қоңырауын зорға бастық.

Әйтеуір, кірдік-ау. Әңгімелесіп болғаннан кейін екеуімізге бес сом беріп: "Не қалайсындар, соны алып келіндер. Мен шай қоя берейін", – деп бізді дүкенге жіберді. Дүкенге барып көрмеген біз не алатынымызды білмей, әйтеуір, өйтіп-бүйтіп бірдеңе әкелдік-ау.

– Мен сендерге шай құйып берейін, ертең айтып жүресіңдер,— деп Евней-ағамыз дастарханға бәрін қойып, шай құйып бергенін неге ұмытайық?! Бір-екі кесе шайды қысылып-қымтырылып әрең іштік-ау... "Рахметімізді" айтып, кетіп қалдық. Өйткені емтиханға даярлану керек қой.

Сөйтіп, емтихан басталатын күн де келді. Менің кезегім келіп, билет алып, ер адамға жауап беруге ыңғайлана бергенімде өзі толық, аузында шылымы бар әйел маған: "Мында отыр",— деді. Амал бар ма, отырдым. "Әйел оқытушы құлатыпты" дегенді алдында естігенім бар. Билетке қарап, жауап бере бастап ем, әлгі әйел: "Мұнда неге келдің? Петропавлда пединститут бар ғой",— деді. Мен сасқанымнан: "Евней-ағам..."— дедім.— "Сол үйде тұрасың ба?" Жаным қысылған мен: "Сонда тұрамын",— деппін. Өзім болсам билеттегі сұрақтарға жауап беріп жатырмын. Қандай баға қойғанын шыға бере қарасам: "Отл." деп тұр! Сөйтіп, алдымен – Құдай, сосын Евней ағамның есімі жолымды ашып, институтқа түстім.

Евней ағамның маған берген бір тапсырмасы бар. "Ауылға барып-келген сайын елдің жаңалығын айтып, сенің шешең – Жамал жеңгемнің қайнатқан құртын әкеліп тұр",— деген болатын. Айтқанын орындап тұрдым. Ол кісі менен ауылдың үлкен-кішісін, тіпті, балалардың есімдерін де сұрайтын. Туған жерге деген ілтипат осындай-ақ болар!

Тағы бір барғанымда үйінде болмады: ауруханада жатыр екен. Анамның берген сәлемдемесін алып барсам, жүзі сынық, көңілсіз. Маған бар айтқаны: "Профессор ағаң жұмыссыз",— деді. Мен не істейін: көңілім босап, жаным ашып, жатақханаға кеттім.

Евней ағамның тағы бір айтқаны: "Оқуды бітірмей, тұрмысқа шықпа",— деді. Айтқанын кәте қылғам жоқ: мұғалім болып жүргенімде ғана тұрмысқа шықтым.

Міне, содан бері 35 жыл өтсе де, бәрі көз алдымда. Евней аға ұмытылмайтын ұлы тұлға еді-ау...

*"Солтүстік Қазақстан"
21 наурыз 2005 жыл*

Жаксының ісі жалғасып жатыр

Дархан Уәлиев,

Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың аспиранты

Халқымыздың аяулы ұлы, көрнекті ғалым, академик Ебней Бөкетовтің туғанына биыл сексен жыл толып отыр. Еліміздің химия-металлургия саласының өркендеуіне зор еңбек сіңірген ғұлама ғалымның мерейтойын Қарағанды мемлекеттік университетінің ұжымы да ұйымшылдықпен, жоғары деңгейде атап өтуде десек, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры, заң ғылымдырының докторы, профессор Еркін Қинаятұлы Көбеев білім ордасының бүгінгі тыныс-тіршілігі, Елбасымыздың Жолдауынан туындаған тапсырмалар мен міндеттер туралы әңгімелейді.

– Еркін Қинаятұлы, бүгінде өзіңіз басқарып отырған оқу орнының негізін қалаған Ебіней Бөкетов екенін жақсы білесіз. Университеттің сол кездегі тыныс-тіршілігіне тоқтала кетсеңіз.

– Педагогикалық институт негізінде 1972 жылы университет алғаш ашылғанда 2 оқу корпусы ғана бар еді. Ондағы 37 кафедрада небәрі 280 оқытушы еңбек етті. Е. Бөкетовтің басшылығы кезінде бас оқу корпусы, жатақханалар, спорт залы, 1000 орындық студенттердің мәдениет сарайы, оқытушыларға тұрғын үй салынып, редакциялық баспа бөлімі жұмыс істей бастады. Университеттің ғылыми потенциалы да өсіп, 1980 жылы оқытушылар саны 482-ге жетсе, олардың 7-еуі ғылым докторы, 169-ы ғылым кандидаты еді.

Көптеген жастар Ебіней Арыстанұлының қолдауымен Кеңес одағының түкпір-түкпіріндегі білім ордаларына оқуға жіберілді. Шетелдермен ынтымақтастық ғылыми байланыс орнады. Университеттің алғашқы ректоры ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге, оқытушылар мен қызметкерлердің шығармашылықпен айналысуына қолайлы жағдай туғызды.

– Академик Е. Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойы да келіп қалды-ау.

– Айтайын деген ойыңызды түсіндім. Университет бірқатар мерейтойлық іс-шараларды өткізуді жоспарлап отыр. Айталық, 23 наурызда, яғни өзінің туған күнінде "Е. Бөкетов – ғалым, оқытушы, ойшыл" деген атпен халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтпек. Сондай-ақ қайта жөндеуден өтіп, жаңа экспонаттармен толыққан 6 залдан тұратын Е. Бөкетовтің мемориалдық мұражайды да келушілерді күтіп тұр.

Университет ұжымының орасан зор еңбегінің арқасында Е. Бөкетовтің ғылыми-әдеби еңбектерінің 6 томдық жинағы, еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші жарық көрді. Бұл орайда біз ұлы ғалымның артына қалдырған бай мұрасын, әдеби туындылары мен ғылыми еңбектерін көзінің қарашығындай сақтап, қайта басып шығаруға атсалысқан туған інісі, мемлекеттік дәрежедегі зейнеткер Қамзабай Арыстанұлы Бөкетовке шынайы алғысымызды білдіреміз.

Осыған дейін университет ұжымы көрнекті ғалымға ескерткіш орнату туралы бастама көтерген болатын. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген сәулеткері А. Билық жасаған ескерткіштің жобасын мемлекеттік комиссияның бекітуі де біз үшін зор қуаныш.

Сондай-ақ университеттің мәдениет сарайында ұлы ұстаздың мерейтойы құрметіне айтыс және жыр мүшәйрасын өткізуді де ойластырып отырмыз. Бұған қоса Қарағанды қаласы жоғары оқу орындары студенттерінің қатысуымен шаңғы жарысынан ашық біріншілік, жоғары оқу орындары оқытушылары мен қызметкерлері арасында Ебекектің сүйікті ойыны бильярдтан турнир өткізілмек. Ең бастысы, Е. Бөкетовтің өнегелі еңбек жолы, бойындағы асыл қасиеттері жас ұрпақтың санасында жатталып қалғаны ғой. Сондықтан да Ебіней Арыстанұлының өзін, оның замандастарының, әріптестерінің, шәкірттерінің естеліктерін көрермендер біздің оқу орындарында түсірілген деректі фильмнен тамашалайды.

– Енді осы оқу орнының бүгінгі жеткен биігі туралы әңгімелеп берсеңіз жөн болар еді.

– Осы жерде ұлы ғалымның "Менен кейін не болатынын білмеймін, бірақ мен еккен дәннің біреуі өз жемісін берсе, өзімді бақытты адаммын деп санар едім" – деген сөзі көкейіме оралып отыр. Иә, бүгінде Ебіней ағаның көзі тірі болса, еңбегінің жемісін көріп, риза болатыны сөзсіз.

Олай дейтінім, университет қазіргі заманға сай білім беруде толағай табыстарға жетуде. Осы оқу орнында оқитын 20 мыңнан астам студенттерге 1000-нан астам оқытушы, оның ішінде 79 ғылым докторы, 387 ғылым кандидаты 62 мамандық бойынша дәріс оқиды. Студенттердің сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған.

Қазіргі заманға сай жабдықталған мультимедиалық орталықтан әртүрлі ақпараттық ресурстарға еруге болады. Өзіміздің мамандардың күшімен электрондық кітапхана жасау жобасының жұмысы аяқталып келеді. Біз білім сапасын арттыра отырып, белгілі жоғары оқу орындарымен бәсекелестікке түсе алатынымызға кәміл сенімдіміз.

Осы мақсатта ҚарМУ-да оқытушылардың кәсіби біліктілігін, студенттердің білім деңгейін анықтайтын мониторингтік зерттеулер тұрақты жүргізіліп, тиісті қорытынды жасалып отырады. Осындай зерттеу жұмыстары оқу үрдісіне енгізіліп жатқан технологиялардың тиімділігін бағалауда, оқу үрдісін жетілдіре түсуде зор септігін тигізуде.

Алға қойған мақсаттардың бірі – ҚарМУ-дің халықаралық ынтымақтастық қатынасын дамыту болса, біз Болон хартиясына қол қоюға, Монполье университеттерімен байланыс орнатуға, Орта Азия Менеджмент Даму Қорына кіруге дайындалудамыз.

– Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының биылғы Жолдауынан туындаған тапсырмалар мен міндеттер қалай жүзеге асуда?

– Жолдауда жоғары мектептің алдына үлкен міндеттер қойылған. Отандық білім беруді әлемдік талаптарға сәйкестендіріп, жаңартып, халықаралық даму деңгейіне көтеру біз үшін өте маңызды. 2004 жылы біздің оқытушылар 8 докторлық және 33 кандидаттық диссертация қорғады. Е. Бөке-

тов атындағы ҚарМУ-дың профессорлық-оқытушылар құрамы қазіргі заманға сай оқыту технологияларын қарқынды игеріп, ақпаратты-коммуникативті технологияларды қолдану арқылы ғылыми-педагогикалық біліктілігін көтеруде.

Жолдауда жастардың жазғы демалыс кезінде жұмыс істеп, қаражат табуына жағдай жасап, еңбекке машықтандыру, студенттік құрылыс отрядтарының жұмысын жандандыру керектігі де айтылғаны өзімізге белгілі. Бұл орайда біз мақтанышпен айта аламыз, Қарағанды мемлекеттік университетінде студенттік құрылыс отрядтарының жұмысы жақсы жолға қойылған.

Еліміздің білім беру саласын әлемдік талаптарға сәйкестендіру үшін профессорлық-оқытушылар құрамының жалақысы ұлғайтылып, ең таңдаулыларын шет елдерге ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, тәжірибе алмасуға жіберуге мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, студенттер стипендиясының 6000 теңгеге көтерілетіндігі бәрімізге зор жауапкершілік жүктейтіні сөзсіз. Сондықтан да Елбасы Жолдауын Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде насихаттау мақсатында оқытушылар құрамы мен қоғам өміріне белсенді араласып жүрген студенттерден құрылған арнайы ақпараттық үгіт топтары ұйымдастырылды. Олар факультеттерде тақырыптық лекциялар, дебат турнирлерін өткізуде. Біздің биологтар Елбасымыздың Жолдауында айтылған "Жасыл ел" бағдарламасы бойынша аймағымызды жасыл желекке бөлеу мақсатында мындаған ағаш көшеттерін отырғызуға әзірлеуде.

Бүгіндері еліміздің білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде де өз жалғасын тауып, әрі осы бағытта үлкен істер тындырылуда. Бір айта кететін жайт, 2004 жылдың қорытындысы бойынша ҚарМУ халықаралық аккредитациядан өтетін қазақстандық 4 жоғары оқу орны қатарынан орын алды. Қазақстан Республикасы Үкіметіне оқу орны басшылығы тарапынан университет аумағында 7 қабатты

оқу-лабораториялық корпусын салу туралы ресми ұсыныс жасалды. Оқытудың несиелік түрі алғашқы кезеңде университеттің 6 факультетіне енгізіліп, 26 мамандық бойынша сәтті жүзеге асып келеді. Бір сөзбен айтқанда, Елбасы Жолдауында Қарағанды мемлекеттік университетінің ұжымы қызу қолдау көрсетіп, әлемдік білім беру талаптарына сай, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалана отырып, білім берудің сапасын арттыра бермек.

*"Егемен Қазақстан"
наурыз 2005 жыл.*

Buketov University

Мазмұны

Мерейтойға дайындық	3
<i>Б. Әшімов</i> "Ел есінде сақталған тұлға"	18
<i>К. Салықов</i> "Евней Бөкетов – дарынды аудармашы"	19
<i>Т. Көкетаев</i> "Жүректің көзін ашқан Жан"	27
<i>О. Әшімов</i> "Евней Бөкетовтің ғылыми мұрасы"	34
<i>Ғ. Құлқыбаев</i> "Тұғыры биік тұлға"	37
<i>К. Исабаев</i> "Адал достық"	50
<i>Қ. Бөкетов</i> "Асыл аға бейнесі"	63
<i>Қ. Бөкетов</i> "Ана мерейі"	78
<i>Р. Каренов</i> "Өмірі де, өзі де өнеге еді"	88
<i>Г. Оразалиева</i> "Асқар тауымыз еді"	96
<i>К. Бекішев</i> "Бір ауыз сөз"	118
<i>М. Толымбеков</i> "Е. Бөкетовтың ғылыми идеялары және Қазақстанның қазіргі кезеңдегі металлургиясы"	- 121
<i>С. Ақсұңқарұлы</i> "Евней Бөкетов"	125
<i>А. Құдабаев</i> "Евекең туралы үзік сөз"	128
<i>Д. Сейсенұлы</i> "Ебіңсі"	131
<i>Б. Тобаяқов</i> "Аңызға айналған Әз аға"	143
<i>Б. Тобаяқов</i> "Есілден шыққан еңсегей"	150
<i>А. Әбдіразақова</i> "Ғалымның педагогикалық идеялары"	152
<i>Г. Белгібаева</i> "Өмірі мен қызметі – патриотизмнің үлгісі"	153
<i>Ә.Кәленова</i> "Төрінде тұрған сурет"	164
<i>А. Кемелбаева</i> "Елі сүйген Ебіней"	166
<i>Н. Мырзаханұлы</i> "Алты хат – зерделі парасат"	171
<i>Ә. Смағұлова</i> "Аға тағылымы"	174
<i>Г. Сүлейменова</i> "Тұла бойы – ұлағат"	181
<i>Д. Уәлиев</i> "Жақсының ісі жалғасып жатыр"	181

**АКАДЕМИИ МИНЕРАЛЬНЫХ РЕСУРСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
УЧРЕЖДЕНА ПРЕМИЯ ИМ. АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА**

В соответствии с Правилами о порядке присуждения, опубликованными в газете «Наука и высшая школа Казахстана» №6 за 15.03.2005 г., премия присуждается: «За лучшие научные исследования и крупный инженерный вклад в области металлургии, обогащения, химической технологии и экономики, подготовку научных и инженерных кадров».



Нагрудный знак лауреата
премии Е. А. Букетова

ПЕРВЫЕ ЛАУРЕАТЫ ПРЕМИИ

Мулдахметов Зайнулла Мулдахметович. Премия присуждена за работу «Теоретические исследования в области переработки сырья органического происхождения».

Жарменов Абдураул Алдашевич. Премия присуждена за работу «Открытие йода и брома в местных месторождениях Жезказганского региона и разработка технологий их извлечения».



Мулдахметов З.М. –
директор Института органи-
ческого синтеза и углехимии,
ректор Казахско-Российского
университета



Жарменов А.А. –
ген директор РГП
«Национальный
центр комплексного
использования
минерального сырья РК»

**ГЕОЛОГИЯ
и охрана недр**
журнал

1/2005 (14)

ПОДГОТОВКА К ЮБИЛЕЮ

Приближалась 80-летняя юбилейная дата академика АН Казахской ССР, доктора технических наук, профессора, лауреата Государственной премии СССР, члена Союза писателей СССР Букетова Евнея Арстановича, который родился 23 марта 1925 года в ауле Баганаты Шалакинского (бывшего Сергеевского) района Северо-Казахстанской области.

Почитатели его таланта и деяний начали подготовку заранее. Группа деятелей науки, культуры и искусства, учитывая предстоящую большую работу по подготовке юбилея, обратилась к Главе Государства Н.А. Назарбаеву с письмом от 14 мая 2003 года следующего содержания:

Президенту Республики Казахстан
Н.А. Назарбаеву

Глубокоуважаемый Нурсултан Абишевич!

23 марта 2005 г. выдающемуся сыну казахского народа, доктору технического наук, профессору, лауреату Государственной премии СССР, члену Союза писателей Казахстана, академику Национальной Академии наук Евнею Арстановичу Букетову исполняется 80 лет.

